Мағынасы: [Алла (Т.) кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына да, жамандығы зиянына. «Раббымыз! Егер ұмытсақ не жаңылсақ бізді қолға алма. Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніндей ауыр жүк жүктеме. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтінді артпа! Бізді кешір, бізді жарылқа, бізге мәрхамет ет. Сен иемізсің! Бізге кәпір қауымға қарсы жәрдем бер!»] (2.Аль-Бақара. А-286)

Иләһи пәк пәруәрдігер атамыз адам ... аллаһны қараңғылықтан жарыққа шығарып, анамыз Хауа менен екеуің басын тосып, қанша көп қайғысын кетіріп, көңілінде шатлық салған Құдай сенсін, сол Адам атаң ұрпағы біз. Біздің сондай қараңғылыққа күнімізді жарыққа айландырып, демін исламың тойын ортамызға көтеріп, көңілімізге шатлық бер.

Раббәнә зәләмнә әнфусәнә уа ин ләм тәғфирләнә уа тәрхамнә линәкунән минәл хәсирин

Мағынасы: [(Адам ата мен Хауа ана): «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер Сен бізді жарылқап, мәрхамет етпесең әлбетте зиян етушілерден боламыз», – деді.]. (7.Аль-Араф. А-23).

Иләһи пәк пәруәрдігер хазірет Нұх ғәлейһис сәләмні өзіне ерген жарандарымен дүние жүзіне қаптаған топаннан етегіне дым тигізбей сәләмәт сақтаған Құдай сенсін. Сол Нұх ғәлейһис сәләмнің зуриәті біз. Бізді де сондай дүние жүзіне қаптаған пәлектен сәләмәт сақта.

Рабби инни ағузубикә ән әсәләкә мә ләисә ли биһи ғилму иллә тәғфирли уа тәрхәмни ақун мин әлхәсирин

Мағынасы: [«Әй Нұх! Саған, сенімен бірге болған топтарға бізден сәлеметтік, молшылықпен кемеден түс! Бірталай топты дүниеде пайдаландырамыз да, сонан кейін олар біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды», – делінді.]. (11. Худ. А-47).

Иләһи пәк пәруәрдигер Ибраһим халилуллаһны дұшманын намрудлығының отына жанар бардән уа сәләмән демегің бірлен сәләмәт сақтап отыны кулзар өкістан қылған Аллаһ сенсін. Сол Ибраһим халилуллаһның миллетінде болушы қауымлар біз. Бізде де сондай өзін дұшманларыңның дүние жүзіне қаптаған жанған өрттей пәлесінен сәләмәт сақта. Раббәнә тәкаббәл миннә иннәкә әнтәс сәмиғул ғәлим.

Мағынасы: «Сол уакта Ыбырайым мен Ысмайыл (ғ.с.) үйдін (Қағбаның) іргетасын көтере: «Бізден қабыл айла, күдіксіз Сен тілекті тым естуші, толық білушісін». (2. Аль-Бақара. А-127).

Иләһи пәк пәруәрдигер хазірет Юсуф ғәлейһис сәләмні ағаларың өлтiрeмiн, көзiн жоқ қыламын деген қастығынан құтқарып, құдыққа салған жерiне, онан һәм аман-есен шығарып, Мысырға патша қылған Құдай сенсiн. Сондай өзiмiздeн басқа көршiлер, туыскандарымыз бiресе құдыққа салуынан, бiресе зынданға салуынан құтыла алмай басыбайлы қылды, пенделiкте жүрген құлдарың бiз. Дiп тiзгiнiмiз қолымыздан кетiн, құдыққа түсiп қалғандай болғандығымыздан, шаруа билiгiмiз өзiмiздeн кетiп, зынданда қалған жандардай болғандығымыздан құтқарып, Мысырға патша болған жанның шатлығындай шатлықты бiзлерге һәм кул раббi қадәттәни минәл мулки уа ғәлiмтәни мин тәуил әләәхәдiс фәтирас сәмәуәти уал арди әнтәуәлифиддуниәуәләхирәтитуфимуслимануалхакнибилсалихин. Иләһи пәк пәруәрдигер хазірет Мұса пайғамбарды Ферғауындай күшті дұшманнан құтқарып неше жыл аққан Нiл дариясынан қажарып, түбiн құл-құрғақ қылып, өмiрiнде су көрмеген жердей қылып өткiзiп, Бәни исраил жұртының көзiн қандай ашып қуантқан сенсiн. Сол сықылды жер суымыздан айырылып, не қасқа мен жайсаңымыз дүниенiң о шетi мен бұ шетiне кетiп, мал-жан мукәбнiласынан би ихтиар кетiп, басымызда, малымызда билiгiмiз қалмаған. Өзiмiздeн өзгенiң бәрiне жем болған құлдарың бiз. Бiздiң де сондай төбемiздeн ойнап тұрған найзағайдың ұшқынындай зәрeмiздi алып тұрған қорқыныштардан құтқарып, бұрынғы құлдарына, бұрынғы зорлық-

зомбылык көрген жұртқа берген жақсылығындай бізге де бер, бізді де қорқынышымыздан құтқар.

Рабби ишрах ли садри уа юсирли әмри уа әхлил ғакдәт мин лисәни иәфқәһу қаули уажғәл ли уәзирән мин әһли кәи нусәббихукә кәсирән уа нузәккирукә кәсирән иннәкә кунтә бинә бәсирән. Иләһи пәк пәруәрдігер хәзірет Юнус ғәлейһис сәләмні балықтың ішінің қараңғылығынан, дарияның түбінің қараңғылығынан, түн қараңғылығынан, үш қараңғылықтан бірдей құтқарып, жарық дүниеге аман-есен шығарған Құдай сенсің. Дін билігіміз қолымызда жоқ бір қараңғылық. Қойындықтан күн көрумен жан сақтайтын жер, су белгі қолымызда жоқ екінші қараңғылық. Өз еркіміз өзімізде жоқ үшінші қараңғылық. Сол қараңғылықтан бізді де құтқарып, жарық дүниені жаңа көргендей көңіл раушанлығы бізде де шығар.

Лә иләһә иллә әнтә субхәнәкә инни кунту минәз залимин фәстәжибнә ләһу уа нәжинәһ минәл ғәм уа кәзәликә тәбхи әлмуминин. Жазсақ жазғанымызға тәубе, азсақ азғанымызға тәубе, адассақ адасқанымызға тәубе, жаңылсақ, жаңылғанымызға тәубе, білмесек білмегендігімізге тәубе, қылмасақ, қылмағандығымызға тәубе. Жақсы өзі де жақсы болып тұр, жаманды жарлықасаң бізді жарлықа, Құдай. Білген өзі де біліп тұр, білмегенді жарлықасаң, бізді жарлықа, Құдай! Болған өзі де болып тұр, болмағанды жарлықасаң, бізді жарлықа, Құдай! Қатарға қосылғандар бұрыннан өзі де қосылып тұр, қатарға қосылмағанды жарлықасаң, бізді жарлықа, Құдай! Күшті жұрт: «Күштілігіменен өзім таптым», – дейді. Білімді жұрт: «Білімділігіменен өзім жетілдім», – дейді. «Құдай жеткізді», – деп екеуі де айтпайды. Күші жоқ, білімі жоқ, дәнемеге әлі келмейтұғын, бар жақсылық атар таң, шығар күн, жарық сәуле бола қалса, айналайын Құдайымның патшалығынан болды деп білетұғын біздей нашар кем-кетікті ... жарылқа. Еһ, пәк пәруәрдігер, бізге құлдарына жіберген елші орнында пайғамбарларың Құдай Тағаланың күдіретін айт деп айтып тұр. Құл сатып алып, азат қылсаң сауап бар деп, өзіңнің патша екенінді, біздің саған құл екендігіміз айдан жарық, күннен раушан. Құл азат қылған жақсы болатұғын болса, жалған дүниеде тірілік күнімізде бізге бостандық, басымызға азаттық жарлығысынды көрсет, Құдайлығыңды білдір.

«раббәнә әтинә фид дуннә хасанатан уа фил әхирәти хасанатән уа кинә ғазабән нар». Еһ, бір Құдай, әй Рахман, Рахим атлығ (атты) патша, өзин аттың дәрменділердің ...гері бұл сасқан, босқан кысылғандар, киналғандарға колынның ұшын бер деп. Сондай дәрменділікте калған, сасқан десен сасқан, босқан десен босқан кылған, досың киналған десен, киналған ғажиз ... құлдарың біз. Біздерге де өзин, құдірет колын ұшын беріп, ...не алмай фадилатың ала көр және өзин айттың жамандық кылғанға жақсылық кыл деп, сондай біз өзімізге өзіміз жамандық келтірген зәлумән жәһулән деп айтқан әулетіміз біздің жамандығымызды Құдайшылық патшалық мархаметінмен жақсылыққа айландыр. Күшті десен Құдайға жалын деген Құдай сенсін. Дәнемеге әлі келмейтін нашар біз. Береди десен Құдайдан сұра деген Құдай сенсін, каксап, зарлап сұраушы біз.

«уа әммәс сәилә фәлә тәнһәр» деп айтқан өзінде сол сәил біз, бізді сондай ұлығ босағаннан нәмуд кайтарма: «уа әммәл иутим фәлә тәкһир» деген өзинсін. Уарфәғу ләкә зикрәк деп атын атыңа косактап айтқан пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа соллаллаһу ғәлейһис уас сәләминн жетім калған үметтері біз. Мұхаммед, әй, пайғамбар, шаһар жардай ерлер, сахабалардай жар-жарандар ортамызда тұрса, біз мұндай кемшілік көрер ме едік, жетімді есіркесен бізді есірке, біз саған ... жалынудың есебін тауып жеткізе алмаймыз, бізнін айтып тұрғанымыз, түгел ойымыздағыны білетін Құдай сенсін. Ойымызға алғанымызға түгел жеткіз. Мүкі тақы жетер-жетпес бір нәрсені бетіміздің суын бес төгіп барсақ пенделерің де береди. Сен Құдайсың, не берсең, мол кылып бер. Еһ, бір Құдай, дін жолында ағайын-туысканның ар-намысында жанын ортаға салып, басын нысанаға байлап, өзин отқа үрген көбелектей үріп жүрген ерлердің жолын ашық, жүзін жарықтан кыл. Мерейін үстем, достарына әлфәтлік, дұшманына кулифәтлік салып «хәирун ләнә шәррун ғәдәинә рабби иәссир уа лә туғсир рабби тәммәм бил хәнр әмин иә раббәл ғәләмин раббәнә әфриғ ғәләинә сабрән уасбит ақдәминә фәнсурнә ғәләл кәумил кәфиринә».

1323 һижратның зулһижжаның 11 иәумәнде 1906 милади мұсылмандардың тілегі дәрге мутәғәл бәрі мутәғәл дүр Юсуф Көпей ұғлының оқымыры. Ей, мүмин қарындастар, үммет Мұхаммеднің өлі-тірісіне тілектес болмағыңыз, үметлік жақындан

дүр хусусән ғәләл хусус дін жолында миллет пайдасына сағи кылғушы барадарларыңыздан жаныңыз фи дариг ... маслығыңыз адамгершіліктен дүр жаннан жан аяулы емес. Ол жанын аямай көптің жолына құрбан деп жүргенде онан аяп қалған жанды неменеге жаратпақсын.[36]

Дін ғылымын оқу мәні

Хазірет Нұх ғәлейһис сәләмға үш жүз жетпіс жасқа шыққанда пайғамбарлық беріледі. Бұл пайғамбарлық бұған бес хұрмет көрсін деп берген жұмысы емес, өмірінде көзі ашылмай өтсін деп берген жұмысы. Не үшін десеңіз, тоғыз жүз елу жыл дүние тола халыққа пайғамбарлық жүргізіп, сексенге ... кісі зорға жетті. Онда да бір саны бірге пәрмен толыды, өмір бойы таяқ жегенінен басқа, басын жардырып, үйілген тастың астында тұншығып жата бергеннен басқа дәнеме бітірген жоқ. Әхир ғұмырында қабд әләруәх әтлиғ отағасы сұраған екен:

– Өзін жасты пайғамбар қанша екен, дәурі қанша екен? – деп. Сонда айтты:

– Дүние деген, шіркін, екі есікті үй екен, бірінен кіріп, кідірместен бірінен шығып барамын, – деп, – барлық болғаны сол-ақ», – депті.

Сол үшін бұрынғыларға айтқан: «Тудың, өлдің. Өлдің, жоғалдың». Туудан құтылмаған өлімнен құтылмайды. Оны білсең, өлмес бұрын өлмекке басыңды байлап отыр. Дүниенің жабдығынан ешбіріне араласпай, күні бұрын қашпа, отыр. Тірінің тіршілігі немен болады, ол ...мен ол өлген кісінің хал-жайы қалайша болады, не күйде, не түрде болады? Кеше күндіз пікір, зікірің сол болсын. Егер тапсаң хайаті хазіреті Нұх қылар бір күн өлім жанны мажрух. Қалам кәфтке мен шаһи жаһаннам қалам кәсриһ бидәулет мирсанам.[37]

Хадис шәриф

Әннә хазіретміз соллаллаһу ғәлейһис сәләмден бір хикәиәт Хадис Шәриф: «Иннә аллаһу иулқин әлхикмәт ғәлә қулуб әлуәғзин биқадриһум әлмустәмиғин», – деді. Хадис шәриф тәлқин қылады хикметпен Аллаһ Тағала уағз айтқышларның көңілне тәңірдағур

шаларның һимметнің микдарына қарай дейді. Нафхат ... шейх Әбул Қасим Наср Абади Биқуддус Аллаһ сиррәһ бір күн уағз айтып отырғанда, аузына сөзі түспеді, өз-өзінен хайран болды:

– Күндегі менің ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең таусылмайтын сөзім қайда кетті?! – деп.

Бұл кісінің бір мүмин кәмил жолдасы бар еді, жетіп келді:

– Бұл хұзырында отырған жұрт неғып отыр, көрдің бе өзің?! – деді.

Онда шейх айтты:

– Бүтін дәнеме деген жоқ. Ояу отырғаны да бар, ішінде жалғыз жарым ұйықтап отырғаны да бар, – деді.

– Ұйықтап отырғандары не қылып отыр, оны көрдің бе?! – деді.

– Ұйықтағаннан басқа не қылып отырғанын көргенім жоқ! – деді.

– Көрмесен көзінді әбден байқап қауыш, – деп, көзін бір сипап жіберді. Көзін ашып қараса ұйықтағандардың басында бір-бір қарға қонып отыр. Екі қанатымен екі құлағын бүркеп, құйрығымен екі көзін бүркеп. Қайран қалып:

– Бұл немен? – деп сұрадым

Уа надамир айтты:

– Құдай сөзі Құранды оқымап па едін?! Қауләһу тағала аят кәрим: «Уа мән иәғшу гән зикри әррахмани нукайиду ләһу шайтәнән фәһуә ләһу кәрин», – деп. Мағынасы: «Әлде кім Рахманды еске алудан көз жұмса, оған шайтанды ерікті қыламыз да сонда ол оның жолдасы болады» (43. Аз-Зухруф. А.36) Бұл қарғалар – гәлейһи ләғнә малғұнлар. Бұлардың төбесіне қонып алып, екі қанатымен екі құлағын басып, құйрығымен көзін басып, мұрындарына осырығын искетіп бәиһуш мас қылып, ұйықтатып отырған солар. Албасты басқан түндей әбден билеп, меншіктеп алған қулар. Сенен сөз тындайын деп жалұғышы мұндай болған соң, сенің аузына сөз қалай түссін. «Уа лә тәғәт әлхикмет лиғәирн әһлиһә» демеп пе еді, «жап аузыңды жабың», – деді. «Уа иннәһум лииәссуднәһум гән сәбил уа иәхсәбунә әннәһум муһтәдун» ол ләгин шайтандар Құдай жолына жібермеске әбден ерікті болғандар, өзін билеп иіріп қамап алғанын білмей, жәһиллар гәфиллар: «Түзу жолда жүрген өзіміз ғой! Бізден басқаның бәрі ада-суда ғой, оқу оқып молда болғанмен кісі әулие бола ма?! Әулие болса, өзін жарлықап алмай ма?! Мал біткен біреуді кереметке санай-

ды, малы жок нашарды өздерің білуінше Құдайдың қарғап койған жаны», – деп есеп кылады.

Міне, жігіттер, жандарымен шын көңілмен сендерде жан құлағыңызбен тыңдаңыздар! Шын ықыласыңызбен ұғып алыңыздар. Құдайға қылған жықламастарыңызды танып біліп, істеңіздер. Намаз оқымақ, Аллаһға арыз айтпақ, имам сайламақ өз-өзімен жеткізе алмайтұғын болған алдына перевотчик коймақ. Ол перевотчик не кылып, не койғанын, не айтып тұрғанын өзі білмесе, халықтың сөзін қалай жеткізе алады?! Білсе имам білуі керек, білмесе имамлығы дұрыс болмайды. Кім-кімге болсын намазды білуі керек. Намаз деген сөзді білуі керек. Намаз деген сөздің мағынасы не? Ол өзі не орынға тұратұғын жұмыс? Молдалардан сұрасақ, намаз араб тілінде «солатун, солат», – дейді. «Солат луғатта дуға уа иэ тәхрику солауин», – дейді Дұға болғанда қыбылаға қарап, қол жәйіп отыра берсек онымен де намаз болса керек. Тәхрику солауин екі иенді (жеңді) қозғай бермек, олай болғанда екі иенді дамылсыз қозғай берсек, онымен де намаз болса керек. Жок екі оймен намаз болмайды. Намаз немен намаз болады? Тіл өз қызметін орнына келтіріп, уа қыламын тұғын сәнэ тәсбих кираатларны айтып, он екі мүше басқа жұмысқа бұрылмай, фарз уажиб суннэт мустахаб орнына келтіріп, көңілде қарап, бос тұрмай өз қызметін ол һәм орнына келтірсе, көңіл қызметіне ниет ... «иннэ әғмәлу биниәт» (Хадис)... ниеттер ғәмил орынға тұрмайды, жұмысқа жарамайды. Ниет деген көңіл жұмысы. «Иләһи ниет қылдым!», – тілдің айтуы сүннет, фарз жұмысы көңілдің ойлап тұруымен табылады. Көңіл ойлағанда немен ойлау керек? «Құдай Тәбарак уа Тағаланың алдына ғард айтатұрмын!» – деп ойлау керек. «Қауләһу Тағала иннэ аллаһу иәмуру билғәдл уал ихсан». Мағынасы: «Негізінде Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан әм зорекерліктентияды. Сендерге насихат береді. Әрине, түсінерсіндер!» (16. Ан-Нахль. А-90).

Аллаһ Тағала ғәділменен, ихсанменен әмір қылғанлығы бұл аяттан мәғлум болып тұр. Ихсан не нәрсе? «әлихсан әннэ тәғбуд кә әннәкә тәрәһу фә әннэ ләм иәкун иәрәһ фә иннәһу иәрәк». Ихсан сол ғибадат қылмағың Аллаһ Тағала көз алдында көріп тұрған патшаға иіліп, тағзым қылған секіллі. Сен көрмесең де Аллаһ Тағала

сені хәдир көріп тұр. Олай болса сен һәм көріп тұрған іспетті аса корқынышпен: «Қай жерімнен мені табады?!» – дегендей қылпылдап, қымсынып, қулығыңды орнына келтір. Сол намазда тұрғандай: «Құдай Тағаланың құдіретін мен де көріп тұрмын, – деп, – мені Құдірет те көріп тұр!» – деп ойыңда болсын, көңілде бұл қиял болмаса, намазның Құдайға қылған құлдық емес. Басқа бір қарғаның екі қарап бір шоқығаны сықылды Намазда құлак қағып: «Аллаһу әкбар!» – демегі: «Әй, бір Құдай, сенің жолыңда мен басымды, өзімді құрбан қылдым!» – дегенің. Мал бауыздағанға: «Бисмиллаһ аллаһу әкбар», бұйырылған намазға кіріскенде: «Бисмиллаһ аллаһу әкбар», – дегенің.[38]

Жалған қажылар туралы

Қазақтың бұрынғы орысқа карамай, өз еркімен жүрген заманында, кешегі аркан ескек жел желкілдектен Абылайдың алтының астына жиылған жер қайысқан қол қайда? Оның орнына, бұл күнде күкірт пішінді құ... момын қайыршының қабының түбінде қалған ұшынған сорпа, қағынған ет сықылды қап түбінде қалған қарабейіл байлар жүр. Кешегі ұраншыл ел, аламаншыл батырлар қайда? Оның орнына қараңғы түнді жамылып, ағаның малын ұрлап, жетектеуді өнер қылған қорқақ ұры жүр. Кешегі сарнаған қобыз, тамылжыған шерлі сыбызғы, көкіреңкі домбыра, ақылыңды ұрлайтын өлең– жыр, ән-күй қайда? Оның бәрі өшкен, жоғалған. Бүгінгі дала жым-жырт, мұнды жүдеу. Дүние құ...з құлардың құлағы қаяуланғандықтан, кешегі сері жігіт, ерке акын ән шырқайтын азаматы жоғалған.

Мен қалам ұстап, қаламға сия болған жанмын. Өз басымнан кешкен, өзім көрген қорлығымды сөйлеймін. Қазақ орысқа бағынып қарағаннан кейін сәулелі атқан таңды жарқырап шыққан бұ...ды көре алған жоқ, нашак жазықсыз атылған, айдалған. Қортықтай бала күнімізде естуші едік. Жеті мың Азнабай жылқы айдаған. Үш жерден найзасын тұмарлаған ол кімнің төбесіне қ... казыпты. Тайжанды атып, Сейтенді ішке айдаған. Сонан бері қарай атылудан, айдалудан аман қалған кімде-кім аз шығар. Ол қалайша десек, үш жүз төрт жыл, тоғыз ай дәурен сүрген Романов тұқымынан болған патшалар қол астына қараған жұрттың көзінің ашылуына қарсы болды. Қара

бұқараның надан соқыр болғанын ұнатты. Күн түсетұғын т... барып тағайындады. Сөйтіп, өз қол астына қараған жұртты нұқта кесіпті кү... «Жетекші қылып, алды көрген қорлығын, тартқан жәбір-жапасын ешкім газет-журналға жазушы болмасын», – деп ... деген сак төбетін қораға байлап қойған төбеттей күзетші қылып, арсылдатып қойды. Ешбір жанды аузындағы сөзді еркімен сөйлеуге ... боктағы құрттай жинаған текшелерін қойды басқан мақалаға. «Сөйлеген сөзге кісі айдалсын», – деп қара жүрек Николай закон шығарып, жазған мақаласы үшін біреуді атып, біреуді айдатып, талайды абақтыға каматып жатқан кезінде, 1905 жылында жазған Мәшһүр Сарыарқаны сөйледі. Оны Қазан қаласында ... баспаханасынан тауып алып, сотқа берді. Қоянша кебектен келіп, қашып, қорғалап жүріп жан сақтады. Мен өзім ат аркасына мінгеннен байларды жек көріп, жамандап өлең жаза бастадым. Себебі, дүние – бір сұлу қыз. Оның қалың малы – жан-иман. Жан-иманнан кешіп, оны құшақтаған соң, ол да қойнында жатқан сұлу қызбен ...қып біреуге берер ме? Кедей байғұстың ондай құшақтаған сұлу қызы жоқ. Ол мені жақсы көрді. Кімді жақсы көреді деп кедейшіл болдым. Қазақ қызын малға сатады, бұл қызынан мал алғандығынан ұжмақ жүзін көрмейді деп, малға сатылып қай-қайдағы жаманның құшағында көктігінде жүрген әйелдерді аяп ... әйелді өз шамам келгенше көтермелеп жоғары ұстап, еркек ж... ететіндей жек көріп өттім. Қожа-молда пірінде өтірікпен өткізіп, қолқын тамақ үшін жұртты алдап жүргенін айтып, сол себепті қожа-молдамен қас болдым. Оларды жамандап, өлең айттым, ишан хазіреттермен жаным қас болды. Қажыға барған хажылардың барып өлгені «хажы» да, өлмей қайтып келген қарғыланған «қара қазы» деп жүрдім.[39]

Дүниеқорлық зияны

Өмірінде Мәшһүрдің айтып жүрген сөзі: «Дүние жылаған жеріне не жылан, не шаян, не у. Мұны жиғанға мәз болмандар, қуанбандар, алданбандар. Дүниені жиған жемейді, бұйырған жейді. Жан сақтаймын дегенің мұнан қашып жүріп, жан сақта деп кім тілін алады, кімнің құлағына кіреді. Өзін біреу жынды деді. Біреу дуананы, екінші қожа-молданың айтқан бәрі өтірік, құлақтың, тамақтың қамы,

үш надан жұртты алдап, мал табудың айласы. Бұрынғы уақытта ата-бабамыз айтқан екен: «Ораза, намаз жоқ, Құдай деген жансыз. Асыл сөз сол – Құдайды жүрекпен табады, жақсы көру керек. Не тапса, кісі жүрекпен табады. Кітап болып жазылған сөздің бәрі өтірік. Мың кітаптың сөзінен қазақтың бір ауыз сөзі асыл». Сонда шын асыл сөз мына үшеуі: Бірі бұрынғының «ораза жоқ, намаз жоқ, Құдай деген жан – біз» деген. Біреуі: «заманына қарай амалы» дегені, «заманың қалай болса, бөрігінді солай ки» деген. «Заманыңдағылардың көзі соқыр болса, бір көзінді қысып жүр» деген. Біреуі ... Құдайын деген. Менің өмір бойы былшылдап жүрген сөзімді жаза беруге қалған өмірім шамасы келіп, түгендей алмайды. Не керек үстіміздегі заман өзімнің ойлаған жерімнен дәл тапты! Осымен тәмәм болды да тәмәмәт тәмәм ...н бар шамам».

Анадан тумай кеткір қайдан туды,
Дүние жалықбастан мұнша қуды.
Серік қып бұл жұмысқа наунып алды,
Өзіндей бір бұзылған тағы қуды.

Қуға қу кез болады әлде қайдан,
Талайдың күйген аузы осындайдан.
Кетірді Баянтаудың құт пен сүтін,
Екі қу қалғып келген екі жайдан.

Бұзылып у да әр жерден шыққан еді,
Талайды алдап соғып сұққан еді.
Білесің дүние жинап мал бағуды.
Байларға өнер көрдің сол жағуды.

Жеріңнен басқан-құрған өлім шығып,
Тілешін сауысқанша қан ағуды.
Басылар мұнан былай енді қарың,
Құруы қандан қакпан жайған түрін.

Кеше мен, бүгін қайдан түзу шықтың,
Жеріге басқан-тұрған малым сәрін.
Баласы Орта жүздің санда алды ма,
Есіне құдыреттің таң қалды ма.

Қол... Қаржастың шаһбазынан,
Сен ...қатын алмаған жан қалды ма?[40]

Барша мәужуд күдіретіңден

Әғузу биллаһи минаш шайтанир ражим бисмиллаһи рахманир
рахим.

Жер де, көк те сенсін Қадир[1],
Әр мәужудке[2] өзің хәдир[3].
Пенделерге өзің нәдир
Сүбханаллаһ, сенден мидәд!

Су топырақтан бинә[4] қылған,
Барша мәләкун[5] сәжде қылған.
Ібліс малғұн ғәудун қылған
Адам, Хауа пенден мидәд!

Адам, Хауа бәхс[6] еткен,
Шеше ішінде бинә қылған.
Пайғамбарға сурур[7] еткен,
Шеше нәби[8] сенден мидәд.

Ажал жетпей, жанын берген,
Пәрмен болмай өзі өлген.
Хазірет Ыдрыс сенден мидәд,
Ұжмақ ішіне тірі кірген.

Бір дарахтан кеме қылған,
Туфилдан топан қылған.
Мурдарларны һиләк қылған,
Нұх пайғамбар, сенден мидәд!

Дария ішінде балық жұтқан,
Қарны ішінде отан қылған.
Қырық күннен соң қайта шыққан,
Юнус нәби, сенден мидәд!

Ғәдиләрні һиләк еткен,
.... кірмеген.

Сыр-сыр билән һиләк кылған,
Һуд пайғамбар, сенден мидәд!

Нәмруд кәпір отка атқан,
Минәжәк илен дарға тўтқан.
От ішінде бустан болған,
Халилуллаһ, сенден мидәд!

Қадам жәйи шаһ болған,
Ол һижрә мәһи болған.
Шыбын жанын құрбан кылған,
Исмағил, сенден мидәд!

Жүз отызды бинә болған,
Ол Сараға дәрмен берген.
Рум – раһбәр болған хазирет
Исхак, сенден мидәд!

Ибраһимге жігер болған,
Бидғәтке һәди болған.
Жер астына бір һәм болған,
Лұт пайғамбарындан мидәд!

Күндіз-түнге зар еңиреген,
Жылай-жылай көзі көрген.
Юсуф ұлын құрбан кылған,
Хазирет Яғқуп, сенден мидәд!

Он ағасы дұшман болған,
Өтірік илен ғауға кылған.
Мысыр ішінде патшаһ болған,
Юсуф нәби, сенден мидәд!

Шам сахрада мехнат көрген,
Әр мехнатке разы болған.
Атшаларге сабыр кылған,
Хазирет Юнус, сенден мидәд!

Мұса кәмил койын күткен,
Әууәл, әхир әмірін тўтқан.

Кәпірлерні һиләк еткен,
Иә, Шуғәиб, сенден мидәд!

Неше түрлі зорлық көрген,
Ферғауында һиләк еткен,
Хазірет Мұса сенден мидәд!

Шам сахрада Турға шыккан,
Темірлерні мәум еткен, хайла еткен.
Сүлейменге әмір еткен,
Хазірет Дәуит, сенден мидәд!

Юнус жынға патша болған,
Тәхт бірлен аспанға ұшқан.
Балқис деген хорны құшқан,
Шәһи Сүлеймен, сенден мидәд!

Кәпір діннен батил қылған,
Тас ішінде мекен қылған,
... асхаб кәһф [9] сенден мидәд!

Дарахті иәшир әскәр қылған,
Басларына ат койған.
Хақ жолына жанын берген
Иә, Закария, сенден мидәд!

Кеше күндіз еш тынмаған,
Үммет үшін көзігерін.
Жылай-жылай еш тынмаған,
Иә, Мұстафа, сенден мидәд!

Дін исламға бұрын кірген,
Мұхаммедке жүріп ерген,
Хабибі хаққа қызын берген,
Әбу Бәкір, сенден мидәд!

Һәммә бұтты сындырған,
Кәпірлерге қылыш ұрған.
Дін жолына мәһкәм ашқан,
Хазірет Ғұмар, сенден мидәд!

Мұхаммедке қызмет еткен,
Ғаламларны бинә қылған.
Жан менен құрбан еткен,
Хазірет Ғұсман, сенен мидәд!

Құлларыға кылыш алған,
Кәпірлерге қырғын салған.
Жердің жүзін бәрін алған,
... Құдай, сенден мидәд!

Фатимаға канат болған,
Мүминлерге медет болған,
Кәрбалада шәһид болған,
Хасан, Хусейн, сенден мидәд!

Дін жолыны ол түзеткен,
Хак зікірні береке тұтқан.
Халайыққа жол көрсеткен,
Ғәус әләғзәм, сенден мидәд!

Хак дүр оның жоллары,
Мүминлернің раһ бәрі.
Хак Мұхаммед үмметні,
Имам Ағзам, сенден мидәд!

Кәмил дүр сенің пірлерің,
Барша білер сырларың,
Түркістан дүр жырларың,
Хазірет Сұлтан, сенден мидәд![41]

Белгісіз өлең

...Иә зинарны бағаласа,
Иә ол кулу көтерсе,
Харамны халал білсе
Аллаһ дегіл бидауам.

Пайғамбар былай дейді,
Кәпір дүр онлар дейді.

Тамуғлық онлар дейді,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иә, бір ғалымны сөксе,
иә ұстазын хорласа,
Иә, мүмин ағызын сөксе
Аллаһ дегіл бидауам.

Иә, ... кісі иә
масжидке нәрсе салса.
Иә, Құран таптаса
Аллаһ дегіл бидауам.

Бұ іслерні қоймаған,
Тәубе ружуғ қылмаған.
Кәпір малғун дур хаман
Аллаһ дегіл бидауам.

Хатынлары харам дүр
буғазлағаны мардар дүр.
Ғамалдары дайғ дүр
Аллаһ дегіл бидауам.

Имансызны досты тұтма,
Оңа (оған) сен жақсылық етме.
Ондан жақсылық күтме,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иманны жақсы білмеген,
Хак бұйрығын тұтмаған.
Ол дүр рахмет болмаған,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иманны білген кісі,
Түзік (түзу) дүр барша ісі.
Қабыл дүр ізгі ісі,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иман білген кісіге
рахмат жағар (жауар) басына.

Періштелер келер қасыға
Аллаһ дегіл бидауам.

Иманни білгенні досты тұт,
Она (оған) сен жақсылық ет.
Алланың рахметін күт,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иман Аллаһны бір білмек,
Ислам діннен хақ білмек.
Пайғамбарны раста білмек,
Аллаһ дегіл бидауам.

Имансызға үйірме (берме),
Сәлем кошмағыл жақсы кәлам.
Ол дур адами шайтан,
Аллаһ дегіл бидауам.

Әууәл иманни білің,
Бес уақыт намаз кылың,
Рамазанда рузаһ тұтың,
Аллаһ дегіл бидауам.

Малың болса зекет берің,
Күшің жетсе хаж кылың,
Бұларны парыз білің,
Аллаһ дегіл бидауам.

Намазсыз дінсіз өтер,
Ол кабірде нетер,
Жәһаннам түбіне кетер
Аллаһ дегіл бидауам.

Ерте намаз койған
Біл безер ондан иман.
Не болғай ондан иман
Аллаһ дегіл бидауам.

Бесін намарын (намазын)
Қойған барша пайғамбар бере.

Қиямет күн болар хор
Аллаһ дегіл бидауам.

Екінті намазын қойған
Біл безер ондан құран.
Жолдасы бұның шайтан
Аллаһ дегіл бидауам.

Бір кісі ақшам қояр,
Барша періште безер.
Баршасы лағнет дерлер
Аллаһ дегіл бидауам.

Жашиғ намазын қойған,
Болар тәңіріге дұшман.
Болар лағнет хаман
Аллаһ дескіл бидауам.

Намазсызның түк қанын
Итлерге берің әмісін.
Көрмегіл оның жүзін
Аллаһ дескіл бидауам.

Намазсыз сырхау болса,
Халі өлмекке жетсе.
Халін сұрай сен барма
Аллаһ дегіл бидауам.

Намазсызны сөкмегіл
Өлер болса жумағыл.
Оң кәфін сармағыл
Аллаһ дегіл бидауам.

Итлер жесін тәніні,
Барша алсын малны.
Жәһаннамге жансын
Аллаһ дегіл бидауам.

Намазны кем дүр қойған
Адам дегіл ол шайтан.

Ит доңғыздан ол жаман
Аллаһ дегіл бидауам.

Һәркім білсе иманны
Досты тұтар Тәңірі оны.
Ұжмақта ахир орны
Аллаһ дегіл бидауам.

Намаз оқыған ұшар,
Кәусар шарабын ішер.
Ұжмақта хорлар құшар
Аллаһ дегіл бидауам.

Дүниені сіз қуарсыз,
Көп малларны жиарсыз.
Барын қойып кетерсіз
Аллаһ дегіл бидауам.

Дүние қуған мехнат да
Һәм машақат захмат де.
Түрлі-түрлі ғазабта
Аллаһ дегіл бидауам.

Бұ дүниені сумаңыз,
Ғафлет ішіре қалмаңыз
Намазныңызны қоймаңыз
Аллаһ дегіл бидауам.

Өлім хатасы келер,
Ұғланларның жамиғ өлер.
Хардашларың көре келер
Аллаһ дегіл бидауам.

Ажал келер өлерсің сен,
Бұ дүниеден кетерсің сен.
Не қылған көрерсің
Аллаһ дегіл бидауам.

Қардашларың жығласар,
Хатынларың ыңрасар.

Ұғланларың (ұлдарың) шуғласар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ешбірі жәрдем қылмас,
Ажалдан алып қалмас.
Ешкімден дәрмен болмас,
Аллаһ дегіл бидауам.

Не дүклі болса малың,
Дахы түрлік тауарың.
Кетерсін қойып бәрін,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ақыр заман жақын болды,
Дүниеге фитна толды.
Көп ғалымлар залим болды
Аллаһ дегіл бидауам.

Көп ғалымлар тамиф болды,
Көп мүминлар залим болды.
Көп сопы шайтан болды
Аллаһ дегіл бидауам.

Жемек дүр хамматлары,
Хатынлары қыблалары.
Дирхам дүр һәм дінлары
Аллаһ дегіл бидауам.

Барына қанағат жоқ,
Азына һәм сабыр жоқ.
Көбіне һәм шүкір жоқ
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғалымларның жаманы
Шайтан дүр оның жағы,
Жәһаннам дүр мекені
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғалим тұғыры етмес,
Өзі ғылымны тұтмас.

Кісі көңілін сақласа
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғалим дегіл шайтан дүр,
Надандардан жаман дүр.
Біл хайуандан азғын дүр
Аллаһ дегіл бидауам.

Шайтанның досты ол,
Алланың дүшманы ол.
Тамуғқа жол басшы ол,
Аллаһ дегіл бидауам.

Қиямет күн болғанда,
Тамуғқа баслар онда.
Жолдаслары артында,
Аллаһ дегіл бидауам.

Жолдаслары айтар иә, ғалим
сен аздырдың иә залим.
Тұғыры етмедін ғалим
Аллаһ дегіл бидауам.

Хак етер иә залим
жокмайды бес ғалимлар.
Дем-демі бес онлар
Аллаһ дегіл бидауам.

Замана ақыры болды
қиямет жақын келді.
Шығар Дәжжәл һәм Мәнди
Аллаһ дегіл бидауам.

Яжуж уа Мәжуж шығар
Дүниеге жәмлә (хәмла) толар.
Барша нәрсені жияр
Аллаһ дегіл бидауам.

Исрафил сүр үрер,
Һәибтандан бір көк тұтар.

Барша жанлылар өлер
Аллаһ дегіл бидауам.

Тірік кісі еш қалмас
Тебренер нәрсе болмас.
Бәрі өлмейін қалмас
Аллаһ дегіл бидауам.

Көктен бұлт шығар
Шаһадат тік ...
Жер жүзі теңіз толар
Аллаһ дегіл бидауам.

Жаратылған ағзалар,
Топырақ болған соң келер.
Әууәлгі тік боларлар
Аллаһ дегіл бидауам.

Керегісі суға батсын,
Керегісі суға жансын.
Керегісі балық жұтсын,
Аллаһ дегіл бидауам.

Әуелгіден өлгенлер,
Жарып топырақ болғанлар.
Баршасы тән боларлар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Исрафил сүрін үргей,
Жан бірлен жер көк толғай.
Барша жан тәнге кіргей,
Аллаһ дегіл бидауам.

Адамлар жерден шықғай,
Қабір үстінде отырғай.
Жетпіс жыл хайран болғай,
Аллаһ дегіл бидауам.

Көк қарбел қан тік болғай,
Жұлдызлар жерге түскей.

Тағлар һауаға ұшқай,
Аллаһ дегіл бидауам.

Не қадір еллер кешкей,
Жеті кат көк жарылғай.
Періштелер жерге түскей
Аллаһ дегіл бидауам.

Жеті кат жер астындан,
Шығар жәһаннам ондан.
Һауа толар түтінден
Аллаһ дегіл бидауам.

Қара таға тік ұшқынлар,
Тамуғ ішінден шахырарлар.
Имансызларға түсерлер,
Аллаһ дегіл бидауам.

... ..һә шығар,
Намасызларны жұтар.
Тамуғ ішіне кояр,
Аллаһ дегіл бидауам.

Иманны жақсы білгенлер,
Бес намазны қылғанлар.
Ұжмаққа барар онлар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Харамнан сакланғанлар,
Аллаһ бұйрығын тұтқанлар.
Ұжмаққа кетер онлар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Тамуғ ішіне кіргенлер,
Ұлық жылан, шаянлар.
Ғазаб қыларлар онлар
Аллаһ дегіл бидауам.

Тәннің тысы жанғай,
Ішінден жас ет өскей.

Жаны һәр кез шықғай
Аллаһ дегіл бидауам.

Ұрмақ әһлі қартаймас,
Дахы еш хаста болмас.
Ұрмаққа кірген өлмес,
Аллаһ дегіл бидауам.

Хилатунлар киерлер,
Парақларға мінерлер.
Хор қызларын күшарлар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Топрақлары зағпыран,
Таслары інжу-маржан.
Нығметлері алуан-алуан,
Аллаһ дегіл бидауам.

Биардан болар тағалар,
Сүттен болар шешімлер.
Түрлі-түрлі жемістер,
Аллаһ дегіл бидауам

Түрлі-түрлі шараблар,
Алтын, күміс табақлар.
Келтіріп сонарлар,
Аллаһ дегіл бидауам

Түрлі мәжліс қыларлар,
Әнуағ симағ ойларлар.
Дәһім ғашарат қыларлар,
Аллаһ дегіл бидауам

Әй, мүминлар ғафил болман,
Бү дүниге алданман.
Ақыретте хор болман,
Дүниенің пікірін қойғыл.
Ұрмақта орын алғың,
Аллаһ дегіл бидауам.

Әй, мұминлер ғафилсіз,
Өлімні еш оңмассыз
Дүниеден кетерсіз,
Аллаһ дегіл бидауам.

Малын дәиім санарсың,
Күнәһиңні білмессің.
Ғұмырын ұзын санарсың,
Аллаһ дегіл бидауам.

Дүниенің жоқ опасы,
Рахатнын жоқ бақисы.
Һәм түк намаз жағасы,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ажал келер өлерсін,
Акыретке барарсын.
Һәр не қылсаң көрерсін,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ләхд ішіне қоярлар,
Топырақ бірлен көмерлер.
Қырық кадам кетселер,
Аллаһ дегіл бидауам.

Шыққан жан тәнге кіргей,
Ұзын кабірді көргей.
Әуәһ деп жылағай,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғафлетні жамиғ қылғай,
Не көрермін деп тұрғай.
Екі періште келгей,
Аллаһ дегіл бидауам.

Тәңірің кім дүр дерлер,
Аллаһ дегіл бидауам.
Һәркім жауабын бергей,
Ұжмақта орнын көргей.

Қабір іші нұр толғай,
Аллаһ дегіл бидауам.

Періштелер келерлер,
Алып алтын табақлар.
Іші толы жеміслер,
Аллаһ дегіл бидауам.

Һәм атасы болар,
Һәм анасы болар.
Кәми ұғланы болар,
Аллаһ дегіл бидауам.

Хош келдің мұнда дерлер,
Қайғы жоқ сенге дерлер.
Біз дахи бір... дерлер,
Аллаһ дегіл бидауам.

Оны көріп сөңгей,
Жаны рахатта болғай.
Дүниені ол ұнатқай,
Аллаһ дегіл бидауам.

Біраз отырсын дерлер,
Біз дахи пірік дерелер.
Қияметке шейін дерлер,
Аллаһ дегіл бидауам.

Жауабын үйіре алмаған,
Иманны жақсы білмеген.
Ізгілікні қылмаған,
Аллаһ дегіл бидауам.

Көзі бірлен өзірлер,
Кәпір малғун сен дерлер.
Тамуғлық сен дерлер,
Аллаһ дегіл бидауам.

Оны ләхд һәм қысар,
Қабырғалары шығар.

Жыланлар келіп толар,
Аллаһ дегіл бидауам.
Тамуғда орын көргей,
Не қылатын білмегей.

Ішіне тек бакырғай,
Аллаһ дегіл бидауам.
Бұ дүниеге қонакмыз,
Ғамал үшін келінбіз.
Қияметке барармыз,
Аллаһ дегіл бидауам.

Ешбір кем болмай қалмаз
Және тірілмей қалмаз
Ешбірісі құтылмас
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғұмырымыз күн-күн өтер,
Азығымыз күн-түн бітер.
Ажал жағамыздан тұтар
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғәзірейіл жанын алар,
Уарислар малын алар.
Сенгше обалы қалар
Аллаһ дегіл бидауам.

.....
Дүниені қуып жүргенін
Қане ғамал қылғанын
Аллаһ дегіл бидауам.

Өлместік болып жүрдің,
Жақсы ғамал қылмадың.
Тәубаңні һәм қылмадың
Аллаһ дегіл бидауам.

Өткен ғұмырың еш қайтмас,
Малың еш пайда қылмас.

Өлгенден соң тәубе болмас
Аллаһ дегіл бидауам.

Ғұмырың өтті еш хасил
Неше жүрерсін ғафил.

Егер ерсең бұлғақтар
Аллаһ дегіл бидауам.
Шариғатны мухкәс тұт,
Күнәһларден тәуба ет.
Туғра жолға туғра кет
Аллаһ дегіл бидауам.

Шариғатны тұтпаған,
Күнәһдан тәуба етмеген.
Орны тамуғ дүр хаман
Аллаһ дегіл бидауам.

Һәркім шариғатны тұтар,
Күнәһден тәубе етер.
Ұжмаққа туғра кетер
Аллаһ дегіл бидауам.

Шариғатны тұтқанлар
Ұжмаққа кірер онлар (олар).
Мәңгі рахатта онлар
Аллаһ дегіл бидауам.

Иләһи берер дегер,
Асан сенге мушкиллер.
Сен шаһ мискинлер
Аллаһ дегіл бидауам.

Бір мискин пенделерні
Ғаси уа шарр менделерні.
Жарлықағыл иә, ғани
Аллаһ дегіл бидауам.

Шариғатта шабыт қыл,
Тауфиқ бірле жолдас қыл.

Иман иле бақи кыл
Аллаһ дегіл бидауам.

Муштакым дидарыңа
Аллаһ дегіл бидауам.

Жақын бізмен руза тұтса, рамадан шариф айны уа фитр садакасын үйірмесе (бермесе) ол меннің оразасы жер иле көк арасына муғлик болар дейді. Және айтты пайғамбар ғалейһи сәлам «мән ағта садакатәһ әлфитр кәнә ләһу ғушру хәмәл», яғни бармен бірісі фитр садакасын бөлер ол менге он түрлі пайда: әуел – азад болар тамуғдан. Екінші – пәк болар барша күнәһлардан анадан жаңа туғмастік (туғандай). үшінші – қабыл болар тұтқан оразасы Алла Тағала хұзырында. Төртінші – уәжиб болар ол менге ұжмак. Бесінші – қабыл қылар Аллаһ Тағала ол менің үшбу ел ішінде кылған ізгі ғамалларымны. Алтыншы – қабыл шапағат қылар пайғамбар ғалейһи сәлам киямет күн. Жетінші – өтер ол мин сират көпірінден жалтырағышы жасын тік. Сегізінші – рад олмас тұтқан рузасы. Тоғызыншы – ағыр келер мінезден ізгі ғамаллары. Оныншы – жойар (жояр) Аллаһ Тағала ол менің есімні (есімін) жауызлық дәптерінден жазар оның есімні ізгілер дәптеріне. Біз ондағ олса аз нәрселерден саранлық қылып фитр садақаларыңызны бермей Аллаһ Тағала хазретінде бұ қадір рахмат уа сауаблардан махрұм қалмағайсызлар. өкініш дүр ... кісілер бұ фәни дүниенің малны қызғанып, сараңлық қылып өзлеріні борышдан болмаслар уа аз... аян санап наданлық бірле өзлеріне көп зиан қылғанларны білмеслер. Малларын зекет ...леріндене ғашар уа назарларында опа кылмайып.[42]

Мұса пайғамбар заманындағы кәпірлер зорлығы

Ард Мукаддаста болған кәпірлердің зорлығы Ард Мукаддаста Мұса пайғамбар заманында болған. Кәпірлердің Ард Мукаддас жер аты. Шам уалаятының манайында сол уақытта, сол жерде кәпірлердің бір мықты, күшті, зоры аты – Ғуруж ғунук деген болыпты. Бойының биіктігі сегіз жүз кез, күші сондай кішігірім төбелерді көтеріп алып қопарып, бір өштескен халқының шаһарының үстіне бастырып тастай береді дейді. Мұның халқының бәрі де күшті зор болған, бәрі

Ғуруж ғунуктай болмаса да соған таяулары да аз емес болған. Мұса пайғамбарға Аллаһ Тағала әмір қылған: «Солармен барып соғыс!» – деп.

Мұса пайғамбар әскер жинап келе жатқанын естіп, Ғуруж ғунук бір төбені көтеріп алып келе жатқанда Мұса пайғамбардың әскерін бастырып тастайын деп, төбе ортасынан жарылып, тесіліп, Ғуруж ғунуктың мойнына ілініп, оралып, буынып өлген. Сонан кейін қалғандары, бар ішіндегі мықтысы өліп қалған соң, қорқып балғам бәғурға жалынып, тылсым жасатып, Мұсаның жолын байлатып, Мұса пайғамбардың әскері ... сахрасында 40 жыл бойы қамауда қалған. Аллаһ Тағаланың құдіретімен Мұса кәләмаллаһ Тұр тауында сөйлесіпті деген. Тұр тауы Шам уалаятының маңайында болуы керек. Бұл Ғуруж ғунукты біздің қазақтың тілінде «Ахи құлық» дейді. Ертегі қылып сөйлеушілер «Әхи құлық» деп айтады. [43]

«Шығысы шықпай, кіресі кірмейді» мәні

Қазақта бір мақал бар: «Шығысы шықпай, кіресі кірмейді». Хазірет Сүлеймен ғәлеиһис сәләмнің 13-14 жасар бала күнінде аузынан шыққан сөзі. Хазірет Дәуіт ғәлеиһис сәләм халифалық қылып тұрған күнінде хазірет Сүлеймен ғәлеиһис сәләм есік алдында ойнап жүргенде бір қатын жаман наза болып жылап келді. Бала сұрады:

– Әй, қатын, неге мұнша күйініп жылаудасың?! – депті.

Қатын айтты:

– Екі жетім балам бар, өзім қара қасқа кедеймін. Жалғыз-ақ пұт бидайымыз бар еді, онан басқа дәмек жоқ. Соны арқалап, диірменшіге ақысын беріп, тарттырып алып, қапқа салып арқалап келе жатқанымда, бір қатты дауыл соғып, өзімді домалатып жығып, ішіндегі ұн-мұнымен қабымды ұшырып алып кетіп, артынан қуып, өкпем өшіп, жете алмай бара жатқанымда дарияға түсіп, Құдай пана берсін, көзіме бір де көрсетпей дарияның дәл ортасына алып кетіпті. Түскенмен батқан болса, өмір бойы сүнгісем де соңынан қалмас едім, көз жетпестей жерге ортасына алып кетіп, титығымды құртып, оны да не қылайын, әркімнен сұрай алсам да бір жөні болар, апыр-ау қабымды қ...на қайтайын, өзім бар ғұмырымды еңбек қылып тоқып

алған қабым еді. «Шешеміз ұн тартып алып келеді», – деп қуанып отырған балаларыма не ғып жүз кара болып, не бетіммен көрінемін деп соған ішім ашып барады.

Сүлеймен ғәләһис сәләм айтты:

– Әй, бейшара, Құдай саған берген екен! Дереу такта отырған патшаға барып арыз қыл. Бір қап ұнымды жел тартып алды. Маған желден көлдененімді алып бер де. Алып берер, – дейді.

Қатын жылап, патшаға арыз қылды. Екі пұт бидай берді. Қатын қуанып:

– Бір жасы мың болғыр-ай, балаларыма кұр бармасқа тәуір болды-ау! – деп алып шықты.

Хазірет Сүлеймен сұрады:

– Патша не дейді?

– Айналайын әділ патшамыз екі пұт бидай берді! – дейді.

– Әй, бейшара, сен тілей келген тіленші медің, дауыл соғып ұныңнан айырылып қалып келген емес пе едің?! Ондай олжа көріп қуанба, дауылдан ақымды алып бер, әділ патша болсаң деп бар, қайта кір! Желдің үстінен арызға келіп едім ғой! – деп қайта жібереді.

Қатын қайта кіріп, патшаға арыз қылды. Патша үш пұт бидай бергізді. Қатын қуанып алып шықты. Хазірет Сүлеймен ғәләһис сәләм тағы қайыра жіберді:

– Мен ұн сұрай келгенім жоқ, сізге ұнымды алып кетпек желден көлдененімді алып бер деп келдім. Әділ патша болсаң, арманыма жеткіз, ақымды алған желмен мені алдына алып терге. Ұнымды не үшін алғандыңын айырып бер. Қазақтың кара байы сықылды қайыр бергенге мәз болма. Патшалқы хукімінді тура қыл деп, не айтар екен? – дейді.

Қатын қайта кіріп арыз қып еді. Хазірет Дәуіт ғәләһис сәләм:

– О заман мен бұ заман жел мен кісі дауласқанын көргенім жоқ! – деді. Бар бейшара бес пұт бидай ал! – депті.

Қатын қуанып, бес пұт бидай алып шығып еді, хазірет Сүлеймен ғәләһис сәләм:

– Әлі арызыңа жете алған жоқсың, – деді. Маған бидайдың керегі жоқ, дауымды шарифатыңа салып бер. Қанша берсең де қайырыңа ризалығым жоқ, жоқ! Әділшілігінді көрсет деп айт, – депті.

Қатын қайта кіріп:

– Мен сізден бидай сұрамаймын, даугермін дауымды тепенгер! – дейді.

Дәуіт ғәләһис сәләм:

– Әй, қатын, сен қалай жансын, менің алдымнан қуанып: «Құлдық бас!» – деп кетесін де, далаға шығып қайта кіресін! Саған далада біреу бірдеме үйретіп тұр ма, шыныңды айтшы?! – дейді.

– Өзіңіздің кішкене кенжетайыңыз мені еркіме қоймай, қайта-қайта баршы деп жіберіп тұрған сол, – деді.

Дәуіт пайғамбар тысқа шығып:

– Әй, балам, не үшін бұл қатынды әуре қылып қайта-қайта кіргізе бересін?!

Хазірет Сүлеймен ғәләһис сәләм Дәуіт ғәләһис сәләм қайран асыр дал болып тұра қалды. Ғибадатханасына барып Құдай Табарак уа Тағалаға мінәжат қылып сәждеге басын қойып көтеріп еді: «Әссәләму ғәләйкум», – деп адам суретінде бір періште жетіп келді.

– Иә, нәби Аллаһ ол қатынның қабы менен ұнын мен өз бетіммен желге алдырғаным жоқ. Дарияның жүзінде іші саудагер дүние талап қулармен толы еді. Бір кеме келе жатыр еді. Кемеге толған товар еді, адамзатта не керек жарак түгел еді. Дарияның ішінде тасқа соқтығып, кемелерінің жарық жері жарылды. Сол жарықты бітерге шамалары келмей, суға ғарық боларлық дәрежеге жетеді. Сол уақытта ... Құдайға шулап, Құдайға жыласты: «Иә, Құдай, осы дарияға ғарық қылма, балыққа жем қылма, бізді саламат шығарсаң, сенің күшті Құдайлығыңа һәм жол садакасына кемедегі малдың қак жарымын берер едім жетім мен жесірге!» – дейді. Көзің жасының сол уақытта олардың көзінің шын жабысып жылаған наласы Құдайға жетті. Аллаһ Табарак уа Тағала маған бұйырды: «Пәлен жерде бір жесір қатын қаппен ұн алып, арқалап келе жатыр. Соның ұнын қаппабымен алып келіп, кемеңіздің жыртығына тық! – дейді. Бұлардың жаны өлімнен аман қалсын да, жетім-жесірлер үшін!» – деп, сонан соң мен қапты желге бұйырып алғыздым.

Керуендер судың шетіне жакын келді. Қабы да кемеңіздің жырытығында, ұны да бірге, екеуін де алсын, керуендердің айтқаны назарын да алсын! – депті.

Дәуіт ғәләһиһис сәләм қатынды ертіп, дарияның жағасына келіп, барлық айтқан нәзірін қатынға бергізді. Қатын байып, шуда жіп, жуан ине мен қабының аузын қайып, мәз болып қалды.

Не нәрсе болса, себеппен болады. «Муссәббәб себепке табығ» деген осы.[44]

Сүлеймен пайғамбардың бала күніндегі бір шешуі

Хазірет Так Сүлейменнің бала күніндегі шешкен сөзі. Хазірет Дәуіт пайғамбардың он тоғыз баласы болған екен. Дәуіт пайғамбардың тірі күнінде бәрі патшалыққа таласыпты, әрқайсысы: «Мен лайықпын!» – деп. Аллаһ тағала бұлардың жанжалды басып сынау үшін аспаннан пешатленген мөр басқан бір қағаз түсірген екен: «Осы қағаздың ... сөзін көрместен, ойламастан тауып айтқаны өзінген патша болады», – деп, Дәуіт пайғамбар өзіне қараған жұрттын ... хақысын жемеген алып барлық балаларынан ... сұрады: «Осы дүниеде адам баласына жақынның жақыны не? – деп, – алыстың алысы не? – деп сұрады. Елден бұрын жолдас болған екеуі не? Аса қорқыныш екеуі не? Егелесіп тұрған екеуі кім? Төбелесіп тұрған екеуі кім? Біріне-бірі дұшман екеуі кім? Соны мақтауға лайық не нәрсе? соңы сөгіске қалдырған не жұмыс? Қане, осыларды жақсылап тауып, шешіп бергенің патша боласың! – деп сұраған екен.

Балалары, басқалары жауап бере алмай тұрды, отырды. Сонда Так Сүлеймен де бар екен. Ол кісі айтты:

– Рұқсат болса, мен шешіп берейін, – деді Дәуіт.

Отырған көп халық айтты:

– Сөйле, балам, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деген.

Сүлеймен бала айтты:

– Адамға алыстың алысы – өткен өмір. Өзге нәрсенің жақындасады, біріне-бірі қосылады деген үміт бар, өткен өмір қайта келіп ... уақытқа сыйлайды ... қайта келеді деген үміт жоқ! Адамға жақынның жақыны – өлім, өлімді қас пен қабак арасында білуші керек. Елден бұрын жолдас болған екеуі – жан мен дене. Аса қорқыныш екеуісі – екеуінің (жан мен дене) бірінен-бірінің айырылған жері, айырылған күні. Егелесіп тұрған екеуі – көк пен жер. Төбелесіп тұрған екеуі – күндіз бен түн. Бір-біріне дұшман екеуі – өлім мен

тірлік. Ақыры мақтауға қалдыратын жұмыс – ашу келгендегі сабыр мен ақыл. Арты сөгіске қалдыратын жұмыс – орынсыз жердегі ашу.

Бұл сөзді Сүлейменнен естіген соң, аспаннан келген қағаздың пешатын ашып көрсе, осы айтылған сөзден бір нукаты (нүктесі) бөлегі жоқ екен. Сонан соң Дәуіт пайғамбар, бай Исраил халқы «Так Сүлеймен» деп ат қойып, патшалыққа сайлаған екен деп айтылады. [45]

Екі патшаның ертегісі

Біреуі – Мысыр, біреуі – Бағдад, Басра болатындығы. Бар сөз басы, Мысыр шаһарының патшасы бір күні өзінің қол астындағы халқын жиып алып, сахара маңында жерге сейілге шығып, шаттанып отырғанда, барлық халқынан, жолдастарынан сұрайды:

– Жасырмай айтыңдар, дүние жүзінде менен асқан көрікті ақылды, данышпан адам бар ма? Көрген, білгендерің бар ма? Егер бар болса, менен қорықпай, ұялмай, жасырмай айтыңдар! – дейді. Дегеннен кейін көптің ішінен бір жігіт адам айтады:

– Маған айтты деп ренжімесеңіз, қаһар қылмасаңыз, мен бір адам көрдім. Ол он қабат артық ақылды, көрікті, мінезі де инабатты, ғылым да, мал да, ой да, бой да бәрін де сізден артық, – дегенде патша айтқан жігітке қаһар етіп:

– Сол айтқан патшанды тауып алып кел! Әйтпесе басыңды аламын! – деп қаһар етеді.

Бұл жігіттің айтқан патшасы – Басра шаһарының патшасы еді. Бұл жігіт патшадан мәуле сұрап, Басра шаһарының өзі көрген патшаның шаһарына барып жетіп, патшаның қалжырап жетіп, есігіне барып, қақпасын қаққан соң, есік ашады, үйіне кіргізеді.

Кіріп патшаның алдына келген соң, патшаның алдына жығылып талып, ессіз болып, бірнеше күн жатады. Патша данышпан адам болғандықтан:

– Бұл жігіт алыстан келген адам, мұнда бір сыр бар шығар?! – деп бірнеше тыныққанша күтіп, сыйлап өзіне келтіреді. Бірнеше уақыттан кейін өзіне келген соң, жөнін-жәйін сұрап қайдан келген, қайда баратынын жұмысын сұрап біледі. Жігіт бастан-аяқ келген, жүрген, көрген әңгімесін айтады. Патшаны іздеп келгенін айтады.

Егер бұл патша ана патшаға көріпбесе, бармаса, жігіт өлетіндігін айтты. Патша жігіттің бармаса, өлетіндігін ойлап, амалсыз бармақ болады. Жол жабдығын ыңғайлап, үйінен, шаһарынан бір қонатын жерге барғаннан кейін:

– Үйімде бір өте қажет, адамға айтпайтын бір нәрсем ұмыт қалыпты, – деп, түн ішінде үйіне қайтып келіп, күзетшілеріне патша екенін білдірмей, көп алтын сыйлап, өз үйіне өзі сөйтіп кіріп барса, төсегінде қатынымен бір бөтен жігіт бірге жатыр екен. Патша қолындағы қылышпен екеуін бірақ кесін өлтіріп, қайтадан жолына келіп, бірнеше күн жол жүріп, Мысыр патшасының үйіне келіп тынығады. Бірнеше күндер өткеннен кейін екі патша әңгімеге келіп, жолаушы келген Басра шаһарының патшасының ажары күн-күн сайын бәсең тартып, ажары түсіп, жүдеу тартып, уайым-қайғыда болып, күрсініп, жүдегендігі көңілінде ауыр қайғысы барлығы біліне бастайды.

Екі патша бір күндері көңілдерін көтеру үшін далаға сейілге шығады. Екі патша сейілге шығып, шаһар сыртында биік тау бар екен. Тау басына шығып, тау басынан шаһарға көз салып қарап тұрса, патшаның әйелі қырық қыз, қырық жігіт нөкерімен о да сейілге шығып, шаһар ішінде бау-бақша ішінде гулайт құрады. Патшаның әйелі де бір жігітпен гулайт құрғанын алыстан тау басынан патша өз көзімен көріп, екі патша бастас болып, екеуінің мұңы бір келіп, екеуі ... құсып:

– Бүйтіп мынаны көріп, мына дүниенің ішінде жүргенше [деп], о дүниені іздеп, Құдай жолына қосылып, мал-жаннан безіп, қаңғып келе жатып, бір қалың ағашты бәйтерекке келіп, бәйтеректің түбінде ағып жатқан тұшы мөлдір бұлақ бар екен, су ішіп, сусындарын қандырып, дамылдап отырғанда, бір айдаһар жылан келеді. Екі патша айдаһардан қорқып, бәйтеректің басына шығып, паналайды. Біраздан кейін айдаһар жөніне кетеді.

Енді аздан соң бір дәу келеді, арқасында арқалаған алтын әбдіресі бар. Екі патша айдаһардан құтылдым ба деп отырғанда дәуге кез болып, шыбын жандарынан үміттерін үзіп отыра береді. Дәу келді де жоғары-төмен ешқайда қараған жоқ, бұлақтан суды бір-екі ұрттап алды да, арқасындағы әбдіренің аузын ашып, ішінен ай мен күндей сұлу қызды шығарып алып, ойнағаннан кейін ұйықтап қалды.

Біраздан соң қыз тұрып, бұлақтың басына суға шомылып, жуынып, бұлақтың шетіне отырып, шашын тарап отырса, судың бетінде екі көркем жігіттің сәулесі түсіп тұр. Қыз көріп талып қалғандай тамашалап, бұлар қайдан келген адам дегендей жан-жағына караса, бәйтеректің басында екі жігіт отырғанды көріп, қуанып шақырып:

– Екеуің мұнда кел! – деп.

Екі патша:

– Түспейміз! – деп еді.

Қыз айтты:

– Екеуің түспесең, менің тілегімді орындамасаң, қазір екеуіңді мына жатқан дәуге өлтіртемін! – деген соң, жанынан қорыққан соң, екеуі қыздың тілегін амалсыз орындайды.

Қыз бастан кешкен уақиғасын айтып, екеуімен тоқсан тоғыз адаммен ойнағанын айтады. Бұл екі жігіт қыздан мұндай әңгімені естіген соң:

– Біздің асарлық дәнеме білмегендік екен, – деп, тәубе қылып, райдан қайтып, ... еліне қайтады.

Мұның аяғы қыздың тоқсан тоғыз жігітпен қалай ойнаған? [46]

Арғын шежіресі

Арғын бабамыздың бәйбішесі аты – Аргүл екен. Аргүлден Құтан, Бұтан екі ұл туады, жас күнінде өледі. Бұдан тұқым жоқ. Бұл туралы Ақнұрдың бір ауыз өлеңі бар.

Сұрасаң арғы атамды – Құтан байды,

Сұлтанбек бата алмайды.

Мейрамұлы Қарашаш бір қыз қуып,

Қуандық пен Сүйіндік одан қалды.

Айдабол бәйбішесінен:

1. Жасозы.

2. Малқозы.

3. Қожакелді.

4. Қошетер жалғыз.

5. Тайгелтір жалғыз. Тайгелтір Айдаболға шөберелері туыстас болыпты.[47]

Асан қайғы айтқан сөзі

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң түзіп (төзіп), жаман болар!
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмәм болар!
Үкітте қарындастан хайыр кетер,
Қандан – күш, қарағайдан жайыр (шайыр) кетер.
Ұлын, қызың орысқа бұдәм болып,
Қайран, есіл ел-жұртым сонда кетер.

Абылайхан бір мер (бірмер) әкеде ат үстінде тұрып, Бұқар әйкеңнен сұраған екен:

– Асан қайғының: «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар!» – дегені не танаттық?! Суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан барып шығады, миға қонбайтұғын сөз ғауи! – депті.

Сонда Бұқарекен қырын қарап тұрып, атынның басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып:

– Әй, хан, ей, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді. Мен айтпасам керек еді. Ханға жауап айтпасам, ханның көңілі қайтады қан дүр әжуәб сөйлесем. Халқым деп айтады, қайғылы мұндай хабарды сұрамасаң нетеді, сұраған соң айтпасам кісілік кетеді енді, айтайын тыңласаң, айтады деп қаһар қылмасаң.

Саудан (судан) қашып қарағай,
Шөлге біткен бір дәрәк.
Суға шортан шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қазак.
Ойлама шортан ұшбас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Күнбатыстан бір дұшпан,
Ахырда шығар су тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты боп,
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.

Хұдайды білмес, діні жоқ,

Жамандықта міні жоқ.

Өзінің ғаләмәл кәун уалфәсәд хадтан тәжәуәз болып тұрған күнінде туғанлығына тасық (тәсиф) кылғаны.

Қараңғы түннің жарық таңы атар ма? Күннің қызу сауласы (суласа) ау жатар ма (ұятарма)? Біз бұған шүкірлік қып қуанамыз. Залымлар түн бүркеген ұнатар ма? Басылған құдіреттен мұртанда емді. Бармысын бармақтай бақ маңдайымда таң атты, күн шықты деп жұрт шулады. Япырмау (жапырма), уа нанайын ба, нанбайын ба?! Нанайын мен нанайын демей жалған, жалған маған қамшылап дүре салған михнәт туб рахаттанып, бұрынғы айтқан сол сөз жастан көңіліме ойып қалған ел бейбіт туа алмадым. Жұрт аманда көңілі тар, көзі соқыр сұм заманда тұйғындар тұрғай құрлы құны жоқтан құр бұлдау аукаланып (уқаланып) құр табанда алынса бақ ашылып аяқтан тұр десәндәр түспей қолға аспанда тұр заман оңға айланып ашса бетін, әркім болмақ саятшы жалайыр шұр.

Махсусәт мағкуләт. Махсусәт ғзабы жанған от мағкуләт ғзабы наданлық солай болған үшін айтылды «қазақтың жаны азапта наданның жаны тозақта».

Нығмет екі түрлі: бірі – мәжусәт, бірі – мағкуләт, махсусәт нығмет, мағкуләт нығмет. Бұл қалбінің тірлігінен жан тірлік табылады. Ғылыммен болған қалбінің тірлік жанмен болған тірлік бұл тірлік. Дене тірлік, сол үшін қазақ мұны «куыс қурай» деді.[48]

Асан қайғы жырау

(бірінші)

Көрерсің жұртым, көрерсің!

Көреріңнің белгісі –

Шалқып жатқан дария суы,

Лай-сарсаң деп едім.

Бірең-сараң көлдер деп,

Балық болар деп едім.

Ол балықты аулайтын,

Үш ашалы шаттықты,
Қайық шығар деп едім.

Қай жақ шығар болса қонсаң,
Сол жақ шығар деп едім.
Бұзау, тайша, танаға,
Жүк артылар деп едім.

Қарап тұрған жігітке,
Қыз артылар деп едім.
Бес қойға алған өгізді,
Тегін берсін деп едім.

Егін егіп тарының,
Сөгін жерсің деп едім.
Жаланаяқ адамды сарттарды,
Үкім дерсің деп едім.

Ой басына тұқ етіп,
Келі шығар деп едім.
Келісімен керісіп,
Келін шығар деп едім.

Келіні алғыр кемпірі,
Саяқ шығар деп едім.
Бір уысқа толмай түн,
Аяқ шығар деп едім.

Ұқшаттай жоқ ... жоқ,
Белбеу шығар деп едім.
Заманның адамы,
Мен-мен шығар деп едім.

Әр заманда сұрқылтай,
Көлденең шығар деп едім.
... деген қамыстан,
Ой салынар деп едім.

Қай жақ болса қонсың, Сол жақ шығар деп едім.

Заманның адамы,
Ат құнандай болады.

Адам құмандай болады,
Кеудеге садағын білер деп едім.
Көкек әлі болғанда,
Көңіл күйлер деп едім.

Егіншінің қатыны,
Бабын білер деп едім.
Туғамбас сұрап дегеннен,
Арық шығар деп едім.[49]

Асан қайғы жырау

(екінші)

Аспан толған жұлдыздан,
Жарқырап тұрған ай артық.
Жабайы туған тұғырдан,
Қазанат болған тай артық.

Әділетсіз ұлықтан,
Тайды бар бай артық.
Қасуға жүйріктен,
Баласы жуан бесті артық.

Ұл таппаған әйелден,
Көңіл сүйген құрлы артық.
Төресін дұрысы айтпаған,
Білерден мұңын шерткен мұңды артық.

Молданың несін мақтайын,
Ұлыменен тәрні бәрін.
Аттың несін мақтайын бірдей жалмаған,
Алқалы тұтты жармаған.

Түйенің несін мақтайын,
Алыс жолға жарамаған.

Қатынның несін мақтайын,
Қағып түсек салмаған.

Баланың несін мақтайын,
Айтса бір талды алмаған.
Келіннің несін мақтайын,
Кеткен соң сатып арнадан.

Ұрысқак болса ұлын жау,
Керіскек болса келін жау.
Кебеген болса ... жау,
Жыртық үйге тамшы жау.

Арық атқа қамшы жау.
Жаманға мал етсен ... қондырмас.
Арық атқа жал бітсе,
Жанына тұрақ байлатпас.[50]

Бұқар әйгің сөзі

Ішілге дус (дәус) жау болмас,
Шырнауышта хате бар.
Ішілге дост ел болмас.
Күнде кірдәр (кердәр) тәтті бар.
Ішілге дос жау болмас.
Айтысқан оның сыры бар.
Ішілгі дұшпан ел болмас.
Күнгілінің тұтқыр кері бар.

Мына бір сөз «шырнауыш» асылда парсы тілі «сырнауышта»: «Кәйдән кәйдән болады, кәйдән нәйдән болады». «Басына тағдыр етілген жазу» деген сөз.

Жалғыз бұтақты тірек еткен Хұдайым,
Тамшылап аққан бұлақты теңіз еткен Хұдайым.[51]

Бұқар жырау

(бірінші)

Асқар таудың өлгені,
Басын мұнар салғаны.
Көктегі бұлттың өлгені,
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені,
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені,
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені,
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді,
Жақсының аты өлмейді,
Әлемнің аты өлмейді.

Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзде кісің жоқ.
Найзасының ұшы алтын,
Кіші жүзден кісің жоқ.
Енді бұған қарап тұрғаннан,
Баска қалар ісің жоқ.

Жиырма деген жасыма,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасым-ай,
Жарға ұйтаған ұлақтай.
Қырық деген жасым-ай,
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз,
О да бір көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз,
Қайғылы мұнды күн екен.
Жетпіс деген жасыңыз,

Ел аузында жыр екен.
Сексен деген жасыңыз,
Қараңғы тұман түн екен.
Токсан деген жасыңыз,
Ажалдан басқа жок екен.[52]

Бұқар жырау

(екінші)

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз,
Пішусіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз,

.....
.....

Бес уақытты бес намаз,
Біреуі қаза болмасқа!
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың.
Тегінен тегін олжа болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген жау келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Суынан сасып тұрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз киыр шартарап,
Жер қолданып тұрмасқа!
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа,
Токсандағы қарт бабаң,

Тойға жаяу бармасқа.
Үш тілек тілеңіз.
Он ай сізді көтерген,
Омыртқасы үзілген.
Аязды күнді айланған,
Бұлтты күнде тулаған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анан бір аңырап қалмасқа!
Он бірінші тілек тілеңіз,
Омырау жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауыс аңқығудай саңқыған.
Назыменен күйдірген,
Қолыменен сүйірген.
Ардақтап жүрген бикешің,
Жылай да жесір қалмасқа!
Ай ашыпты Алланы айт,
Аты басқа ғаламды айт.
Төрт шадияр Мұстафа,
Мауқымы ашқан ғаламды айт.
Тәңірім сөзі – Құранды айт,
Кәләмуллаһ шарифты айт.
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт.
Жамандыққа жақсылық,
Кектемеген әйелді айт.
Қара қылды қак жарған,
Наушарандай әділді айт.[53]

Бұқар жырау өлендері

Көмекей әулие дейді екен калық Бұқардың батасы Мәшһүр
Жүсіп жинағынан.

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаһға жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл бықсық залымның,
Тіліне ерін азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз,
[Үшкілсіз] көйлек кимеске!
Төртінші тілек тілеңіз,
Төсек тартып жатпасқа!
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақыт бес намаз,
Біреуі қаза қалмасқа.
Алты тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулын,
Күндерде бір кез біреуге
Тегіннен олжа болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту алып,
Жер қайысқан құл келіп,
Сонан сасып тұрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз киыр шар тарап,
Жер толғанып тұрмасқа!
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тактан таймасқа!
Токсандағы қарт бабаң,
Топка жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сізді көтерген,
Омырткасы үзілген,
Аязды күнде толғанған,

Тас құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа!
Он бірінші тілек тілеңіз,
Омырауы [жұпарлы],
Исі жұпар аңқыған,
Даусы аккудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құл қылығымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешін,
Жылай да жесір қалмасқа!
Әй, айтсаң, Аллаһны айт,
Аты жақсы ғалымды айт!
Төрт шадияр Мұстафа,
Мұқир асқан ғалымды айт,
Тәңірім сөзді – Құранды айт,
... молла шәріпті айт!
Тәңірім салма аузына,
Жан жолдасың иманды айт!
Жамандыққа жақсылық,
Көкте мекен әйелді айт!
Қара қылды қақ жарған,
Наушарандай ауылды айт! [54]

Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқаны

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтеді?!
[Қандыра] жауап сөйлесем,
Халқының көңілі қайтеді?!
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы, мұнды сөздерді,
Сұрамаса қайтеді?!
Сұраған соң, айтпасам,
Кісілігім кетеді.
Енді айтайын, тыңдасаң,

Айтты деп қақар қылмасан.
Судан кашып қарағай,
Шөлге біткен бір дарак.
Балықтан шыққан бір қарак,
Шортан суға [шыдамас].
Ойлама: «Шортан өспес!» – деп,
«Қарағайға шықпас!» – деп.
Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақыра шығар сол түстен.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты жоқ.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай, тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы сенді бір калық,
Аузы-басы жүні жоқ.
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп.
Жалды май жағар мұртың,
Жемкорларға кымқырып.
Ел таман айтқан жақсыны,
Сөйленбей ұрар ұртына!
Бауыздамай шешер таныңды,
Өлтірмей алар жаныңды!
Қағазға жазар малыңды,
Есепке алар малыңды!
Елінді алар қолыңнан,
[Әскер] алар ұлыңнан!
Тексізді төрге шығарып,
Басына ол күн туғанда,
Тектің тимес қолыңа!
Бұл айтқан сөз Абылай,
Болмай калмас артыңнан!
Естісең менен қартыңнан! – деп, көмекей әулие
Абылайға осылай қатты.[55]

Көмекей әулие – Бұқар жырау

Жаксы жаман көргеннің,
Ойлай берсе у екен.
Жүрегім дұрыс сокпа енді,
Бола берме тым түлкі.
Көрмейсін бе тоқта енді?!
Кімге сенсең ол ...,
Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді оны кейіске.
Әйелде сабыр, опа жок,
Бүгін – жалын, ертең – шок.
Жаксылық ұзақ тұрмайды,
Жамандық әркез тозбайды.
Үміттің аты лепіріп,
Құс тізгінін созбайды.
Қанша тепкі салсаң да,
Уайымнан озбайды.
Бір кайғыны ойласаң,
Жүз кайғыны қозғайды.
Жер қорығыш желкең шал,
Желе жүріп боздайды.
Қоршаған бұлт ашылмас,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпиген жүрек басылмас,
Талапты көңіл есірмес.
Шырайды қасы жасырмай,
Күлкінің орны кезермес.
... асаң есті қашырмай,
Құлдатып қорғап жібермес.
Кез келсе қайсы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған о да жат,
Күңкілдеп берер са заңды.

Бәрінен де сол қымбат,
Қайтерсің өңкей наданды.[56]

Көмекей әулие

Бұқар жырау Қаз дауысты Қазбекке айтқаны, картайып төсекте отырып балаларына айтқаны:

Жаксы жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіретер.
Ағайының аразы,
Елдің сәнін кетіретер.
Абысынның аразы,
Ауыл сәнін кетіретер.

Жарк-жұрк еткен қайда бар,
Жар ауылы семіз байда бар.
Құйрығы бітеу койда бар,
Ат тұяғы тимеген,
Ақ кірпіш тасы суда бар.
Ғәзірейіл келгенде,
Жан қалар жер қайда бар.

Жар басына қонсаңыз,
Дауыл сокса үй кетер.
Жатка тізгін бермеген,
Жала болса басы кетер.

Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жаксымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер.

Ат жүгіртіп құс салсаң,
Киген тоның күлкі етер.
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бөлек етер.

Көктен бұлт сөгілсе,
Көктеп болмаса не пайда?
Көкіректен жан шыкса,
Қайтып келмесе не пайда?
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда?
Қызда қылық болмаса,
Құр шырайдан не пайда?
Ерге дәулет жетпесе,
Құр сүлдірден
Қызыл тілден не пайда?
Мал араға түспесе,
Құр атқа тықаннан не пайда?
Байдан қадір кеткен сон,
Малда кетер не пайда?
Қатын тектісі болмаса,
Жаман ерден не пайда?
Үлкен болып білмесе,
Үлкендіктен не пайда? [57]

Бұқар жырау

(үшінші)

Қарадан хан қойса,
Қасегі болмайды.
Өлгізден би қоса,
Өсиеті болмайды.
Кәлимасыз бар болса,
Кереметі болмайды.
Атадан қалған адал мал,
Әрекетті болмайды.
Тұтты шақтан күн кесе,
Желді күні тонбайды.
Қарғысы алған атадан,
Егіз екі оңбайды

Ұшы ай тоқсан түспесе,
Өлген теңіз қатпайды.
Қатын шапау болмаса,
Ел жалғыз үй конбайды.
Бірді беріп мыңды алсаң,
Бір байғырдай болмайды.
Ойнап-күліп жүрмесең,
Көңілің жай болмайды.
Ұлыңыз болған наданға,
Қонақ келіп конбайды. [58]

Төле би

Тамам жылылы жиылып,
Қонған жері күн болмас.
Тәмәм сұлтан жиылып,
Сөйлеген сөзі ем болмас.

Ұры-қары жиылып,
Ұйтқылы ел болмас.
Жаманды канша мақтасаң,
Жайды білер ел болмас.[59]

Ізден абыз толғауы

Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсің.
Балалықтың қадірін.
Саналы болғанда білерсің.
Асыл менен жасақты,
Бағалы болғанда білерсің.
Қалтаңдағы ақшаңды,
Қағылғанда білерсің.[60]

Байдалы шешен

Біріншіде не жаман,
Біртіндеп жиған мал жаман.
Екіншіде не жаман,
Ерегескен ер жаман.
Үшіншіде не жаман,
Үлгісіз пішкен тон жаман.
Төртіншіде не жаман,
Өсегі көп ел жаман.
Бесіншіде не жаман,
Бесікте жатқан жас бала,
Жетім қалса, сол жаман.
Алтыншыда не жаман,
Алты канат ақ орда,
Иесіз қалса, сол жаман.
Жетіншіде не жаман,
Желегі бастан түспеген,
Жаңа түскен келіншек,
Жесір қалса сол жаман.
Сегізіншіде не жаман,
Сергелдең болған ел жаман.
Тоғызыншыда не жаман,
Тонқайып масақ термеген,
Токсанға келген шал жаман.
Оныншыда не жаман,
Өзі ноғай он табан,
Көлденеңі бесір табан,
Қазулы тұрған көр жаман.
Он біріншіде не жаман,
Қатыны өліп бос қалып,
Иесіз болған үй жаман.
Он екіншіде не жаман,
Бәрін айтта, бірін айт,
Біріңнен де жоқ жаман.[61]

Ақбурада Барлыбай ақынның кәртайғанда айтқан бір өлеңі

Әудем жер – жүре алмассын белің үйіп,
Өздігінен кісі өлмес жанын қиып.
Ебі келсе бір тиын байда қалып,
Жас кісідей жүреміз дүние жиып.
Енді біз не боламыз тірі болып,
Екі бетім табактай қайран күнім.
Қосы иекке жабысты сары болып,
Енді біз не боламыз жүргенменен?!
Қызығы жок өмірді сүрген мен.
– Көзіңді ашып, аяғың баспа! – дейді, –
Құтаншы иттей кораға үргенменен! [62]

Айғаным Уалиқанның Бәйшейіннің айтқаны

Кәрілік – қатты соққан желменен тең,
Көзім көрмес болғанда, құлағым кем.
[Кәріні]: «Ауырсың!» – деп жақтырмайды,
[Елден] бақсы іздесе табалмайды ем.

[Қара] сақал жарасқан қайдан иек,
[Тісім] түсіп болыпты қызыл иек.
Алысы асып, жетпеске барғаннан соң,
Бауырыма байлады құрым күйек.

Қазанның төрт құлағы – жан жолдасым,
Қасымдағы кемпірім – шын мұңдасым.
Қарның барар жері жок, кірер үйі жок,
Осы сөзге нанбаған жарандарым тіріде оңбасын!
Жүре-жүре көзлер ердің құсы,
Байдың қызы демесең, жанның босы,
Бұрынғының айтқаны жалған емес.[63]

Кедейшілік туралы айтқаны

Жатсаң ұйқың келмейді жарлы күнде,
Сары уайым ойлайсың күнде-күнде.
Жарлыны ақсақ иттен артық көрмес,
Осы сөзге наныңыз олда-балда.

Кедейшілік болар ма мұнша қиын,
Ойын-күлкі, ас пен той, қалды жиын.
Естігенің жаман сөз, қиын жұмыс,
Жұмыртқадай шайқалар күнде миын.

[Заманымнан] деген соң заманымнан,
Заман жайын білмесін жаманымнан.
Заманымның үстінде тұрған күнде,
Тірі жан құтылады-ау амалымнан.[64]

Әйгілі Сатылған Үкібай бидің күлдіргі сөзі Мәшһүр Жүсіп жинағында

Үкібаймен тоғай бойындағы бір Бәсентиін даулы болыпты. Оған Үкібай би сөздер бітім де бермепті. Ол әбден қажып, тарыққан соң, Қазанқапқа ар...қапты. Ағайынның арызы бойынша осы дауға Қазанқапты әкепті. Баянауылдың (қырдың) игі жақсылары, атқа мінер адамдары түгел келіпті. Бұлардың ортасында Қазанқап болады.

Жазды күні. Жылаған көп. Баянауылда далада, тастың басында отырады. Үкібай би бәрінен соң жиылысқа келе жатып, жылап отырған топқа қарсы қарап, түзге отырады. Үкібайдың мұнысы тоғайдан келген біреуісіне өте ерсі көрінеді де, ол Үкібайға:

– Мұныңыз қалай?.. көп қайда болса, Құдай сонда деуші еді, дегенде, сіздер де ісімде болсаңыздар.

Үкібай:

– Көптен иба қалап, көпті силап, дүзге отырғым келген соң, оңтүстікке қарап едім. Қарасам жер мен көктің арасына нұрын шашып, бүкіл әлемге жарық беріп тұрған ұлығы Күн болғандықтан мен де ұлықтап, олай қарап отырмадым, – деп шешендігімен сөз бермепті.[65]

Құнанбайға Байтас ақынның айтқан өлеңі

Құнанбай жер ауып қайтып келдің,
Құнан сөзі Құранның тақтасындай,
Өтті Өскенбай Ташкеннің қақпасындай.
Аталы аруак атаусыз неге қалсын,
Алтыны қалған екен ат басындай.

Ақ пен қара көрдің бе жарысканын,
Әрқашан аққа Тәңрім болысқанын.
Дәм айдап ит жеккенге кетіп едің,
Ақылменен келдің бе данышпаным.[66]

Абай Құнанбайұлы

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шәфқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалың, артың – мұз.
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсен бас ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға. (Абай)

Ем табалмай,
От жалын,
Толды кайгы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөзді ашалмай
Пендеге.
Бұ (басу) ұялып,
Текке иманып
Кімді көрсем, мен сонан,
... састым бітті (бетті),
Тұра қаштым
Жалма-жан.
Ұйқы, тамақ
Қалды тамақ
Керегі жоқ нис (к)еліп,
Жәй жатырғайым,
Тиыш таббағайым
Күш болып.
Жад жүрейім
Жанды мен (мәңгі),
Жәй табалама япырым.
Өзін онда
Жат жолға
Ахырын.
Жас тірек
Жапырақ
Жамрайды, суық жел
Түсті мойын,
Туады құйын,
Ақты сел.
Мен баң едім,
Еш нәрседен кайғысыз.
Тез дер тәндім,
Содан аттандым,
Кидән мүз
Тәммәт тәмәм шәдлә [67]

Ақан сері

Серінің қолқасы бар бір басында,
Күн сәулең елес беріп тұр қасында.
Өмірің өткіншідей өте шығар,
Қызықты көре алмассың дер жасыңда.

Кім кепіл өмір гүлі сынбаса,
Саяда тұрсадағы шың басында.
Армансыз жас шағында өткізіп қал,
Мен кепіл өмір өтпей тұрмасына.

Намаз бен мешіт жетім оқылмаса,
Дәріске білсін қайдан отырмаса.
Екінші – бұл дүниеде әйел жетім,
Кезінде теңін тауып, қосылмаса.

Ер жетім ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса.
Ат жетім ерен жүйрік шабылмаса,
Бойынан ащы тері алынбаса.

Құсы жетім ерте түлек салынбаса,
Салатын саятшысы табылмаса.
Сақара жайлау жетім, көлдер жетім,
Қасына мұнарлатып ел қонбаса.

Таусылған кірерге үй жоқ кәрі жетім,
Жарасар тек құрбы табылмаса.
Үшінші – бұл дүниеде ғалым жетім,
Құр босқа алтын сөзі алынбаса.

Тағы да он бірінші – қалам жетім,
Жазатын ерлер отының таба алмаса.
Тағы да он екінші – қағаз жетім,
Айшықты алтын сөздер жазылмаса.

Бәрінен он үшінші – адам жетім,
Қорқақтап жан-жағына алаңдаса.[68]

Ақан серінің Жамал қызға шығарғаны

Торыны таңға байлап мінген қандай,
Сыртынан ақ боз үйдің келген қандай.
Торыны үйдің жерге тұсай салып,
Үйіне қалқажанның кірген қандай.

Көңілің сол уақытта шаң болады,
Шамшырақ жарқыраған жанған шамдай.
Мойныңа ақ білекті арта салып,
Сөйлесе сыбырласа тілі балдай.

Төңкеріліп жүзіменен күліп тұрса,
Бұралған белі қылдай, жібек талдай.[69]

Бапиұлы Мәди

Биігі Үшқараның мұнар шалған,
Япырмау, зытып өте шықты мына жалған!
Далада жылқы бағып жатыр едім,
Үш солдат айдап келді абақтыға.

Абақты қатар-қатар болады екен,
Ішіне жаман-жақсы толады екен.
Ішіне абақтының кіріп барсаң,
Көңілің су сүйгендей бұл ер екен.

Сүйенем абақтының шарбағына,
Соғыстым арым Қазыбек аруағына.
Атағы Алатаудай бабаларым,
Бұл күнде білер мекен біздің қалды?! [70]

Иса Байзақов

Ал, қалқа, келді кезің жайнайтұғын,
Бұлбұлдары бақшадағы сайрайтұғын.
Өнердің қиясына шыққан сайын,
Болаттай таудан, тастан таймайтұғын.

Жөнелдім желдей есіп,
Екпінім сәмділе тәттей самғайтұғын.
Тірейін өлеңімді меруерттей,
Есіне жұртшылықтың калмайтұғын.

Өнерлі жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді «Желдірме» атты самғайтұғын.
Акау, шіркін, өтер бір күн,
Алуадай (әгудай) шіркін,
Өтеді-ау, уақыт мәлиен толкын [71].

Мақалдар

Арканың ұзын сөздің қысқасы жақсы. Қонақ мақтаған нәрсені қонақ бас сыйласаң жақын, ардақ, Адаматамыздай жап-жалаңаш қаларсың. Біздің жұрттың мақалы бар: «Ит есекке ет беріпті, есек итке шөп беріпті, екеуі де аш қалыпты». Өгіздей күшті, арыстандай ер, судай бос, ауыз ергемең (өзіргемең) жүрген әйел ұрыншак болады. Ақылы жоқ, бос белбеу ұрыншак еді. Жұмыртқада түк қанша, әйелдің ақылы сонша.

Алау қатан (катын) тоқпақтай толымды, палуандай жауырынды, тояттаған бүркіт, жұмсаулы күндей, жарқырап күлген сүйкімді бала беттей, «сұлу-сұлу емес, сүйген сұлу», «сүймегенге көбік ауыз көк елтүрме ерія» деген, бидарай бетбактың өзі – «көк дәуліден диюпері кашыпты» деген көк дәулі.[72]

Орыс мақал-мәтелдері

Бағаны базар біледі.

Бал жақса, балтаны да жұтарсың.

Ұнтала келе он болады.

Біреуге тана керек,

Біреуге бала керек.

Биланың арағын жұттық,

Жаксылап сокқыға жықтық.

Ақылды үйренуге құмар,

Ақымақ үйретуге құмар.

Безердің белі – орамасы.

Іздемеген таба алмас.

Түсіне карама, ішіне қара.[73]

Бұл Мәшһүрдің бір адасқаны

«Адаспаймын!» – деген жігітті қараңғы тұман үш адастырады!» – деген. Бұл дүние – өзі бір тұман. Хазірет сопы Аллажар айтты ғой. Бү түнде төрт бүтін иманымызды, Саба, [құтқар] ду түнден жанымызды. «Дүние бастан-аяғы бір-ақ түн», – деп санағаны. [Ду түн] – екі түн. Бірі – кабір қараңғылығы, бірі – сират көпірі қараңғысы. Осы үш түнде адаспай өткенге жарық таң атпақ.

Ташкеннен келе жатып, қара атпен қайтқан сапарда Қыпшак Ыбырай марқұмның балалары Жар Рахымжан ауылының үстінен өткенде, әншейінде анадай тұрған моланы құр қалдырмайтын Мәшһүр қақ жолында тұрған Ыбырай Жайықбай ұлының моласына аят бағышламай өткені, үндемей де жәй өткен жоқ, қасындағы жолдасына өлең айтқызып, ән салдырып келеді. Сол ақымақтығы жетпіс үш жасқа аяқ басуға бір-ақ күн қалғанда есіне түсіп, тәубе қылып отыр. Тәубә, тәубә, тәубә! Мұның ұмытылмайтындығы – сол күннің ертеңінде Қараөткелге сегіз шақырым калғанда, бір қоржын кітаптан айырылды. Анық аруаққа ұшырап қалғандығы – осы. Ол күнде отыз тоғыз жаста едік. Адасқандығым отыз үш жылда ойыма түскей.

– А, Құдай, жазсам, жазғаныма тәубә! Азсам, азғаныма тәубә! адассам адасқаныма тәубә, жаңылсам жаңылғаныма тәубә дедік! Аят Кәрім «Лә тәкнәту мин рахматуллаһ» үмітпенен тәубеге келдік.[74]

Білгенге қарға, шоққан бок

Мәшһүр Жүсіп сөзі

Япырмауға сенбеген мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер көп білмеуі?!
Өткіздім қайғы менен капалықта,
Қызықты ойнап келер мез келмеуі.

Жатпадым шүту бәну садап болып,
Күнінде шықпас па едім дүрге төліп.
Байғыздай тас жастанып, ғарбып болмай,
Сақалда болдым қарға ұшып, тонып.

Болдым ғауи, өнер туы тау сақандай,
Мерт болдым, айға шауып арыстандай.
Сұңқардай [биік шыңды] мекен қылмай,
Шақылақтап көзге түстім сау сақандай.

[Сөйлеуден тыйылмаған] қызыл тіл,
Өттің бе зарланумен қайран күнім?!
Түлкінің қызылдығы өзіне сор,
Болғандай болуын маған өнер-білім.

Иашмұт, сыртым жалын, қайнағаным,
Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным.
Жаныма тиыштық жоқ, өзіме қас,
Бұлбұлдай бағып жұртқа сайрағаным!

Сайрауға дәрменім жоқ, түрмен қашып,
Өзін түн ұйқы көрмей жүдеп-азып.
«Әшшәһәрәт апат» деп айтқан хадис,
Мен тұрмын құтыла алмай, тілден жазып.

Айналдым, бұлт болып, биік тауға,
Илендім, шортан болып, жібек ауға.
Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатуы,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға,

Ақылды өзін жауып, ділін ашқан,
Бұл күнде ақыл-білім бізден қашқан.
Есіне ақымақтың сыйғыза алмай,
Алтынды пұлын білмей, жерге шашқан.

Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,
Жай таспен дүрдің қуы бір болмайды.[75]

Мәшһүр Жүсіп сөзі

(бірінші)

Жамандық осы күнде хадден асты,
Біреуді жемек болып қасты.
Мырзалық, адамгершілік уағдаға опа,
Үшеуі бірге өсіп жүр, жасын қатты.

Бұл жұрттың мейманасы кеткен асып,
Сол үш болар, кетті жұртынан қашып.
Сатқындық, ... күншілікпен,
Болу құр осы күнде өзін басып.

Бар өліп, жоқ деген сөз қалды тірі,
Шақыру үміт болған пенде өтері.
Қара жүрек жанның бәрі қалған қатып,
Кісі жоқ сағынысқан бірімен-бірі.

Замана ақырында солай болмақ,
Қаз кетіп, айдын көлге қарға қонбақ.
Бас-аяқ, бақай өрлеп, төрге шығып,
Хан жүдеп, қарашыға дәулет қонбақ.

Біздерге, міне, осындай келді заман,
Таусылып өңкей жақсы, қалдық жаман.
Халайық, ұғындағы, шүкірлік қыл,
Дін ислам, нұқсан келмей, тұрсақ аман.

Алданыш азғана күн қатын-балаң.
Болады солар үш көңіл алаң.

Баска болашақ. келмей қалмас,
Лаухыда жазған болса Хақ тағалам.

Талпынған жан – балапан ұядағы,
Адамның жалғыз үміт тиянағы.
Жас өмір, өткен дәурен қайтып келмес,
Сұңқардай қолдан ұшқан қиядағы.

Күнді көтерейін сөйле тілім,
Не керек, іште жатқан бекер тілім.
Қаралықта қарындастан жапа тартып,
Сайраған сандуғаштай қайран өмірім.

Көңілді ақыл қажар, қатты арман,
Желге жеңіл ойлап, емен-семен.
Адамдай адам болсаң, мағыналы бол,
Мақтанбай, құр атакқа бәлен деген.

Құдай – бір, пайғамбар – хақ, иман деген,
Сөзіне [Кәләм Шариф [1] инан деген.
Жаксы ғамал жаққа лайық білмесе,
Мал-молын опа бермес жиған-терген.

Ақыл бір алтынға ұқсас, дөп домалар,
Өлшеуін ешкім білмес неше қадақ.
Бас қатып, пайда ойлап, ақыл тоқтап,
Тартып жүр әр нәрсеге көңіл шолақ...[76]

Мәшһүр Жүсіптің «Айқап» туралы жазған өлеңі, 1915 жылы

«Жұрт алды», – деп алады бәрі де «Айқап»,
Ешқайсысы білмейді оқып, байқап.
Алған бала сандыққа тастай беріп,
Әке жүр: «Құр шығын!» – деп басын шайнап.

Енді не деп ойламай, ақша салар,
Жыртылумен әр жерде төзіп қалар.
Майлық, сулық, шаршы орамал боп
Ойында [болыстардың] текке қалар.

Мен әуелден жаздым өз атыма,
Ежелден үйір болған сөз атыма.
Байшы, болысқа жалынбайын деп,
«Құдай қуат берсін!» – деп боз атыма.

Бұштаның тұрмасам да құлағында,
Ертеден сөзге үйірлік құлағымда.
Баяннан тұрған жерім алыс шақырым,
Қожа қорығы – Айдостын бұлағында.[77]

Рақымшылдық, қайыр

Құдайым пендесіне берген малды,
Жаратқан әртүрлі қып жүрген жанды.
Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан,
Қайыр қып берген артық жалғыз нанды.¹

Бұл қайыр бір шыққан соң қолдан шығып,
Құданың қазынасына барар жетін.
Бір қалған Құдай үшін жақсылығың,
Сабауын бітіре алмас ешкім айтып.

Жарайды, міне, пендем бәлей ерім!
Жарылғар мұны ілгері оңдар жерім.
Өзімнің артық пенде екеніне,
Мінекей, мен Құдайдың бастым мұрын.

Бұл пендем жақсылықтан ойлаған ой,
Соң көрер көп ішінде айт пенен той.
Басқан соң мен мұрымды не қылады,
Сендер де періштелер қолыңды қой.[78]

Шаһиданың қызы А(ғайын)ға жазған хатынан үзінді

Жүзінен сағынмаклық көп-көп сәлем,
Сүйікті мұхаббаты жаным балам!
«Жылдам кел, ұзап кетпе!» – дейтін басым,
Далаға шыққаныңда басып қадам.

Ісіне мен көнейін Тәңірім салған,
Қуанышым, көзім нұры, жалғыз қарғам.
Серігім сен екенсін сары белдей,
Талмай сен кеткен соң

Құраған жайрақтай кетті көрік,
Жан балам, сен екенсің өлген серік.
Жаудан түскен малдай [ғып] алып жатыр,
Ықтар жаны мен малдан кетті ерік.

Арығын біз ғарабқа қуып жатыр,
Семізін өзі таңдап сойып жатыр.
Кісі ақысы қандайлығын олармастан (өлерместен),
Қасқырдай жемтік жеген тойып жатыр.

Кигей еруіне баркыт болды,
Ішіп жем, бұрыңғыдан артық болды.

Көз салып карамады қандай ма,
Етмеді тәтті тамақ тандай ма?
Өмірімді хасіретпен өткізбекке,
Осы да жазған екен маңдай ма?

Тәмәм ақыл – ақ: кіршігі жоқ ашу күйе,
Сақтауға күйелемей керек.
[Аққа күйе жұккан] соң, оңбаған,
Онан соң таусылды күйе-күйе.

Ғылым-білім сияқты күнімнің басына,
Көрінбейтін қараңғы боп тұрады дүние жүзі.
Мұхаббаты дүниенің бұлт болып,
Бір көгілдір ... калса қонып.

Ғылымнан, білімнен шын пайда жоқ,
Көрген-білген кетеді үміт болып.
Бұ дүниеге қадалтып тұрған көзді,
Айта алмайды туралық, жоқлық сөзді.

Есіл-дерті дүние боп тұрғаннан соң,
Басшысынан әркім-ақ күдер үзді.
Бұл сөзіме құлақ сал үлкен-кіші,
Сөйлемесе Мәшһүрдің [пысады іші].

Төрт асыл, бес бір бойыңнан,
Табылса, түгел болып, не кісі?
Адамға зарар керек төрт асады,
Билеуге тырысындар бұл пасылады.

Меңгеріп жіп теріп алмайсың,
Төртеуден өсіп-өнген көп [хасылды].
Бірі – төрт, бірі – бесеу болсын тоғыз,
Ат тезегін әуре боп жиар қоныз.

Тоғызды түгелдемей ұстағанды,
Обалсыз, адам демей, деуге доңыз.
Тоғыз бойда адамның өзімен,
Он үш жүз алсын үш күнде бір келіп қон.

Ойлағанға сөзім бар таңғажайып,
Бұл сөзімді шешкеннің қалдын басып.
Қарасы баршасында кожасы бар,
Бір айтылған таңсық сөзін көпке жайып.

Былғары болар тері, жетілсе [іі],
Сөз сөйлесе ақынның түсер күйі.
Адаммын деп кеудесін көтергеннің,
Байқалады бар-жоғы баста мий.

Төрт асыл, бес берекенің басы осы қағаздың мына бетіндегі сөз
...н осы қағазға жазылды ұқсаушылар бас сау қағаздан.

Оқыңыздар өтініп жазылушы Жолмұрат Жүсіпұлы.[79]

Шайтан-ләғиннің қисасы

Бір күні отыр едім кітап оқып,
Тауаих кітаптарын тәфтиш етіп.
Алланың құдіретінің тамашасы,
Ойыма бір хикаясы келді жетіп.

Кітаптың жалғаны жоқ оқып көрдім,
Ойланып әрбір хиял ойға кездім.
Хадистан абатәбінен көрген сөзі,
Қазақша переводтап жаза бердім.

Сөзім бар таңдағандай кәрі-жасқа.
Қынадай жабысады қара тасқа.
Жаратқан жәнәннәмды әуел Құдай.
Махлұқты екі түрлі бұрмы басқа.

Деп айтар: «Табылтып, Жабылтып», – қазақша аты,
Жаралған болып махлұқ оттан заты.
Арыстан суретінде болып Табылсын,
Құйрығы жыландай боп қияпаты.

Ол және өзі еркек, ұрғашы емес,
Кітаптан көрген сөзді қаладым кеш.
Бекердей білмегенге айтылған сөз,
Молдалар кітап көрген бекер дес.

Жабылыттың бұрымы қасқыр сықылданған,
Құйрығы тасбақадай домаланған.
Жаралған ұрғашы боп әуел бастан,
Бұл сөзім кітаптар бар, деме жалған.

Екеуі ерлі-байлы болды жұпты,
Тозақтан жаратылып бұлар шықты.
Қосылып бір-біріне Хәк әмірімен,
Оларда өз законша буаз бопты.

Кітаптан көрген сөзді қылдым баян,
Бұл сөзім сіздерге күмән, Тәңірге аян.
Бір қабат шағылысқан екеуінен,
Туыпты дозақтағы жылан-шаян.

Бұлардың дозақ болды тұрақ жайы,
Болғанда бірі – қатын, бірі – байы.
Екеуі және екінші шағылысты,
Қылған соң, солай жарлық бір Құдай.

Буаз боп және екінші іші толды,
Бұларға көрсетіп тұр Тәңір жолды.
Көтеріп бір құрсақтан бала қылып,
Жеті қыз тапқан екен жеті құлды.

Ұл мен қыз ұста дейді бойға жетіп,
Біріне-бірін косты неках етіп.
Алтауы ерлі-байлы болып тұрды,
Атаң әр не деген әмірін күтіп.

Біреуі өкпеледі разы болмай,
Өзінің қоспағына көңіл толмай.
Алмастан қалыңдығын кетті тастап,
Сөзіне [атасының] мойын бұрмай.

Жалғаннан өтем алмай қатын,
Құдайдың қыламын деп ғибадатын.
Алмастан кетті тастап,
Дейді екен Әбу Харис оның атын.

Құдайға неше мың жыл құлдық етті,
Пәк сақтап өзін-өзі денін күтті.
Мүлкіне сегіз ұжмақ барып жетті,
Тіл алмай ата-анадан кетті қашып.

Жүрмеді таһаратсыз жерді басып,
Құдайдың құдіретіне жақын болды.
[Бәрінен] періштенің өнері асып,
Халайық, жалғаны жоқ сөзіме нан.

Құдайдың құдіретіне қаларсың пәк,
Мұқарраб дәрғаһына болғаннан соң.
Бәріне періште ...иленді жан,
Жетіліп періштеге жан болыпты.

Бұл сөзім білгендерге пәк болыпты,
Тұқымы – ана қалған алтауының.
Бірталай өсіп-өніп жан болыпты,
Бүгінде жан насих болған хаият.

Хакында кітаптар бар риуаяты,
Аят карим:
«Уалханна халакнә һуә мин нәрил самум»
Дәлелім бұл сөзіме Құранда аят.

Айтайын Әбул Харис хикаятын,
Жақтырмас білмеген жан сөздің затын.
Жан болып періштеге сайланған соң,
Ұлығлап: «Ғәзәзіл!» – деп қойған атын.

Білдің бе, кім екенін, енді мұның?
Артылды дара жас – сол күнде оның.
Жан болып періштеге сайланған он,
Әуел білші ахыры қалай сүкін.

Патша боп салтанатты мұндай такқа,
Жүргізіп үкімет әрбір жакқа.
Ұлықтық дәрежеде хадден асты,
Қылып тұр Тәңір оны сынамакқа.

Мұнымен дәурен сүріп, көп күн өтті,
Бұрынғы өткен күндер ойдан кетті.
Бет сүртер қолындағы орамалы.

.....
Мінезі болды қиын дейді қарлық.
Ұлықтық саясатын қылды барлық.
– Алып кеп орамалды тауып жылдам! -
Деп сонда Жәбірәйлге қылды жарлық.

Жәбірәйл қол астында мұның болды,
Оған жақын қылған алыс жолды.
Желге ұшқан орамалды алып кетіп,
Бере алмай, ебін тауып мың жыл тұрды.

Бір лебіз оған жауап қата алмады,
Тыныш тауып отырып, жата алмады.
– Мінеки, орамалың, – деп беруге,
Ұлықтық мінезінен бата алмады.

Болыпты сондай ұлық болған күнде,
Патша боп періштеге тұрған күнде.
Мінезі сондай қатты қиын екен,
Сонша асып шарасынан туылған күнде.

Ойда жоқ болам деген бір күн жарап,
Мас болған ғапілдіктен ішіп шарап.
Түкірігім жерге түсіп қалмасын деп,
Түкірігін созып мойнын көкке қарап.

Аз күнде қылып өтті көп арманын,
Берген соң Құдай өзі бұл жалғанын.
Түспеген түкірігі сонда жерге.
Құдайым қабыл етіп оңға алғанын.

Өзіне патша Құдай қойды еркін,
Беріпті билікке дүние-мүлкін.
Ғаршының есігінде бір жазуды,
Жылаған көп періште көрді бір күн.

Қозқасты періштелер: – Бұ не хал? – деп.
Жазыпты көрген пендем: – Ұғып ал, – деп.
– Осы жүрген мүлкімде бір құлыма.
Жазыпты қатты қаһар лағынет бар, – деп.

Періште [бәрі] тегіс шошып кетті,
Патшасы Ғәзәзілге келіп жетті.
– Бір қорықтық бір нәрсені көріп ғарышта,
Дұға қыл, болмағайды тақсыр! – депті.

Ғәзәзіл сонда тұрып дұға қылған.
– Сақта, – деп, – періштелерді қорыққанынан!
Айтады өзін сақта деп сол уақытта.
Әр істі жақсы-жаман қуады қылған.

Мұнан соң не болады, ойла акырын,
Тауысар ойлай берсе, пенде акылын!
Алланың енді болды ирадасы,
Дүниеге келтірмекке бір пақырын.

Дегенім бізден мұрат Адамата.
Кетейін бәрін сөйлеп біржолата.
Қате сөз жалғыз-жарым бола қалса,
Жасар пенделікке болса хата.

Ту бірақтан Әбу әлбашар – Адам қылды,
Бұл дүние мұның өзін ғалам қылды.
Адамға шарапаттылығы ғылым беріп,
Нығметін бұған берген тәмәм қылды.

Адамның періштеден білімі асты,
Нұр құйып Хақ тағала [ділін] ашты.
«Фәсжуду уа илә әдәм» – аят келіп,
Сәждеге көп періште қойды басты.

Сәждеге көп періште қойды басын,
Адамның артық қылды дәрежесін.
Ғәзәзіл мойын сұнбай тұрып қалды, жазылды,
Түсірді дәл мойнына тауық тасын.

Бастарын періштелер көтерісті,
Ғәзәзіл бір сұмдыққа келіпті.
– Қорқактан, мұндайдан сактай көр! – деп.
Сәждеге және екінші салыпты.

Ғәзәзіл нұмит болды сол бір кезде,
«Ібіліс» деп ат қойылды тағы да өзге.
Сәжденің бірі – парыз, бірі – уәжіп,
Екеу боп сол себепті қалды бізге.

Басына тауқы ләғынет жетті дейді.
Құдайым оған қаһар етті дейді.
Бір мінез тәкаппарлыққа қыламын деп.
Қуылып дәркәһәнә кетті дейді.

«Әгузу билләһи кәрим рахман»
Қорқыныш көп қыламын «әһи айған».
Рахман атқа қосам деп калып бағлан.
Ат койды сонда өзіне Ібіліс шайтан.

«Ағузу билләһи минәш шайтан»,
Мұнымды хақтан басқа кімге айтам?
Сонан соң ол Ғәзәзіл тілек тілер,
Азғана мазмұнынан қалам тартам.[80]

Ләғиннің тілек тілегені

Жарандар, тыңда сөзім салтанатты,
Тыңдасам бұ сөзімді балдан тәтті.
«Риуаят пайғамбардан!» – деп сөйлеген.
Сахаба Әннас ибн Мәлик атлы.

Айтады сөздің [шынын] Мәшһүр ақын,
Құдайға шын сөзді адам болар жақын.
Ғәзәзіл, малғұн, шайтан қылып арыз,
Алладан талап қылады қызмет ақын.

Білемін ақыр бір күн өлмегімді,
Ғаламның он сегіз мың патшасын.
[Жейсің бе] менің құдай еңбегімді,
Әзәлдән біліп едім жалғаныңды.

Шет болып білдің өзің қалғаныңды,
Ғаламның он сегіз мың патшасын.
Би нәсіп ақыретпен махрұм қалдың,
Жалғанда сұрау [ойыңа] алғаныңды.[81]

Малғұн

Кимесе қолдан тігіп киім қайда,
Бұрынғы салтанатты күнім қайда?!
Баспана адамдарға бірдің ойды,
Сұраймын әуен сенен: «Ойым қайда?»

Хам қалдың көрмей дүкен жетпей ойын,
Осылай болды сенің жан күйің.
Қалдым деп баспанасыз болма арманда,
Дүниеде мұнша болсаң сенің үйің.

Құлшылық кылып едім әрбір жайда,
Болмады бір тайдай жанға пайда.
Ұққан адамдарға Құран бердің,
Құраным оқитұғын менің қайда?!

Әуелден пейлің бұзық, ойын жаман,
Кетпедің сол себептен болып аман.
Айтылған домбырамен жын тойда.
Ей, малғұн, болсын Құран өлең саған!

Жаралған әурелікке менің басым,
Не керек мұнша дәурен сүрген жасым?!
Ас, керек адамдарға тәмәм бердің,
Кәнеки, ішіп жейтің менің асым?!

Еңбегін еш пендең жемейміз біз,
Өз пейлің болып тұрған өзіңе кез.
Тағамың сенің малғұн осы болсын,
Ас ішсе егер біреу бісмілләсіз.

Мен бұрын қызметіңе жүрдім жарап,
Бұл күнде құр алақан қалдым карап.
Сүт-катық, адамдарға сусын бердің,
Қанеки, ішетұғын маған шарап?!

Адамды қылар батыр қару-жарак.
Түзейді қыздың көркін айна-тарак.
Бір жұмса мас қылатын ішкен жанды,
Шарабың сенің, малғұн, болсын арақ!

Басымнан арылмаған қалың сорым,
Жалғанда маған керек әрбір борым.
Адамға аң ұстайтын қакпан бердің.
Қанеки, менің қайда қакпан торым?!

Сен жолдан шығарарсың ғайларды,
Өзіңе жойық жүрген жақындарды.
Адамды тұзағына түсіруге,
Еркіңе бердім дейді қатындарды.

Хадисте осы сөздер қылынған иад,
Біледі кітап көрген барша адамзат.
– Жұмысым мұныменен бітпеді ғой! -
Дегендей Ібіліс ләгін болмады шат.

Ібілістің қылған шайтан [асыл] затын,
Алладан алып тұрғуы талап хақын!
Мұнымен кетсе сөзім қысқа болар,
Айтайын анық қылып пәтуасын.

Көңіліне ұнамаған болды жері,
Ішінен еркін онша кетпей кері.
Ойында бір дода мал ... бардай,
Жарқылдап келіспеді ажар түрі.

Жарайды мен мұның деймін: «Пәк!»
[Көңіліме] орнықпады мұның бәрі.
Алдым деп қалағаным мәз болмаймын,
Білгін бұ жалғанның бердім тегісін.

– Болмайды-ау, дүние ісінде сен сіңірлес,
Еркіңмен өзің біліп жұмса, – дейді.
– Дүниеде канша болса, алтын-күміс,
Талайды шығарарсың жолдан, – дейді.

Қызығы бұл дүниенің жиған малдай,
Көреді дүние хорлар малын жандай.
Кететін жемге айналмай сұңқарлар көп,
[Ілтипат] малмен болуына зар салмай.

Жараттым ішіп-жейтін жақсы тағам,
Бірін – халал, біреуін қылып харам.
Жібектен атлас, торғын киім бердім,
Бұларсыз күн көре алмас жүрген адам.

– Жабыспа қайта-қайта маған! – дейді,
– Жаксы кім, ләззәті тағам, – дейді.
– Дүние не қызықты нәрсе болсын,
Билігін бердім тегіс саған, – дейді.

– Киер киім, ішер ас саған, – дейді,
– Бәрі өңкей бере берсең маған, – дейді.
– Уасал жеп, мұның бәрі үзілетін,
Аркан бер үзілмейтін маған, – дейді.

Алданып бұларын надан токтар,
Қалай әуре болып ақылы жоқтар.
Тоя ішкен алыс хамырын мабыштарың бар,
Қайтпасын маңдайыңнан тисе шокпар.

Дүние деп алтын-күміс малданбайды,
Қызықтап бұл жалғанды талданбайды.
Дүниенің баянсызын білген езлер,
Бұлардың ешбіріне алданбайды.

Жараттың шайтан қып мені сорға,
Мен жүрмін түсірем деп адамды орға.
Кететін жемге айланбай сұңқарлар көп,
Түспесе үзілмейтін жібек торға.

– Арызынды сенің кабыл көрдім, – дейді,
– Шын біліп бұл сөзіңе көріндім, – дейді.
– Арақ, сырнай, керней, сыбызғыны,
Тамаша сауық өшін бердім, – дейді.

Бір Аллах бұл малғұнға бәрін берді,
Сол үшін ерікті болып шайтан жүрді.
Алданып біраз көңілі мұныменен,
Мәрс етіп, бүтін күлмей, жарты күлді.

Данқты қалағанын берген сайын,
Жалғанды бергендігі болды дайын.
Бола ма дау-далы түгел дегендей ғайб,
Жана атты шайтан ләғын мәні-жайын.

Жараттың жақсы-жаман екі айыр жол,
Адамның бір жағы – оң, бір жағы – сол!
Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,
Кімде болып жүрсе өзгеге құл.

Оң жолға басшы болған пайғамбарлар,
Олардың соңына ерген қанша жануар.
Көрсетіп мұғжизамен тамаша [істі],
[Ие] боп жақсылыққа кеткен олар.

[Қылып ең] мені басшы жаман жолға,
Дүниеде себеп бол деп азған қолға.
Бермесен бұл ісіне өзің жәрдем,
Оны мен түсіремін талай торға.

Болғанда мен [бір аушы], адамзат аң,
Қару бер көрген адам қалғандай
Ол Мұса кәләмуллаһ мұғжизамен,
Түбінен Ніл дәрияның шығарды шаң.

Алсам деп әркім ойлар қуған әнің,
Қызығар: [ит-түлкінің жыртса таңын].
Пітнәнің бұзықшылық дәриясының,
Түбінен шығарайын сондай шаңын.

Бұзайын дәл-дәл қылып талқан,
Ерікші қыл қолымды, ашып дарқан.
Адамды тұзағыма түсіруге,
Маған бер үзілмейтін бір мықты арқан.

Ғәзәзіл қылып қойған малғұнды еркін,
Сол [үшін бек] қызықты дүние, шіркін!
Дегендей: «Саған енді бұл жарай ма?»
Көрсетті қатындардың ішкі көркін.

Қараса қылып құр қара қалса,
Толғанып оқ жыландай өрген шашы.
Ақиқаттан екі ерлі қыл болып,
Алмадай домаланып гауһар басы.

Еті аппак, кара жерге жауған кардай,
Жүзі бар карға тамған қызыл қандай.
Бұлттан дарып шыққан ай секілді,
Қиғаш қас, сүмбіл шашты, [жазық мандай].

Бойлары райхан гүлдің сабағындай,
Алманың екі беті сағағындай.
Әб кетер көрген жанның ақыл-есін,
Өрістің мас қылатын арағындай.

Күмістен тартқан сымдай болып қолы,
Қояндай домаланып келіп жоны.
Ғұмаңдың [лимонындай] емшектері,
Алам деп үзіп қатып қолың.

Сынаптай толықсыған екі саны,
Тістері – меруерт, маржан дүрдің, кәні!
Мамықтай үлпілдеген тамақлары,
Жатқанның арманы не іскен, аны!

Аузынан шырын шекер шыққан сөзі,
Көзге болып тот басқан ізі!
Жаныңды ерікке қоймай, алар сорып,
Өзіне күліп карап, түспесе көзі!

Әкетер ақылыңды бойдан тартып,
Көргенде толық сырын майдай балқып.
Сырынды қалдырмайтын бір жері бар.
Бәрінен бұл атқанның айтсам артық.

Ғәзәзіл, малғұн, шайтан мұны көрді,
Көрген соң көңілі бітіп, шырай берді.
– Болды, – деп, – ойымдағы енді түгел, –
Шапалақтап алақанын карк-карк күлді.

Көңілімде енді бітпей қалмады кір,
Болғанмен қалмас сабыр қаншама [ер]!
– Жұмысым ойыма алған бітті, – дейді,
Құдай-ау, маған берсең безінен бер!

Болады кімге залал, кімге пайда,
Әр істің ықтияры бір Құдайда.
Адамды тура жолдан аздыруға,
Алладан сұрап алды күшті хайла.

Хақ берді қатындарға ажар-көрік,
Наз берді түрлі [сурет] оған серік.
Еркекте ақыл-сабыр еш қалмады,
Болғанмен ... сенбе қанша берік.

Әркімнің әр не қылса өзінде еркі,
[Оңаша] шет жүргенде дінге берік.
Ердің ақыл, сабырынан асып түсті,
Түрленген қатындардың шары көркі.

Жаратқан қылып зиба әуел бастан,
Нығмет жоқ бұл дүниеде мұнан асқан.
Құл болған қатындарға әрқашаннан,
Патшалар ақылменен жұрттан асқан.

Қатынсыз ойлап тұрсаң дүние болмас,
Әуелден ерге серік, қылған жолдас.
Қанша еркек бір қатынсыз бас қосқанмен,
Ақ ордалысын әсте іші толмас.

Ғұнша ерін, пісте мұрын, [лұлу илек],
Дүниеде неше түрлі бар ақыл тас.

Адамды мас қылатын бердің көздер,
Көрсө көңіл ертіп айдай жүздер.
Әркенің неше түрлі дауысындай,
Ләззәті махбубларда шырын сөздер.

Бойыңнан кетіп қалар ақыл ой[ың],
Басуға өзіңді өзің келмес күшің.
Болмаса бұл дүниеде ойға алғанның,
Тулады қайғы-қасірет дертпен ішің.

Ашылған көлдей болып жазғы түзі,
Көрініп, жасырынып ішкі [сыры].

Жүзінен махбублардың болып заһыр,
Хақиқы беріп сәуле Хактың нұры.

Сүмбіл шашы, қиғаш қасы,
Нәркес көз, уәжіллары ғақик тәмәт.
Өтем деп мужазидән хақиқаттық,
Дәріс оқып диуаналар алар сабак.

Суретке қалады екен сурет қарап,
Мысқа жез, күміске алтын ... жарап.
Мағынасын алып амжад білемін деп,
Кетеді диуаналар болып жарап.

Жазылған үшбу сөздер бәрі хатта,
Асыл бар әрбір түрлі адамзатта.
Суреттің ісімен мас болған соң,
Жұмысы фил хақиқаты болып затта.

Келсек те қырық елуге біз баламыз,
Таңданып көрінгенге көз саламыз.
Суреттің ...мен болмай жұмысын,
Алданып құр суретке бір қаламыз.
Болған шамам тәмәт тәмәм осы менің.

Мархұм Мұхамет Әминнің 1910 жылдардағы өз қолымен жазған нұсқасынан көшірілді. Мәшһүрдің өзінің шығарылған қалпынан өзгерген жері жоқ. Дұрыс нұсқа даю мутахарик әлқаләм Жолмұрат Жүсіп ұлы оныншы ауыл қазағы Баянауылдан. Пазан арнап жазылды. Асығыс жаздым қатасы болса ғайу еткіз, хатаға мағайу болсын.[82]

Мәшүр Жүсіп Көпеевтің «Ағайын» өлеңі

Аманыңда елжіреп,
Жактайтұғын ағайын.
Еркелетіп бетіннен,
Қақпайтын да ағайын.

Жаман атак бойыңа,
Такпайтын да ағайын.
Тарыққанда рақым қып,
Көретін де ағайын.

Сабыры қалмай сағынып,
Жүретін де ағайын.
Есіне алса елжіреп,
Күлетін де ағайын.

Мақтағанда мамыққа,
Бөлейтін де ағайын.
Алаңсыз сұрап алысқа,
Кететін де ағайын.

Салдыр тілмен салдырлап,
Еретін де ағайын.
Ұйықтап жатқан жыланды,
Түртетін де ағайын.

Күлгірсініп көз жасын,
Сүртетін де ағайын.
Әуел баста аңдамай,
Тартып жүрер сазайын.

Аяқ тайса алдымен,
Боқтайтын да ағайын.
Көлеңкені жоқ етіп,
Жоқтайтын да ағайын.

Басындағы бағыңды,
Көре алмайтын ағайын.
Әділ айтқан ақылды,
Ұқпайтын да ағайын.

Жаяу жүріп аттыға,
Тоқтамайтын ағайын.
Кем-кетікті көңіл қып,
Шақ шақтатар ағайын.

Адасқанда арқасын,
Түретінде ағайын.
Туысқасынып түрлі істі,
Білетін де ағайын.

Қалға тазып әр істі,
Тізетін де ағайын.
Жылу болып жортқанда,
Жүретін де ағайын.

Тулап жатқан әр істі,
Қайсы бірін айтайын.
Түсіне түйткіл сөзіме,
Улы тілмен шағайын.

Жаман да болса жақыным,
Жақсыны кайдан табасын.
Өкпелерге орын жоқ,
Қараңғы гауи маңайым.
Өлмеген жандар көреді,
Өзгерістің талайын.[83]

Ит дүние

Ит дүние, мұнша неге олақ болдың,
Ұстауға құйрық-жал жоқ, шолақ болдың.
Дүниеде жолдас болған достарынның,
Ит дүние, бәрін бірдей тонап болдың!

Ит дүние, ойлап тұрсаң, диуанасын,
Кеш тұрып, ерте жатсам, қуанасын.
Ит дүние тәні сенің оңнан жерің,
Арканнан жақсыларға қорған жерін.

Жібердің Қарынбайды жер түбіне,
Обалы, кәне, сенің оңған жерің?!

Ит дүние, залымдарға жолдас болдың,
Жақсыға жақсы болсаң, қонбас па едің?!

Мен сені сонан соң оңбас дедім! [84]

Мәшүр Жүсіп Көпеев, 1912 жыл

Қазан қаласы Айқап журналына Мәшүр Жүсіп Көпеев ақ патша жайында мақаласы.

Балалар жазылып жүр алуан «Айқап»,
Мәнін біле алмай оқып байқап.
Алған адам бәрі де өкінін жүр,
– Текке кеткен ақша! – деп басын шайқап.

Мен алдырдым Дауанда өз атыма,
Белгілі Мәшүр Жүсіп сөз атыма.
Бұштабаймен, биімен, болысқа жалынбай-ақ,
Құдай қуат берсін деп боз атыма.[85]

Мәшүр Жүсіп Көпеев

(бірінші)

Бұл елдің жөн сұраймын қожасынан,
Қожа сараң келеді опасынан.
Қанғып кеп Қаратаудан есек мініп,
Байығасын айрылды-ау тәбесінен.

Қожаның шошақ келер төбетейі,
Бөліндер сақат алса көмекейі.
– Қай жерде кесілмеген бала бар? – деп,
Баланың аңдитыны шүметейі.

Мен құдайдан сұраймын денге саулық,
Жалған айтып жаңа қылма жаулық.
Қожа, қожа дегенге қоқыланба,
Қожа көбі сарт болар өгізтаулық.

Жасымнан ғылым іздеп көңіл болдым.
Мән-жайын қожалардың көріп алдым.
Өгізтаулық сарттарды қожа дейін,
Қазақ-ай мен өлгенде сенен өлдім.

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,
Шүкірлікпен қаламын пікір-зікір.
Түркістанға апар да базарға сал,
... кожаға өтпесем бетке түкір.[86]

Мәшһүр Жүсіп сөзі

(екінші)

Өлген соң, арыстаннан тышқан артық,
Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық.
Қолына кей адамның түсе таутар,
Наратын білмей ұстайтын мыстан артық.

Ат жақсы арғымақтан шабысы болса,
Жат жақсы ағайыннан танысы болса.
Дұшпанның түгел досынды табалайды,
Аяғың сәл нәрседен шалыс болса.[87]

Мәшһүр сөзі

(бірінші)

Ей, байлар, жиған малын – жанның қасы,
Не көмек бердің кедей, атаң басы?!
Байлар-ау, байлығыңа мастанбаңдар,
Кем-кетік, кедейлердің сыбағасы!

Зар боп қалар бір түнде бай бір құлға,
Бақи қонып тұрмайды дүние қолға.
Бақ пен теңдік кедейге тиіп қалар,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.

Бұл Мәшһүр Бұқар барған, Қоқан барған,
Ойы бар барсам деген онан арман.
Түлеген ақ сұңқардың қанатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған.[88]

Мәшһүр Жүсіп

(бірінші)

Өсекті қожа менен молда айтады,
Өзгеден қожа-молда оңды айтады.
Араз қып балдай тәтті ағайынды,
Көбейтіп дау-жанжалды молайтады.

«Мені жалған айтты деп ойламас», – деп,
Қожа, ишан білгенін жақсы айтады.

Хадисті балгер менен баксы айтады,
Құмалақпен тамыршы тапса айтады.
Бір құмалақ алтау ұшып кетсе,
Өтірікті қыстырып молайтады.

Тірінің түгел қоймай бәрін жалмап,
Өліктен олжа қылып сауға сұрап.
Түп-түгел молыла біткен біліп кетті,
Теп-тегіс, қолға тұрмас, болып санап.[89]

Мәшһүр Жүсіп

(екінші)

Өлген соң токталады тәубе жүрмес,
Мал-жанның кимағанмен көрге кірмес.
Өзінде қуат барда қимылдап қал,
Өзіңнен қуат қайран кеткеннен.

Қайғырып сорлы пенде: «Өлемін», – деп,
Өлмеймін деп ойлама, жүремін деп.
Өлікке еш жолама, сол жерді ойла,
Өлген соң не бір қызық көремін деп.

Мыңнан бақи дүниеден қалғаны жоқ,
Құр алақан кетеді, алғаны жоқ.
Жетсең де арманыңа, жетпесең де,
Жер астында жатасың іріп-шірін.[90]

Мәшһүр термесі

Жасымда әкем койған атым – Жүсіп,
Жуыр кеткен сүйгеннен: «Мәшһүр!», – десе.
Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін кайыра сөзге желдей есіп.

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қокан барған,
Ойы бар барсам деген өңінде арман.
Түлеген аққу құстың канатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзі калған.

Алатау, Қаратаумен көрдім суды,
Өз өнерім өзімді үйден куды.
Үйінде тиыш тауып отырмастай,
Дәминғуы бір басыңа не күн туды?!

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,
Аяғын андамаған байқап салсын!
Жасымда Қожа кесіп сүндеттеген,
Жактырмаса қалғанын кесіп алсын![91]

Қожа-молда, ишандар

Мәшһүр Жүсіп

Ақсақал, қажы, қожа саттым шалға,
Бейнетпен мал таппаған жүріп жалға.
Қожа-молла көтерін алды малға,
Еңбексіз жиған жұрттан тегін малға.

– Бір шауап қалай үйде жатамыз, – деп.
– Мұны алсақ қарық олжа батамыз, – деп.
– Шайтаннан көтерме бұл тамығысы.
Құрып үйден үйге сатамыз, – деп.

Басына дағарадай сәлде салды,
Жұрт қоршап: «Ой тақсыр!» – деп ортаға алды.

Түлікінің құйрығындай бұлаңдатып,
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Таспағын жыбыр-жыбыр серпіп тастап,
Надандық қиқ қыңыз жолға бастап.
Онысы жолға шашқан бидай тары,
Тұрғайды келу үшін тұрғуы бастан.

Мол қылып жайнамазды жайып салды,
Қал қуам тал қуамға жайған тұрды.
Мал табу барлығыңды болып қасты,
Мал сойғысы мырза бөле деп қазан асты.

Жұрттың басын сиқырлап айналдыруға,
Мақсат сол мойына кітап асты.

Тамығы үшін түгел тауып қару-жарак,
Адамға жасап алып бұдан арақ.
Тамиғының бір тауығы осы болсын,
Қажыға барып алып келген сақал тарақ.

Қапшығын қайыршылық тоқып алған,
Өнер жоқ бұлар білмей қап қалған.
Жұрттан зекет алуды дұрыстауға,
Байларды бала оқы деп жиып алған.

Бір шай мен бір табақ ет беріп бара,
Үміт сонда қалған бір-бір қара.
Көз қараның айтам да арсыздығын,
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.[92]

1916 жыл[ы Мәди] Бапиұлы түрмеде отырғанда Мәшһүр Жүсіп тілдесі

Мәшһүр Жүсіп пен Мәди сөзі. Мәди Атбасар түрмесінде:

Көгорай көлге біткен шалғынымын,
Ішінде көп қаршыға алғырымын.
Тайында ат бәйгеден дәмесі бар,
Байдың жалғыз туған Мәдиімін. [93]

1916 жыл, Мәшһүр Жүсіп

Армысын, амансың Мәди батыр,
Түрмеде тұтқын болып әркім жатыр.
Жұғымас аққа қара деген сөз бар,
Қаласы боп құтыларсың әлі батыр.

Бұл сөзді жазған ағаң Мәшһүр Жүсіп,
Керуендей жалғыз өзі жүрген көшіп.
Сөз зайыры құдыретіне білмегенге,
О да бір түсіп қалған алтын түзік.

Бұл жерде менде ғариб сенде ғариб,
Ағайын алыс жатыр ұғасалық.
Күшім жоқ, кісім де жоқ,
Әйтпесе кетер едім жұлып алып.

«...сүрге күйеу ғазірет сіз Құран мен аятты ... айтасыз», – депті.
«Мәшһүр сіз дұрыс айтасыз Құранмен ... өз өзінен бұрылып айтылмайды. Үш бұрып айтады», – депті, былай жауап қайтарады:

Мәшһүрді тірі екен деп есіне алсын,
Андымаған аяғын байқап салсын.
Жасымға қожа мені сүндеттеген,
Артығын қожа молда кесіп алсын.[94]

Мәшһүрдің Тілеу молдаға жауабы

1916 жыл Мәшһүрге Тілеу молла хат жазады: «Мына заман не болып барады?!» – депті. Тілеу молла бай адам екен. Сонда Мәшһүр жауап қайтарады.

Кемшілік келер бірдей бар мен жоққа,
Бір күн аш, қанағат қыл бар мен жоққа.
Тепкенде темір үзер сабаздарым,
Бір күні кез боларсың атқан окқа.

Жұт сокпай байдың малын жел айдаған,
Еріксіз екі қолын кім байлаған.
Үкіметім, социалым түртіп тұр,
Ар жакта біреу тұр ғауи айғайлаған.[95]

Мәшһүрдің өлеңі үзiгi

Өлгендi оқып тiрiлтiп ал,
Мәшһүр Жүсiптiң сықағы.
Бәленiң басы – қасырет мешiт баққан,
Ораза намазшылар оған жаққан.
Кәртайған кемпiр – шалдың басын аңдып,
Молдалар Құран оқып арын сатқан.[96]

Басына iс түспеген не бiледi

Елiмiз Баян ауыл Қызылтауда,
Түскейде мал жатады қалың қауда.
Ұзаққа сапар етiп шыға қалдық,
Тiптi үйде жатпайын деп денiм сауда.

Ереймен жүре бердiк Есiл өтiп,
Тұсынан биiк жардың кесiп өтiп.
Iлестiм бiр хатығыр лағар бiр мақ сақар,
Қауым тұздан рызык нәсiп етiп.

Ел-жұртым, қатын-бала бәрi қалды,
Он бесте түсiп жолға болып ғариб.
Үйден қашқан табылып кезсем жүзден,
Келемiн мен құдыретке қайран қалып.

Мүсәпiр жолаушымыз бiздер ғариб,
Келемiз ұзын жолда ашып-арып.
Жал озып қара қоңға таянып ат,
Таналмай бақырлықты мойынға алып.

Бишара өңкей сөлтiк жолдасымыз,
Жоқ болып көңiл аулар құрдасымыз.
Iлiнiп сұм жалғанның тұзағына,
Келедi тұтқындықта бiр басымыз.

Шалдар жетiптi кемпiрлер алпыс жаста,
Түп-түгел малы бiткен бiздiң қыста.

Ғазаб әлім деуге де бек лайықты,
Жазулы күн бар екен біздің баста.

Жылым – кой, жетті жасым бір он беске,
Енді он бестің жоқтық кірмей еске.

Қапаста сабыр алмай қызыл тілім,
Халық жүр, кім қадыр білген халкым елім.
Көңілімді күн сайын жүдетеді,
Қынжырлар құмарлықта ғарбішлігім.

Жиғанымыз құм болып, ішкенім зәр,
Мақұрым тілегіміз кенір бермеді бір.
Татады қосалықпен өлтіруге,
Қоршаған маңайымды көрімнен кір.

Құданың айтсақ тағы миды аштып,
Келеді камқытырып жол жасатып.
Айдаған жесір сырқып мені Құдай,
Кейін ұзын жолда миды ашытып.[97]

Мәшһүр Жүсіптің суыр туралы жазған өлеңі

Суырдың естіп едің әңгімесін ...
Құдайға құл болған жан адал жебесін.
Ағайынды әнекен сөз ашқан,
Айналайын інде жатып көрген исін.

Бір ән бар сөз деген жөнде жүрген,
Жерінен жөнде жүрген Қозған көрген.
Қашалмай жазық жерден қолға қосып,
Бейшара сасқаннан інге кірген.

Сонда да Қозған Қаксал амал тапқан,
Базарда бұл көреді сұр сатқан.
Жан қалмай түндің басы базар барып,
Алты бір-бір сомнан тей қакпай.

Суырдың зарлап сөйлегені:
– Күнде жайып салады,

Қақпан деген темірді,
етімізді жеп,
Сүйегімізді кемірді.

Қозған деген қазақтан көріп тұрмыз мазақты,
Құтылмасын одағы өлеулікке.
Тұтылмастай тартыспа екен одағы,
Өлеулікке неше азапты.

Қозған менен Қақсалдан зәресі суырдың,
Қуандық, жиен Сүйіндікке өтініш айтқай.
Ағайынды әкеден суыр тышқан кем емес,
Жүйріктігіміз ұшқан құстай.

Бір арыз қырдағы елге алып баршы,
Жеп қояр бізді көрсе Қозған ду... .
Онда тышқанның айтқаны:

– Салып бер арызыңнан қойныма,
Жібінен мықтап байла мойныма.
Бейшара арызыңды жеткізейін,
Мысықтың жолықпасам онына.

Үймен жүрсек мысықтың көрмес көзі,
Тышқанның білінбейді басқан ізі.
Бешетте оны бір қағаз алып келді
Ішін ашып қараса суыр сөзі.

Қуандық-Сүйіндіктің Қозғанға қайтарған жауабы:

Дұғай сәлем Қозғанға,
Сен шіркінді жеп ек.
Ел болсын деп тұзғанда,
Қуанып мәз боп жүрмеген.
Суырдің етін жеп, сорпасын ішіп,
Терісін сойып созғанға.

Аяғы түген емес, бұл суыр өлеңінің басылып шыққанға. Уақыт тауы 1890 жылдардың шамасы 18 қағаз 36 бе... Болуға момын еді көрген адамның айтуы бойынша.

(Бұл тетрадағағы өлеңдердің кейбіреулері 10 ауыл Қызылқоғам колхозының мүшесі ағылшын Әбен ұлысынан алынды).[98]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

(екінші)

Таусылмас толып жатыр арманымыз,
Ерікті болмаған соң мал-жанымыз.
Болмаңыз алты ауызды бауырларым,
Бұл тойдан қалғанымыз не боламыз.

Пайданың ортасында өзі жатар,
Залалға мелінше арзан бізді сатар.
Ынтымақ қылыңыздар бауырларым,
Мейлің қазақ, мейлің бол сарт пен татар.

Шын жақсы өз өлерін жасырмаса,
Қалқынан бойын биік асырмаса.
Бәрінің, мұсылманның бауыр болып,
Аулаққа бойын тартып қашырмаса.

Бай адам малым көптен теңгермейді,
Нашарлар бір құдайға асылмаса.
Қазақтың берекесі ортасында,
Өзі де өзі партия боп шашылмаса.

Мезгілі ашылатын келе жатыр,
Бак-дәулет мұнан бұрын ашылғанша.
Ар кайда, жақсы болса тату керек,
Жылқы мал үйір болмас қасынбаса.

Бұлақ құйып судың көзі ішігім аспай,
Екпіндеп өзі тасып шашылмаса.[99]

1912 ж.

Жеті күннің дағыраты

Құдайым жексембі күн жер жаратты.
Жер-суды әуел бастан бір жаратты.
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен,
Төріндей текеметтің төр жаратты.

Жерлерден аға берді бұлақ кайнап,
Түрленіп бәйшешектер бұлбұл сайрап.
Жексембі, сәрсембі күн көкті қылды,
Құдыретімен қылған ақыр неше болды.

Көкті, жерді бар қылып жар аштырып,
Ай мен күн, жұлдыздарды бірдей болды.
Екі күн, екі күн жер жаратты.
Төрт күнді бір-біріне жұр жаратты.

Бір сағатта етуге құдыреті бар.
«Пендеме ғибрат болсын!» – деп жаратты.
Кітаптан көргенімді айтпан теріс.
Құдыреттің қылған ісі тіпті келіс.

Ырызық несіп жүректі ашып жейтін.
Жаратты бейсембі күні бәрін тегіс.
Аспан – биік, жер – төмен, тау – қатты,
Ат аяқты болғанда, құс қанатты.

Намаздан бал, тікеннен көл шығарып,
Жұма күні жаратқан адамзатты.
Құдыретімен он сегіз мың ғалам болды.
Бәрі кайық марай адам болды.

Жаратылыс қауына қалған ісі.
Алты күнде жаралып қасам болды.
Мен сөйлесем болмайды сөзден шартық.
Әржағында көзі мол емес тартық

Адамата сол күннен жаралғаннан
Өзге күннен жұманың қадірі артық
Жан-жануар адамға қолды қойды.
Адам менен түйе боп ғалам болды.[100]

Мәшһүр өлені

(бірінші)

Кедейлік – кері кеткенге болады өш,
Бір енсеріп алып кетсе бермейді көс.
Аяқты, қолын ұйқымен біз байлап,
Ұйқы үстінен басады ертеңді-кеш.

Балалар, жалқау болма, іштен тартып,
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.
Арқаны кедейліктің, еріншектің,
Желкеден жібермейді мықтап тартып.

Кім жұмсаса, шауып жүр, қайтарма тіл,
Жаксы мен жамандықты айыра біл.
Жамандыққа айтамын үйір болма,
Еңбекшіл бола біл де, қадірін біл.[101]

Мәшһүр сөзі: қожа-моллалар жайында

Пәленің басы – қасырет мешіт баққан.
Ораза, намазшылар оған жаққан.
Кәртайған кемпір, шалдың басын аңдып,
Моллалар Құран оқып, арын сатқан.

Бейсембин Максұт ел аузынан:

Шіркін Базаң ағай қатын алды,
Қатын алмай, бір пәле сатып алды.
Түссіз, дәмсіз бір нәрсе секілденіп,
Қатын деген бір белгі атын алды. [102]

Ақылсыз бала – алпарысқан жынмен тең

Мәшһүр сөзі

Өлген соң қиын-қиын жол бар екен,
Жолдары қияметтің бек тар екен.
Ғылыммен қамал қылмай қаңғып қалған,
Бір сұрау молдаекенде мол бар екен!

Қой-қозы, тай-май алсақ, сабақ бердік,
Бермесе сабақ, бас сабап көрдік.
Қазақтың міндетіне оқимыз ба,
Түк бермесе, ел кезіп жүре бердік?!

Оқыттық атақ үшін нақау-манжісик,
Молдадан өзі құрбы болу артық.
Айырылып қой-қозыдан қалайық па,
Шарифат сөзін қойып бұрып айтып?!

...нға айтамыз,

Не айтсақ көріп тұрған жөңге айтамыз,

...егетке әмір мағруф нәһи Мүнкәр,

Орынсыз білмей тұрып кімге айтамыз.[103]

Мәшһүр өлеңі

(екінші)

Балалар, ата-ананды ұмытпаңдар,
Күйінде адам болмас ұмытқанда.
Кім жақын ойласаңыз ата-анадан,
Ондайды үміт қалмас ешбір жандар.

Білмеген жақын туыс ата-анасын,
Мал сияқты тойдырған қара басын.
Балаға ғашық болып ата-ана да,
Сендерден тән шат боп қалар.

Жүрекке махаббат сосын қанар,
– Балам адам болады, – деп үміт өсіп.

Гүл жасартып, күшті үйді билеп алар,
Жаман бала оның қолына болар ұқшар.

Кері кеткендер үмітке кітаптарда,
Керуендеп іштенеден алғыс алмас.
Туғаннан туысканынан қарғыс алар,
Балалар, мұндай бала болмаңыздар.

Жас болсаң да алды-артты ойлаңыздар,
Қайта айналмас ата-ана қымбат қонақ.
Айырылған соң өкініп қаласыңдар,
Айтқан тамаша мамыққа гүл шашпандар.

Табылған дүниеге балапандар,
Бірі – дос дүниенің, бірі – дұшпан.
Періштедей күнәдан тазасыңдар,
Есіңді білген сайын дұшпан есер,
Иіліп күнде алдыңнан қарсы түсер.

Өмірдің дөңге игілі өсіреді,
Кейде бақ, кейде сорға түсіреді.
Өмірге кейде риза, кейде қас боп,
Басынан талай дәурен кешіреді.

Соның бәрін өлшеуге білім керек,
Адамдыққа болады ғылым көмек.
Күнінде жағаласып оқығанның,
Ер жеткенде рақат саған көмек.

Шын жүрек жемісінің ата-ананың,
Құрбан қылар жолына жан мен тәнін,
...ұлымның жамандығын көрсетпе деп,
...тын баласының шыбын жанын.

...ден таса калмасқа тұрмас, көрмес,
Ән болса өкініш тіпті сөнбес.
Сырап бір анларға жібереді,
Одан басқа қолынан нәрсе келмес.[104]

Мәшһүр өлеңі

(үшінші)

Шама келсе ғадалдықпен жүрген тәуір,
Алдауменен өтірік болады ауыр.
Әділдікке жететіп еш нәрсе жоқ,
Осыны көңілге алып мақам етіп.

Жігіттер, дүниеден өтерміз біз,
Алдағанды ойласақ нетерміз біз.
Адалшылық, түзеушілік көп ойлайық,
Мұратқа сонда барып жетерміз біз.

Жолына адалдықтың мойныңды бұр,
Ұрлық пен өтіріктен тіпті аулақ жүр.
Осыны көңілге ұстап шығармасаң,
Соңыра кияметте болмассың.

Адалдықтың құлы боп өссең жақсы,
Әділдікті кө[ңі]лден шығармашы.
Осыны көңілге алып жүрсең,
Ұстап қалыңыз, жақсы көр әділдікті!

Тәрбие – осыны ойлап, көңілге тоқтау салып,
Біреу айтса қызықпа, жүрме барып.
Әділетке ойыңды болып жүрсең,
Өтірікке айналма, соған нанып.

Өтірікке араңдатар жақын бар ма?
Оған еріп жүрмендер, ... қалма.
Алдаған бізден бұрын талайларды,
Өкінішке қаларсың осыны аңда.[105]

Мәшһүрдің анасына жазғаны

Алланың біз сыйындық панасына,
Баянтау бара алмасаң каласына.
Сәлемді жолыққаннан көп айтыңыз,
Мәшһүрдің ғарып болған анасына.

Сол кеткен атасынын жолын құра,
Бұл Мәшһүр өнер қайнап сәттен туда (құда).
[Шар кардан] пайда болып, жанын кезген,
Біз пақыр баласына кылсын дұға.

Жерім жок көңіл өсіп, дүнге шыққан,
Шықпайды жақсы кісі нықматтан.
Арғысынан төртеу, бізбен алтау,
Жүсіп-ай, жолдасым бар Найман, Токпан.

Мәшһүрдің қараныздар қызығына,
Бір түрлі жүрісінің бұзығына.
«Тәуекел, тағат Алла ризаң бер!» – деп,
Жылаңды келіп құтырым мұжығына.

Самауырын, татып етті, қойды шайды,
Жей алмай, азыққа алдық, аппақ майды. [106]

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

(бірінші)

Мәшһүрдің Бұхари Шариф жайын өлең кылып жазған өлеңінен көшірілген.

Құс салған, аң аулаған, мылтық атқан,
Хақ жадымен айтқан құллар түндер қалған.
Басында әр төбең мола болып,
Бәрі де біздей жан ғой солар жатқан!

Ащы менен тұшыны білер татқан,
Күнәға ғәфил пенде күнде батқан.
Бір жалғыз жанның бұ дүниеде,
Дәріс оқып, бір қужрада жалғыз жатқан.

Ермегің еріктірімес кітап қолда,
Сол шағыб муталғың болсаң молда.
Молланың сабақ алған бірі болып,
Дүниеде өтіп кетсең, жатып сонда.[107]

Мәшһүр Жүсіптің «Хал-ахуал» кітабынан (1907 ж.) үзінді

Жігіттер, жақсы қайда үлгі шашқан,
Жүдеген ғарыблардың көңілін ашқан.
«Анау озық мен кейін қалам ба?!» – деп,
Көз салып, бірін-бірі шамаласқан.

Сүрінін ат аяғы кетер болса,
Дұшман түгіл, досың да табаласқан.
Бұл жұртта ұнамсыз ісің толып жатыр,
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.

Өңшең сәурік, текешік, бұқашқанар,
Бір-бірін соғып, шаншып жараласқан.
Жақсыны озі болған, көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан.

Ақылшы шықты бізге үй басына,
Данышпан ойы зерек жұрттан асқан.
Бек пара, байларға өсім болды,
Бой тартып арамдықтан бар ма қашқан?!

«Сен кімнен қорқасың?!» – деп жел береді.
Кісі жоқ, қой дейтұғын, елді басқан.
«Мен солай ол жұмысты білдім», – десе,
«Пәлі!» – деп еркедей мақұлдасқан.
«Пәленше пәлен дейді, мен қайттім?!» – деп,
Сол басын изектетіп ақылдасқан.

Қыран құс, көңіл ашар, жүйрік тазы,
Жігітті мұнайтады малдың азы.

Арғымақ жамандыққа көңіл берді,
Тнетін болмаған соң [мүфти] қазы.

Сөзі бар заманың теріс қакпай,
Келіспес бір-біріне айтқан назы!
Тойғанға күшкендер ауыз сал деп,
Жем болып қара құсқа коңыр қазы.

Басшымыз ел пайдасын ойламайды,
Білгіштер бұл жұмысқа емес разы.
Көптен-көп іздегені бүліншілік,
Қанша айтып таусылмайды еш аразы.

Данышпан өтіпті сөзі шаһбаздың,
Барады босқа өтін қысы-жазы.
Әлі жоқ, ыңқылдама, түсер жарға,
Айтпаса қайдан білсін ел сабазы?!
Әлі жүр біздің қазақ надандықта,
Қор болып сол себепті өнерпазы.

Қайдан қаладым қызықты мұндай куға,
Жаным құмар жасымнан әр түрік уға.
Дүтбай басым ұялмай таудай жүкті,
Апарамын арқалап от пен суға.

Мінсем ауып калар деп ерісе алмаймын,
Міну жағын өмірімде еске алмаймын.
От пен судан өнерін бір айырмай,
Бағып соны күтуден бір талмаймын.

Тәңірім бенге беріпті мін деп,
Керек жергілікті жаратып кылып серік.
Міну түгіл жүрмеймін жетектеп те,
Соны арқалап жүруге ... жерік.

Жасымнан мен арқалап кылдым,
Машық болғандықтан бұтаны түйеге ашық.
Есі-дертім бұл шетке кетіп қалып,
Қызығынан жалғанның қалдым қашық.

Енді, міне, қартайдым, елу астым,
Енді табан қырыққа кадам бастым.
Мін арықтауыл семіргенде,
Уа, судан қалжырап, аркалаудан енді қашам!

Ауырар деп аяумен мұрнын теспей,
Бұта болған бойымен тұра ма өспей.
Нар болды, бура болды: ...болды,
Жата ма қыстауында бұл ел көшпей.

Кәне, арба салмадық, не жүк артып,
Ноқтамай быт-шыт қылар бір-ақ тартып.
Басын ұстап бір нәрсе қылмақ болсаң,
Шап береді өзіңе көз алартып.

Бордақыға семіртіп мұнша байлап,
Артарсын атаң басы сен жүк ж...
Жоласаң маңайына енді бармақ,
Басыңды быт-шыт қылар бір-ақ шайнап.

Ал, енді, мұныменен бітеді ғой,
Менімде сен көрсен айтба нента...
«Ғәуәнун бәйнә зәликә» мезгілінде,
«Иәфғәлунә мә тумирунә бен» салды ғой.[108]

Бір шайырдың сөйлеген насихаты

- ✶ Стамбул патша болсаң Құдыс, Шамға,
Бұхар мен хүкім етсең Һиндустанға.
- ✓ Ағылшын, Қытай, Жапон, Румды алып,
Дін түзеп әмір етсең бұл жалғанға.

Түс... ақылымның бәрін тегіс,
Кіресің ақыр бір күн көрстанға.
Есепсіз бай болсаң да Қарын байдай,
Сахи боп мал шашсаң да Атымтайдай.

Патшадай Әмір Темір дін түзетін,
Болсаң да Едіге батыр арыстандай.

Шешен бол Жиреншедей кызыл тілге,
Ақырда жатар орның тар лахад жай.

Алтыбас Қыпшақтан шыққан Ақмолланың өлеңі болу керек.
Едіге деп жаздым, батыр Едіге ме? Әйткі батыр ма біле алмадым.
[109]

Жалған туралы

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Жігіттен мал кеткен соң құды кетер,
Ауыз, тамыр, баршасы, жүдә кетер.
Жігіттен бақыт, дәулет сырт айналса,
Жеріне егін еккен текке бітер.

Бес жүз кой, бір жүз жылқы біте қалса,
Алдыңнан кеткен тамыр бұлаң етер.
Болса да көзі соқыр, аузы қысқа,
Еш оң сөзін демес бекер.

Қотанда – кой, өрісте – жылқың болса,
Досың түгіл дұшпаның еркелетер.

Болсаң да малсыз болып қанша өнерпаз,
Бейнетің қанша қылған босқа кетер.
Бейнеттен қашқанменен құтылмайсын,
Соныңнан қайда барсаң қуып жетер.

Мал – басқа, қына кызыл тасқа бітер,
Жаманға қасақана қасқа бітер.
Біткен мал бір жаманға болып залал,
Жем болып ит пен құсқа үркітер.

Дүние – бай, жалған – қолдың кірі,
Жүрсең де қанша жумай қолдан кетер.
Көрмеген дүние жүзін жар қанаттай
Дәнеме жақсылықтан көрмей өтер.

Дүниенің сәт қағи сондай тәтті,
Көзді соқыр, құлағын саңырау етер.

Жаксыға айтқан сөзің алуан шекер,
Жаманға ащы тиер одан бетер.

Шатлықтан, капалықтан мәңгі қалмас,
Басыңнан ол һәм өтер, бұл һәм кетер.
Қараңғы, жатпас бұрын, тар қабірге,
Ойнап бұл жалғаннан басың көтер.

Өлімнің өлмес бұрын қамын ойла,
Абайсыз жүргенінде ажал жетер.
Көргенің жалғандағы еш нәрсе емес,
Ісің бір күн өлсең кетер.
Жігіттер, байлар қанша бай болғанмен,
Деймісің малын көрге ала кетер.

Тәммәт тамам осы менің болған шамам.[110]

Мұхамеджан атынан шығарған Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Мұхамеджан айтқан ғып, мұнда Мәшһүр айтқан сөзі.

Өкінішім жоқ олардың қалғанына,
Өздерің әбден жетсең арманына.
Менің деп айтты ақиреттік дұғам,
Мен тілеулес емеспін жалғанына.

Іздеп барған жұмыстан құр қалмастай,
Менің дұғам оларға ақ алмастай.
Ішек-қарынын аршыдым тап-таза ғып,
Қайтып келіп дүниеге былғанбастай!

Ойлап-ек: «Көреміз, – деп, – біз бұл елді!»
Шыбын жан шықпаған соң зорға келді.
Артынан Исекеңнің көп кешікпей,
Ереді Қозған Бұқа сол жердеуілде.

Екеуін тишландырдық жайлап салып,
Аманат қалған берген пұлын алып.

Баласы Шорман бидің Исамұра,
Жайылған Мәшһүр аты ойға-қырға.
Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді,
Ісіне Исекемнің болдым риза! [111]

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

(екінші)

Көп күнә хараб қылар кара жерді,
Шайтанның нәпсі дұшпан тіліне ерді.
Жаныңды Ғәзірейіл алып кетер,
Қойсаң да күзетшіге төрт мың ерді.

Алтыннан салсаң сарай пайдасы жоқ,
Бұйырса анык сарай қазған көрден.
Жатарсың мекен қылып кара жерді,
Бағзыға бұйырмады [кебін] көр-ді.

Жаныңды Ғәзірейіл алып кетер,
Астында кара жердің зар еңіретер.
Найбатлы Мүнкәр-Нәкир келсе жетіп,
Бишара, дәрмені жоқ пенде нетер?!

Ардақтап қойса халқың таза жауып,
Кебіндеп көрге салса жіппен буып.
Басынды сол көтеріп алған шақта,
Жүрегін қорқадмас мұздай суып.

Уа, дүние, жетің келсе ата-анаң,
Жан үзген тіршілікте қатын-балаң.
Ағайын, жақын-досың, тамырларың,
Бармайды біреуі де, не дүр шараң?!

Қасыңа сенің еріп бармас бірі,
Қаслар бір жаныңа келді жері.
Пұл беріп: «Мені қой!» – деп жалынарға,
Қолыңа түспес қатқан жарты тері!

Қасыңа келмеді ме қатын-балаң?!
Қанеки, ардақтаған қатын-балаң?!
Жалғызы сол арада табылмаса,
Бейшара күнің сорлы, болды қараң! [112]

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

(үшінші)

Болғаны бәйтерексіз басы жекен,
Төбеттер қойға жетпес шалды бөкен.
«Қарағай басын шортан шалды», – деген рас,
Осындай ойлап тұрсам заман екен.

Ақыртып арыстанды жерде жығып,
Үстіне ойнақтап жүр түлкі шығып.
Қабанға қасқырменен қалып тоғай,
Қанатта арыстандар қалды бұғып.[113]

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

(төртінші)

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да қымбат даңқым!
Кәдір жоқ тіршілігіне ағайынға,
Өлген соң: «Өнегелі-ай!» – дерсің қалқым.

Мұны жазған жетпіс үште Мәшһүр Жүсіп,
Қалам алса кетеді жосып, жосып.
Бір сабазға кез келсе жаттап алып,
Домбырамен айтпай ма әнге қосып?!

Жалғаннан әуре-сарсаң болып өттім,
Мақсатқа ойыма алған қашан жетем.
Бұқар, Ташкент, Самарқант, Түркістандай,
Жер көкке үш-төрт барып тамаша еттім.

Жеті жүз деп Найманға аты бар деп,
Мәшһүр ... дүниені кеткен жарып.
Жәнібайдың баласы ол Қопабай,
Қолқа кылып астымнан қалған алып.[114]

Мәшһүр өлеңінен

Өлген соң токталады, тәубе жүрмес,
Мал-жаның кимағанмен көрге кірмес.
Өзіңде қуат барда кимылдап қал,
Өзіңнен қуат-қайрат кеткенен соң.

Қайғырып сорлы пенде: «Өлемін!» – деп.
«Өлмеймін!» – деп ойлама: «Боламын!» – деп.
Өлгенге еш жолама, сол жерді ойла.
Өлген соң: «Небір қызық көремін!» – деп.

Мыңнан жақсы дүниеде қалғаны жоқ,
Құр алақан кетеді алғаны жоқ.
Жетсен де мұратына, жетпесең де,
Жер астында жатасың іріп-шіріп.[115]

Мәшһүр Жүсіптің Хамзаға өлеңі

Ауырып, тынышымды алдың күнде басым,
Бойыма бір тарамай ішкен асым.
Мезгілсіз сағи сақалға да ақ кіргіздің,
Көзімнен тарау-тарау аққан жасым.

Ішім – пасық, жүзім – бағрым болып,
Оты аузымнан, «аһ!» – дегенде шығып түтін.
Өрт түсіп, өзегіме салды жара,
Көрініп жұрт көзіне сыртым бүтін,

Десеңіз: «Ненің өте нар әлфирак»,
Лап етіп сөне қалды-ау бір шамшырақ.
Бір бұлбұл гүлстаннан ұшып кетіп,
Көз¹ көріп, құлақ естімесе жерге жырақ.

Үзіліп жерге түсті қызыл гүлім,
Мезгілсіз батып кетті-ау күндіз күнім!
Піспеген егін (еккен) жастай ұрылған соң,
Дал болып тоқтап қалдау сөйлер тілім!

Айырылсаң сүйеріңнен көрген жандай,
Шарасы екі көздің төлер ханға.
Алжафады түзу бойың бүкіл кебінінен,
Шарығдай сегізінші болар далдай.

Өкпем деп жүрек бағрым сүйсең,
Оны жалғанда онан тәтті нығмет қане.
Көзіңнен күші берместен аққан жасың,
Тізілген өртенген бағыр қанне.

Өлімнің түтіндеген есіп желі,
Қараңғы бұ дүниені қаптап түнде.
Көктемде жазғытұрғы шөлі қалды-ау,
Үлпілдеп жаңа шыққан жанның күлі.[116]

Хамзаға

Мәшһүрдің баласына шығарғаны өлеңінен ...

Ауырып, тынышымды алды, күнде басым,
Бойыма бір тарамай ішкен асым.
Мезгілсіз шаш пен сақалға ақ кіргізіп,
Көзімнен тарау-тарау аққан жасым.

Ішім – пеш, жүрек-бауырым болып отын,
Аузымнан: «Аһ!» – дегенде, шығып түтін.
Өрт түсіп, өзегіме салды пара,
Көрініп жұрт көзіне сыртым бүтін.

Десеңіз: «Ненің оты нарл пырақ?!»
Лап етіп, сөне қалды бір шамшырақ!
Бір бұлбұл гүлстаннан ұшып кетіп,
Құлақ естіп, көз көрмес жерге жырақ.

Үзіліп жерге түсті қызыл гүлім,
Мезгілсіз батып кетті-ау, күндіз-түнім!
Піспеген екен жастай орылған соң,
Дал болып тоқтап қалды-ау, сөйлер тілім!

Айырылсаң сүйеріңнен көрген жандай,
Шарасы екі көздің толар қанғ[а]-ай.
Қайысып түзу бойың бүгілгеннен,
Әлифте сегізінші болар дәлдей.

Өкпем деп жүрек-бауыр сөйлесең оны,
Жалғанда онан тәтті нығмет, кәні?!
Көзіңнен күш берместен аққан жасың,
Езілген өртенгеннен бауыр қаны!

Өлімнің түтіндеген есті желі,
Қараңғы бұл дүниені қаптап түні.
Көктемде жазғытұрым сөне қалдау,
Үлпілдеп жаңа шыққан жанның гүлі.

Өмірдің бақшасының көрген алып,
Бұлбұлсыз қапас, гүлсіз тікен қалып.
Айырылсаң жұпар исі қош бойыңнан,
Тұратын анадайдан мұрнын жарып.

Біз тұрмыз осы күнде мұндай күйде,
Сықылды шикі тері жатқан иде.
Жаққан шам майы таусылмай өліп қалып,
Отырмыз жарығы жоқ қараңғы үйде.

Бір жеміс балдан тәтті болып нәсіп,
Бұйырмай аузымыздан кетті қашып.
Дауасыз дерт болған соң таппай ғилаж,
Күндіз-түн ауырады орны ашып.

Баспана, үйіміздің шырағы еді,
Көзімнің тұрақтайтын тұрағы еді.
Сәулені екі көзім сенен алып,
Бүркіттей тұрған күнде қырағы еді.

Ұйқымды бөліп кетті-ау ашып шайдай,
Толқытып кетті еріткен сары майдай.
Ұшалмай әлім кетіп қалғаным ғой,
Молаға ұя салған күйкентайдай.

Қызықты жеміс едау балдан тәтті,
Жаралған бір өзгеше боп муқаббатлы.
От салып денемізге Жаббар ием,
Шөлдетіп кең далада шаңырақты.

Жатыр едім бір дарияның бойын алып,
– Мен шаппай, кім шабады?! – деп құлаш салып.
Жок болды жалғыз күнде жерге сіңіп,
Арманда қалдым, шаппай, мейрім қанып!

Шар ұрдым бұл дүние мен құлаштап,
Денеме қалалмадым қолыма ұстап!
Көңілдің қарсы ғашы кетіп қалып,
Лақтырдым мен бүйрегімді суға тастап!

Бұзылған машинадай қалдым қирап,
Мезгілсіз аса ауыр қонақ сыйлап.
Ислам боп ұшып кетті.
Сыйлатты ма енді мені текке қинап.

Егінім қайда кетті аспанға ұшқан,
Алатын жем айырып ұшқан құстан!
Тарс еткен дауыс жоқ – бір оқ тиіп,
Жерлерде жатып қалдым, мен – зымстан!

Асыраған жұмыртқадан қоңыр қазым,
Бойымен асып кеткен көптен азым!
Қолтықтан қоңыр салқын самал соққан,
Себепсіз қайда кеттің жылы жазым?!

Басымда үкілі шоқ киген бөркім,
Болмады бұл туралы өзімде еркім.
Жақуттай жайнап шыққан жалт-жұлт еткен,
Жүзімнен кетіп қалдау шырай көркім!

Бакытымның көзі осы ма қайтатұғын,
Сөзімнің шырай еді-ау айтатұғын!
Ислам қолға түспей, жерде қалды,
Тасындай Мәкәиттің тартатұғын!

Ермек қып, еріккенде, ойнаушы едім,
Ойнағанда, жылатпай қоймаушы едім!
Көзіме екеу болмас, мың жүз болмас,
Сондадағы көруге тоймаушы едім!

Езіліп, су боп акты бауыр қаным,
Бастырмай, болып әлсіз екі саным!
Үйдей боп ессіз тұрған денеме қалдау,
Құлындай ойнақтаған кетіп жаным!

Тамады дамыл-дамыл көзден тамшы,
Атқа мінсем, қолымда жоқ бап қамшым!
Бұл дүниеде бір жанды көргім келмес,
Кеткен соң көз алдымнан көз қуанышым!

Тимеген жүген-құрық құлынымыз,
Құтқармас қорлыққа жолықтым кез.
Біз тұрмыз қайран-асыр, таң-тамаша,
Омыртқа сау, үзіліп жұлынымыз!

Қуат бер бұл құлына, өзін патша!
Шықпайтын жеміс еді бұл ағашқа!
Жүгінді өзін салған көтеруге,
Жемістен жалғандағы бөлек басқа.

Жүк түссе мұндай ауыр биттей басқа,
Екі көз болмайды ие аққан жасқа!
Сау білмес, ауру халін, күліп өтер,
Біледі, білсе мұны, келген басқа!

Шықпайды көңіл, сірә, ішер асқа,
Ақ кірді, мезгілі жоқ, сақал-шашқа.
Иә, Раббым, әр не берсең хайырымен бер,
Жылайын шағып кімге сенен басқа!

Жерің жоқ, артық дүние, көрген түстен,
Тақылдақ тау сұлуға төзіп іштен!
Елестеп көз алдында әр мінезі,
Десең де ойламайын, шықпайды естен.

Қызықты мезгілі еді, тәтті шағы,
Жара боп жазылмастан қалдау дағы!
Гибарат сөз мың далаға арзан туған,
Тілің шала-шарпы шыққан уағы.

Банданың не көрмейді ғаріп басы,
Болмайық артық сөйлеп [Аллаға ғасы].
Тасыған топан суға болып ғарық,
Дененің жауып кеткен көздің жасы.

Жасымыз осы күнде төрт он үште,
Түтін көп бықсып жатқан біздің шетте.
Жел бетін, бір жағына, түзеп шықпай,
Әһ ұрдым оның үшін ерте-кеш те.

Су бар ма неше ақылымда мен шебеген,
Бұтақты тамыры жоқ суарған мен.
Артылып қалпынан бүріспеген,
Басымнан ғар білгенге кешпеген.

Бейнетпен өткізіп ем өткен жасты,
Бір-екі-ақ жыл жүріп ем тиып жасты.
– Менің жаңған еңбегім осы ғой! – деп,
Жаңа тұрған кезімде бірақ басты.

Басып енді, басымнан шаңым асты,
Изей бердім жылқыша, шұлғып басым.
Жалған дүние, қызығың осы болса,
Енді керек қылмайын өмір жасты!

Пайдасыз көздің жасы аға берген,
Хатыма жазып тұрған тама берген.
Жүрегім: «Айны!» – десем тілімді алмай,
Лапылдап тал отындай жана берген.

Пенденің өшірумен бастан бағын,
Зарлатып қақсатпасын тіл мен жағын!
Ләлідай жазғы тұрған даладағы.
Мен ашып көрсете алман ділдің дағын!

Сен амал бар ма Тәңірім еткен,
Бір кезің наубат екен бізге жеткен.
Сықылды даладағы болдық тікен,
Басынан қызыл гүлім ұшып кеткен.

Жаралы көңіл, шіркін, азалымыз,
Қайтіп тұр бұл жалғаннан назарнама.
Жатырмыз мінгүр болған саудагердей,
Жәрменке, тарқап кеткен базарымыз.

Әһ ұрсам, от шыққандай лабызынан,
Қайғының құтылмадық теңізінен.
Пендесін күшті Құдай өзі есіркеп,
Сақласын егізімен сегізінен.

Бұл дүние құтқармайтын тозақ болды,
Жұртқа қысқа, бізге ұзақ болды.

Басынан жүрегіңнің оты өткен соң,
Ұсынып өз қолынан жөнелткен соң.
Ауызға адам алмас ащы дария,
Не керек шендегі дәуір кеткен соң?!

От шығып өз-өзінен тұтанған соң,
Сөнбейді жүрек оты бір жанған соң.
Бұлбұл құс болып қалар торғайдан қор,
От түсіп, гүлстаннан от алған соң.

Не пайда көздің тұрған шарасынан,
Айрылса көрер ақын қарасынан.
Жәннат деген бір сарай даладағы,
Айырылса тәубатлық ағашынан.

Жатырмыз арқан, жіпсіз біз байланып,
Қылған іс оңға келмес ыңғайланып.

Барында бәрі бірдей толған қайттік,
Оны термей қалған соң теріс ойлап.

Суырылды сиқан ағаш қазығымыз,
Бір пейіл болып жақпас жазығымыз.
Ішпей-жемей тоятын азық кетіп,
Қайғы ғәм болды, біздің азығымыз.

Түсерсің, түгел тұрса, миың баста,
Бермегейсің пендеңе өлім қыршын жаста!
Зарымды мұңымменен айтсам тамам,
Езіліп, су боп ағар кара тас та.

Айтуға бәрін аузым баталмаған,
Ішіме түгел сиып бәрі жаталмаған.
Жалғанда онан қиын не бар дейсің,
Қызығын аз өмірдің таталмаған.

Ішімнен: «Менің демім бітті ме?» – деп.
«Дағдарым жасқа толмай жетті ме?!» – деп.
Өтерде алас ұрып талпынады,
«Өз күшін байқайын, – деп, – кетті ме!» – деп.

Жұбатқан аз ғана күн көңіл бөліп,
Біледі пенде сүйгені өліп.
Қайрат қып сау кісідей тырмысады,
Орнынан жатқан өзі түрегеліп.

«Сұм жалған қалдың ба?!» – деп дүние боктап,
«Мұнан соң жарық дүние маған жоқ!» – деп.
«Бір көріп кең дүниені қалайын» – деп,
«Далаға ерікке қоймай алып шық!» – деп.[117]

Мәшһүр сөзі: «Надан би» өлеңі

Дарияның бұлт шығады буларынан,
Ғалының кәпір қашқан туларынан.
Тағы бір қаса болған әңгіме бар,
Қазақтың ести берсең қуларынан.

Бір надан түк білмейтін адам өлген,
Жоқ екен құлдық жөнін бұрын білген.
Би екен тіршілікте бір ұлға,
Апарып өлгеннен соң халқы көмген.

Тепкілеп, терең қазып, халқы көмген,
Жалғанда болсын жаман неге білген?!
Қырық кадам көмген халқы кеткен соң,
Патша Мүнкәр, Нәкир бұған келген.

Қараңғы, сипаласа, айналасын,
– Жау тонап кетті ме, ойбай, сорлы басым?!
– Бір келген жүгенгілі адам ғой! – деп,
Көтерін жерден биік алды басы.

Періште жауап сұрады:
«Мән Раббик!» – деп,
Бейшара шошып кетті:
«Бұ не кеп?! – деп.
– Қазақша айт, орысшаңды білмеймін! – деп,
Бұлайша жауап берді:
– Тұршы тек! – деп.

Сұрайды: «Мән Раббик!» – деп басқа тілмен,
– Мән Раббик, мән Раббикіңді тіпті білмен.
Бұл қай жер, мені әкелген қандай кісі,
Бар болса шақшаларның әкел бермен?!

– Мә, [шакша]! – деп күрзімен салып қалды,
Есі кетіп бейшара талып қалды.
Періште айлана қарағанда,
Көтеріп басын жерден, демін алды!

– Біреуге түк нәрсем жарайтұғын,
Адамды жерлеріне тонайтұғын.
Аңызы елдерінің қарай жаман,
Кісіні «шакша» деген сабайтұғын.

«Кім дүр?» – деп пайғамбардың айтқан жаза,
Би едім төре бермес алмас пара.

Енді шақша демейін, жақтырмасаң,
Балалар, маған айтшы, бұл қай ара?

Күрзімен періштелер ұрып кетті,
Қара жерге сол басы кіріп кетті.
Әуелде паракор боп үйренген соң,
Жеріне оңбайтұғын барып жетті.

Құдайдан тауфиқ сұрап жүрмін зарлап,
Тәубесіз өткен надар Құдай қарғап.
Алғиаз білімсіз сондай құлын,
Азапқа шын жаратқан Тәңірім арнап.[118]

Мәшһүр сөзі

(екінші)

Болдым деп қанша болсаң масаттанба,
Дүние осы алас-ұрып азаптанба!
Көп болды деген жанлар Тәңір қосып,
Мұндай ұл туады екен қазақтан да!

Күйзелткен ұлыменен жуық жақын,
Дәудей әркім жаттап Әмен атын,
Жалғанда арманым бар деді мекен.[119]

Мәшһүр сөзі:

Ташкент қаласында өлген баласына

Ташкентте қаза тапты Әмен өзі,
Көп жұрттың қоя ма ерікке тіл мен көзі?!
Мән-жәйін көзбен көрген бастан-аяқ,
Уалиқан Омаровтың айтқан сөзі:

– Ташкенде болдық бастан бір қыс бірге,
Бір бөлек көрнекті болып түстік түрге.
Жолығып Орынбордан себептей боп,
Қамшы боп менің сөзім есіл ерге!

Үй қарағыш Ташкенттің қаласына,
Көп жанның кеттік сүңгіп арасына.
Бес интернат бар еді, бір институт,
Арналған қырғыз, қазақ баласына.

Мың жарымдай оқыған онда бала,
Сарт, ноғайдың үшкүлі басқа жана.
Сегізі – орыс, мұсылман – жиырмасы,
Мұғалім өткерілген өңшең жана.

Аксамақ тұлпар – өрден, сұңқар – төрден,
Ер жігіттің ажалы – бейнетқордан.
Баскарып соның бәрін жөндестіріп,
Кер Керей берген бұйрық Орынбордан.

Дүниеге жігіт еді берік, ұқыпты,
Шалдырмас-ау, деуші едік жанға тіпті.
Барған соң [секретарь] қып қосып еді,
Түбі – Тама, Садуақас Оспанбеті.

Екеуі жалықпастан тік тұрады,
Таңырқатып, тамсандырып қыр мен сырды.
Он төртінші интернат бос тұр еді,
Өзі барып, тіленіп соған кірді.

Жалғанға кім бар дейсің жарып тұрған,
Қалжырап әркімдер-ақ ұрып тұрған.
Интернат Әмен кірген он төртінші,
Бәрінің ең алды еді барып тұрған.

Дүниенің болып өткен бұл бір күйі,
Ташкенттің қыбырлаған жаны жиі.
Артығырақ екі жүзден бала оқиды,
Сонда еді ойын-сауық қылып үйі.

Жаманға арам онда аяқ басу,
Жақсыға күлі түскен судай тасу.
Орысша – сад, қазақша – бау-бақша бар,
20-30 сад мөлшері онан да асу.

Ауында егілген барлық түгел жеміс,
Жасаған бір мүлтіксіз қылып тегіс.
Жаз күні бұл жалғанның жәннатындай,
Жарастықты бір жалған болған тегіс.

Ежелден ерге бейнет ұрғашыдан,
Елжіреп іш ерумен көз жасынан.

1921 жылы 18 июнь күні Ташкенде қаза болған, бір кедейдің сатылған қызын аяп, жоқ жерден жетті-ау ажал болмашыдан.

Мезгілсіз іңір кезі суға барып,
Дұшпанға аңдып жүрген ұшырап қалып.
Төрт [переселен] орыстар қызыл бастың,
Екі бірдей бүйірінен пышак салып.

Байқамай кұр қол ғой деп араласып,
Қашаған ә дегенде, топырақ басып.
Жаннан күдер үзген соң тұр қашаған,
Екі қолымен ұстап бүйірін басып.

Алкынып, өкпе аузына тығылады,
Төрт кісіге бір кісі не қылады?!
Жүз сара жандай жер еді судың басы,
Келсе келіп жетіп, зорға жығылады.

Іс болды таң-тамаша көргендерге,
Шығалмай кетті есіл ерге биік өрге.
– Кім тиді, не болды? – деп сұраушыға,
– Дұшпандар! – деген қане келген тілге.

Тасқа таңба баскандай аққан қаны,
Неден өлдім дегендей, міне, таны!
Көр ит түрі жоқ бас көтеріп,
Сағат он бір болғанда шықты жаны.

[Начальник милиция] қабарланып,
Мұғалімдер білдірген түнде барып.
Ұстап ап персианды жолдасымен,
Түн ішінде түрмеге қойған салып.

Өлгені отыз үште, кыршын еді жасы,
Ташкентте екен тата тән сыбағасы.
Қазактын аты аталған жастарының,
Қосылды таң атқан соң тегіс басы.

Бәрі де оқымысты, уыз жастар,
Бірге ойнап, бірге жүрген замандастар.
Үш жүзден, жиылған жан, асқан шығар,
Ығай мен сығай, өңшең асыл тастар.

Қыз-қырқын, толып кетті қатын-қалаш,
Орыс, казак, ноғай мен сарт аралас.
Өлімі көп тіріден артық болып,
Осындай сый құрметпен көмілді жас.[120]

Әмен Көпеев өлеңі

1916 жылы казактан жігіт жинағанда бара жатып, Әмен ел-жұртқа айтқаны.

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Құбылып толқын боп тұр барша ғалам.
Қалдырып қор боларға өрнек үшін,
Кетейін бір сөз сөйлеп, келсе шамам.

Не келер қанша айтқанмен біздің қолдан,
Жазуы бір тағдырдың не дүр шарам?!
[Істемей] ауыр жұмыс жүрген басым,
Жеріне [Кавказ арман (армян)] қалай барам.

Қойша іріп [призывка] қамағанда,
Аққан жас екі көзден тарам-тарам.
Ұлықтан құрық түсті басымызға,
Жан сақтап, паналауға қайда қалам?!

Солдаттар қойша іріп айдағанда,
Құр сұлдең жүре алмайсың, басып қадам.
Не ғилаж қолымыздан келмеген соң,
Қарата Керекуге бастық қадам.

Он тоғыз-отыз бірмен сөзімізге,
Айтқаны болды өтірік барша ғалам.

Біреуі – бай, біреуі – жалғыз, біреуі – нашар,
Үштен бір, аяғанмен, қалды ма адам?!
Біреуден тегіс кеткен үшеуден бар,
«Патшадан үлгет бар», – деп болдық алаң.

Үйден бір басып қадам шыққанан соң,
Немене көрген күнім бәрі қараң.
Мысалы ақыреттің тозағындай,
Жарық етіп шығып жатыр қалған адам.

Тағдырдың кірмесіне кез болыппын,
Дәрмен жоқ үзіп кетер не дүр шараң.
Басыма мұнан бұрын қалған орнап,
Таудан зор тастан қиын бар бір жарам.

Қор болар қиын екен ойнап күлген,
Бас қосып бір табақтан жеген тағам.
Жақсы күн қалғанға да тумай тұр ғой,
Айырылып қызық көрер заманадан!

Жаркырап ай мен күндей келер едің,
Құламай аман өтсең бағанадан.
Не болар артық қалған үйдің жәйің,
Тұрған соң бала айырылып ата-анадан?!

Жоқтығы шешем үйде ойға түсіп...⁴ [121]

Әмен сөзі

Ешкімге сеніп тұрма ағайын деп,
Шайнаса қылқынып тұр шағайын деп.
Әкең менен туысқан арыстан жат,
Нағашың тұр қазықтай қағайын деп.

Дәулетің, бағың болса, дұшманың құл,
... дос боп тұрғанын несібең мол.

Бастан бак, уысыннан дәулет кетсе,
Жанашыр бір досың жоқ айтқаным сол.

Қыз апан малың болса, күйеу жезде,
... түстік болса кештік бізде.

Әкең – жат, балаң ... қатының – жау,
Қолыңнан дәулет тайып кеткен кезде.

Келін бар, шолақ айғыр, бой бермейтін.
Қадірлеп алсаңдағы өткен кезде.[122]

Мұхаммедәмен өлеңі

(бірінші)

Балалар, сабак оқы, көңіл қойып,
Жастықты жібермендер текке жойып.
Жетілсең ғылым-білім пәнлеріне,
Қаларсың дүние, ақырет нұрға тойып.

Жастықта нәрлеп білім, оқы сабак,
Ашылмас оқымасаң көз бен кабак.
Бос қалсаң, хат танымай бозбалалар,
Біз оны деп айтамыз арам тамақ.

Баланы бер оқуға сол жасынан,
Алланың құр қалдырмай олжасынан.
Жұғады ғылым бойға төрт нәрседен,
Ата-ана, бала мен молла ықласынан.

Шықпайды бұл қазақта ықлас бірден,
Шығады мыңнан ...нан кемің керден.
Қосылса бұл төрт ықылас бір араға,
Табылар ғылым-білім онай жерден.

Көп уайым саңлаусыздың қарны тоқ,
Наданның бары бір бас, бары-жоғы.
Айтқаны ғаріптердің бар емес пе,
– Артық, – деп наданлардан аттың боғы.

Оқындар надан қалмай жас балалар,
Ыстықта шатыр керек бас паналар.
Надан жан еш нәрсеге жарамайды,
Отын боп ат тезегі отқа жанар.

Қадірлер қазақ жұрты тезек отын,
Наданның көрер күні бықсық түтін.
Балалар ғылым оқып, білімді бол,
Іздесең дүние, ақырет түгел бүтін. [123]

Мұхаммедәмен өлеңі

(екінші)

Жігіттер, жарамайды қарап жүрген,
Дұшманның жақсы болмас тіліне ерген.
Пендеден болған іске кім жарайды,
Әркімге не берсе де Құдай берген.

Не керек у... жоқ қорқақ талап,
... жүре бердің босқа қарап.
Құр қалған мезгілінде сыбағадан,
Ішкенмен ас сіңбейді бойға тарап.

Жүргеннің біз біреуі босқа шауып,
Далбаса әр жұмысқа көңіл ауып.
Жатқанға шалқасынан дәнемеде жоқ,
Жоқ жерден ... алар тауып.

Тау шыққа жеткізала менің қолым,
Салмақты саз балшықтай ауыр жолым.
Жалқаулық жау болғанда, ұйқы дұшман,
Секілді екі уәзірмен

Ұйқы боп есіл-дертім ойлағаным,
Бет қайтып бұл жұмысқа тоймағаным.
Тілеп ап қоршылықты бір басыма,
Жалқаулық дариясына бойлағаным.

Балшықтан біз бір сауыт жасап қойған,
Көп шығар залал көріп бізден тойған.
Жетекке олай-бұлай ере берсен,
Семіртіп нәпсі залым сені сойған.

Бермеңіз әл барында бұған ерік,
Ғазап жок, өзіңе-өзің болсаң берік.
Жігіттер, халал жолдас ғылым-білім,
Тауып ал, күні бұрыннан жанға серік.

Айнадай көңілімді түзең басқан,
Тот басып, бу мен түтін араласқан.
Бұлтиып балалардай ауыз басы,
Бозбала бұл күнде көп құты қашқан.

Сол тауар қалдырмаса айтқан тілді,
Ұстауға бәріп бірдей керек елді.
Артына қайырылмастан бәрі жатыр,
Санасаң ай мен жұма, күн мен жылды.

Кім білер іштегі сырды айтпаған соң,
Күнәдан күншіл болар айтпаған соң.
Әр нәрсе кетеді екен ғәдет болып,
Жиреніп аяқ-колды тартпаған соң.

Бірталай келіп қалдық біз де жасқа,
Мас болып жүрген жан көп
Тауып қал жолдасыңды көрге түспей,
Болған соң, ешкім ермес жаны басқа.

Сол жайда шын жылайтын досың қайда,
Ол жерде құны бірдей жарлы байда.
Тауып ал, күні бұрын көрге түспей,
Өкініш іс өткен соң, бермес пайда.

Барады босқа өтіп ай мен жылым,
Табылмай тұрғандықтан бізден білім.
Ұйқыдан бір басынды көтермейін,
Сізлерге не сөз айтам жұртым, елім.

Жалғанда жоқшылықтан болмас жаман,
Саладау әрбір күйге сұмрай заман.
Тағаның мұзға салар жоқтығынан,
Болсаң да жүйрік жорға, болдың шабан.

Жаз тамыз ашылмайды біздің қабак,
Біз жүрміз жалқаулықтан алып сабак.
Баққаны ертеңді-кеш ұйқы болып,
Жігіт көп толып жүрген арам тамақ.

Құтылмас, қылса талап жігіт жастан,
Бозбала пайдасызға болма мыстан.
Уақытында ғапыл болмай, талып қал,
Артында атың қалсын, болып дастан.

Жалқаулық бозбалаға болса жолдас,
Ат койса, обалы жоқ, оған оңбас.
Сәуірдің жазғытұрғы бұлты айланып,
Кежірлік – бір туысқан болып құрдас.

Дұрыс қой, насихат қып айтқан сөзің,
Қылмайсың біле тұра бірақ өзің.
Болса да құмырсқаның илеуінде ...
Дүниеге тояр ма екен екі көзің.

Жамандық өлшеуі жоқ, жатыр толып,
Дүниеге біз барамыз, шұғыл болып.
Осындай жыл болған соң қатты шуақ,
Қызыл гүл май айында жатыр сұлап.

Жұмыс жоқ, бізде тұрған оңға басып,
Қоңыздай нажастарды жиып-тасып.
Бозбала қатын алсаң жас күнінде,
Білімің шықпас сенің ойдан асып.

Көп болды дер күнімде жүрген жасып,
Қатынсыз іс қыралмас білімі асып.
Жаман сөз күнде естіп миды ашытып,
Барады жылдан-жылға пейіл қашып.

Ішкенмен қанша бойға сіңбейді ас,
Болған соң, айтқан сөзім, өзіме қас.
Өртендім мынау жұрттың мінеріне,
Ұйқыдан жатқаннан соң, көтермей бас.

Есекке нардың жүгін жүрген артып,
Аққұла өзге жаннан бейнет тартып.
Қаншама жақсылықтан болса да уайым,
Сұрандар жібермейді бізді тартып.

Ұйқы боп өнеріміз тапқан біздің,
Білмей ме қайсы екенін басқан іздің.
Алтын деп түсірмейміз қолдан-қолға,
Танымай леп бергеннің сары жездің. [124]

Хазірет Әли кәрамаллаһ уажһнің ғибратлы әңгімесі

Жад еттім бір азырақ Ғазиз атын,
Иә, Аллаһ, қабыл қылғыл мінәжатым.
Бұл дүниеде адамларға ғибрат үшін,
Айтайын ер Әлинің риуаятын.

Риуаят имамлардан бізге қалды,
Сахабалар пайғамбардың тілін алды.
Атаңнан айналайын Шәһимардан,
Наданды талай-талай жөнге салған.

Білген жердің жүзін пайғамбары,
Кіші төрт жарынын – Әли.
Айтайын ер Әлинің бір киссасын,
Қалсын да бізден біраз жәдігері.

Пайғамбар үмметіндей үйретті,
Әлині: «Арсыланым», – деп еркелетті.
Әлинің патша болған заманында,
Өзі сараң, бір надан бай болыпты.

Ол байдың тамам жаннан дәулеті мол,
Шариғатты ойламай жүріпті сол.
Өзі сараң, ешкімге дым бермейді,
Хайр, ихсан, сауаптан жепті қол.

Алдаған сараң байды дүние бок,
Жинаған күміс – хисабы жоқ.
Үйіне қонақ келсе, жолатпайды,
Асында – ғушур, малында зекеті жоқ.

Өзінің мұсылмандық белгісі бар,
Істеген бұрын ғадат үлгісі бар.
Намаз, ораза, зекетпен жұмысы жоқ,
Сараңдықта еш адам болмайды пар.

Бар екенін біледі бір Құдайды,
Көңілінен салды Құдай осындайды.
Үйіне қонамыз деп келген болса,
Ұрып-сабап жіберген бірталайды.

«Сараң бай», – деп атанды тамам жанға,
Мінезін естігендер қалды таңға.
Қайыршы келсе, сабайды байлап қойып,
«Уа, ху шаш, – деп, – аңыз қыпты Қарынбайға».

Айтады қайыршыға:

– Нең бар мұнда,

Менен басқа бай жоқ па өзге алдында?!

Келген қонақ сұраушыдан кетті мазам,

Басқа жақта ел болса, бар, кет сонда!

Жоламастан түңілді жанның бәрі,

Бай-кедей, қатын-бала, жас пен кәрі.

Молдалар шариғаттан сөз сөйлесе:

– Мазамды алмай, жүр, – дейді, – әрмен әрі!

Бір күні бір сахаба барды дейді,

Пейілі сараң байдың тарылды дейді.

– Ұрысың ғой мезгілсіз қаңғырған! – деп,

Ұрып-сабап бастарын жарды дейді.

Байғұсты ұрып-сабап салды дейді,
Пәлеге құтылмастай қалды дейді.
– Сен неге келдің сұраусыз?! – деп,
Қысымға неше түрлі алды дейді.

Сахаба түк айта алмай жаман састы,
Сараң бай ашуланды қара басып.
Үйі деп барлаған боп қойған екен,
Бейшара ептеп зорға кетті қашып.

Өзі батыр, сахаба, асқан ерді,
Сараңнан байқаусызда қорлық көрді.
– Қонба, – деп, – мені мұндай сабады! – деп,
Әлиге ертең келіп арыз қылды.

Естіген соң таң қалды жұрттың бәрі,
Сахаба хайран қалды баршалары.
Басы-көзі қан болып келгеннен соң,
[Анык] естіп біліпті хазірет Әли.

Әли ойлады: «Ол байға барайын!» – деп,
«Сараң байды бір сынап қарайын!» – деп.
Үстіне жаман-жұман киім киіп:
«Қайыршы боп, бір қайыр сұрайын!» – деп.

«Бір рахым ол байғұсқа қылайын!» – деп,
«Әуелі қайыр сұрап алайын!» – деп.
«Дұға қылып халіне бейшараның,
Жолына шарифаттың салайын!» – деп.

Әли айтты:

– Ашуланба оған, – депті,
– Тілектес боп тұрыңыз мұна, – депті.
– Құдайым бейшараға тауфик берсін,
Жолдас қылып берейін саған! – дейді.

Мұны айтып бір есекті мінді дейді,
Ақылы таксыр ердің кең-ді дейді.
Қайыршы бір елеусіз мүсәпір боп,
Үйіне сараң байдың келді дейді.

Аулына қайыр сұрап Әли келді,
Ол байға тастай жүрген сәлем берді.
Қараса киімі жүн, түсі көркем,
Кісіні келіп тұрған көрді дейді.

Қасына жақынырақ жетіп кепті,
Әлині көргеннен соң есі кетті.
– Өзіңнің киімің жаман, түсің жақсы,
Шаһарда мен көрмеген кімсің?! – депті.

– Мен жүрген мүсәпір елдің! – депті,
– Байлығыңды естіп, білдім! – депті.
– Құдай үшін бір нәрсе бере ме деп,
Мен сізді әдейі іздеп келдім! – депті.

Үйіне кіріп кетті жауап алмай,
Сөзіне Құдай деген құлақ салмай.
Үйінен шыға алмады ашуланып,
Әлинің найбатына шыдай алмай.

Сонда Әли сөйледі тыста тұрып:
– Менің бір батамды алшы, қайыр берем!
Ұруға бұрынғыдай бата алмапты,
Әлинің арсыландай [формын] көріп.

– Маған біраз қайыр бер, тілімді алсаң,
Сөзіме сауап болар, құлақ салсаң.
Әй, сорлы ақиретте анық болар,
Қайыр беріп, аз ғана батамды алсаң!

Әй, байғұс, қайыр берші, маған деймін,
Мен разы болайын саған деймін!
Бермесей қайыр-зекет бұл дүниеде,
Барғанда ақиретте жаман дейді!

Ғәзірейіл бұл жаныңды алар деймін,
Қу басың көр астында қалар деймін!
Бұл малың жылан менен шаян болып,
Жабылып сол уақытта талар деймін!

Ауылына келген екем кешке таман,
Бұл сөздің сараң байға бәрі жаман.
– Беретін бір тиын жоқ қайыршыға,
Мезгілсіз мазамды алған қандай надан?
Батаңменен [басқаны] жарлығасаң,
Тентіреп елден елге не ғып жүрсің?!

Сөзіне сараң байдың қайран калды,
Ерлігі тағы қысып ойына алды.
Бір сойқан осы шалға қылайын деп,
Ер Әли:

– Шапшаң шык! – деп айғай салды.

Даусынан қорыққанынан шыға келді,
Шыдай алмай жарты тілім нан әкелді.
Ішінен бір теңге бергендей боп,
Үйіне қайғы тартып кіреді енді.

Сараң бай танымады Әли ерді,
– Байғұс бір қайыршы шал ғой! – деді.
– Пендене тауфиқ берші, Құдай-ау! – деп,
Хайран боп, батыр Әли жүре берді.

– Құдай-ау, жаратпасаң неге мұндай,
Қорыққанынан жарты тілім нанын берді!
Ішпей-жемей қайыр зекет бермей жиып,
Қайтеді бұл опасыз жиып малды?!

Әли батыр үйіне қайтып келді,
Бастан-аяқ көргенін айтып келді.
– Бір күн көрге жатқанға мың диллә беремін, – деп,
Жар салып, жинап алды тамам елді.

– Жан қалмай шақырған соң келсін! – дейді,
– Менің патша екенімді білсін! – дейді.
– Кім жатар бір күн көрге мың диллә алып,
Салтанат тамашамды көрсін! – дейді.

Жар салды осылай деп хазірет Әли,
Бұл хабарды естіпті жанның бәрі.

– Көрге жатып, мың диллә аламын, – деп,
Жиылған айта алмады жас пен кәрі.

Бұл хабарды естіпті ол сараң бай,
Үйінде сараң қылған патша Құдай.
– Тегін жатқан олжаны алсам ба? – деп,
Байдың көңілі толқиды олай-бұлай.

Ер Әли тамам елге хабар шашты,
Мінген осы олжадан жарамапты.
– Тегін жатқан олжаны алайын, – деп,
Сараң бай қатынымен ақылдасты.

– Әй, қатын, патшаға барсам ба екен,
Ерлік қып, қалың топты жарсам ба екен?!
Бір күн көрге жатқанға нем құрайды,
Бос жатқан дилләні алсам ба екен?!

Қатын айтты:

– Отырсаң көтің қысып,
Тірідей не қыласың көрге түсіп?!
Тілімді алсаң, қызықпа, осы олжаға,
Бара ма жәй отырсаң ішің пісіп?!

Ешбір адам патшаны жеңе алмады,
Не айтса патша сөзін кек алмады.
Шаһарда сенен батыр толып жатыр,
Оңай болса, көрге түсіп, неге алмайды?

Қорықпа, бәрі соның жүрегі жоқ,
Көңілі тасып тұрған зерделі жоқ.
Тегін жатқан олжа деп қызығасың,
Сөзіңнің былшылдаған керегі жоқ.

– Адам деп сөз айтып ер сені! – дейді,
– Текке қорқып, келемеждейді.
– Тегін жатқан олжаны алма дейсің,
Құртарсың бүйте берсең мені! – дейді.

– Бір күн көрге жатқанға қылма жауып, -
Сараң бай тұр барайын деп көңілі ауып.
Немкұрайлы жатқанға бір күн көрге,
Тегін олжа алайын ебін тауып.

Сараң бай акша алғалы келді дейді,
Бұрын мұндай көрмеген елде дейді.
– Патша, дилләң қайда?! – дегеннен соң,
– Түсірейін мұның енді білді дейді.

Сараң бай осы топқа келді жетіп,
Көрмеген адамдарды тамаша етіп.
Алдына кеп патшаның сөз сөйлейді,
Ойында диллә алам деп үміт етіп.
– Әй, патша, тағыңызбен ағар! – дейді,
– Ғарібін талап қылып бағар! – дейді.

Бұл байдың қайран қалды сөздеріне,
Еш нәрсе көрінбеді көздеріне.
– Кім жатса осы көрге беремін, – деп,
Мың дилләні көрсетті көздеріне.

Әли айтты:

– Патшалығым менің, – дейді,
– Алғаны бір мың диллә тегін, – дейді.
– Қорқып көрге түспеді өңшең жаман,
Көрейік ерлігінді сенің! – дейді.

– Падиша, ризамын саған, – дейді,
– Қылайын қызметінді тамам, – дейді.
– Бір күн тамам біткенше қасымызда,
Кісілер тамам қып қой маған, – дейді.

– Қызметінді асырмалық күннен әрі! –
Бұл іске қайран болды хазірет Әли.
Тұрады осы жерде жанның бәрі,
Бір күн тамам біткенше жібермеймін.

Мақұл көріп ол көрге жатпақ болды,
Бір күнін мың дилләға сатпақ болды.

Жатқан соң сараң байды көр ішіне,
Аузын кәдімгідей жаппақ болды.

Бір күн көрге жатуға ерінбейді,
Өз малы биттей көзге көрінбейді.
Өзге жұрт қайран қалып қорқып тұрса,
Сараң бай:
– Диллә алам! – деп күлімдейді.

Ол көрге:
– Диллә алам! – деп жатты дейді,
Беттерін қараңғы қылып жапты дейді.
Қараңғы көр ішіне жалғыз жатып,
Алаңдап жан-жағына бақты дейді.

Көрге қойып, қырық қадам кетті дейді,
Әли Арсылан қолынан жапты дейді.
Жан-жағына ол байғұс қарап тұрса,
Бір нәрсе жарқ-жұрқ етіп кепті дейді.

Ол нәрсе келе жатыр түсі суық,
Мұндай нәрсе көрмеген өзі түсіп.
Бір ерні жерді, бір ерні көкті тіреп,
Тілімен бұл дүниені алды бөлін.

Көрінген жылан екен келді жетіп,
Тілдерін олай-бұлай жалаңдатып.
Аузына жарты тілім нан жабысып,
Сонан кейін ол жылан қалды кетіп.

Онан соң Мұңкәр-Нәкир келді жетіп,
Күрзісі таудай екен қолға тұтып.
Көзі жалғыз жап-жалтыр табақтай боп,
Сараң бай қорықты жаман есі кетіп.

Көзінен от шашырап тұрды дейді,
«Мән раббик!» – деп жауабын сұрады дейді.
– Аулақ, қондырмаймын! – дегеннен соң,
Күрзімен ашуланып ұрды дейді.

Күрзі тиіп, дал-дал боп кетті сонда,
Салмағы кара жерге жетті сонда.
Періштелер бөлегін жиып алып,
Ақылын әуелгідей етті сонда.

Сараң бай ойбай салды сонда шошып,
Періштелер сұрайды түйіп-түйіп.
Дауысы талай жерге кетті дейді,
Жер келді екі жақтан бүйірін қысып.

Сараң бай көрде жатып салды ойбай,
– Қандай іске жолықтым, – дейді, – Құдай?!
– Малынан бермей аздырған! – деп,
Жылан мен шаян келді таудай-таудай.

– Түк бермей еш адамға жүрдің нағып,
Жарты тілім нан бердің кетті қағып?!
– Біздерді дүниеде аздырдың! – деп,
Жылан-шаян болып малдары жатыр шағып.

Сараң бай көрде жатып азап тартты,
Азаптың неше түрлі дәмін татты.
Періштелер ұрады күрзіменен,
Шакканы жылан-шаян онан қатты.

Сараң бай есектей боп бақырады:
– Ойбай, Әли, өлдім! – деп шақырады.
«Әли», – десе тоқтайды азаптары,
Періштелер: «Мэн Раббің!» – деп ақырады.

Сөзіне жауап таппай жатыр сасып,
Даусы нашарланды, халі қашып.
– Мен түйең, мен түйең, мен жылқың! – деп,
Жылан мен шаяндары кетті басып.

Сондай түрлі азаптың көрді бәрін,
Ойбай салып білмейді не қыларын.
Әлинің қасындағы көп адамдар,
Естіп жылап тұрды қатты зарын.

Сараң бай шыңғырады дамыл алмай,
Неше түрлі азапқа шыдай алмай.
Әлинің қасындағы тамам жандар,
Бәрі қорқып жылайды есі калмай.

Періште неше түрлі азап етті,
Құдайым оған берді мұндай дертті.
Неше түрлі шығады көрден дауыс,
Естіген адамдардың есі кетті.

Жамағат сонда тұрып жалынды көп,
Бәрісі ақиреттің қайғысын жеп.
– Әй, таксыр, енді қорқар қияметтен,
Байғұсты енді көрден алыңыз?! – деп.

Дауысы сонда шықты қимақ жаман,
Қорыққанынан жылайды талай надан.

Ащы дауыс шыққан соң халі қашты,
Баршасы көрге қарай қадам басты.
Тазалап үстіндегі топырақ, тастың,
Сағат жарым болғанда аузын ашты.

Қараса, шала-жансар болған екен,
Көріне жылан-шаян толған екен.
Ажалсыз жан шыға ма жамағатлар,
Азапты шыбын жанға қылған екен.

Біреуі таста тұрып сәлем берді,
Иә, Аллаһ, асан қылғыл ондай жерді!
Құдайдың құдіретімен ол сараң бай,
Бір сағатта қырық жылдық азап көрді.

Талқан қып бұзып алды жапқан көрді,
Сараң есі ауып құлап қалды.
Барша жұрт қайран қылды Әли ерді,
Отырғызып арбаға сап алып келді.

Бір күн, бір түн ол байғұс жатты талып,
Жаны бар кеудесінде қойды салып.

Әли батыр дем салып қойған екен,
Кетерде сонда бас демін алды.

Ол байғұс бір күн, бір түн талған екен,
Құдайым мұндай күйге салған екен.
Қозғалмай отырды қайран қалып,
Қалжырап есі кетіп қалған екен.

Жарадан сау жері жоқ тұла бойы,
Жабылып шаккан екен жылқы, койы.
Сол бойымен сараң бай өліп кетсе,
Өлгенде болар еді-ау үлкен тойы.

Бай сөйледі:

– Жарандар, келдім қайдан?
Етімнің сау жері жоқ мынадайдан!
Төңірекке қарайды көзін салып,
Енді сөз естіңіз сараң байдан.

Бай айтады:

– Ауылдан келдім мұнда,
Түсіме менің жетті бір мың диллә!
Есіме жаңа түсті, мен сөйлейін,
Қандай күйге мен түстім көр ішінде!

– Жарандар, көрге түсін жаттым! – дейді,
– Өз жаныма жамандық еттім, – дейді.
– Шапағат кылса, таксыр мен ғарибке,
Болмаса су түбіне кеттім, – дейді.

Жылап-жылап ол байғұс тағы қалды,
Бірнеше шошып, қорқып ойбай салды.
Біразырақ жатты да, есін жиып,
Көтеріп басын жерден демін алды.

– Енді білдім, бұл дүние өтеді екен,
Түбіме жиған малым жетеді екен.
Бұл малды көбейтем деп жинағандар,
Жанына арап залал етеді екен.

Мен сорлы диллә алам деп көрге жаттым,
Қырық жылдық көр астында азап тарттым.
Жалғыз ғана бір жылан тимей кетті,
Азаптың онан басқа бәрін тарттым.

Малдар жылан-шаян болды, – дейді,
– Көр ішіне баршасы толды, – дейді.
– Екі кісі сұрайды: «Мән раббик», – деп,
Сөйлесем, күрзіменен ұрды, – дейді.

Көрмеген екеуінің түсі суық,
Ондай адам көрмедім өзі тойып.
Маңдайында көзі бар бір табақтай,
Аузынан от шығады, кеттім күйіп.

Көп азаптың айтамын енді несін,
Қорыққандықтан қалмады биттей есім.
Өз малым ғаріп жанға дұшпан екен,
Шіркінді жанға бермей, досым десем.

Жылан мен шаян басты қазған көрді,
Баршасы – өзім малым, көзім көрді.
Бір малың зекет бермей аздырғандай,
Жабылып мен байғұсты талай берді.

Азапқа шыдай алмай көп жыладым,
Уайым соның үшін жеп жыладым.
«Енді өлсем, тағы сондай қылады! – деп, -
Құтылар күн бола ма?!» – деп жыладым.

Азапты қатты көрдім малым үшін,
Күйіп-жанып барады іші-тысы.
Өз малым өз жаныма дұшман екен,
Иә, тақсыр, шапағат қыл жаным үшін!

Дүниеде жан жоқ екен мендей болған,
[Ерінбей] өлгенінше дүние құған.
Өкінін өз ісіне бұл бейшара,
Көзінің жасыменен бетін жуған.

– Мен бұрын бұндай істі білмес едім,
Құлаққа айтқан сөзді ілмес едім.
Мұндай азап боларын бұрын білсем,
Бұл жерге: «Диллә алам!» – деп келмес едім.

Ешкімнің алмаушы едім насикатын,
Көп дүнием үшін көр... .
Ей, тақсыр енді білдім бұл ісінді,
Көрсін деп маған қылған мархабатың!

Сонда Әли сипады басын, көзін,
Басына жастық қылды екі [тізесін].
– Бейшара, көп жылама, басың көтер,
Мәхкам тұт, шарифаттың айтқан сөзін.

Бұл істі бір Құдайдан білгіл! – дейді,
– Соңынан шарифаттың ергіл! – дейді.
– Жиған малың өзіңе шаян болды,
Дұрыстап зекетінді бергіл! – дейді.

Құлшылық күндіз-түні етті дейді,
Айтқаны шарифаттың күшті дейді.
Қаза намаз, оразасын жиып алып,
Сонан соң тақуа боп кетті дейді.

Ол байғұс тақуа боп дінін күтті,
Сұрады күндіз-түні шарифатты.
Бұрынғы істеріне тәубе қылды,
Мейман күтіп, онан соң өмірі өтті.

Қазасын руза, намаз жиып алды,
Байғұсты Шаһимәрдан жолға салды.
Шарифаттың мәхкамін ұстап,
Ақырда иман тауып, дүние салды.

Жарандар, алдап жүр ғой дүние деген,
Жаксылар ақиреттің камын жеген.
«Әлбәхулә лә иадхулүл жәннат уа ләу кәнә зәһидән», – деп,
Көрмейді бейіш жүзін сараң деген.

Бұл айтқан пайғамбарым бір хадисі,
Түзу жолдан азбасын әр пендесі.
Дүниені бұл тіріде қимағандар,
Қор болар ақиретте ғазиз басы.

Әркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жәйіміз қайдан болар махшар күні.
Бір Аллаһ, рахметің көп, жарылқағыл,
Ғафу қыл, мен ғаріптен көп күнәні!

Баршаға ғибрат үшін жанан сөзім,
Басқаға ғибрат болсын айтқан сөзім.
Не ғамал, не қайыр жоқ, біз ғаріпте,
Иә, Рахим, жарылқағыл жалғыз өзін!

Жарылқар сенен басқа кісім де жоқ,
Күнәдан қылар басқа ісім де жоқ.
Айтамын ғайсылықпен бұрынғыны,
Өз басыма келері есімде жоқ.

Көріп ем бір кітаптан осы сөзді,
Бұлайша келтіруге салды көзді.
Баршасын сөзден шығарып, өлең қылдым,
Жамағат айып қылма енді бізді.[125]

Мәшһүр Жүсіптің Омар туралы дастаннан үзінді

Намазға, ол жарылға барғандарды,
Отызға мені: «Хақ!» – деп алғандарды.
Жарылға ойдағысын, түздегісін,
Бара алмай, оқып ойда қалғандарды!

Мені сүйер кімде-кім сені сүйсе,
Кім азапта түседі қуадай (құдай) десе?!
Кімде-кім бір сәждеге басы тисе,
Өкпеле мақшар күнде.

Артымда, аһ, дариға үмбет қалды,
Қинап өкет үшін шыбын жанды.
Намазды жөнін біліп оқи алмай,
Жарлықа: «Лә иләһә иллаллаһ!» – деген жанды.

Өтіпті үммет үшін жаның қинап,
Үмметке, иншаллаһ, жоқ қиындық.
Оларды мақшар күнде жарылғасын,
Қалғанын үмметтің сонда жылап.

Иә, рахмат, әһи үммет, хайран үммет,
Жан – үммет, [тәнім] – үмметім, қайран үммет.
Салауат жүз қаксасам, бір айтпайсын,
Боласың Мұхаммедке қайтып үммет?!

Үмметін өлерінде тілеп алған,
Қасына Әбу Бәкір жақын барған.
[Фазыл] ибн Ғаббас пен Әли батыр,
Сахаба намаз қылсын өзге қалған.

Жатты өлерінде беті терлеп
– Құдай ... үмметімді бере көр! – деп.
Басқалар не дегенін біле алмайды,
Жатыпты: – Үмметім! – деп көп күбірлеп.

Қасына Айша анамыз барған екен,
Құлағың ақырын ғана салған екен.
Айтыпты: – Ой ұнамаса ой үмметі! – деп,
Ғәзрәйл сонда жанын алған екен.

«Лә иләһә иллаллаһ», иә, Раббым Хак,
Нәбиім бар дүр менің: ол – Мұхаммед.
«Саллаллаһу ғаләйһи уа сәлләм,
Уәсәллимү тәслимә һум таибәт».

«Әссалату уассәләму ғаләйкә иә Ахмад,
Һум хамид һум махмудсін һум Мухаммад.
Бәхаддид уали ғәдәд болсын рахмат
Мұстафа уа м...бә иә мархаба».

«Әссалату уассәләму хабибаллаһ
Уассалату уассәләму нәбиаллаһ».
Кімде-кім салауат айтса саған
Дәулетін екі дүние берсін Аллаһ.

Мұхаммед айналайын дүние салды,
Жанлары нұрдан болған нұрға барды.
Дүниесі тілегінше жерде болып,
Шарапат айрылмастай бізге қалды!

Су құйып ибн Ғаббас – Ғали жуды,
Мансабат [Мәдинаға], аны, туды.
Қылғасын әһлі емек зұмыр асындан,
Құдай-ау, көтергенде жан туды!

Аспанда хатаб келді бір Мубашшир,
Һәм таһир, һәм мутаһһир, ол – Мұхаммед мутаһһир.
Салауат етті: «Әуел нұр құдыретім,
Одан соң періштелер сен мұны көр».

Жәбірәйл Микәйлмен тұрыпты оң,
Жәбірәйл, Ғәзрәйл тұрыпты сол.
Періште жаназаға симай кетті,
Хисабын Хактан басқа білмеді ешкім.

Онан соң шаһар, бар сахабалар,
Тұтыпты аһыл күбит тағзиятлар.
Аспанда – құс, дәрияда – балық, бақа,
Бәрі де паған тұтып жила диләр.

Шулады періштелер жерде, көкте,
Аспанда жер үстінде жын-перілер.
Жан жанатар, тау мен тас жусан,
Ағаш бәрі де бұл налысқа жылайды н... .

Жыламай адам пенде тұрсын қайтып,
Пайғамбар [жөнелгесін] қосын тартып?!
Ал, Мәшһүр сен һәм тәуәттил тағзиятын,
Хабанды тайқа тасын кегесін айтып.

Қан [күні] бір ғажайып сейсенбі күні өтіпті,
Расулуллаһ уақыты пешін.

Қол тағаларың мәйт уа әннәһум мәйтун,
Дәлелім бұл сөзіме аят, Құран.

Зар тұтып сахабалар сандалады,
Әғлә ғәлиинге жан барады.

Мұхаммед хақ Мұстафа о да өткенде,
Қане, өлмей, бұл дүниеден кім қалады?

Жайласын болып нұсқа Орта жүзге,
Бұл сөзім бір жерде түсер көзге.
Сөйледім өз жалмаша білгенімді,
Күтейін тағы бір сөз сөйлеп өзге.

Онан Әбу Бәкір патша болды,
Екі жыл төрт о дағы олды.
Ұжмақтың мақшар күнде кілтін ашып,
Кіргізер өзі сүйген мүмин құлды.

Онан сон жарым жыл бақырды Ғұмар,
Басқадан әділдікте артық Ғұмар.
Көтеріп дәуірінде сәләм днін,
Нәпәкат мың төрт жүрмәсжу өтті ғұр.[126]

Мәшһүр Жүсіптің Ғұмар туралы дастанынан үзінді

Намазға ол жарлықа барғандарды,
Ауызға мені: «Хақ!» – деп алғандарды.
Жарлықа үйдегісін, түздегісін,
Баралмай оқып үйде қалғандарды!

Мені сүйер кімде-кім сені сүйсе,
Кім азапқа түседі Құдай десе?!
Кімде-кім бір сәждеге басы тисе,
Өкпеле мақшар күнде отқа күйсе!

Артымда, әһ, дариға үммет қалды,
Қинап үммет үшін шыбын жанды!
Намазды жөнiн бiлiп оқи алмай,
Жарылған: «Лә иләһә иллә аллаһ!» – деген жанды.

Өтiптi үммет үшiн жанын қинап,
Үмметке ...иншә аллаһ жоқ қиналмақ .
Оларды мақшар күнде жарлықайын,
Қалғанын үмметiңнiң сонда жиып.

Иә, үммет, әһ үммет, хайран үммет!
Жан – үммет, [тәнiм] – үмметiм, ойран үммет!
Салауат жүз қақсасам, бiр айтпайсың,
Боласың Мұхаммедке қайтiп үммет?!

Үмметiн өлерiнде тiлеп алған,
Қасына Әбу Бәкiр жақын барған.
[Фазыл бен], Ғаббас пен Ғәли батыр,
Сахаба намаз қылсын өзге қалған!

Жатыпты өлерiнде бетi терлеп,
– Құдай үмметiмдi бере көр! – деп.
Басқалар не дегенiн бiле алмайды,
Жатыпты:

– Үмметiм! – деп көп күбiрлеп.

Қасына Айша анамыз барған екен,
Құлағын ақырын ғана салған екен.
Айтыпты:

– Әй үмметiм, әй үмметiм! – деп,
Ғәзiрейiл сонда жанын алған екен.

«Лә иләһә иллә аллаһ», иә, Раббiм Хақ!
Нәбиiм бар дүр менiң: ол – Мухаммад
«Соллаллаһу ғәләйһи уас сәләм уа сәллим
Тәслимән һәм таиибәт».

«Әссолату уас сәләму ғәләик, иә, Ахмад,
Һәм Хамид, һәм Махмуд, һәм Мухаммад.
.... уа би ғадад болсын рахмат
Мустафа уа мубхәтәбә иә мәрхабан».

«Әссолату уас сәләму хабибаллаһ
Уас солату уас сәләму нәбиаллаһ».
Кімде-кім бір салауат айтса маған,
Дәулетін екі дүние берсін Аллаһ!

Мұхаммед айналайын дүние салды,
Жанлары нұрдан болған нұрға барды.
Денесі тілегенше жерде болып,
Шарапат айырылмас бізге қалды.

Су құйып ибн Ғаббас – Ғали жуды,
[Мисабіт] Мәдаинге, әні, туды.
Аспанда ... келді бір мубашир һәм таһир,
Һәм музаһир, ол Мухаммад мутаһһир.

Салауат айтты: «Әуелі өз құдіретім,
Онан соң періштелер сен мұны көр!»
Жәбірейіл Микайілмен тұрыпты оң,
Исрайіл Ғәзірейілмен тұрыпты сон.

Періште жаназаға симай кетті,
Хисабын Хактан басқа білмейді ешкім.
Онан соң шаһар, бар сахабалар
Тұрыпты әһлі бәитте тағзиатлар.

Шулады періштелер жерде, көкте,
Аспанда, жер үстінде жын-перілер.
Жан-жануар, тау менен тас, шөп пен ағаш,
Бәрі де бұл налысқа жылайды нали.

Жыламай адам пенде тұрсын қайтiп,
Пайғамбар жөнелген соң қосын тартып.
Алама ...сен һәм тұтқыл тағзибатын,
... тақатсын кенесін айтып.

Қай күні бір ғажайып сейсенбі күн,
Өтіпті Расулаллаһ уақыт пешін.
Қауләһу тағала мәиит уа раббинһум мәиитун
Дәлелім бұл сөзіме аят, Құран.

Зар тұтып сахабалар сандалады,
Әглә ғәлиинге жан барады.
Мұхаммед, хақ Мұстафа о да өткенде,
Қане, өлмей бұл дүниеде кім қалады?

Жайылсын болып нұсқа Орта жүзге
Бұл сөзім әрбір жерде түсер көзге.
Сөйледім өз халімше білгенімді,
Кетейін тағы бір сөз сөйлеп өзге.

Онан соң Әбубәкір патша болды,
Екі жыл төрт ай тұрып, о дағы өлді.
Ұжмақтың, мақшар күнде кілтін ашып,
Кіргізер өзі сүйген мүмин құлды.

Онан соң он жарым жыл тұрды Ғұмар,
Басқадан әділдікте артық Ғұмар.
Көтеріп дәуірінде Ислам дінін,
Бинә қып мың төрт жүрміш өтті Ғұмар.[127]

Мәшһүр Жүсіптің «Әдһам диуана мен Ибраһим» дастаны

Жаратқан жан біткенді Жаббар Халик,
Жаратты аяқ-қолсыз суда балық.
Бұрынғы замандарда бір ғәділ жан,
[Балыхта] қылған екен патшалық.

Бітсе де қанша дәулет көз тоймаған,
Өтерін бұл жалғаннан кім ойлаған?!
Патшаның ғәділ болған заманында,
Қасқыр мен қой, жылан мен бала ойнаған.

Дариядан көктей өткен көпір салып,
Күншығыс, күнбатысқа даңқы барып.
Самарқанд, Бұхара, Ташкент – бәрін біліп,
Қытай мен Һиндустаннан ілім алып.

Дастан боп жұрт аузында қалсын сөзі,
Айтуға тұрарлық боп мұның өзі.
Жалғанда арманы боп бір құл перзент,
Болыпты біреуі жеткен жалғыз кызы.

Ұялар күннің көзі көрсе көркін,
Тұрады кімге дүние емін-еркін?!
Перілер сұқтанысып қалады екен,
Басына шықса киін кәмшат бөркі.

Сипаты десен болар хоралғы,
Ажары арта берген күн-күн сайын.
Бетіне алақанды сыйғызып,
Құдайым шебер кылып күн мен айын.

Жастықта біз білмедік нәпсі тия,
Кез келіп бір биік шың қызыл кия.
Сол қыздың ажар-көркін түгендеуге,
Шақ келем қағаз, қалам, кара сия.

Ойласаң, жалған кімге опа етті?
Айтуға екі ауыз сөз келді, кетті.
Мың ұлға бермей жүрген жалғыз қызға,
Бір күні тағдыр болып, қаза жетті.

Сөйдеткенде шығарып ер кісіні
... салыпты: «Жаназа!» – деп айғай салды.
Апарып терең қазып, көміп тастап,
Қоя барған көп адам қайтты көрден.

Неше гауһар қалмады жерде жатып,
Ыстық шілде, жаз күнінде мұз боп қатып.
Бір диуана бар екен оған ғашық,
Маңына келе алмай жүрген жанып.

Жолданды оң боп шатты күн туған екен,
Екі бетін көз жасы жуған екен.
Диуананың ғашығын біліп патша,
Бұл шаһарға жолатпай қуған екен.

Ықтиярсыз диуана кеткен екен,
Бұл ортада біраз жыл өткен екен.
Хан қызына ғашық боп, қолы жетпей,
Патша қаһар байғұсқа еткен екен.

Қыздың өлген қабары бұған жетті,
Отыралмай орнынан ұшып кетті.
– Өлген қыздың моласын қоримын! – деп,
Шаһар жаққа түзейді енді бетті.

Аузынан жалын, түтін дау-дау жанып,
– Иә, худа! – деп анда-санда демін алып.
Жаңа өліктің моласы ескіре ме?
Ешкімнен сұрамастан білді танып.

Моласының басына келін тұрды,
Тірлікте қыз қашан мойнын бұрды?!
Пенде қайдан біледі көріспесе,
Шеберлікпен Құдайдан болған сізді.

Жаймашуақ жаз болар, ғақраб [қауыс],
Ырыс-жұғыс деген сөз ақыл [ауыс].
Көр күзеткен кісідей тұрғанында,
– Мені ал, мені ал! – деген үн келді, қыздан дауыс.

Қыз дауысын естумен есі кетті,
Диуана боп жүрген несі кетті?!
«Шын дауыс па, өтірік бір нәрсе ме?!» -
Біраз тыңдап, дауысты тамаша етті.

Болжайтұғын ғайыпты жіті көз жоқ,
Қанша басса қарада қалған із жоқ.
Бой тоқтатып, құлағын салып тосса,
– Мені ал, мені ал! – дегеннен басқа сөз жоқ.

Мұны естумен Әдһамда ес қалмады,
Жан-жағына алаңдап көз салмады.
– Мен – диуана, ел кезген Әдһам атты,
Кісі елейтін, кісі ... затты емес.

Бұл айғайың қай айғай, шыныңды айт,
Не [кылмысты] пенде едің, қай сипатын?
Екі колдап топырақты шашып жатыр,
Кетпен, күрек, бір сайман қолға алмады.

Сорғалатты мандайдан ашы терді,
Тас топырақты дал-дал қып тастай берді.
Бір сағатта лақтырып аршып алды,
Кісі бойы қазылған терең көрді.

Арылтты моласының топырақ тасын,
Қыз сілкініп, көтеріп алды басын.
Неше ұмтылып орнынан тұра алмады,
Дәрмен жок, кимылдауға жауып шашын.

– Кетіпті әл-қуатым бәрі! – дейді,
– Он бес жаста болыпсың кәрі! – дейді.
– Ата-анама көйлекшең көрінбеуші ем,
Алысырақ тұр, [Жәкежан] әрі! – дейді.

Әдһам кейін шегінді бір-бір басып,
Тап-таза ғып моланы аршып-ашып.
Неше ұмтылып орнынан тұра алмады,
Не қыларын біле алмай, жаман сасып.

Тұруға келтірмеді қыздың ебін,
Әкеткен ашаршылық күштің көбін.
Бұлқынғанмен босатып жібермеді,
Оралып ширатылып қалған кебін.

– Жаксы адам келші жақын, бері! – дейді,
– Болғаным құрсын бүйтіп тірі! – дейді.
– Тұрғызшы қолтығымнан сүйеп! – дейді,
– Құдайдың бұл бір косқан жері! – дейді.

Әдһам келіп тұрғызды сүйеп қызды,
Жаға-жеңсіз оралған қымтап бұзды.
– Жұрт көзіне түсірмей, жылдамырақ,
Апар, – дейді, – үйіңе, енді бізді!

Басын буған, бес қамыс бас панасы,
Соған әрең жетерлік қыз шамасы.
Көрем деген мұндайды ойда бар ма,
Тәңірім басқа салған соң, жоқ шамасы.

– Базарға, кел кешікпей барып, – дейді,
– Ине-жіп пен бір оймақ алсын, – дейді.
– Кебінімді өзіме көйлек пішіп,
– Басқа жаулық қоятын салып, – дейді.

Базарға құр алақан барып келді,
Ине-жіп пен бір оймақ алып келді.
– Кебінімді өзіме көйлек пішіп,
Басқа жаулық қояйын салып, – дейді.

Көйлек киіп басына салды күндік,
Салғаннан Құдайдың бір дер күндік.
– Бір молданы алып кел адалдыққа,
Саған тиген диуанам бұл бір теңдік.

Бір бейшара молданы алып келді,
Келген молда құтбасын оқып берді.
Ойда жоқтан қиюын келтірген,
Шеберлігін Құдайдың танып білді.

Оқыған соң құтбасын молда кетті,
Бір-бірінен мұрадын хасил етті.
Игіліктің жоқ екен ерте-кеші,
Күдер үзген нәрсеге қалай жетті?!

Көрсетіп шеберлігін Хақ тағала,
Бере салды жылына жетпей жана.
Оң жолдыны, [ізгі] сағат сәтті күн,
Жарқ етіп туды күндей бір ұл бала.

Баланың Ибраһим деп қойды атын,
Жаратып Тәңір өзі нұрдан затын.
Әркімнің маңдайына біте бермейтін,
Көтеріп мұндай ұлды тапқан қатын.

Аз жылда жеті жаска бала жетті,
Таң қалып көрген жанның есі кетті.
Моллаға оқытуға оны беріп,
Көрген жан бұл баланы тамаша етті.

Балалар жұмға күні азат жолда,
Ойнаған көп балаға көше толды.
Көрген жан таң қалысып қарайды екен:
– Тапты, – деп, – қандай қатын мына ұлды?!

Тояды ішпей-жемей көрген жүзін,
Көзге іліп, сүрме қылып, басқан ізін.
Бір қатын бұл балаға қарсы ұшырады,
Емізген бала күнінде ханның қызын.

Баланы көрді тұрған таңдай атып,
Көргені көрген жанды таңырқатып.
Моншаға барып қайтып келе жатып,
Баланы көрді тұрған таңдай атып.

Жаңа туған айдай боп жарқ еткен соң,
Қатын сорлы сілейіп калды қатып.[128]

Ибраһим Әдһам сөзінен үзінді

Баладан тұрды қатын көзін алмай,
Көрген соң тұрсын нағып іші жанбай?
Өзі қолдан өсірген хан қызына,
Өсіпті түп-түгел боп аумай-талмай.

Құшақтап сүйді қатын қысып-қысып,
Балаға паруана боп мейірі түсіп.
От болып өртенуге жақындады,
Жүрегі қуанғаннан алып-ұшып.

Үйіне қатын соны ертіп барды,
Өрік-мейіз, кантпен берді енді.
– Күнде-күнде келіп жүр, карағым! – деп,
Жолына құрған қылдай шыбын жанды.

Жастар жаққа бастайтын көз болыпты,
Көп қаңғырған [әр іске] кез болыпты.
– Неге жақсы баланы көреді?! – деп,
Көп қатынның аузында сөз болыпты.

– Бір кедейдің баласы мұнша дәрі,
Үйір ғып жүр бойына қайдан оны?!
Құлағына ханымның салайық! – деп,
Қатын біткен жиылып барды бәрі.

– Ханым, сізге бір сыр бар сақтап жүрген,
Кісіңіздің ісі шықты мактап жүрген.
[Енекеңіз] жасырын ойнас бопты,
Диуанамен ел кезіп аттап ерген.

Үйір қылып Әдхамнің бір баласын,
Тауысатын болыпты барлық асын.
Үйір болып Әдхаммен алғандықтан,
Барлық ас аузында баласынын.

Дәнекерін біз білдік әрі сенін,
Алып жүрген арада (парасатын).

Естіген соң ханымды ашу қысты,
Жүрегіне өрт болып бір өш түсті.
– Енекені алып кел, – деді, – жылдам!
Көрсетейін оған да [әртүрлі] істі!

Бір қатын қуанғаннан жүгіріп кетті,
– Ханым шақырып жатыр! – деп алып жетті.
Келісімен қолға алды отырғызбай:
– Жанағы сені неден жын қағып кетті?!

[Баста миың] қай жақта кетіп қалды,
Неден мұндай ісінді Құдай алды.
Көр күзеткен Әдхамнің баласына,
Қалай бергіш боп жүрсің пұл мен нанды?!

– Рас, мен беріп жүрмін пұл мен нанды,
Нан түгіл берсем керек барлық малды.

Мен нан берген баланы көрсен,
Тұрмақ денеңдегі бересін шыбын жанды.

Кылған ісін Құдайының таң көремін,
Бір көрумен тоймайсын сан көресін.
[Дәл] өзіннің қызындай боп тұрған соң,
Сүйіп-сүйіп құшақтап нан беремін.

Сөз кылсайшы баланы көріп өзін,
Қанша айт онша айт нанасын ... сөз.
Қалай шыдап тұрамын мен нан бермей,
Аумаған дәл өзіннің өлген қызын.

Естіген соң ханымның көңілі түсті,
Жүрегіне өрт болып [от] түсті.
«Өлген қызын секілді», – деген соң,
Мұның өзі сөз болды көкейкесті.

Жылады қызы есіне түсіп кетіп,
Өртенумен барады өмірі өтіп.
Түсі қандай екен деп естумен,
Деуменен ынтазар боп есі кетті.

«Әһ!» – дегенде [жалыны] ғарышқа жетті,
Көрмей жатып баланы есі кетті.
Енекеге жалынды: – Тұр жылдам! – деп,
«Алып кел!» – деп баланы жарлық етті.

Енеке қуанғаннан жүгіріп барып,
Делектетіп баланы келді алып.
Дүниесіне болмады ханым ие,
Есі-дерті балаға кетіп қалып.

Ханым әуел: «Әһ!» – деп аузын ашты,
Не қыларын біле алмай жаман састы.
– Айналайын келді, – деп – үйіме қайдан?!
Жас баланы баурына қысып басты.

Сүйді дейді бетіне бетіп таяп,
Не болады мал мен жан мұнан аяп?!

Неше түрлі жемісті қойды алдына,
Жан-жағына толтырып аяк-аяк.

Телмірумен балаға көзін сүзіп,
Бір көргеннен мал-жаннан кетті безіп.
Мал деген ит [күн] тұрса неге керек,
Ауырмаса беретін жанын үзіп?!

Қалтасына тиллә мен теңге салып,
Керек еткен нәрсесіп берді алып.
Дүниесіне болмады қатын ие,
Есі-дерті балаға кетіп қалып.

Басына алтын тәж кигізді гауһар таққан,
Бір жорғаны мінгізді судай аққан.
Неше түрлі үстіпе тон кигізді,
Патша екен деп ойлайды көрген баққан.

Жалған, шіркін, кетеді жанды қинап,
Әуре болдық кім үшін біз мал жинап?!
Жібереді баланы енді үйіне,
Қалдырмастан дәнеме осылай сыйлап.

Баланың тойды көріп нұр сипатын,
Жан білмес диуаның арғы затын.
– Қызыма аумай-талмай ұксап туған,
Тапты екен мұндай ұлды қатын?!

Анасын шақырып кел көрейік біз,
Қандай жан диуанаға боп жүрген, кәні?!
Тапқан қатын мынау ұлды тегін емес,
Аузынан естиік біз жақсы сөз.

Құс екен қандай жерге ұя салған,
Аң екен ұшып енген қай арадан?!
Қытай менен [құтанның] киігі ме,
Жерінен жүрген-тұрған жұпар қалған.

Елшіні екі ортада қыздан салды,
Жасанып бірнеше қыз оған барды.

– Караша үйде канша болады! – деп,
Бұл қыздар көрген жерден қайран қалды.

– Ханым сені шақырды, қатын! – дейді,

– Көрдін бе балаң мінген атын? – дейді.

– Барсаң, саған көп дүние мал береді,
Зердін зергер білер затын, – дейді.

– Біздер қарғай қыздар, сіздер бойдақ,
Үйімізде ас-су жоқ, сізге лайық.

Өз теңімен жүрсе әркім жарасады,
Ондай жайға біз барып не қылайық?!

Үйімізде ас-су жоқ жалғыз түйір,
Барсақ бізге дейді ғой: «Бір жіп иір!»
«Тең-теңін олжалайды» деген сөз бар,
Қарға мен бұлбұл қашан болған үйір?!

Қатын сөзді тауысты майда тілмен,
– Ісіміз жоқ біздің, – деп, – жұртпен, малмен!
Қыздар барып ханымға баян қылды,
Әңгімесін естіген көрген-білген.

Ханым айтты:

– Рас қой айтқан сөзі,

Сотбактын үйінде жоқ қой бозы.

Үсті-басы жамаулы шокпыт болса,

Қорғалып отырған ғой сонан өзі.

Жаулық апар, жабылсын басы-шашы,
Көйлек, [камзол], шапан мен кепсе мәсі.

Неше түрлі киімді апарыңдар,

Асыл бұйым әртүрлі зор бағасы.

Жана қыздар сауылдап жетіп барды,

Мұнан түгел жабдығын етіп барды.

Басынан-аяқ киімнің бәрін сайлап,

Әкелуге құрметтеп күтіп бәрі.

– Бармаймын, шырақтарым, қыспа! – дейді,

– Кигенмен келіспес нұска! – дейді.
– Аяқ басып жүруге дәрменім жоқ,
Әуре мені қылмаңдар боска! – дейді.

– Дәмі жоқ кой ендігі айтқан сөзін,
Жүрер аяқ, көретін сау ғой көзін!
Ерік әліңе қоймастан апарамыз,
Жүре ғой абыройыңмен онан да өзін!

Апармай қоймайтынын енді білді,
Киімді амалы жоқ үстіне ілді.
Көркейтп дүние жүзін шыққан күндей,
Сәулесі жарқ-жұрқ етіп.

Пендесі көз салмаса төңіректе,
Жеткізер Жаббар иеме керекті.
Нәрсе күдер үзген көлеңке етін,
Жанған шам көрініп келді [көбелекке].

Анасы бүркеншігін жұлып алды,
«Әһ!» – деуге бірақ келді, есі танды.
– Өңім бе мұсылмандар, түсім бе?! – деп,
Құраққа қолындағы дауыс барды.

Қарағым, жаным менің, қаным менің,
Түн болған жеті жылдай күнім менің.
Болмаса ақылымнан адастым мен,
Жынды емес, саумын дей денім менің.

Қыз айтты:

– Ей, анажан, мақұл сөзін,
Мен сенің жеті жылғы өлген қызың!
Алған Құдай өзіңе қайта берді,
[Буыныңды] басып, бойыңды бекіт өзің.

Ел-жұрты мұны естіп аң-таң қапты,
Патшаға: «Сүйінші!» – деп кісі шапты.
Өшкені өніп, өлгені тірілген соң,
Көрге қойған перзенті тірі қапты.

Сөз қалды сүйетұғын тілмен жағын,
Пайда жоқ күн туғанда малмен бақтан,
Апарып бір қараңқы көрге салды,
Айырып еріксіз Құдай алтын тақтан.

Көрісіп ата мен қыз ақ дидарын,
Жарылып ақ түйеден жатыр қарын.
Қыз өзі бастан-аяқ баян қылды,
Қалайша тірілгенін айтты бәрін.

Кім айтар: – Өлген қайтып келмейді, – деп,
– Құдайдың оған күші келмейді! – деп.
Әдхамға патша тұрып ашуланды:
– Алған соң маған хабар бермеді! – деп.

Қыз айтты:

Ей, ұлықлар, падишаһы,
Әдхамнің бұл турада жоқ күнәһі!
Мен оны менсінем бе, теңесем бе,
Келген соң үйге келіп [атлас] шаһі.

Үш күн, үш түн ас ұртап ішпейді су,
Жолсыз жермен қаңғырып
Жан қиналды басынан бұрқырап бу,
Қаңғып өлсен елсізде деген ғой.

Ескі дұшпан ежелден жай қас қу,
Кім де болсаң моламды ашшы ...
Қыз өлгені білмеймін көп күн өтті,
Айғайлаумен бар әлім құрып бітті.

Тірілдім өз-өзімнен көрде жатып,
Көрмедім жарық сәуле бір таң атып.
«Мені ал, мені ал!» – деуменен күнім өтіп,
Шаршадым жатып көрде сілем қатып.

– Кел! – дейді сырттан біреу көрімді ашты,
Қыз екенін білген соң қайта қашты.
Орнымнан неше ұмтылып тұралмадым,
Көтеріп алсамдағы жерден басты.

Жалындым: – Ей, жақсы адам, бері кел! – деп,
– Қолыңның құдай ұшын бер! – деп.
Тұрғызып мені көрден әрең алды,
Су ағып маңдайынан, тепшіп-терлеп.

Ойладым: «Мен тірілдім, үйге барсам,
Үстіне алтын тақтың мініп алсам.
Бұл сорлыға мені әкем бермес!» – дедім,
Түріне, нұсқасына көзім салсам.

Баска бір өзім теңді берер байға,
Бұл сорлы құр алақан қалар жайға!
«Қарсылық құдіретіме қылдың!» – десе,
Берермін не деп жауап бір Құдайға.

Маған жұрт: «Өлді!» – деп қазған екен,
Тіріде менің пейлім азған екен.
Жалаңаш көрде әкеліп жабыстырып,
Ойладым бұған Құдай жазған екен.

– Қой, енді, бас бұрмайын мұнан, – дедім, -
Ат болар дөнен шыкса құнан, – дедім,
– Алланың жазуына тоқтамасам,
Басыма тағы түсер тұман, – дедім.

Сонымен бер демедім сізге хабар,
Болмаса ол байғұста не билік бар?!
Жүргенмен жылан иір қаншама
Ақырда кірген інін түзу табар.

– Атасы бұ сөзіне түсті, – дейді,
– Өзімнен шықты қызым істі, – дейді.
Түспесе жұрт көзіне қайдан тапсын,
Құдайдан болған пәрмен ісі, – дейді.

Әдһамді баласымен алдырыпты,
Шырағын оның Құдай жандырыпты.
Мүлкінің хақ жарым бөліп беріп,
Өзі өлген соң оларға қалдырыпты.

Патшаның көп кешікпей болды опаты,
Берілді Ибраһимға дәптер хаты.
«Бадахшан – балық елінің патшасы!» – деп,
Күншығыс, күнбатысқа кетті, әні!

Неше жыл патшалықпен дәурен сүрді,
Қызығын дәулетінің ел жұрт көрді.
Қой үстіне боз торғай жұмыртқалап,
Жылан мен бала ойнап бірге жүрді.

Құс салып, аң аулады мылтық атып,
Дүниеге бір күн [шалқып] бір күн батып.
Кез болды күз ішінде бір құланға,
Жапанда жалғыз өзі келе жатып.

Сенімді астындағы аты жүйрік,
– Мұны ұрып алайын, – деп, – болса бұйрық.
Алыстан қуып еді атанбай-ақ
Жақындап соғар жерге келді сырып.

Жаңа артына карады кашқан құлан,
Қыстырып сөз айтты онан-мұнан.
– Аң қусын деп Құдайым жаратты ма,
Өлімге үшін жаралған туған ұлан?!

Шаңына кашқан құлан көңіл бөлме,
Қамыңды қыл, казулы көрге кірмей.
Әурен бұлбұл аяғының дуадул болса,
Сөйткенмен қаламысын ақыр өлмей.

Бұ сөзі естіп құланнан зәресі ұшты,
Ұмытпастай сөз болды көкейкесті.
Енді құлан қумасқа ол да білді,
Ант айтып, қайтып келіп, үйге түсті.

Ішсе, жесе тамақтан өтпейді ас,
Таусылмады көзінен домалап жас.
Ұзын түнді өткізді ояулықпен,
Түні бойы жастыққа қоя алмай бас.

Жатқанменен көзіне ұйқы келмей,
Патшалығы өзіне дәурен білмей.
Бұ дүниеде сүргенмен жүз жыл дәурен
Қалам ба деп сөйткен ақыр өлмей?!

Әуелден ұйқысын бөлуші еді,
Түн жарымы болғанда тұрушы еді.
«Жануарға обал, – деп, – таң атқанша!» –
Өз қолынан атқа жем беруші еді.

Аттың жемін бергелі солай жүрді,
Өзге түннен бүгін түн ерте тұрды.
Тап-тап басқан кісінің табанындай,
Үй үстінен естіді бір тықырды.

– Өлімді ойлап, жүрегім дүрсілдейді,
Бұ не қылған мезгілсіз кісі? – дейді.
– Бұ не қылған мезгілсіз неткен жасты,
Үй үстінен не қарап жүрсін?! – дейді.

– Кірекеш едім өзім бедеу араб,
Жоқ жоғалтып ақылым алты тарап.
Түзде жүрдің, көзің түсті ме екен,
Түйеші едім бір жүрген түйе қарап?!

Естіген соң бұ сөзге патша күлді:
– Бола ма мұнан артық надан енді,
О заман мен бұ заман үй үстіне,
Естідің бе, ей, байғұс, түйе келді?!

Ақмақлығың білінді мына сөзден,
Іздесеңші түйенді жапан түзден.
Ей, бейшара, есіңнің кеткені ме,
Такта отырған, түйенді сұрап, бізден!

– Мен ақымақ емес, патша – ақымақ, өзің,
Болған жоқ Құдайды жерде кезің!
Дәнемені көрмейтін көр болыпты,
Құрған аңның тұзағы басып көзің.

Ішіп-жеумен күндіз қарның тойған,
Жок нәрсеге өткеріп өмірін жойған.
Жатқан саған келеме Құдай өзі,
Кім орнатып Құдайды такта қойған?!

Қолда садақ болғанда, белде қылыш,
Ит дүниеге қыласың мұнша іс.
Такта отырып Құдайды екен,
Кісі екен бәрекелді мынау дұрыс!

Бұ сөзге сен қайыра жауап берші,
Құдай қайда, айтайын, бермен келші?!
Өзіндегі ойында жоқтығынан
Түйесі – сен дегенім болды ма ерсі?!

Жок жерде оқыс сөзді патша естіп
Тактынан ықтиярсыз құлап кетті.
Шыбын-шіркей үйінен шығып кетті,
Құдай жаққа түзейді енді бетті.

Ешбір жан бұл кеткенін сезбей қалды,
Талақ қылып тастады дүние малды!
Үш күн, үш түн жол жүріп ол падиша,
Далада отар жатқан малға барды.

Құнан-құнан қойлар бар қосыменен,
Қос-қос жылқы ішінде қосыменен.
Аяқ алып жүре алмай жатқан малдан,
Сегіз күнді өткізді осыменен.

– Қожайынымыз қанша елдің ханы! – дейді,
– Дәулеттің болмағаны сәні, – деді.
– Онан басқа кімде мал болушы еді?
Ибраһим Әдһамнің малы, – дейді.

Сонша дәулет барлығы келмейді оған,
Айналмастай боп кетті айт пен тойға.
О шеті, бұ шетімен көз жетпейді,
Тағы келді бір [бөлек] отар қолға.

– Жұрт асқан патшамыздың үйі, – дейді,
– Тал шыбықтай бұралған бойы, – дейді.
– Онан басқа кімде мал болушы еді,
Ибраһим Әдһамнің малы, – дейді.

Азат қылып босаттың өз басынды,
Емін-еркін тиыштықпен іш асынды.
Алған малың өзіңе адал болсын,
Ие болып меншікте тау тасынды.

Жылқышының қарайған қосы де,
– Дүние іздеген шайтанның досы, – дейді.
– Мұнан басқа малы жоқ отар жатқан,
Ең сәні шаруаның осы, – дейді.

Енді аузыңды адамға тіпті ашпа,
Айтқан сөзді ішіңе тық та, таста.
Бас-аяғын дүниенің қыдырсаң да,
Ибраһим сұлтаның жоқ менен басқа.

Шекпенінді қимаған байғұс балам,
Атлас тонды киіп бұл бір түрлі адам.
Алған малың өзіңе халал болсын,
Хақ жолына мен: «Ху!» – деп бастым қадам.

Бір түн түнеп қойшыға жатып кетті,
Атлас құнды шекпенге сатып кетті.
Амандасып қойшымен жолға түсті,
Тұрғызбайды жүрегі алып ұшты.
Тас-талқан өз-өзінен құтырғандай,
Лағин, шайтан өртеніп, күйіп пісті.

Өзіңді іздеп үйімнен шықтым Құдай,
Қылма мені арсалаң бұрынғыдай!
Бір басқа екі бас намаз оқып,
Мұныменен баралман жүзіп солай.

Құр женің ... зан салатұғын,
Т..ың жоқ су құйып алатұғын.

«Ас адамның арқауы» деген сөз бар,
Сендей жая әр жерде қалатұғын.

Азықты алған адам ала берсін,
Болмашыға алданған қала берсін.
Азык артып жанымды кинамаймын,
Шыдамаған жан болса бара берсін.

Сұлтан айтты:

– Барамын бұл барғаннан,
Бара алмасам құтылдым мен арманнан.
Тәуекелді қам қылып өлген артық,
Жан тыныш үйде жатып құр қалғаннан.

Осы үшеуін серт қылдым өз басыма,
Ортақ қылып жүрейін кімді асыма.
Тәуекелдің таяндым табағына,
Болсын куә періште көз жасыма.

Нас қатын осылай айтып кетті,
Лағын түңіліп қасынан қашып кетті.
Айтқан серттен табанын тайдырмады,
Бұл жүріспен арада 4 жыл өтті.

Бізге мұндай таң қайдан атқан,
Жарық сәуле көре алмай құр түн катқан?!
Көп керуенмен біраз күн жолдас бопты,
Жолы бір боп бәрінің бара жатқан.

Тәуекел, осылай сертің қайда?!
Міндетім деп шығып ең бір Құдайда.
Өлмес камын, бейшара, қылыпты ғой,
Ұялмаймын деуші едің жанға пана!

Жан сақтапсын керуенге жанасалап,
Шортан жесе өздері саған шабақ.
Көз алдында сені аштан өлтіре ме,
Табылыпты бейнетсіз саған тамақ.

Көз сүзбес ең бұларға үйден алсаң,
Әуре болма бұлайша маған нансаң.
Көлігіне мінгізіп әкетеді, жол үстінде
Жу алмай шаршамасаң.

Айтқан сөзі малғұнның ащы тиді,
Айрылуды керуеннен көңілі суиды.
Жолсыз жермен қаңғырып жаяу кетті,
Тірі пенде әр түрлі көрмек күйді.

Таңдайына жабысып тілі қатып,
Бір ұрттам су қайда деп көзін сарқып.
Аяқ басып жүруге әлі келмей,
Айдалада әлсіреп қалды жатып.

Маса-шыбын үймелеп қонып жатыр,
Тышқан түтіп киімін жұлып жатыр.
Инелік пен көбелек о да бірге,
Жеңіп алған бұрыннан бит пен бүрге.

Ит пен құсқа жем қылып қойдыра ма,
Епті [Құдай мүсіркек келді жерге]!

Жақсы-жаман дүниеден сөз болыпты,
Көп қаңғыған әр іске кез болыпты.
Бір бәдауи астында түйесі бар,
Құдай айдап үстіне кез болыпты.

Құдай ау, бірге осында таңды атыр,
Таң атса болар едік біз де батыр.
Өлі-тірісін біле алмай дал болады,
Нұры балқып жүзінен біреу жатыр.

Айдалада айғайлап сәурен салды,
Құр шулатып құлақтың тишын алды.
Өкпесіне қара қолын салып,
Шығар шықпас кеудеде жаны бар-ды.

Біле қойды жатқанын аштан талып,
Демі құрып сілесі қатып қалып.

Іш-бауры елжіреп түсе қалды,
Көз жасы мөлт-мөлт төгіп ең алып.

Бәдауидің домалап көзден жасы,
Жасқа не көрмейді ат пен адам басы?
Қайда барса өзінен қалдырмайтын,
Шырын-шарбат бар екі шекер ас.

Бір қызға жолықты жолы құтты,
Кеуіп жатқан аузына су құйыпты.
Кенірдек пен өңеші жібіген соң,
Ар жағынан дем алып, сылқ-сылқ жұтты.

Сенбегендер Құдайға қалады екен,
Шын сенгендер көп олжа табады екен.
Айдалада қалса да ассыз-сусыз,
Азық әкеп аузына салады екен.

Ішің нанбаса жоқ сөзімізге,
Біздің мұндай келіп тұр керімізге!
Жансыз нәрсе орнынан қайда кетер,
Жабысты ма бір нәрсе көзімізге?!

Бұл бәдауи кісі еді жақты, жанды,
Түйесіне мінгізіп алдына алды.
Жайылып жастық, иіліп төсек болып,
Маккатуллаһ шаһарына алып барды.

Барса сұлтан Байтуллаһ орнында жоқ,
Деп ойлапты:

– Екеуміз жол жаңылдық!
Іздеп келген нәрсесі жоқ болған соң,
Күйіп кете жаздады от жалын шок.

Аң-таң болып, бұлардың есі кетті,
Сүйген құлға хақ жолын нәсіп етті.
Не кыларын біле алмай тұрғанында,
Құлағына ғарыштан ауыз жетті:

– Аң-таң болып Ибраһим [ғапіл] қалма,
Бір басылған аяқты кейін салма.

Құмар болған жалғыз-ақ сен бе екесін,
Жүре берсең, көрерсің жоқ па, бар ма?

Бір достымыз бар еді бізге құмар,
Несіне саған [қылайын] өзін сонар.
Ілгерлігі өзгеден аскандықтан,
Шығып соның алдынан кеткен шығар.

Мінәжәт қылды сұлтан мұны естіп,
Өз [өзінің] есінен шығып кетіп.
Мен құрмалдық тоқтысы болар едім,
Жолықты ма оған душар етіп.

Қандай күнде жараттың оның өзін,
Өзің сүйген құлыңның көрсет [жүзін]!
Кім есептеп жүреді өткен күнін
Көзге сүрме қылайын басқан ізін.

Дәл өзінді көргендей мәз болайын,
Тауып қисық кім айтар өзі [мінін]?
Көргенімше көңілім дауаласа
Маған тәнті күн бұрын оның жайын.

Құдіретіме ертерек жеткен,
Басып шығар бір-екі қалды сәті.
Басер деген шаһар шыққан жалғыз,
Түсі – әйел, ісі – еркек, Рабиға аты.

Мұны естіп түседі солнан жолға,
Тәуекелдің таяғын ұстап қолға.
Рабиғаға жолықты жол үстінде,
Ит алданар әркімнен қалған тұлға.

[Дария болар] су ағар тасқан сайын,
Көтерілер ат белден асқан сайын.
О да келер екі бас намаз оқып,
Әрбір жерге аяғын басқан сайын.

Сондай болып Рабиға келе жатыр,
Қағбатуллаһ басында болып шатыр.

Дастан болып артында сөзі қалған,
Жинс әйелден шыққан бұл батыр.

Машакатсыз келіп тұр Қағба маған,
Қылған іспен пайда жоқ қызбай табан.

Еріткен майдай болып балқып кетіп,
Қол қусырып алыстан тағзым етіп.
Барында хажылардың соңынан еріп,
Ибраһим қарсы алдына келді жетіп.

Қағбатуллаһ алдыңнан қарсы шыққан,
Мыңнан еркек өзіннен қойдай ыққан.
Алтыбат қып мен оған карамайын,
Тәкапарлық болмай ма [ұлығлықтан].

Рабиға атты: – Көңілден кетседағы
[Шірімесіп] сөз атқан кетседағы.
Айтып тұрсың әншейін маған жорта,
Менен де артық екен сенің бағың!

Әр нәрсені қадірлер, шыкса пұлы,
Болмасын деп кім айтар жүрген жолы.
Мехнатсыз, машакатсыз қолға түскен,
Нәрсенің сірә болмас қадір құны.

Тарау-тарау сөзім бар әрбір кетпен,
Көріп тұрған пендем хақ күтпен.
Жана сұлтан сұрайды Рабиғадан:
– Қағба шықты алдыңнан не себептен?!

Ерте піскен жемісте дән бола ма?
Жетік молла бермеген тағлим саған.

Сөзге сөз келіп қалса – сөз атасы
«Сөз сөзден туар» дейді жоқ қатесі.
Басымнан байтулланы айналдырған,
Бұралқы түзде жүрген ит батасы.

Бір ауыз сөз жауаппен о да бітті,
Көп хажылар хаж қылып қайтып кетті.

Рабиға да қайтты өз еліне,
Ибраһим көрмекте ол не етті.

Бір орыннан қозғалмас Темірқазық,
[Басы жұмыр пендеде көп тұр] жазық.
Мың алтын берді бір бай Ибраһимға:
– Өзіңе киім-кешек қыл, – деп, – азық!

Тамақ – олжа бір күнгі қарны ашқа,
Қой жүн шекпен атластай жалаңашқа.
– Өле өлгенше шашымда алып тұр! – деп,
Мың алтын беріпті шаштаразға.

Қайыр сұрап бір кедей сонда келді,
Мың алтынын шаштараз оған берді.
– Бірін берсең жүрмей ме, Құдай үшін,
Бәрін неге бір жола бердің?! – деді.

– Саған берген бай оны қайдан берді?
Маған қылған жақсылық пайдаң бе?! – еді.
Құдай үшін беруге мың көп пе екен,
Сондай жүз мың келеді жайдан! – деді.

Ибраһим мұны естіп қайран қалды:
– Шоқ тәубесі ме? – деп аузына алды.
Айтқанына өкінді пұшайман боп:
«Жүр екем, – деп, – ұмытпай әлі малды!»

Хұда, онда жаңылдым жол адастым,
Жақсы көрсем, жалғанды неге қаштым?!
Дүниені көңіліме алып көзім салып,
Неге аяқты Хақ жолдан қисық бастым?!

Екінші бөлім сөзі

Бұл сұлтан Құдайды алған екен,
Оң жолға түзеп Тәңірім салған екен.
Зулхия халал жары жүкті болып,
Қыршын жас ер күнінде қалған екен.

Анасы бір әһ [ұрды], естен танып,
Әузынан түтін дау-дау жанып.
– Әкеннің бұл шаһарда моласы жоқ,
Қайтпасан кұр бозарып боска барып.

Біз жарлы болып қалдық басқа байып,
Бак құсы кетіп қолдан тайып қалды.
Шырағым, сенін әкең өлген жоқ-ты,
Бір түнде болып кеткен тірі ғайыб.

Көзіңше кетпесе де, рас, тірі,
Жан еді не сипатты кескін түрі?!
Тірідей ғайыб болып кеткен болса,
Бір хабар болмай ма сонан бері?

Көргенмен білгенім болды сол-ақ,
Көз жасым аға берді болып бұлақ.
«Меккеде аман-есен жүр», – деп тірі,
Айтады еміс-еміс ұзын құлақ.

Қалыпты анық түсін әркім көріп:
«Жүр, – дейді, – отын жинап, шөпшек теріп.
Алған пұлын қолына ұстамастан,
Жетім мен жесірге үлестіріп».

Анасы қозғаған соң сөздің басын,
Жіберді төгіп бала көздің жасын.
Орнына отыра алмай алас ұрды,
Ұмытып ұйықтар ұйқы, ішер асын.

– Ей, ана, жібер мені азық беріп,
Атамның қуанайын жүзін көріп.
Бір көріп тірілікте қалайын да,
Қалмасын көңілде арман кетсем өліп.

Жүрерде анасынан сұрайды сөз,
Атама нәсіп болып ұшарассам кез.
Айдалада тұра кімге жабысамын,
Жазып бер түсі түген қағазға сыз.

Анасы айтты:

– Мекке барсаң балам,
Базарына отынның бассаң қадам.
Беп-белгілі ішінде түрі бөлек,
Бас қосса мың сан адам.

Ұзын бойлы шырайлы қызыл жүзді,
Күйінгенге қараумен күліп көзі.
Қара сақал, қара мұрт, ақ жақтылау,
Тілі тәтті сөйлесе шын сөзді.

«Һу!» – деп келер жалаң бас, жалаң аяқ,
Балтасы бар белінде, қолда таяқ.
Көрген жерден танырсың анадайдан,
Жан-жағыңа алаңдап қарамай-ақ

Алдына тұрсың барып көргенде,
Қуанарсың жүрек жарып.
Айтқайсың бастан-аяқ көргеніңді,
Сұраса: «Аман ба, – деп, – анаң ғаріп?!»

Айтқайсың осы сөзді әуел ахыр,
Қу дала болып қалдық майда қамы.
Аманат көп-көп сәлем арыз айтып,
Дегесіні анам пақыр.

Не айтса бәрін қалай ұғып алды,
Анасы хош айтысып жолға салды.
Айырылып амалы жоқ жалғызынан,
Телміріп екі көзі түзде қалды.

Дүние-ай, күнің екен бұл бір хараб,
Боласың сен жағымды кімге қарап?!
Бала белден асқанша көз айырмай,
Артымнан боздап жылап тұрды қарап.

Құй жыла, құй жылама кетті өз құсы,
Көрген, баққан қарғаның болдақ осы!
Көзіңді шілей қаптап қалғанда,
Қолыңнан берекет кеткен соң дәулет құсы.

Айырылды жаннан артык [сүйгенінен],
Жалаңаш қалды үстін кигесінен.
Елжіреп іш-бауыры жылай берді,
Жыр жырлап, ғауал сөйлеп күйгесін. [129]

Зулхияның ғазалі

Сонда ғазал, жыр айтқан,
Естіген жанды мұңайтқан:
– Пірі айырылмақ от екен,
Қуарып мұнша сарғайтқан.

Аллаға айтқан наласы,
Ұлғайып жүрек жарасы.
Ақты бір еріп су болып,
Бауырдың кесек парасы.
Батып кетті жоғалып,
Көзінің ақ пен қарасы!

Аязды күй айналған,
Бұлты бұралған.
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен.

Өмірінде көрген сәулесі –
Кеткен соң жалғыз баласы.
Әһ мен жуып өмірді,
Денемді өртеп жанған от.

Шаманда бұлбұл қу едім,
Түспейтін кісі едім.
Түсімде жұрттың көзіне,
Жапалақ пен байғұздай.
Кебекке бүктеп салған от!

Хұнардың едім киігі,
Таудың бір асу биігі.
[Қына] пен тасты жастанып,
Гүл ... қалған от.

Базарда қымбат бұл едім,
Бақшада қызыл гүл едім.
Қан басымды құл етіп,
Тірідей қасірет тұл етіп.
Сүбегемнен айрылмай,
Көріме бірге барған от!

Жас бала жолмен жаяу кетті жүріп,
Екі етегін беліне алды түріп.
Есен-сау ауырмастан, сырқамастан,
Меккеге көп күн өтпей келді.

Белгілі ішіп-жейтін ас-шәйі жок,
Қорғала жаңбыр жауса баспана жок.
[«Шанырқап, шөлдеп қапсың!»] – деп айтатұғын,
Мүсіркер маңайында ата-ана жок.

Жаяулық, жалғаздықпен кешті бастан,
Қатып қап кара [ағаштай бала жастан].
Жол азабы [жоқтықпен қабаттасып],
Жаңа туған айдай боп бүгілді аштан.

Байдың атындай аштықтан әбден жара,
Аштық жеңіп, ақылы алты тарап.
Базарына отынның барып бала,
Ертеден кешке дейін тұрды қарап.

Базары отыншының ұлы шын,
Жейтұғын тамақ алып, қайда тиын?
Сонша жаннан бір жанды танымай,
Бұл жалғанда бар ма екен сонан қиын?

Құса болып ішінен бала тынды,
[Жоқшылық сау кісіні] қылар жынды.
Телмірін көрінгенге көз салса да,
Кез болмады анасы айтқан сынды.

Бір мезгілде қарады көзін салып,
Екі жоқтық бір келіп естен танып.
Бір теуреп ... жылап бала,
Көз жасы мөлт-мөлт төгіп іркіп алды. [130]

Баланың ғазалі

Ол менің басымды,
Базарға салған жетімдік!
Ойнап бір күлер шағымды,
Қолымнан алған жетімдік!

Жерімде қалып жарысқан,
Келіп алыстан.
Осында бар деп арыстан,
Көрсетпей қойдың жетімдік.

Әке, бір жаным қайдасын?
От болып балаң қайнасын!
Тауыстың ғой қайласын,
Жалғыздың жұтып жетімдік!

Табаным жерге тигізіп,
Ыстық бір күнге күйгізген.
Жамаулы киім кигізіп,
Әр түрге салған жетімдік!

Базарда тұрып салған айғай салған,
Үйіліп төбе-төбе отын қалды.
– Адал еңбек сіңіріп алып келді,
Алындар ақ ниетті адал малды!

Бір адам үш құшақ отын алды,
Үймелеп кедей біткен жетіп барды.
Жетім менен жесірге үлестіріп,
Алған жанның бәрі де мәз боп қалды.

Бұзылған келді сұлтан панасына,
Мәз болып Аллаһ айтқан наласына!
Есіктен сәлем беріп бала кірді,
Саялап атасының панасына.

– Уа ғаләкис сәләм балам! – дейді,
– Көп бөтен келмеуші еді адам! – дейді.
– Кіріп келдің бас салып танығандай,
Иә, балам, оңға бассын қадам! – дейді.

Өксiп бала солқылдап жылай бердi,
Көзiнiң жасын төге бұлай бердi.

– Мен сықылды туысың бар, жылы ұшырайтын,
Қайда жүрсiң, жаным?! – деп, сұрай бердi.

– Алыстан [аңкам] құрып келдiм өзiм,
Телмiрiп күн менен екi көзiм.
Болмаса би адалың бiр азғана,
Бар едi, айтар сiзге арыз сөзiм.

– Шырағым, жүрексiнбе, сөйле сөзiң,
Жөнiндi айт, бой тоқтатып, кiмсiң өзiң?
Аяқ-қолды бiр уыс қылып кеттi,
Iшiмдi елжiретiп екi көзi.

– Жете алмай жолда қалды талай атты,
Ат түгiлi жету қайда құс қанатты.
Өзге түгiл өзiм де танымаймын,
Шаһардың баласы едiм Балих атты.

Менiң де туған жерiм едi Балих,
Құрысын өткен күндi не қылайын.
Қай [дiнде] және кiмнiң баласысың,
Жөнiндi айт, соныменен танысайық.

Баланың бұ сөздi естiп кеттi [есi],
Бұзылып бiр түрлi боп өңi-түсi.
Өз әкесi кiмсiң деп сұрап тұрған,
Құдайдың бұл бiр ғажап тамашасы.

Бала есiн бiраздан соң жиып алды:
– Туған шешем артымда жалғыз қалды.
Өзiм iште жатқанда қашып әкем,
Керек қылмай кетiптi бас пен малды.

Мен шарана қалыппын iште жатып,
Өмiр бойы түн маған таң жаңа атып.
Патшалықты бұл күнге айырбастап,
Атлас тонды шекпенге кеткен сатып.

Естіп бұл шаһарда бар деп өзі,
Әңгіме бұл заманда жұрттың сөзі.
Алыстан атам бар деп [ансап] келген,
Мен едім тірісінде қалған ізі.

Сұлтанның мұны естіп есі ауысты,
Көл-дария көздің жуды бетті.
Атадан тусан бала осындай ту,
Халал ол халал жанға нәсіп етті.

– Алыс жолдан келсең, балам, жақсы,
Жетті деуге жарарлық болып адам.
Ибалы жас, иманды кәрілерден,
Біз көрген жан аман ба тегіс тәмам?

Сұрамай білдің мені қайдан танып,
Көріп жерден келіп тұрсын [ашып-арып]?!
Қайғыменен кеше күзде күйік тартып,
Немене бар ма сорлы анаң ғаріп?

– Өлген өлер, өлмеген тірі қалып жатыр,
Хабарыңыз тірілік барып жатыр.
Қайғымен кеше күнде күйге ...
Бейшара болды сорлы анам [пақыр].

Ибраһим, алдын ба балаңменен,
Болды ма сеің көңлің алаң менен?!
Бір қынға екі қылыш снғызып бақ,
Өзіңнің бар күшіңше шамаңменен.

Көрісуменен балаңды шығар есің,
Болмай кетті дәл бүгінмен бізбен ісің.
Балаңмен бол, болмаса не бізбен бол,
Екі ... жоқ түйеде білемісің?!

Мінеки, естің анық шығар жері,
Қал.. амалым жоқ
Қайтармақ сөзге жауап оңай іс пе,
Қымсынып қысылғаннан ақты тері.

– Сен деп безіп едім алтын тақтан,
Лағып қашып едім мал мен бактан!

– Шарабын муқабатның ішіт! – дейді,
– Сені іздеп осы жолға түстім! – дейді.
– Боламын не болса да өзінменен,
Ризамын мен баламнан кештім! – дейді.

Дәрігер келді жазатын ауруды емдеп,
Кім айтуға шара бар мұны жөндеп.
Хақ жарлығы осылай жаңа түсті:
«Көп сақтамай, балаңды жуып көм!» – деп.

Хұданың болды риза бергеніне,
Өлімін жалғызының көргеніне.
Елжіреп іш-бауыры жылай берді,
Бейнетін сонша жерден келгеніне.

– Келіп ең көремін деп, балам, мені,
Бас салды жігіттікте ол сені.
Қылған құшағынан құлыным-ай,
Уыз жас бәйшешектей [деген] күні.

Леп ұрып: «Атам бар!» – деп келдің тасып,
Тау асып, дария кешіп, тасты басып.
Бей нәсіп жігітлікте кеттің балам,
Қылығың біреуінен бір еді асып.

Мейірің тарқамады мені көріп,
Еңбегің еш болды ғой келген жүріп!
Көк шыбық үрім талдай деген күнің,
Ағаш боп жетілместен кеттің ұлым.

Тапсырдым бір Құдайға сені, балам,
Жокты бар қылған өзі Хақ тағалам.
Өлді деп ... сені ойлайын,
Болмаса бір өлімге туған адам!

Қан қақсатып бұ сөзді айтайын,
Жылады, жылатқан сүйген құлын Қадір Жаббар!

Ананын жол үстінде екі көзі
Сен болып күні-түні сөйлер сөзі.
Сарғайып санаменен бітеді ғой:
«Балам кашан келеді?!» – деумен өзі.

Хабарын сенін өлген барса жетіп,
Таусылар дәл сол күні демі бітіп.
Қан жұтып қайғы менен өледі ғой,
Өртеніп өз үрейінен күйіп кетіп.

Аттанды Сұлтанмахмуд [зиараты],
Бұл күнде халыққа мағлұм күмбезі бар.

Қолынан қойған жуып сұлтан өзі,
Жуған – колы, су құйған – екі көзі.
«Илэһи ражиғун!» – деп қойып көрге,
Езіліп, жылап еңіреп айтқан сөзі.[131]

Ибраһим ғазалі

Іздесем де табалман,
Қайдасың ботам, балам-ай!
Күйгеннен бұлбұлдай,
Сайраса атаң, балам-ай!

Көргелі келдің жүзімді,
Сағынып, [аңсап], балам-ай!
Кияметтің күнінде,
Қараңды көрсем балам-ай!

Аузымнан шыққан жалын от,
Қаптар бір жұртты, балам-ай!
Алланың ісі – ақ өлім,
Өлді деп оған тоймайды.
Мерзімді жетпей уағында,
[Қазан] бір болған, балам-ай!

Жүрегім талды үзіліп,
Көзімнің жасы тізіліп,

Еріп бір акты езіліп,
Күйгенменен, балам-ай!

Демендер мені жанбады,
Ақыл-естен танбады.
Сөйлеуге шама қалмады,
Дәрменім кетіп, балам-ай!

Ойымнан кетпес өлгенше,
Басым бір жерге кіргенше,
Тіріліп қайта көргенше,
Басылмас көңілім, балам-ай!

Түспейтін қолға асыл тас,
Кетіп бір қалдың, қыршын жас,
Өмір бойы таусылмас,
Қасіреттің кені, балам-ай!

Ғарсат болмай көру жоқ,
«Күйгенмен қанша өлім жоқ,
Жақсыға, – деген, – жүру жоқ»,
Шын екен мақал балам-ай!

Көзімнен жас сорғалар,
Жер таппас жаным қорғалар,
«Әһ!» – деген даусым жер жарар,
Естілмес саған балам-ай!

Жаңбырдай жауған көз жасы,
Жүректің дертін қозғашы,
Қызарып шыққан қызғалдақ,
Көзімнің қаны балам-ай!

Жылаумен күнім кешеді,
Мінезің көкей теседі.
Мұндай зор қайғы қасіретті,
Ұмытқан жақсы деседі.

Ұмытайын десем де,
Күн сайын зорлап өседі.

Ұмытпастай іс қылып,
Өртеп бір кеттің, балам-ай!

Мен шыдамсыз ер ме едім?!
Нәпсіге тізгін бермедім.
Қиындық қанша кез келер,
Инедей көңіл бөлмедім.

Әкетті бойымнан күшімді,
Жаңылтып ақыл-есімді,
Күйіктен ауыр нәрсені,
Жан болып [өзім] көрмедім,
Шын ғаріптік осы екен,
Білдім ғой енді балам-ай!

Жүрегімнің хоры едін,
Көзімнің раушан нұр едін,
Жанымның кескін түр едін,
Қалмады еркім, балам-ай!

Жалғанда менің жиғаным,
Өлгенде жолдас – иманым.
Көз жасым, қайтсем, тиғаным,
Өмірімде көрген [мейманым],
Қонақасы ішпестен,
Аттанып бір кеткен, балам-ай!

Көркейіп талдай өскен,
Алмадай боп піскенің,
Өксітіп көкей тескенің –
Қолымнан татпай сыбаға,
Бей нәсіп кеткен, балам-ай!

Ғажайып мұндай [қарайып],
Көрініп таудай тұрайып,
Созылып тұрдын мұнайып!
Қалқып келіп, қарайып,
Жана түсіп шок болып,
Көрсеніп жок болып,
Жасында кеткен, балам-ай!

Қанды жас жуып жүзімді,
Көл-теңіз қылып көзімді!
Дариядай ғып қайнатам,
Тасылмас айтып сөзімді!

Өлгенменен құтылмас,
Есіме түсіп жан балам!
Көрде жатып: «Әһ!» – десем
Кебінімді үркеп, көл қылып,
Күйдірет көрі, балам-ай!

Көз алдымда елестеп,
Тұрып бір қалдың, балам-ай!
Көзімнен кетіп жанарым,
Қалмады сабыр қарарым,
Қоярға жанды жер таппай,
Білмедім қайда барарым.

Өзімді үлкен қуантты,
Үйден бір алған хабарым.
Қарасам енді жоқ екен,
Қолымнан басқа табарым!
Мидай такыр шөл болып,
Құрып бір қалдың балам-ай! [132]

Сәкен ағайдың өлеңі

Мыстан жезді айырап саруар қайда?
Жез бен алтын бір бәһә біздің жайда.
Мәжуси[1] өз бұрқанын мадах[2] етер,
Дәлел сөз қанша айтқанмен бермес пайда.

Қараңғыда адасып жүргендерге,
Жолда... бәрі бір бас туған айда.
Арқана таң қаламын желегіне,
Әркім құмар өзінің керегіне.

Көрсетпек алма ағаш отын деді,
Бой ұрар өзі үйренген термесіне.[133]

Назымбек пен Күлше қыз

(Мәшһүр Жүсіп нұсқасы)

Қолыма бейсенбі күн қалам алдым,
Дүниенің жаманына қайғыландым.
Болсам да қандай ғашық таңдасын деп,
Қиссасын Назымбектің жаза салдым.

Налы бар сәуір етектің табанында,
Құдайға құлшылық қыл аمانында.
Ертеде Асылбек бай өткен екен,
Ноғайлы Орманбеттің заманында.

Адамның кім біледі қайғы-дертін,
Ұмытар ақымақ адам қылған сертін.
Баяғы Бұлғыр тауын мекен еткен,
Азырақ мен сөйлейін Қырым жұртын.

Жансыбай Қырымда асқан бай болған,
Мейманға бал-шекердей шәйі болған.
Өзінің аман жүрген уақытысында,
Елінің шолпан жұлдыз, айы болған.

Жансыбай қырымда асқан бір дәулетті,
Елінен кісі өлтіріп құнды шетке.
– Енді мен бұл Қырымда тұра алман, – деп,
Көшіпті он сан ноғай Орманбетке.

Өзіне Құдай берген мың сан қара,
Дәулетін артық қылған Хақ тағала.
Он екен ағайынды бір туысқан,
Жоқ екен сондай байда жалғыз бала.

Еліне Жаныс келді жылай-жылай,
Жаза бар кісі өлтірген шыдай алмай.
Ноғайда Асылбек бай бар дегенмен,
Ауылына көшіп келіп Қонысбай.

Байт қылып ғашық жардан жазайын хат,
Аз қиссамен сөйлейін болса да ұят.

Әуелі мен сөйлейін мәселені,
Мәселемен бұл сөзді айтайын тез.

Екі жыл сабай болып отырған соң,
Қатыны Жансыбайдың болды буаз.
Екеуі біледі екен ел құрметін,
Екеуі жайлап жатыр елдің шетін.
Ай мен хабар күні бірдей болып,
Толғатты тоғыз айда ноғай қатын.

Ноғайдан байлығы асқан Асылбек бай,
Көңілі бала туып, болыпты жәй.
Екі бай ат шаптырып жұртын жиып,
Сегіз күн сауық қылды жұрты ноғай.

Асылбек енді ойлады асайын деп,
Құдайым өмір берсе жасайын деп.
Бар Құдай тілегімді қабыл қылса,
Ойлайды екі жасты қосайын деп.

Меймандар көп жиылар малы барға,
Құдайым не береді пейілі тарға.
Үш жетім, отыз жеті жақсысы бар,
Жүз жылқы, алпыс түйе – қалың малға.

Бақ берген Асылбекке құдіретім,
Жансыбай енді ойлайды қасіретті.
Асылбек ордасына көшкеннен соң,
Өзінің бағы тайып, дәулеті кетті.

Он алты екі бала жасқа жетті,
Бір Құдай Назымбекті жетім етті.
Жетім ол, жесір қатын не қылайын,
Еліне қызын бермей көшіп кетті.

Ұл мен қыз тоғыз жасқа келді сонда,
Мектепте бірге оқып, болды молда.
Алысқа алты айшылық қыз кеткен соң,
Жас бала өзі жетім, жету қайда?

Бір Құдай Назымбекті жетім етті,
Жансыбай өзі бұзды қылған сертті.

Күлше қыз – айласы артық, ақылы – кең,
Уақытында құрбы жоқ өзіне тең.
Әркімге беремін деп жүргенінде,
Келіпті ноғайлыдан бір керуен.

Керуен келе жатыр қатарлап көш,
Қыз шығар сарайынан болғанда кеш.
Үйінен Асылбектің қыз кеткенде,
Бар екен бір сар бота қоспақ өркеш.

Қалы бар сар атанның санында еді,
Салсаныз біраз құлақ неғылды енді.
Бола ма жан ханда бәрі бірдей,
Сары атан қызды көріп боздап кетті.

– Болыпты Асылбек бай маған ата,
Баласы ақ түйенің бұл сар бота.
Назымнан майын сұрап сатып мені,
Қазына келген шығар, артып мата.

Жаратқан барша жанды бір Құдайым,
Падша пендесінің білер жәйін.
Керуен ноғайлыдан келген болса,
Мәнісін Назымбектің мен сұрайын.

Кигені Күлше қыздың атлас бәтес,
Ар қайда жаман адам сертің жетпес.
Басында кәмшат бөрік, гауһардан шок,
Көрген жан дидарын қиып кетпес.

Осындай дүрия көйлек, атлас камзол,
– Хабарын керуеннің білейін, – деп,
Күлше қыз келе жатыр өлеңдетіп.

Сөйлесті керуенге тілі майда:
– Барасыз, ей, ағалар, сіздер қайда?!
Жоғалтқан бір ақ сұңқар бейшарамын,
Білесіз бе ағалар оны да ойла?!

Салғаным айбалтаға жезден ...,
Айтайын ақылымды ойла бірақ.
Ноғайда Асылбек бай білемісің,
Орнында бар ма соның жалғыз тұяқ.

Назымбек жалғыз ұлы асқан көптен,
Жалғанда не көрмейді жетімдіктен.
Қыз қалың елден әлі алған жоқ,
Бағы асыпты он сан ноғай Орманбеттен.

Мырза екен мал мен бағы жұрттан асқан,
Мен едім ғашық жары жаста қосқан.
Ғашығын жаста қосқан есіне алмай,
Қыз тандап жүргеніме ойламастан.

Әкесіне сансыз мал дәулет біткен,
Назымбек жас күнінде әкесі өткен.
Білмейді өлі екенін, тірі екенін,
Бір жары бар деуші еді жаста кеткен.

Жасы бар жиырмада біле ме екен,
Кей адам ғашық қумай жүреді екен.
«Ер құты – әуелгі әйел» деген екен,
Есіне біз бейбақты ала ма екен?!

Бак берген Назымбекке бір Құдайым,
Көп ойлап ғашық жарын болды уайым.
Іздеуге ғашық жарын зейін қойып,
Отырған білмеген соң қайда барын.

Керуен құлағың сал осы кепке,
Мұндағы таныс болдым талай бекке.
Бағасы тоғыз мың сом торғын белбеу,
Аманат осыны бер Назымбекке.

Сұрайды керуендер:
– Кім баласы ең?!
Жөніңді қандай адам данасы ең?!
Асылбек Назымбекті бірдей сұрап,
Кісідей таныс болған сөз айтасын.

– Жаманға жақсы сөзді айту қымбат,
Жаксыға сәлем айтпай қалу ұят.
Қырымда бір жан қыз көрдім деңіз,
Тапсырды осы сөзді сізге аманат.

– Болғанда денең – сарай, ақылын – құдық,
Бой сақтап жүріп пе едің бұрын біліп?!
Керуен алты ай жүріп елге келсе,
Назымбек жатыр екен науқас болып.

Керуен айтты:

– Біз жүріп Қырым бардық,
Қырымда сауда қылып пайдаландық.
Көп сәлем айтты сізге бір сұлу қыз,
Бір торғын белбеу берді тоғыз мыңдық.

Назымбек:

– Осы науқас көңіл жарым,
Білуге құмар болды қыздың халін!
Не қылсын бөтен елдің қызы мені.
Болар ма жаста кеткен ғашық жарым.

Ғашығын ойына алды шыдай алмай:
– Іздеген мұратыма жеткізгіл! – деп,
Іздемеқ жарын енді жылай-жылай,
Назымбек сырқат болды алты жылдай.

Назымбек қайғы салды көкірекке,
Бозбала, құлағың сал мына кепке.
Болғанда жетінші жыл атқа мінді.
Жол жүріп, ғашық жарын іздемекке.

Ноғайдың жар шақыртып жиды бәрін,
Қалдырмай алып келді кәрі шалын.
– Өнерлі төрт-бес жігіт аламын, – деп,
Сынапты ноғайдың бозбалаларын.

Бір қария болған екен осы кезде,
Саумен біледі екен аз мінезді.
Өткізген тоғыз патша толғауымен,
Өзінің жасы келген тоғыз жүзге.

Жиылған бозбаланы картын көрді,
Әдеппен қол қусырып сәлем берді,
Ноғайдың он сан атты бірін қоймай әкеліп.

Адамға дәулет бітсе, ақыл бітер,
Елуде бір-ақ адам сертік жетер.
Темір жақ, айыр көмей, бұлбұл екен,
Сөйлеуге кісі болмас онан өтер.

Ал енді бір жігітті сынайды мыс,
Кісі екен өзі қария көпті
– Осыны ал, палуанды керек қылсаң,
Жатқанда кісі астында жігіт емес!

Көргем жоқ қариядай сондай зерек,
Бір жігіт маң-маң басып келді бөлек.
Өлеңші, өзі молда, хатқа жүйрік,
Бірісі – осы жігіт алсаң керек.

Мұны да қария айтты әуел баста:
– Әуелі ақыл ойла, ашу таста.
Ашудың арты қатты – өкінішті,
Ашумен басын жойған талай патша,
Өлтіріп Кәрбалада құсасында,
Нақақтан қан жүгініп о дағы өткен.

Боз жігіт ғашық болған бір балаға,
Барса да қыз бермеген падишаға.
Ашумен боз жігітті дарда өлтіріп,
Кәпір боп о дағы өткен бір балаға.

Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Тағында бұлбұл сайрар болған сайын.
Болғанда ашу – пышақ, ақыл – таяқ,
Сол таяқ тимей ме жонған сайын.

Адамзат отқа түспей тұрған емес,
Бола ма отпен топырақ, сірә, жолдас?!
Алдыңнан Жаббар Ием жарлығысын,
Мысалы, бұл дүние соған ұқсас.

Жылқында сан жетпеген бес атын бар,
Бесеуінің бес мың диллә бағасы бар.
Тана көз сүр бикешпен
Біреуі боз мойын ат ерке шұбар.

Жүген сал күміспенен підерлетіп,
Гауһардан алтын тоқым кестелетіп.
Аяғын болатпенен тағалатып,
Сапар жүр дүйсенбі күн:
– Тәуекел! – деп.

Жол жүрді дүйсенбі күн өңшен манап,
Қоштасып елі жұрты шуылдасып.
– Келгенше жалғыз шешем не болар? – деп,
Шешесін көп құшақтап тұрды жылап.

Шешесі қалды сонда жылай-жылай,
Жолына Назымбектің қарай-қарай.
Еліне Қырымдардың жақындады.
Бесеуі сапар жүріп дәл алты ай.

Жаратқан барша жанды Қадир Жалал,
Айтайын аз мәселе құлағың сал.
Бозбала келемеждеп мысқылдаған,
Жасы жоқ, бір тас елде кемпір мен шал.

Бозбала келемеждеп мысқылдаған,
Жасы жоқ, кемпір-шалға кім қараған.
– Елінің бозбаласы қайда кеткен,
Біз ... жиылып сіз ылғи сабан.

– Отырмыз кемпір мен шал таң атқалы,
Таң атып, бесін болды күн батқалы.
Жансыбай жалғыз қызы Күлше сұлу,
Той қылып кетті сонда ұзатқалы.
Кетісті қыз-бозбала бірі қалмай,
Шақырды қырық сан Қырым бірін қалмай.

Назымбек бұрып алды аттың басын,
Төгеді мөлт еткізіп көздің жасын.

– Жетім қып жеті жаста әкемді алып,
Бозбала мені Құдай қайдан ондасын?!

Қайтайық бозбалалар елімізге,
Жеткіз деп есен-аман жерімізге.
Ұзатып жатқан қызын бізге бермес,
Болмайық көріп күйік көзімізге.

– Әкесі зорлықпенен берген шығар,
Ынтызар қыз сізге болған шығар.
Сіз іздеп келгеніңізді ойға алмас,
Ақылсыз өзі жаман деппе шығар.

Көрмесен естен кетпес аттың тері,
Көрейік қандай екен оның түрі.
Ақылсыз ақымақ болып еске алмас,
Бір жолғы азар болса аттың тері.

Көрмеді деп бұрын күйеу қорламаңыз,
Бәрінен артық жаным ақыл-мінез.
Сыйлай бер үлкен-кіші қадір қылып,
Айтайын тым болмаса бір ауыз сөз.

Назымбек қайтпақ аттан түсіп,
Төрт жолдас:
– Қайтпа! – деді зәресі ұшып.
Сақтамай қадір білмес ерге ...,
Құрбым деп жүре алмас сен құшақтап.

Алтынды кең сарайдан әдеп жақсы,
Қыпша бел, қызыл бетті сүйген жақсы.
Жұт келсе бірі қалмас мың сан қараң,
Бәрінен қадір білген артық жақсы.

Төртеуі алып жүрді ерікке қоймай,
Назымбек келе жатыр көңілін қоймай.
Бесеуі бір белеске шыға келсе,
Көрінді алдарынан бір тоған, әні!

– Алдымнан күн, артымнан туып тұр ай,
Япырмау көзім талды қарай-қарай!

Күн бесін, әй, тұрарлық мезгіл емес,
Ойланыз, бозбалалар, мынау қалай?!

Қалың шаң кара-қора түбі шығар,
Жайылған байдың қалың койы шығар.
Отауы алты қанат түндік аппак,
Бауы – жез, күміс – белдеуі ою шығар.

Әуелі мен сөйлейін мәселені тез,
Қой баққан бір койшыға болыпты кез.
Қойшы кеп сәлем берді өңшен жасқа,
Қарайды, танымайды асыл тасқа.

– Барасын шаһризадалар енді қайда,
... бұл Қырымнан бөтен басқа?

– Ей, койшы, біз бір жүрген жолаушымыз,
Бажалап біліп айтсаң, сөз сұраймыз!
Ақ отау алты қанат мынау қалай,
Қалың шаң кара-қора шаһарыңыз?

– Ең басы бұл Қырымның Жансы өзі,
Ал соның Күлше сұлу жалғыз қызы.
«Бір қанның баласына берем», – дейді,
Тойы бар ұзататын бүгін өзі.

Біреуі жеті ашықтың ...,
Арманға жетермісін, әһ, дарига!
Боз жігіт ғашық болған бір бала,
Іздемей жатыр мекен біздің қалқа?!

– Көрұғлы, Мәләк, Аждар ... батқа.
Қаһарман қатарымын Ғалі, Хайдар.
Ойға алған мұрадыма жеткізе көр,
Пайғамбар, мурсал, нәби сахабалар.

Не жаман бұл дүниеде қайғы жаман,
Мұңымды ғайып қылма білген адам.
Зарымды көңілімдегі айтып өттім,
Қайран күн, өткенің бе болып арман?!

Әуелі мен сөйлейін сөздің басы,
Мен едім бір шаһардың падишасы.
Күлше қыз, аман-есен отырмысың,
Еліңнің жол бермейді бозбаласы.

Біреуді он айдың шілде, тамыз,
Сан алтын тұла бойың, шашың құндыз.
Қайғынды көңілдегі айта берме,
Қайғылы біз де сіздей армандамыз.

Қайғыдан жүре алмадым қадам басып,
Айтайын арманымды аузымды ашып.
Шаһарын қырық сан Қырым кезіп жүрмін,
Қолымнан жібек баулы тұйғын қашып.

– Жоқ іздеп еліңізден келдіңіз бе,
Бір хабар жоғыңыздан білдіңіз бе?
Баласы Асылбектің Назым мырза,
Хабарын күйлі-жайлы білдіңіз бе?

Базардан алып келген тоғын жаулық,
Белінде алтын белбеу, күміс баулық.
Өлгелі Назым мырза үш ай болды,
Деніңе бір Құдайым берсін саулық.

Хажылар алты ай жүріп барар Мекке,
Ұрыдан ұзақ жалғыз жүрсін жеке.
Назымның сапар шегіп кеткендігін,
Көрдің бе өз көзіңмен, ей, аға!

Үндістан дүние айналған үлкен қала,
Қытайдан Асылбек бай қылып пана.
Назымбек сапар шекті деп айтып жүрген,
Үй айнала жүгірген қатын-бала.

Жылқы да ұстатпайды қашқан бағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.
Ағаке, өз көзіңмен көрмесеңіз,
Жел сөзі балалардың болғай-дағы.

– Жаратқан барша жанды жалғыз Аллаһ,
Кім жетпес сапар қылса не арманға.
Назымды осы тойда бір көрсетсем,
Сүйінші не бересің Күлше бала?

– Ағаке, жүзің тәтті, таң нәзік,
Күн қайда Назым бізді іздеп келмек?!
Осындай сағынғанда бір ...,
Берейін мың теңгелік бір білезік.

Сары алтын тақиям бар жан көрген жоқ,
Көрсен түсер көңіліне каралы шок.
Қолға алды Күлше бала тақиясын,
Таниды тақиядан мәртебесін.

Жиырма үш ғашықтың бәрін жазған,
Төгеді мөлтілдетіп көздің жасын.
Бір шебер жазған екен әуел бастан,
Екеуін ата-анасы жаста қосқан.
Жиырма үш ғашықтың бәрін жазған,
Ешбірін уақиғаның тастамастан.

Мұсатай отыр екен өлең бастап,
Арманға әркім жетсін сондай.
Ақ үйден қыз жөнелді бұзып жарып,
Білезік – бес мың сомдық қолына ұстай.

Бір ханға әкем берген әлдеқашан,
Қарайды ел аузына Қырым қырық сан.
Ер кеткен әйел бұрын сөйлемейді,
Сөйтсе де өзім барып амандасам.

Қолына жал ... туар кара керден,
Жалғанда қайғы кетпес саналы ерден.
Жауабын бір сөзіме бере алмаса,
Кетпеймін сүйтседағы сүйген ерден.

Жылқы да ұстатпайды қашқан тағы,
Жаяудың ат болады екі аяғы.

Баласы Асылбектің Назым мырза,
Сөзіңе жауап тауып бергей тағы.

Дүниеде ғашықтықтан жоқ-ты жаман,
Әкемнің берген жері падиша хан.
Көзіме күндей болып шағылысқан,
Немене алдымдағы жарқыраған?

Отырған күндей болып жарың манат,
Жанында үш құрбың бар қылған қызмет.
Көзіңе күндей болып шағылысқан,
Алтын ер, күміс жүген, боз оймақ ат.

Қақ жарған қара суды ...,
Кеш келген, ерте келмей, шабансыз ба?!
Көп айлар көрмегелі көп жыл болды,
Қадірлі хан, сұлтаным, амансыз ба?!

Пайда жоқ дарияда жар болған соң,
Ойлайды екі ғашық пар болған соң.
Сұрайтын енді бізде не жұмысың бар,
Іздеген қарабас бар болған соң.

– Ей, Күлше, сен жаздың, мен не жаздым,
Сабағын ақ қурайдың белден қаздым.
Сені іздеп алты айлық шөлге шығып,
Шаңырқап су таба алмай өле жаздым.

– Ей, мырзам, жоқ нәрсені қылма арман,
Әуелден іздеуге жоқ бізде дәрмен.
Қайғырма қайратты ерге қайғы жаман,
Әуелден іздемек жолсыздан қалған.

– Әй, Күлше, сенің өзің күнмен теңсің,
Жұмысым іздеп жүрген жалғыз сенсің.
Бір ханға елің жатыр ұзатқалы,
Айтсаңшы ақылыңды не қылайын?

– Қайт деп осы күнде көңілім, жарым,
Көрген соң көңілім тәуір ақ дидарын.

Ойларсың енді қайда барады деп,
Жиырма үш жыл қызметінді тосқан жарың.

Жиылған күйеу-қызға бүкіл шаһар,
Көңілінде әркімдердің бір арман бар.
Жұрт жылап, алка салып отырғанда,
Патшаның баласына барды хабар.

Бұл қайдан хабар тапты күйеу құда,
Бажайлап айтқан біреу падишаға.
Қасына қырық нөкерін ертіп алып,
Шығыпты хан баласы сахараға.

– Қырымның осы қырық сан патшасымын,
Естідім сен бір жүрген жолаушысын,
Барасын енді қайда батыр мырза.
Жөніңді айт, неғып жүрген қыз жарасын?!

– Мен дағы ханы едім Орманбеттің,
Ісіне кім көнбейді Құдіреттің.
Арасын бұл Қырымның түгел кезіп,
Іздеймін бір сұнкарды жастай кеткен.

– Таптын ба сұнқарыңды мырзам зорға,
Келдіңіз неше ай жүріп бұл Қырымға?
Падишам, ақыл ойлап, біл бажайлап,
Іздеген құсың түсті біздің торға.

– Шама жоқ падиша қылар сізге білдік,
Қанбақтай жел аударған іздеп келдік.
Ғаділ деп сыртыңыздан естуші едім,
Білген бұл жұмысын сізге бердік.

– Таңдап қисын арман қылмай сүйгеніне,
Ризамын маған билік бергеніне.
Болайын хан баласы көргеніме,
Күлше қыз, мен билікті саған бердім.

– Падиша, бақытың асқан асыл тастай,
Бір Аллаһ кем қылмаған мал мен бастан.

Біреуің әкем берген падишасың,
Біреуің ғашық жарым жастай қосқан.

Бұралған тал шыбықтай тұла бойың,
Асыл зат артық туған түрлі ойың.
Екеуің екі жұрттың патшасысың,
Қайтемін маған ауыр болды қиын.

– Күлше қыз, қиын ғой деп қапы қалма,
Бұлай неге айтты деп көңіліңе алма!
Қайғынды көңіліндегі айтпаймын деп,
Өзіне қияметтік қайғы салма!

Алданып баяғыдан жүрміз бекер,
Деуші едің жалған жардың түбі бекер.
Жасымда Құдай қосқан жарым едің,
Мойнымда Назымбектің хақы кетер.

– Алты жыл, патша, сізбен болдым жолдас,
Мойныңа қарыз қылмай кешсең нетер.
Осы екен мынау байың сенің жарың,
Көргенге қылышы ... дарын.
Мен кештім Құдай кешсе жолдастықты,
Алдыңнан берсін Аллаһ жарлығысын.

Айрылды қанның ұлы амандасып,
Алмаймын еріксіз қыз жамандасып.
Қан кетті қаласына шеру тартып,
Күлше мен Назымбекке амандасып.

Ұзатты сонда қызды ноғайлыға,
Қатарлап жүз түйеге артып қазына.
Ғашығын Күлше дейін Назым алып,
Қайтыпты қуанышқа әбден батып.

Әуеде бозша торғай сайрайды екен,
Құлпырып жердің жүзі жайнайды екен.
Алты жыл жолдас патша болып қалды,
Жазусыз бір Аллаһтан болмайды екен. [134]

Мәшһүр Жүсіп сөзі

(үшінші)

Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Үш жүз бала ... казактың Орта жүзінен Арғын ата ішінде Бес Мейрам болған. Болғанда Қуандық, Сүйіндіктің Сүйіндігінен, Құлбол[ды]дан. Айдабол: Күлігінің Күлігінен Күлік ішінде Тілеуімбет тобынан. Бұл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туған жері – Сарыарқа, Баянаула тауында, өскен жері, өлген жері: тағы Баянаула тауы. Қой жылы туып, қой жылы жетпіс үш жасында қайтыс болды. Қайтысының ішінде болып, қолымыздан намазын оқып қойдық. Жатқан жері үйілген мола тас топырағы Баянаула тауының темірказық жағында қазақша айтқанда, солтүстік жағында 20 шақырым жерде жатыр. Уа, дүние опасыз деген рас екен! Екі аяқты бір басқа адамның бұлбұлы үш жүзге даңқы шығып аты жайылған тірі күнінде, мәжілісінде хан-кара, қожа-молда оза алмаған жүйрік дүлдүл. Жүрген жері – ұлы жиын, той-мереке болған. Сап алтын самаруд, атаксыз аяқ астында бір құба жөн. Ескелді деген төбенің басында жалғыз жатыр. Аллаһ тағала жатқан жайын жәннәтта топырағын торқа кылсын. Рахматулла ғалейһи рахматән уасифатән Мәшһүр Жүсіп Көпей ұғлының рухы пана әмин. 73 жасында 73 жүз екі, 73 мың үлгі әдеби мақала, тақпақ, өлең сөздері болған шығар. Бірақ та қараңғы қазақ халықтың қараңғы күнінде талабың, талантын надан жұрт танымады. Көп айтқан өлеңдерін ішінде айтылған бір ауыз өлең мынау:

Бастан ми, ақыл естен отырарсың,

Қайсысын жан шығарда жаудырарсың.

Қағазға аттай желген он саусағым,

Дәл-дәл боп кара жерде саудырар, – деген. Сол саудырып жатқай. Есіл сабаз майталман солай заман. Білгенге мағына көп.[135]

ТӨЛЕУБАЙ ШАРАПИДЕНҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



Төлеубай Шәрәпиденұлы (1917-14.01.1997) Баянауылдың күнбатыс жағындағы 35 шақырымдағы Құрман-Тоғалақ деген жерде дүниеге келген. Төлеубай – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көзі көрген, бауырында болған немересі. Бұл жөнінде өзі былай дейді: «1922 жылы басы алты жаста бала едім, атам болса 63 жаста болатын. Осы жасымнан бастап 14 жасыма дейін, 1931 жылға дейін атамның бауырында өстім».

Төлеубайдың әкесі Шәрәпиден – Мәшһүр Жүсіптің үлкен баласы. Ел азаматтары «Шәрәпи» деп атап кеткен. Төлеубайдың әкесінің азан шақырылып қойылған аты – Мұхаммедшәрәпиден. Анасының аты – Зейнеп. Енесі Рәбиға осы келінінің қызметіне риза болып: «Ақзейнебім», – деп атап кеткен. Шәрәпиден мен Зейнеп 1910-шы жылдары қосылып, шаңырақ құрған. 1915 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бәйбішесі қайтыс болғаннан кейін, ақын үлкен ұлы Шәрәпиденнің қолына қарап, келіні Зейнептің күтуінде болады. Осы жайында Төлеубай өз естелігінде былай дейді: «1910 жылдар үлкен баласы Мұхаммет Шарапи Жаманаула баурайы болу керек, Үшата Қозған: Тінейдің Ыскак деген кісінің қызы Зейнеппен бірігіп, шаңырақ көтеріп, үй болады. Бұл атамыздың бірінші қызығы екен. Содан бір шаңырақта отырғанда атамыздың бәйбішесі – Базыл Шегебай қажының қызы, әжеміз Далба Қарақозы елінде отырғанда, 1915 жылы дүние салады. Осыдан атамыз жылы орынын суытпай Шарапидің қолында отырып қалады. 20 жыл бойы атамыздың қас-қабағында болады».

Арада екі жыл салып, 1917 жылы дүниеге Төлеубай келеді. Оған дейін ақынның Бап, Төлеутай атты немерелері болған. Бірақ соның ішінде қасына ерген немересі Төлеубай болса керек. 1922 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Ташкентте жүрген ортаншы баласы

Мұхаммедәмен қаза табады. Баласынан айрылған ақын Мәшһүр Жүсіптің жан қиналысын Төлеубай атамыз былай еске алады: «Бұл кісі 1922 жылы 63 жаста болатын. Жылы – кой, денесі ауырлап, қол-аяғы қоюланып, жүрісі, тұрысы кеми берген шақ, кәрілік шағы. Тұрғанда, отырғанда таяқ арқылы тұрып қозғалады. Өйткені 35 жаста қайтыс болған баласын ойлады ма? Көбінесе осы жері ойға келе бере ме, еш нәрсені айтпай, салмақ отыратын еді. Және бір жағдай, 1915 жылы бәйбішесі қайтыс болған. Енді бұл кісіге күтпек, әрине, атамыздың күнделікті тіршілігіне байланысты туған немересі маған түсті. Себебі маңына туған баласы Шарапиден, туған келіні Зейнеп бара алмайтын. Қандай адам болсын көзге суық көрінін тұратын. Зәбір түрде адамға ұрыспаса да отырған отырысынан белгілі болатын. Ал мен болсам немересі. Маған ұрыссын, ұрыспасын еш білінбейтін. Ата мен немере, немере мен ата – бір-біріне жақын ғой!».

Демек, Төлеубай Шәрәпиденұлы 1922-ші жылдан 1931-ші жылға дейін, Мәшһүр атасының өмірінің ақырына дейін жазы-қысы қасында болған. Бұл жөнінде Төлеубай өлеңдетін, былай деп жазып кеткен:

Мен енді көргенімді баяндайым,
Жазамын ақын болып атам жайын.
Он жылдай қызмет еткен немере едім,
Болмас деп жазсам бұны жазатайым.

Атам маған ат қойды: – Әй, жаным, – деп,
– Әй, жаным, ананы әкел! – күледі-ей кеп.
– Атанды дорбасын ұстап ат қалдырдың,
Аланғасар Тілеуімбеттей сен болдың! – деп.

Осы немересінің қызметіне риза болған атасы әрдайым: «Балам, он екі мүшең аман болсын», – деп бата береді екен. Ол жөнінде мынадай дерек сақталған: «Атам маған жұмсағанда: «Он екі мүшең аман болсын, тауфиқты өмірлі бол!» – деп ылғи осы батасын беретін. Бұнысы қабыл болды», – дейді Төлеубай.

1938-шы жылы Төлеубай Шәрәпиденұлы әскер қатарына алынды. 1939 ж. болған Ақ Фин соғысына қатысады. Артынан басталған

Ұлы Отан соғысына қатысып, басынан аяғына дейін Отан алдындағы қызметін абыроймен атқарады:

Аттандық біздер солдат болып соғысқа,
Қапшықты іліп, солдат болып, мойынға.

Қоштасып біздер туған елменен, жерменен,

Отырдық келіп, солдат болып поезға, – деп соғысқа аттану кезін осылай суреттейді.

Төлеубай Шэрэпиденұлы Сталинград, Дон, Ростов, Украин майдандарында болып, кескілескен майдандарда өз ерлігімен көзге түсіп отырған. Осындай бір соғыс жылдарындағы ауыр кездерін «Қу соғыс» өлеңінде былай сөз етеді:

Сталинград үшін батырмын,

Фашистті соғып жатырмын.

Өзіңнен келген хатыңды,

Окопте оқып отырмын.

Сонымен бірге ол Заполярье майданында, Кандалакша, Шаняуй арал көлі, Мурманск қаласы, Баренцево теңізі коммуникациясы майдандарында болып, 1946-шы жылы күзде елге аман-есен оралады. Төлеубайдың «қабыл болды» дегені осы болса керек, қанды қырғын шайқастарда жеңіл ғана жараланып, атасы бата бергендей он екі мүшесі аман еліне оралады. Төлеубай Шэрэпиденұлы 1942 жылдың 22 желтоқсанында қаһарман қала «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен, 1944 жылдың 5 желтоқсанында «Кенестік Заполярьены қорғағаны үшін» медалімен, 1945 жылдың 9 май айында «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Сонымен бірге «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл», «Қарулы күштерге 50 жыл», «Қарулы күштерге 60 жыл» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейінде 1978 жылдың 3 май айында «Еңбек ардагері» медалі, 1985 жылдың 11 наурызында «II дәрежелі Отан соғысы» ордені тағайындалды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Ұлы Отан соғысына екі бірдей немересі қатысқан. Соның бірі – Төлеубай елге оралса, ал Қонак деген немересі майданда қаза тапқан. Қонак Шэрэпиденұлы 1921

жылы дүниеге келген. Атасы Мәшһүр Жүсіп: «Осы дүниеге келген қонақ», – деп, атын «Қонақ» қойған. Ол 1942 жылы соғысқа аттанып, 1943 жылы Калинин майданында, Великие луки қаласында болған шайқаста қаза болады. 1943 жылы 21 ақпанда жазған соңғы хатында: «Жеті жерімнен жеңіл жараланып, тәуір болдым, енді соғысқа қайыра кіргелі тұрмыз», – деп жазып кеткен.

1946-шы жылы Төлеубай Шәрәпиденұлы елге аман-есен оралған соң, колхозда ауылдық кеңес хатшысы, тың игеру басталғанда колхозда, совхозда әртүрлі қызмет, жұмыстарды атқарады. 1977-ші жылы зейнет демалысына шығып, осы кездерден бастап атасы Мәшһүр Жүсіптің Жаңажол ауылындағы мұражайын ашуға жан-жақты ат салысады. Атасының өмірі, шығарашылығы туралы материалдар, экспонаттар жинаумен шұғылданып, өзінің естеліктері мен өлеңдерін жазады. Бүгінгі күнде Төлеубайдың қолжазбалары өз балаларының қолында сақталған. Төлеубай қолжазбаларында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ел аузынан жинаған үлгілері, өлеңдері т.б. сақталған, Мұхаммедшәрәпи, Мұхаммедәмен мен Мұхаммедфазыл өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректер орын алған. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмірінің соңғы кездері қай жерлерге барғаны, кімдермен кездескені турасында мәліметтер көптеп кездеседі.

Атасы Мәшһүр Жүсіптің басы-қасында жүргендіктен, атасы жайында білгісі келетін адамдар көп болған. Ол жайында былай дейді: «Мәшекең қақында кейбір адамдардан сауалды сұраулар естіп қаламыз: «Біз Мәшекеңді көрген жоқпыз, бала күнімізде ата-әжеміз, не әке-шешеміз бұл кісіні аузына алып айтып отырушы еді», – дейді. «Ол кезде біздер жас болып сөзге құлақ қоймаған кезіміз еді. Айтайық бұл кісінің өмірбаяны шыққан кітаптарынан, не басқа да баспасөздер беттерінен оқыған едік. Сондықтан әсіресе біз соңғы қартайған шағында нендей бір жазғаны болмады ма деп ойлаймыз. Алайда бұл кісі өз тұсында қандай адамдармен қарым-қатынаста болды екен. Өйткені, бұл кісі әрі ойшыл, әрі халықпен байланыста өз өмірін осылай өткізгені хақ. Және бұл кісі өз тұсында дүние, малға неге көңіл аудармапты? Енді бір айтарымыз, бұл кісі өз зиратын тірісінде көзінше салдырыпты және қай баласында болды? Қай баласының қолынан аттанды екен? Өз өмірін өзі болжап кетіпті дейді, әлде

өсиеттері болды ма? Төлеубай ағай, біз сізді Мәшекеңді көзі көрген ұрпағы деп естиміз. Бұл турада недей бір айтарыңыз бар?» – дейді». Осыны айта келе Төлеубай: «Міне, сондықтан маған лажысыздан қалам ұстауға әкеліп тіреді», – деп, акынның өмірі туралы теңдессіз естелік жазуына не түрткі болғанын осылай түсіндіреді.

2008 жылы өзі өмірден озғаннан кейін Төлеубай Шәрәпиденұлының біраз өлеңдері мен естеліктері інісі Жас Сүйіндік Шәрәпиденұлымен бірге топтастырылып, «Ғұлама ғұмыры» деген атпен жинақ болып шыққан еді.

Төлеубай Шәрәпиденұлы – өз жанынан өлең жазып, жыр шумақтарын тарқатқан акын. Оның өлеңдерінің тақырыбы – батырлық, туған жерге деген сүйіспеншілік, махаббатқа толы жыр өрнектері әдемі, айшықты сөздермен бейнеленген. Ол өзінің акындығы жайында былай деп сөз қозғайды:

Исадай суырып салма акын едім,
Өлеңге төрт жасымнан жақын едім.

Бір түнде сексен қызбен мен айтысып,

Біреуін акындықпен алып қаштым, – десе, енді бірде осы акындық өнері атасынан дарыған қасиет екенін ескертеді:

Өлеңнен бар ма, жоқ па келекесі,
Мәшһүрдің қонған өлең берекесі.
Қыздарға акын болып өлең жаздым,
Болған соң Мәшһүр Жүсіп немересі.

Қай акын өзінің өскен ортасын, туған жерін жырға қосып, сөз етпеген. Сол сияқты Төлеубай Шәрәпиденұлы да осы дәстүрден шет қалмай, туған Отаны – Баянауылдың әсем де әдемі табиғатын жыр жолдарына қоса білген. Оның «Ақбеттау», «Баянаула», «Сарыарқа» өлеңдері осылардың қатарында. Ол:

Жырың көп, сырың ғажап – Ақбет, Баян,

Ақындар жырын төгіп, аямаған.

Қасқиып Сарыарқаның кең төсінде,

Кербездің тұлғасындай тұрғаны аян, – деп, қанша акынның көзайымы болып келген Ақбет, Баян жерін өзінше жырлайды.

Сол сиякты Төлеубайдың әншілік, орындаушылық өнері де болған. Домбырамен Исаның «Желдірмесін», Әлсейіттің Құдайбергеннің «Желдірмесін» домалап, жүрелеп отырып, сырғанап құбылтып та әдемі айтқан. Өзінің «Төлеубайдың желдірмесі» деген өлені де осылардың қатарында болған.

«Атасын көрген немересі», – деп ауыл адамдары одан бата алып, балаларының атын койғызып, бесік, домбыра, ұршық істеттіріп, ырым ететін. Атасының кара дұғалығымен көз тигенді, дәретке отырып қоятын балаларды, тіс ауруын, көзі қарып ауырғандарды бір-екі күнде үшкірін жазатын қасиеті болған.

Зайыбы – Ғафуқызы Ғанеми. Оған да арналған өлеңдері бар. «Ғанешім», «Жарыма», «Қызды азғыру», «Қыз хатына жауап» т.б. ғашықтық сарында жазылған жыр жолдары баршылық. Сонымен бірге оның «Балама», «Баламен қоштасу», «Көк тымак» өлеңдері өз балаларына арнап жазылса, енді бірі «Сартай бөлеге», «Құрдас Күләнға», «Бәкен алпыста», «Бөлдей шопан» атты өлеңдері өзінің құрдастары мен ауыл азаматтарына арнап сыр шертілген.

Төлеубай Шәрәпиденұлы жеті бала тәрбиелеп өсірген, бірқатар немерелерінің алдын көріп, 1997 жылы Баянауыл ауданы, Мәшһүр Жүсіп ауылында (Жаңажол ауылы) 80 жасында дүниеден озды.

Арслан Көпеев

АҚЫННЫҢ НЕМЕРЕСІ ТӨЛЕУБАЙ ШАРАПИДЕНҰЛЫ МЕН ЖИЕНІ ЖОЛМҰРАТ ЖҮСІПҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ МЕН ӨЛЕҢДЕРІ

Мәшһүр Жүсіп: өмір деректері

Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1857-1931 жыл ноябрь. Қазіргі өскелен өмірімізде қай халқымыздың болмасын, оның ішінде адам баласының ой-арманы, талап-тілектері сан алуан. Алайда айтарымыз өкіметіміз бен партиямыздың адам баласына деген қамқорлығын көреміз. Әлбетте, өткенді ұмытпайық деген қағиданы еске алсақ, заман сыры ғасырлар бойы өзіндік ерекшеліктері бар екені хақ. Кейінгі ұрпақтар үшін табылмас мұра болары сөзсіз. Сол көне дәуірдің сабағында өсіп келе жатқанымыз да осыдан болар.

Аспанда ай болмаса, адасады.

Жігітке күміс мылтық жарасады.

Ішінде жақсылардың алтын сандық,

Сандықты кілт болмаса кім ашады,— деп, атамыз казак халқы босқа айтпаса керек.

Көпей әкесі – Сермағамбет Қызылтауда туып, осы жерде болады. Рас, семья, бала-шағалы, кедей болған. Балаларын өсе келе діни оқуға қолынан жетелеп, табиғат байлығын тамашалайды. Бірақ нашарлықтан қолы жетпей, одан әрі шамасы келмейді. Ақыры бір опа ауыруында түгел семьясы өледі. Ең кенже баласы Көпей жалғыз жетім артында қалады. Көпейді ағайындары асырап, әр жақындарында жүріп өмір сүреді. Көпей жетімдіктен өспей, сол кезден көпеш қозыдай көрініп, Көпей атануы да осыдан екен.

Енді ер жете Көпей бала жігіт бір көшшімен ілесіп, жоғарғы Алтай Қуандық еліне шығып кетеді. Бір Шотаяқ деген әлді адамға тап болып, ұзақ жыл осы адамның қолында болады. Қараөткел, Атбасар, Қызылжар қалаларына мал айдап, кіресін тартып, сауда-саттық жұмыстарын жүргізеді. Өзі жуас, момын, инабатты атанады. Бір күні Көпей өз өміріне ой жіберіп:

– Енді бұлай жүргенім дұрыс болмас! – деп байға:

– О, таксыр! Жасым қырыққа келді. Елімді, жерімді сағындым, рұқсат беруіңізді сұраймын, туған елімді табамын! – дейді.

Бай кимай үнсіз отырып:

– Шырағым, Көпей, бір баламдай көруші едім! Жүре берсен қайтер еді?! – дейді.

– Көп жыл жүрдім, жасым қырыққа келді, ұрпақсыз қалармын, туған жер ыстық екен, – деп сөзін тоқтады.

– Жарайды, Көпейім, рұқсат етемін! – деп, келесі жылы өзінің Ұлбала деген қыз баласына қосып, отау үй қатарында енші беріп: «Еңбегін адал!» – деп, сол Қызылтауға көшіртіп әкелтіп салады. Көпей өте риза болады. Бұны атамыз сөз арасында құрбыларына әңгіме етіп, айтып күліп отырушы еді.

Қырық үш жасында әкесі Көпей Жүсіпті көреді. Бір жұтта қыс қатты болып, таман ел жұтайды. Көпей де жұтап қалып, күн көрісі болмай, сол Қызылтаудан казак арбамен жаяу-жалпы Дауан қаласына көшіп келіп, Дауанның жатақтарына қосылады. Әкесі Көпей жуас, әрі нашарлықтан жатақтар қоныс бермей, сол жерден басқа жақтан қоныс іздейді. Ақыры әділетті, атакты Үкібай байдың ауылына барып, Қызылағаш-Бұзаутас деген жерге қыстайды, Дауанның оңтүстік жағында бес шақырым жер. «Жаксыдан игі» деп осы ауылдың ақсақалдары Көпейге шынайы жәрдем жасап, «жалғыз үйлі күлікіміз» деп қатарға санап, қошемет етеді. Жатақтардан көрген әкесінің кейіткенін білген Жүсіп ержете өлең жазады Қызылтаудан жұтап көшкенін еске алып.

Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста,
Ғаріптік бұл жалғанда біздің баста.
Айырылып ел жұртынан көшкен әкем,
Қыстаған Қызылағаш-Бұзаутаста.

Ішінде көп жатақтың болдық жатақ,
Емес қой жатақ деген сол бір атак.
Атасы басқа румен ауылдас боп,
Әр түрлі кішкентайдан көрдік шатақ.

Осылай күйзеледі. Бес жаста Жүсіпті Қамар хазіретке оқуға береді. Қызылағаштан атының артына мінгестіріп әкеліп, алып қайтып отырады. Бір күні келесі жылында Қамар хазірет Көпейге:

– Мешітке күзетші бол, – деп, Дауанға көшіріп алады және отын-суын тасып күн көріс жасайды. Қамар хазірет мешіт ішінен жалғыз болме беріп, өз қарауына алады. Жалғыз баласы Жүсіпті хазірет және бәйбішесі Бибі Мариям жақсы көреді. Көпей бірыңғай мешітке еңбек жасап, ұзақ жыл осында болады. Көп кешікпей елді жиып, Көпейге мешіт жанына тас үй салғызып береді. Бұл үйдің жұрнағы әлі бар қазірде. Жүсіп хазіреттен арабша хат танып, түрік, арабша үйренеді. Қисса жаттап, өлеңдерге бой ұрады. Мешіттен толық сабак алып, ел аузына түседі. Мұса мырза Дауанға келген бір сапарында хазірет:

– Шәкірттеріңізде қандай жақсы оқитын шәкірттеріңіз бар? – дегенде Жүсіпті айтады. Шақыртып алып, бір қиссаны айтқызады. Сонда Мұса мырза Көпейге хазірет көзінше:

– Мына балаңа үкі так! – деп тілек етеді, – аты енді Мәшһүр Жүсіп болсын! – деп.

Басына үкі тағылу да осыдан пайда болғаны хақ. Хазірет жалғыз қызының бір тал үкісін әкеп тағады. Бибі Мариям деген бәйбішесі тағады.

Мәшһүр 15 жасынан бастап тұрақтамай халық арасында кезіп, қазақ халқының әдеби мұраларын жинайды, өзі өлең жазады. Ташкент, Құрзым, Ақмешіт, Бұқара, Қараөткел, Атбасар, Еділ, Жайық, осы Ертіс, Семей, Қуандық, Сүйіндік жерін тегіс аралайды. Қазан қаласы Құсайын баспасына, «Айқап» журналына мақала береді Ақ патша заманында. Баспа қызметкеріне айып салынады ақшадай, Мәшһүрге сырттан кесім, үкім шығарады. Мұны білген Мәшһүр Бұқараға қайтып кетеді, әкім, алпауыттарды ысқактап өлең жазған екені жөнінде айыпталғанын біліп. Өз өмір тарихы өлеңдерінде дәлел етпек.

Көпей сол Дауан мешітінде күзетші болып тұрғанда, Қасен деген кіші баласы дүние салады. 73 жасында өледі. Шымнан Камер хазірет зират салғызады. Мәшһүр бұл кезде алыс сапарда жүреді. Мәшһүрдің шешесі Ұлбала жалғыз қызы Мәдинаның қолында қайтыс болып, Ащы бойы Шорабай деген жерде дүниеден қайтады. Бұнда да Мәшһүр болмайды. Бәйбішесі Рабиға Ақкелін, Далба,

Айдос деген жерде дүниеден қайтады. Ортаншы баласы Әмен Ташкентте 13 жасар қыз үшін ... бір оқушы үшін өзі 14-15 мектеп мұғалім болып тұрғанда қалың малға бермеу жөнінде. Мәшһүр 15 жасынан 65 жасына дейін үйінде болмағанын ел аузында қалған. Өз айтуында өзі мал-дүние жимаған адам. Жүйрік тазы, бүркіт, әсем киім, таза сергек ой-өріс терең болған. Үлкен баласы Шарапидің қолында болған өмір бойы. Бәйбішесі де осы баласында болып төркіндерінде отырған, нағашылары асыраған балаларын, соғымын басқа да жағдайын көмек жасап, Баязит, [Илияс] сияқты. Бәйбішесі Шегебай кызы деседі.

Мәшһүр көбінесе халықтар арасында ұлағат адамдарды ..., солармен тіл табысқан адам. Қазақ халқының өмір тарихын, ақындар айтысы, ерлік қиса, шежіре, мақал-мәтел – көп мұралар жиған. Мәшһүр кедей, нашар, жетім-жесір, мүсәпірлерді өте өзіне тартып жақсы көрген. Қожа-молда, ишан, қажы, бай-шонжарларды аяусыз сынап, оларға жек көрінішті болғаны ел аузында айтылады. Және өлеңдерінде де кездесіп отырады айтылғаны. Мәшһүр діни тұрғыда ала арқан, фидия, ..., зекет дегенге қарсы болған: «Қожа-молланың құлқыны!» – деп. Бұлар өлеңінде ашық айтылады. Мәшһүр өтірік, өсек, басқа да жат істерге жаны қарсы болған. Әділет, дұрыстық, адамгершілікті сүйген, барымта, зорлық, басқа да жосықтарға төзбеген.[136]

Төлеубай өмірі

Мен 1917 жылы туған бала едім. Жасым 1996 жылы 79-да боламын. 1922 жылдан бастап бес жарым жасымнан бастап, 1931 жылға дейін, өтер шағына дейін шәйнегін соңынан ерген, құйрығын сүрткен, тіршілігінде күнделікті жұмсауына жүгіріп жүрген, нақты тірісінде көзі көрген немересі едім. Бір жаққа жүре қалса, 1926-1927, 1923-1929, 1930 жылдар жанынан қалдырмай алып жүрген. Айта берсем толып жатыр. Бұл жағдай атам 1922 жылы 63 жаста болатын, Ташкентте қайтыс болған баласын қатты ойлап, 1859 қой жылы туған, қартайып денесі ауыр тартып, жүріс-тұрысы баяулаған еді. Содан туған немересі – мен күнделікті тіршілігіне орай жұмсап

отырады. Бұл кісіні кәзіргі ұрпағында көзі көрген немересі мен. Өңгесі көрмеген ұрпағында. Мақтаныш емес, мен атамның өзі емес, кәзіргі көзі – мен.[137]

Мәшһүр Жүсіп немересі

1922 жылы Әмірқан Ақшиінде отырған кезіміз, шешеміздің айтуынша бес жарым жаста бала күнім. Атамыз жүгіріп жүрген шақырымда (шағымызда) екі-үш кеней бір сақа асығымызды қыстырып алған. Ол кезде балада қалта деген болмайды. Атам шақырып алды:

– Бері кел! – деп. Жүгіріп анадайдан келе жатқан бала, шақырымнан асықтарым шашылып әр жерде жатыр. Оған қарауға қалым болмады.

– Ана тұрған кебісті әкел! Ана бұрыштағы қабығын алмаған мойылды таяғымды әкел! – деп жұмсамас па. Әкелдім.

– Енді ана шәйнегімді алып, соңымнан ер! – деді. Ердім соңынан.

Алыстау барып дәретке отырып, қолына су құйдым. Таяққа сүйеніп тұрды да, үйге келдік. Үлкен жез леген әкеп, қолына су құйып, беті-қолын жудырдым. Бет сүлгі орамалын әкеп бердім. Ұзын орамал етегінде оюлап тіккен әтештің суреті салған (салынған). Со-сын жәйнамазын алдына әкеп жайдым. Төсегінің үстіне отырып, намазын оқыды. Міне, осыдан 1931 жылға дейін, өтер шағына дейін, он төрт жасыма дейін, бес жасымнан бастап он төрт жасыма дейін, осы атама қызмет көрсеткен немересі мен едім.

Бұл кісі 1922 жылы 63 жаста болатын. Жылы – қой, денесі ауырлап, қол-аяғы қоюланып, жүрісі, тұрысы кеми берген шақ, кәрілік шағы. Тұрғанда, отырғанда таяқ арқылы тұрып қозғалады. Өйткені 35 жаста қайтыс болған баласын ойлады ма? Көбінесе осы жері ойға келе бере ме, еш нәрсені айтпай, салмақ отыратын еді. Және бір жағдай 1915 жылы бәйбішесі қайтыс болған. Енді бұл кісіге күтпек, әрине, атамыздың күнделікті тіршілігіне байланысты туған немересі маған түсті. Себебі маңына туған баласы Шарапиден, туған келіні Зейнеп бара алмайтын. Қандай адам болсын көзге суық көрініп тұратын. Зәбір түрде адамға ұрыспаса да, отырған отырысынан белгілі болатын. Ал, мен болсам немересі, маған ұрыссын, ұрыспасын

еш білінбейтін. Ата мен немере, немере мен ата – бір-біріне жақын ғой! Тіпті келіні Зейнеп пен келіні Үмітай:

– Өй, Әтиімнің жүрген жерін баспайық! – деп, қорқып, сақтанып жүретін. Беттерін қалкалап, ұялып, көзі көрген келіндері атын атамайтын, ылғи «Әтиім деп атап кетті.

Сонымен атам үлкен дәретке отырғанда төс қалтасынан желетінің маған қағаз беретін:

– Құйрығымды сүртіп ал! – деп, – балам! – деп, өз қолы артына жетпейтін, ылғи мен сүртіп алатын едім.

Жеңіл дәретке отырғанда биттей легені болатын, соған отырғызып дәретін, алдына ұзынынан жайған ақ простеня, соның астынан отырғызып алам. Өз қолымен масайын шайып үш рет:

– Ал, балам, далаға төгіп кел! – деп айтатын.

Атам кәртайған кезінде іштене кимей кетті. Киетін ыңғайы болмады. Төсегін салып беремін, арқасын қасимын, атамның тырнағын да мен алатын едім. Өзінің тырнақ алатын өткір мүйізді сап пышағы болатын. Жәшігінде ителгі құсына да жемін мен турап, саптаяғына су құйып, ақ жем қып, екеулеп жегізетін едік. Атам тұғырынан шешкізіп алдырады маған, қасында ұстап отырамын. Томағасын өзі алып, жанына қойып, арқасынан, бауырынан өзі сипайтын еді. Жемін жеген соң, орнына апарып, тұғырына қондыртады маған айтып. Ителгісі тураған жемін жеген соң, бір түйір қара кесек етті құсының аяғына өз қолымен береді. Құсы аяғына қысып шоқып жейді жан-жағына қарап, мен тері биәлаймен ұстап отырамын.

Атам ел арасына шыққанда, пар атын жеккізіп, трәшпенкесіне көшірін біреуді отырғызып, мені қоса ала жүреді. Себеп: қолды-аяқты баламын. Дәретке отырады. Бір жаққа жүргенде өз көрпе-жастығын, текеметін, бөстегін, тамақ ішетін тәрелке, ақ құман, қант-шәйін, күміс қасығын бірге ала жүреді. Кісі үйіне қонғанда, өз ыдысымен ішеді. Қонған үйінің төсегіне жатпайтын, өз төсегін салғызып жатады. Осының бәрі менің жұмысым болатын...

Тілеуімбет бабамыз батыр болыпты, қалмақтармен соғысқанда он екі ұлымен қолға түсіп қалған. Ертоқымы далба-дұлба, қылышы қазірде атамның музейінде тұр, қара қылышы. Өзі есерсоқтау болыпты алдаң-долдаң. Ертеде ел жайлауда отырғанда көлі бар жерге жақын отырыпты. Содан таңертең күн шыға сағыммен ауылдың көп

түйесі көлде жатқан жайылымға шыққанда, көл жанына сағымнан өркештері сағыммен көтеріліп, Тілеуімбет бабамызға: «Келе жатқан қалмақ!» – деп, ұйықтап жатқан елді: «Жау келе жатыр!» – деп тік тұрғызады. Ауыл апыл-құпыл шулап түре келеді. Тілеуімбет бабамыз олай-бұлай шауып жүр дейді. Тоқымы далбалдап, қолында қылышы бар, ауыл арбаның әр жағында қолына алып, сойыл сымақтарын жиып жатыр дейді. Тілекеннен қорқып, үйтіп-бүйткенше сағым басылып, келе жатқан жау түйенің қарамданған өркеші болып, жау да емес, түйе болып көзге түседі көп түйе. Атам үш айтып, көзінен жас ағатын күліп: «Әй, жаман тоқым Тілеуімбет!» – деп. Содан мені жұмсағанда: «Әй, жаман тоқым Тілеуімбет!» – деп. Не болмаса: «Жаным», – деп, не болмаса: «Әй, балам!» – деп жұмсап кетті. Мен де бабамыздай батыр болмасам да, есерсоқ болып едім бала күнімде.

Атам маған жұмсағанда: «Он екі мүшең аман болсын, тауфикты өмірлі бол!» – деп ылғи осы батасын беретін. Бұнысы қабыл болды. 1939 жылы Ақпен соғысында болдым. Одан кейін Ұлы Отан соғысына қатыстым. Бір түгіл жеті майданға қатыстым. 1941 жылы Солтүстік Калинин майданы, 1942 жылы Сталинград шайқасы: 64 армия, 1082 полк, 10 корпус, бұдан кейін Донрастов шайқасы, Кательникова, 3...ва, К., бұдан кейін Украйын майданы Николайевка, Сталинде 1943 жылы, бұдан кейін Советский ..., Кандалакша, Шаняуй арал, Мурманск және б... егесі. Мурманскіден совет порты, ... порты, Англия порты және теңіз үстіндегі кемелерді жау самолетінен қорғадық. Англия мен ... Совет еліне қару-жарак, азық-түлік беріп жататын жүздеген кемелермен портқа теңіз үстінде тұрған, осыларды жау жақсы білетін. Талай құзғындарды жығып тастап отырдық. Жетпіске тарта зеңбірегіміз болды және Жапонияға осы мемлекеттен автомашина, басқа да техника келіп жатты. Шығыс соғысына Мурманск арқылы жетіп жатқан болатын. Осы аталған майдандардан аман келдім.

Осы атамның он жыл соңынан еріп жүрсе аяғы, ұстаса қолы болып, қызмет еткен нағыз көзі көрген немересі мен едім тіршілігінде соңынан ерген. 1926 жылы атам мені алып жүрді, Шідертідегі Шідерті Малқоры Арыстанбектің Иманбек қажы ауылында болды. Түктібай Төкі, Шәкі, Байқан, Әлкей, Уак Әмірқан, Иманбек қажы баласы Асылбек, Итбай, Жолдақайлар, басқа да ақсақалдармен дидарласты. 1927 жылы өз ортасы Құсайының ортасында болды. Тауықбайдың

Смағұлы, ... Смағұлы, Қантайдың Әбдірахманы, Омардың Машрабы, Матайдың Садағы, Әбдірахманның Дүйсені.[138]

Төлеубайдың Мәшһүр Жүсіп туралы жазғаны

Мәшекең какында кейбір адамдардан сауалды сұраулар естіп каламыз. «Біз Мәшекеңді көрген жоқпыз, бала күнімізде ата-әжеміз, не әке-шешеміз бұл кісіні аузына алып айтып отырушы еді», – дейді. «Ол кезде біздер жас болып сөзге құлақ қоймаған кезіміз еді. Айтайық бұл кісінің өмірбаяны шыққан кітаптарынан, не басқа да баспасөздер беттерінен оқыған едік. Сондықтан әсіресе біз соңғы қартайған шағында нендей бір жазғаны болмады ма деп ойлаймыз. Алайда бұл кісі өз тұсында қандай адамдармен қарым-қатынаста болды екен. Өйткені, бұл кісі әрі ойшыл, әрі халықпен байланыста өз өмірін осылай өткізгені хақ. Және бұл кісі өз тұсында дүние, малға неге көңіл аудармапты? Енді бір айтарымыз, бұл кісі өз зиратын тірісінде көзінше салдырыпты және қай баласында болды? Қай баласының қолынан аттанды екен? Өз өмірін өзі болжап кетіпті дейді, әлде өсиеттері болды ма? Төлеубай ағай, біз сізді Мәшекеңді көзі көрген ұрпағы деп естиміз. Бұл турада недей бір айтарыңыз бар?» – дейді.

Рас, сұрақтарыңыз онай емес. Бірақ, үндемей қалу тағы жөн емес. 1931 жылы пәниден бақиға аттанды. Мәшекең осы алпыс жыл уақытта талай өтер күндер бастан өтті. «Бала иман басына, тұрымтай төсіне» деген кездерді көрдік. Әкеден бала, шешеден қыз кеткен кезіміз де болды. «Ер басына күн туса, етігімен су кешер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер» заманды да көрдік. Өз аузынан және мендегі өлең сөздерінен алып жазуды дұрыс санадым, бұған тоқтарсыздар. Содан да болар, жастаулы ғайыпта қалыпты деген екен естелік айтуымыз керек. Қазір айт, жаз деп жатыр ғой. Өзімше сұраушылар мынадай ой салады. Бұлардың ата-аналары, небір нағашылары Мәшекеңмен дидарласқан да болар, сондықтан Мәшекеңді еске алған болар деп ойладым.

Сонау әкесі Көпейден бастап, өз өмірін әсіресе соңғы қартайған шағын сөз етпеген. Мәшекең XIX ғасыр мен XX ғасырды көрген адам. Көпей тауық жылы, 1861 Қызылтауда жұтап қалып, 1862 жылы

Дауан қаласына көшіп келеді. Астында жұттан тірі қалған тор атына екі доңғалақты қазақ арбасын басып, бәйбішесі мен жалғыз баласы Жүсіпті алып, Дауан жатағына келіп қосылады. Бірақ, жатақтар қоныс бермей, Көпейді шеттетеді, әрі кедей адам. Сонда Мәшекен былай дейді өлеңінде:

Қосылып көп жатақта болдық жатақ,
Емес қой жатақ деген жақсы атақ.
Әр түрлі рулармен ауылдас боп,
Азғана кішкентайлап көрдік шатақ.

Содан Дауанға бес шақырым Исмайыл, Қызылағаш-Бұзаутасқа барып қыстайды. Көпей мешітке күзетші, отын-сушы болып орналасады. 1861 жылы Көпей үй салады, мешіттің күншығыс жағында 150 қадам жерден салған үйі шала бітеді шатырсыз.

1863 доңыз жылы бес жаста жалғыз баласы Жүсіпті оқуға береді. Бес жастан он бес жасына дейін Дауанда оқиды, Шорман аулында оқиды, Қызылтауда оқиды. Нажмиден хазірет, Қамар хазірет, Доржанбай қалпе (халифе), Жүніс молла, Төртұл қалпеден оқыған.

Оқыған кітаптарын айтып өтейін: Шар кітап, Мұқтасар, Науы-Сарф, Нақижамамен осыларды оқып бітіреді (7-8 жасында). Аға сұлтан Мұса мырзаның алдында болып, «Мәшһүр» деген ат алып, басына үкі тақтырады. 1865 сиыр жылы шариғат жолын оқып бітіреді. Сегіз бен он бестің арасында Мәшекен сөзге де, өлеңге де күшейіп алады. Қыздарға құмар болсын деп өлең шығарған екен. Әкесі: «Сен қыздарға неге өлең шығарасын?!» – деп, Сібірге жер аударады 16 жасында.

15 жасында Қабылбекке барып бала оқытады бір қыс. Қабылбек Көпейге бір айғыр үйірлі жылқы мен бір көк шұнақ ат беріп, Көпейге әкелтіріп береді: «Балаңыздың бала оқытқан ақысы», – деп. Мәшекен Қабылбектен ақы сұрамаған екен.

Құдайдың, міне, шебер құдіретін көр,
Білмедік қайда екенін есік пен төр.
Өлеңін ғашықтықтың сезіп қалып,
Атамыз он алтыда аударды жер, – дейді.

Бұлбұлдай қақсаған күн-түн сайрап,
Бекініп тұра алмадық тілді байлап.

– Бала оқыт, мал тауып бер, тұрма үйде! – деп,
Жіберді жер Сібірге еріксіз айдап, – дейді.

Сөз басында Мұса мырза деп жатырмыз ғой, бұл кісінің Мәшһүрге деген жақсылығы көп екен. Мұны бір өлеңнен келтіріп отырмын:

Бес жаста бисмиллаһ айтып жаздым хатты,
Бұл дүние жастай маған келді қатты,
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты, – дейді.

Енді бір өлеңінде былай дейді:

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,
Толумен тасып кетіп өлең қонды.
Ат шақыр, әй, аятунға тәспі тартып,
Лақап сол – жұрт аузында Мәшһүр болды.

Осылайша балалық шағында естігенімді жазбалардан жазып отырмыз Мәшекеңнің өз ортасында болған өмірбаянын. Мәшекең көп кешікпей ұзақ сапар тасалауының өйткені – әкімдер мен алпауыттарды ыскақтап өлең жазғанын сезін қалған жерлері болған. «Мәшһүрді қолға түсіру керек», – деп, бұл турада жазылған еді. ... боларын мен өз аузынан шыққан өлеңдері мен аздап дәлелдемекпін.

Аттандым дүйсенбі күн бетті бұрып,
Бір сапар ұзақ жолға ниет қылып.
Бұқар, Ташкент, Самарқан бәрін кезіп,
Осыларды білсем деп көзбен көріп.

Бауырсақ қоңыр шолақ елемеген,
Жалғанда ауыз байғұс не жемеген.
Құлболды, қайран жұртым, кош аман бол,
Көтерген көп назымды еркелеген, – дейді.

Және артында қалған жалғыз анасына былай дейді:

Алланың біз сиындық панасына,
Баянтау бара қалсаң қаласына.
Мәшһүрден дұғай сәлем көп айтыңыз,
Артында жалғыз қалған анасына, – дейді.

Әкесі – Көпей он да қайтыс болады, інісі – Қасен қайтыс болады. Шешесі Ұлбала мен жалғыз қарындасы Дауанда қалады. Қарындасының аты – Мәдина. Барған жері рақым көрсетіп, шымнан үй, қора салғызып береді. Өзі сол жерден келіп, мешітке келіп жұмыс істейді, кейде мешіттің бір бөлмесінде жатып та қалады. Сонымен Мұса мырза мен Қамар хазірет үлкен рақым жасап, мешіттің күншығыс жағынан 150 қадам жерден тас үй, тас қора салғызып береді. Салған жылы шатырсыз қыстап, келесі жылы аласа шатыр салғызып береді Көпейдің өзінің күші болмаған соң. Бұл үйін 1989 жылы бұзып тастапты. Содан бес жасынан Жүсіпті осы Дауанда оқытып, 15 жасына дейін Қамар хазірет, Доржанбай қалпе шәкірт болып оқыпты. Шар кітап, Нау-Сарф, Мұқтасар, Накижама жөніндей Бұларды білген және «Гүлшат-Шеризат», «Төрт жігіттің өлеңі» басқа да қиссаларды жатқа айтып, Мұса мырзадан «Мәшһүр» деген ат алған. Бұлар өмірбаянында жазылған болатын, мендегі өлеңдерінде баршылық. 105 ауыз өлеңінде ашып жазған.

Мұса мырза тұсында Шорманның Мұстафасы болып тұрған кезінде: «Балаларымызды оқытамыз», – деп ауылына хазірет ұстайды. Хазірет ауырып қалып, бұдан кейін молла Жүніс деген молланы ұстайды. Мәшекең бұл ауылда болып, бір жаз, бір қыс оқу оқиды. Әкесі Көпей құла құнанға мінгізіп ертіп, Шорман ауылына тапсырып кетеді. Шормандар Көпейдің жалғыз баласы деп, әкешешесіндей қамқорға алады. Талай балалардан таяқ та жейді. Бұ да 105 ауыз өлеңінде айтылады.

1864 жылдан Қызылтауда төрт жыл Қалпеден оқиды, Қожан сопы деген жерден 14 жасында қыздарға жастықпен өлең шығарғанын біліп қойып, әке-шешесі жер аударады. Күлік Қабылбекке барып, бала оқытады бір қыс. Оқытқанына ақы да сұрамайды, Қабылбек келесі жылында: «Балаңыздың ақысы», – деп, әрі кедей адам деп бір үйір жылқы және көк шұнақ ат беріп, Көпейге: «Бұдан былай ел қатарынан қалмай, жайлауға көшіңіз», – дейді. Көпей жайлауға көшпей, Дауанда тұрғанда дүние салады. Бәйбішесі мен кенже баласы Қасен екеуі қалады. Қасен 15 жасында Ноғайдың байы Томасов деген адамға жалданып ләпкесі болады, Томасовтың ләпкесі орталық көше Доржанбай көшесі деп аталатын үлкен тас ләпкесі. Ұзақ жыл бұл ләпке орнында тұрады. Қасен де дүние салады. Бәйбішесі жалғыз

қалады Мәдина деген қызы екеуі. Бұл кезде Мәшекен ұзақ сапарда Ташкенттен Бұқарай Шәріп жақта болады. Шешесі жалғыз қызын Құдияр Мұсабай баласы Жүсіпке ұзатып, осы қызының қолында болады. Аш өзенінің бойында Шорабай, Қалдыбас деген жерде, осы жерде дүние салады шешесі Ұлбала. Өлеңінде және өз аузынан да: «15 жасымнан бастап Қабылбектен бала оқытқанымнан бастап 54 жасыма дейін кара ала атыма қоржынымды бөктеріп, 29 жасымда Бұқар, Ташкент барып, тоғыз ай Домалқамза қожадан оқыдым, – деген еді, – ал қырық тоғыз жасымда Бұқар, Қокан, Қиуаға бардым», – деген. Бұ да әр өлеңдерінде көрсетіліп жазған. Бұны мына шумақ өлеңдерімен дәлелдемекпін:

Бұл Мәшһүр Бұқар барған, Қокан барған,
Ойым бар, барсам деген онан арман.
Түлеген аккумуля құстың канатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзім қалған, – дейді.

Ақ патша заманында әкімдерді сынап жазған бір өлеңінде бой тасалап, тағы сапар шегеді.

Қуданың айтсақ тағы миды ашытып,
Келеді камықтырып жол жасытып.
Айдаған жесір сыр қып мені қудай,
Кеюмен ұзын жолда шалшы басып.

Мен кашан бұл жылаудан уанамын,
Көз ашып, көріп кімді қуанамын.
Жасырынып ақ патшадан келемін мен,
Мүсәпір салған сопы дуанамын, – дейді.

Кетіп бара жатып елімен, жерімен қоштасады, камығады. Бұ да жазылған өлеңінде:

Аттандым дүйсенбі күн бетті бұрып,
Бір сапар ұзақ жолға ниет қылып.
Бұқар, Ташкент, Самарканд, орным Қокан,
Осыларды білсем деп көзбен көріп.

Шорабай-Қалдыбас деген жерде жерленеді. 1887 жылдар, доңыз, 29 жасында Бұқар, Қоканда болып, Домалқамза қожадан тоғыз ай оқиды. Мына бір шумағында былай дейді:

Бұл Мәшһүр Бұқар барған, Қокан барған,
Ойым бар, барсам деген онан арман.

Түлеген ақ сұңқардың қанатындай,
Жерінде жүрген-тұрған сөзім қалған, – дейді.

Енді жоғарғыда ақ патшаға деп өттік қой, сол бір кездерді былай деп кейіп, тағы өлең жазып дәптеріне түсіреді.

Қуданың айтсақ тағы миды ашытып,
Келеді қамықтырып жол жасытып.
Айдаған жесір сыр қып мені қудай,
Кеюмен ұзын болды жол қарыстырып.

Мен қашан бұл жылаудан уанамын,
Көз ашып, көріп кімді қуанамын.
Жасырынып ақ патшадан келемін мен,
Мүсәпір салған сопы дуанамын, – дейді.

Мен қысқаша әр жерінен үзінді келтіріп отырмын. Бұл орайда Мәшекеңнің 15 жасында 54 жасына дейін ат үстінде болып, талай жерлерде болып, басынан өткізген өмір жолдарын еске алдым. 1910 жылдардан Мәшекең салт аттан ауысып, кәрілігі бар, денесінің ауырлығы бар арбаға көшіп, өз ортасында көшкендерін еске алып келеді. Бұларды өз дәптерінен түспей, аз сөздерімен сөз арасында айтылып еді.

1887 доңыз жылы Бұқарға барып жиырма тоғыз жасында, бұдан кейін 1907 жылқы жылы тағы Бұқар, Ташкент, Қоқанда, Қиуада болып, бұл жақта болып, көбірек жүріп қалады. Осы сапарында елге оралады. Бұл сапарында дәптеріне түсірген көрінеді.

1910 жылы Үшата Қозған: Тінейдің Ыскак деген[ін] қызы Шарпиге айттырып, Құрман-Тоғалақ деген жерде келін түсіреді. Илияс, Мансұр, Баязит – нағашылары, бәйбішесі – әжеміз болып, міне, осыдан бұлар Мәшекеңнің отымен кіріп, күлімен шығып, 1931-ші қой жылына дейін Мәшекеңе қызмет көрсетіп, келімді-кетімді кісілерін күтіп, аттандырып отырады. Бұлардың кәзір де білетін адамдар есте алып, айтып отыратын көрінеді.

1913 жылдарда Құрман-Тоғалақта отырғанда, біреу Мәшекеңе бір бүркіттің балапанын әкеп сыйға тартады. Мәшекең бұған мәз болып қуанышты болады. Енді осы бүркітін Баянаула тауы жақын болғандықтан сескеніп, Мәшекең Ақкелін, Далба еліне көшіп бара-

ды. Барған Қарақозы, Құсетер елдері қуанып: «Ортамызға Мәшһүр молла келді. Балаларымызды оқытамыз», – деп, Айдос деген жерден үй, қора және мешіт салып береді ел адамдары.

Жабдалының болысы Мұстафасы, Исасы, Аккошқары, Нұрмағамбет сопы тағы басқалары: «Ақыры бір кансонарда Мәшһүр молламыздың аңға бүркітін салады», – деп бүкіл ел арасында лақап тарайды. Сол-ақ екен, бүкіл ел: «Бүркіттің аң алғанын көреміз», – деп жаппай Далба тауына қаптап бет алады. Ақыры шыққанына орай бір де бір аң болмайды, бос қайтады.

Содан көп кешікпей Шарапиге Мәшекең: «Бүркітті құндақтатып, қасына кезек-кезек ұстап отыр», – деп, Қарақозы Нұрмағамбет, соның Есен деген баласын қосып, Қуандық еліне аттандырады.

Келмеген қайдан білсін бастарына,

Ұшырамай әркім өзі қастарына.

Шағамын мен мұңымды біраз ғана,

Арғынның алаш білген жастарына, – дейді.

Осылай өлеңмен Әменнің жолдастарына жауап хат жібереді Жакыпбек ұлы Ғұбайылдаға. Бұның артынан Мәшекең кешікпей: «Мен де көріп, басына дұға жасап қайтайын», – деп, Ташкентке жүрмек болады. Азық-түлік жолға дайындатады бір айлық шамасында. Көптеген адам жинастырады.

Үлкен баласы Шарапи орысша тіл біледі. Иманның Шериязданы, Насырдың Рақымы, Ризабектің Әбені, Илястың Қажыкені, Жүсіптің Қасенғалиы, Алакөздің Ақмырзасы, Исабек қызы Рәш, тағы бірнеше адамдар болып жолға шығады. Орта жолға барған соң, құм дала, ыстық күшейіп, жолда дариялар бар, шөл дала, жол қиындап, қажитын болған соң және барар жер алыс, ақыры елге оралады. Өзінің жасы келіп қалған кезі, Ташкентке жете алмай қайтады. Үйге келген соң, көп бөгелмей пар атын жеккізіп көшіріне Кенесабырдың Кененнің Қанапиясын алып тағы жолға шығады. Бұл жеті Қаттыадыр, Міржақ, Едірей, Қарқаралы, Қоянды елдерінде болып, Жанәлин Нұрке деген адамды іздеп шығады.

Қоянды базарында Керекүлік Жұман басқарған Қажымұқан, Әміре, Иса, Майра, Жұматтар Мәшекене кездесіп, бір жұма осы Қояндыда өнер, ойын-сауық көрсетеді бүкіл халыққа. Мәшекең де бұлармен бірге болып, бойын көтереді. Қояндыдан аттанып,

Нұркеге жетеді. Мұнда бір жұма болып, Семейге ара қонып, Мәнен ұлы Оразғалиға барып түседі. Ораз, әйелі Бәтима екеуі: «Қайдан келдіңіз?» – деп жандары қалмайды. Ат-арбасын аграға кіргізіп, базардан шөп, сұлы әкеп, қолға ұстайды аттарын. «Семейде ұры, өтірік бар жер, атыңызды айырылып қаламыз», – деп, Ораз бұ да жібермей: «Бір жұма жатыңыз, жол жүріп келесіз», – деп, жолға азық, аттарына сұлы әперіп, Керекуге қайтарады. «Ортамызда болыңыз, жасыңыз болса келіп қалды», – деп ақыл айтады. Мәшекең бұған риза болады. Ара қонып, Керекуге түседі. Керекуде Күліктер: Имамәлік, Жаманбала, Әбілда, Қаржас Қазакбай; құрдастары: Нұрқожа, Доржанік, Әбдіразағы тағы басқалары Мәшекеңді: «Биыл бізде боласыз», – деп елге қайтармайды.

Сонымен Керекуде екі айдан аса болады. Көшірі Кененін Қанапиясын елге қайтарып жібереді. «Үйді, елді сағынған боларсың, шешең Бәдиге сәлем айт, өзім елге барған соң, астыңа ат мінгізем», – дейді. Елге келген соң, Қанапияны Мәшекең шақыртып алып Қарақойтас деген жерден, Шарапиге:

– Жылқыңда қандай мінгішің бар?! – дейді.

– Құла құнан, сұр құнан бар, – дейді.

– Ендеше, соның бірін мына Қанапияға мінгіз, – дейді, – Шарапи қуып бөледі, – дейді.

Мәшекең Керекуде болғанда Күліктеріне: Қазакбайға, Нұрқожаға, басқаларына: «...шік айдайсындар, сауда жасап, ел қанайсындар», – деп өлең де шығарады. Олар мәз болады: «Моллеке, бүйтпесек өмір сүреміз бе?» – деп. Бұл жерінен белгілі қаламгер – Бекқожин Қалижан бір соңғы сапарында үйімде болып, дастарқан басында: «Мәшекең, әкеміз Түркежбен құрдас еді. Әкемді: «Саудагер, ел қанайсың!» – деп өлең шығарған, қатты ойнайтын. Керекуде біздің үйде жататын, әкемді қолға алып күлдірген еді».[139]

Бір естелік жалғасы

... Қарқаралы басып, Қоянды жолшыбай Қоянды жәрменкесіне келеді. Осы жерде Жұмат Шанин: «Мәшһүр келді!» – деген сөзді естіп, Жұмат тауып алып:

– Мәшһүр ата, бізде болыңыз, Қоянды шетінде шатыр тігіп, ойын-сауық құрып жатырмыз. Керекуден келдік, – деп, – ішімізде Қажымұқан, Әміре, Иса, Майра бар, сіз де бірге болыңыз, – дейді.

– Жұмат, балам, жол жүріп барам, – дейді. – Енді болмаса бірге болайын, – дейді. Айтқан адамдары:

– Осы бойы тіпті жарасып кеттік ғой! – деп бәрі қуанады. Атамның арбасының астына байлап алған ағашты шешкізіп, ақ кигізден істеткен шатырын, арбасының астынан шешкізіп, шатырлардың жанына казықтарын какқызып, бәрі кірісіп тігіп жатыр. Осы жерде бір жұма бірге болып, сайрандап, бойын көтереді. 1922 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жәрмеңкеге барған халықтар күні-түні бұларды босатпайды: «Аты шулы адамдар!» – деп.

Содан Жаналин Нұркеге келіп бірақ түседі. Нұрке: «Бір жұма жатыңыз, тынығыңыз», – деп жібермейді. Бұл досына да баяғы Әменге бару-бармасы жайында ақылдасады. Нұрке де: «Солардын айтқаны дұрыс. Жол жүру сізге ауыр, жасыңыз болса келіп қалды», – дейді. Бір жұма осында болып, ертең Алла жазса жүрем деп отырғанда, Нұрке жолға азық дайындатып, пар атына бір қап сұлы тауып беріп аттандырады. Ара қонып Семейге келеді. Семейден Мәненов Оразды іздеп, Жана Семейден тауып, есігінің алдына келгенде, әйнектен Ораз әйелі Бәтима жүгіріп шығып, арбасынан көтеріп алып, үйіне енгізіп алады. Ат-арбасын аулаға кіргізіп: «Бұл жерден аттан айырылып қалармыз», – деп, – ұры, өтірік бар жер, – [деп] сақтанып, базардан шығып, алдыртып, аттарын қораға күттіреді бір жұма жібермей: «Жатыңыз молла аға!» – деп. Оразға да баяғы Әменге бару-бармасын айтады. Ораз да бұрынғылардың айтқанын қостайды.

– Ортамызда бір ғазизіміз – сіз, Ташкент сізге ауыр тиеді. Елде болыңыз, көз алдымызда жүріңіз, – дейді.

– Әмен қазаға ұшыраған соң, көңіл шіркін жүйрік қой, барып көріп қайтсам ба деген ойым еді?! – дейді.

Содан Ораз бір жұма жібермей, жүретін жолына азық дайындап, аттарына Нұркедей сұлы тауып беріп, Семейден Кереку жолына шығарып салады. Ара қонып Керекуге келеді. Керекуде көп Күліктеріне келіп түседі. Имамәлік, Жаманбала, Әбілда құрдасы, Нұркожа, Әбуразак, Қаржас Қазықбай басқа да мұраттастары тік көтеріп алады: «Қам көңілді болып жүрген ғазизіміз ғой!» – дейді. Керекуде көп болатынын білген соң ... Қанапияға лұқсат береді.

– Балам, үйінді сағынған шығарсың, саған лұқсат, елге барған соң астыңа бір ат мінгізем, – дейді. – Шарापиде саған беретін тай,

құнан бар шығар? – деп, атқосшыны қайтарып жібереді. Өзі Керекуде қалады.

Керекуде айдан аса болып, елден екі-үш адам Керекуге барады, бұнын ішінде Әмір ағаң да бар екен. Керекуге барысымен үй-үйді: «Моллаға сәлем берейік!» – деп, молланың жатқан жерін тауып алып, сәлем береді. Барған шаруасын былай қойып елден барғанды атамыз:

– Әмір ағаң, сен менің үйімді ұстайсың, мені алып қайтасың, атқосшымды қайтарып жібердім, – дейді.

– Құп тақсыр! – дейді.

Осы сапарында екі айдан аса жол сапарында, үй іші де, ел де алаң болып: «Молла қайда жүр?!» – деген күдік те туады. Ақыры ара қонып үйге келеді. Үй іші, ел болып қуанып қалады. Әмір ағаң аткөлігін бірге барған адамдар аман әкеп береді. Үйге келген соң кара қойташығы Кененің Қанапиясын шақыртып алып:

– Саған бір ат мінгізем деп едім, соны мініп қайт! – деп, Шарапиді шақыртып алып, – мына Қанапияға жылқыңда қандай мінгіш бар? – деп сұрайды.

– Екі дөнен бар, қай таңдағанын алсын, – дейді. Құла дөненді Қанапияға мінгізіп батасын береді.

1922 жылы басы алты жаста бала едім, атам болса 63 жаста болатын осы жасымнан бастап 14 жасыма дейін, 1931 жылға дейін атамның бауырында өстім. Бұлай айтуымның мәнісі – әжеміз 1915 жылы дүние салса, ал атамның маңына ешкім бара алмайтын, түсі суықтау болатын. Жаз болсын, қыс болсын жеке үйде отырады. Өйткені, атам бес уақыт намаз оқымаған, екі мезгіл оқитын. Таңсәріде таң намазы содан кейін түн бата ақшам намазын оқитын жалаң бас, жалаң аяқ. Содан үй іші болсын ауыл үлкендері атам намаз оқып жатсын, ұйықтап жатсын, не бір қағаздарын жазып отырсын, тіпті келген адамдары болсын балаларға айғайлап жататын: «Молланың намазын бұзасындар!» – деп.

Мен бес-алты жасымнан кейін таяғын әкеп, осыдан басталды жүрсе аяғы, ұстаса таяғы болдым. Себебі денесі ауырлап кәртайған шағы, жүрісі баяуланды, міне, осыдан атамның қолқанаты болдым. Шәйнегін алып, соңынан ердім. Шлапшын әкеп, қолына су құйдым, беті-қолын жуғызып, орамалын әпердім. Жайнамазын алдына әкеп жайып бердім. Атам үйде болсын, жолда болсын өз төсегіне

жататын, төсегін салып бердім. Өз тұрғанда күнде далаға жайып, бүргесін алып, бас жағына жинап қойдым. Жатарда төсегін салып бердім. Атам бір жакқа жол жүрсе, төсек-орын, шәйнек ілгегін, шәй сайманын, насыбай ... шокпарын, ак құманын, шыны аяғын, үлкен шыны тәрелкесін, шәй-канын бірге алып жүретін. Қант салып, сүтсіз кара шәйді көп ішетін. Кісі үйінің ыдысымен ішпейтін. Кісі төсегіне жатпайтын. Тек өзінікін пайдаланатын. Бұларды мен жайғастырып, айтканы бойынша орнына келтіріп отырушы ем.

1926 жыл атам пар атын жеккізіп, көшір Ыбырайдын Салығы деген кісі, мені бірге алып жүрді. Бұл менің бірінші рет ерткені тоғыз жастағы кезім. Содан Имамбек қажынікіне келіп түсті, қажы әуел болып мәре-сәре. Атақты Түктібай, бәрі атама сәлем беріп, ауыл-аймақтар қайтып кетті. Осы жакта біраз болып, елге оралды. Жолшыбай Шалқарбай қажының ауылын басып, біреуден шай ішіп бөгеледі.

– Моллеке, қоныңыз, қоныңыз! – деп жатыр.

– Жол жүріп барамын, – деп, – Алла риза болсын! – деп жүріп, жолшыбай Борансоқты көліне келіп суға түсті. Борансоқты көлі де үлкен көл екен бір шеті мен бір шетіне көз жетпейтін, шарасына келіп тұрған. Құс деген жер тіліп айырылады, аккумуляторы айғай салып жатқан. Содан сол күні үйге келіп бірақ түсті.

Шорман елінде 1928 жылы өзен, көл түсіп жерде... кезде. Атам осы кезді межелейтін, жазғы уақытты осылай пайдаланатын. Қашан да Шорман ауылы алты өзеннің бойында Шорманның Жәмиінікіне келіп түсті. Жәми жүгіре шығып арбасына сәлем беріп, түсіріп алып, үйге кіргізді. «Моллакеңді бүрге ұйықтатпас», – деп, ағаш үйінің сыртынан кигіз үй көгалға тіккізіп, құрмет көрсетіп, маңайында ауылдары, ақсақалдары әңгімелесіп, өздерінше мәз-мәйрам болды. Бұл жолғы атқосшысы Сайдүк (Сәбрүк) Жәни деген еді. Шорманның Мұстафасы болса болып тұрғанда, аулына балаларымызды оқытамыз деп ауыл хазіреті ұстапты, хазірет ауырып қалған соң, Жүніс молда дегенді ұстапты. Сонда, бұл ауылда атамыз бес-алты жасында оқығаны бар екен. Жәми, бәрі – Шорекен балалары мен Садуақас ағайлар, Сәкен ағайлар атамызбен бірге болыпты. Бұл ауылда ... кезінде атамызға ықылас еткені өлеңімізде айтылған еді. 1862-1863 жылдары осы ауылда оқыпты.

1864 тышқан жылы Қызылтауда Орманшы Қоян Сүйінек бәйшешіне оқиды. Патшалық замандарда, Совет замандарында да Қызылтауда да жыл сайын барып, туған жері ата-бабаларынан кіндік шешесіне дұға жасап отырады екен. Онда Орманшы, Күліктерін аралап, Күліктерді «туысым» десе, Орманшы «бауырым» дейді екен. Қойы қоралас, адамы аралас, бірлігі кетпеген ел деп санайды екен. Өрісте малы, төскейде жаны қосылған дейді екен. Түсетін жері: Көбдік, Айылда хазірет, Бейімбет, Мұташ, Дәндебай, Шайман, Басбақосыларда болады екен.

1929 жылы Дауан қаласына келіп, ... Дауанда болады. Жолшыбай Жасыбай көлінің іргесінде жылтыр тасты қатпар-қатпар тасы Уақ асуымен асып, көлдің жанына тоқтап, көлге түседі. Атамды шешіндіріп, суға шомылғаннан кейін атамды сүлгі орамалмен денесін құрғатып, киіндіріп алатын едім. Бұл жолғы көшірі – Абызбайдың әйелі болатын, кәукілдек кісі еді. Атам сөйлеген сөзіне қарқ-қарқ күлетін: «Әй, ақ жүрегім-ай! – деп. Атам жасы болсын, кәрісі болсын кәукілдек адамды өте жақсы көретін, Әмен де.[140]

Мәшһүр Жүсіп туралы

Құдайға шүкір «елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан жаңа» деп сонау ғасырларымыздан ата-бабаларымыздың аузынан шыққан ұлағат сөздерін қадір етсек, қазіргі таңда өскелең өмірімізде көріп отырмыз. Айталық тіліміз, дініміз, салт-санамыз, дәстүріміз, өшкен-өлгеніміз бәрі орнына келіп жатқанын көреміз. Бұл үшін партиямызға, үкіметімізге, халық үшін қызмет жасаған басқа да ақ ниетті адамдарымызға, өткені болса, тірісі болса шын жүректен рақмет айтамыз. Міне, осы бір қағида елдің елдігін, халқымыздың бірлігін өткеніне нендей бір ой-жігер естеліктер жарық көруде. Сол бір тарихымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан маңызды да, жана мазмұнды да айтпасқа болмайды. Рас, «бір кісінің ішіне бір аяқ ас сияды» дегендей, қазір дініміз бен тілімізге еркіндік алудамыз. Әділет жолына ашық та бүкпесіз қол жетуде.

Сөз соңында айтарымыз бағзы бір жандар маған сұрақтар қояды: «Осы атаңыз жайында, әке-шеше, ата-әжелеріміз тірісінде айтып аузынан тастамаушы еді. Бұл кісінің өмірбаяны бұрынғы

кітаптарында оқып едік. Ал, соңғы өмірінде ештеңе жазылмай жүр. Мысалы: Қай баласында болды? Қай баласының қолынан аттанды? Өлер шағында нендей өсиеті болды? Тірісінде өз зиратын салдырып, бата жасатыпты дейді. Мұндай кісіден қалайша өсиеттер болмады екен дейді. Әрине, біз көрген жоқпыз дейді». Міне, осылар жайында көрген, білгенімді қатарда айтуды жөн көрдім.

Себеп атамызбен дидарлас, небір жастас өз ортасында қартайған шағын да, «адам – бала шағында бір бала, қартайған шағында – екі бала» дегендей, соңғы өмірін білгісі келетін шығар деп ойлаймын. Сонау ғасырларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салтымыз – немере, ата мен әжеге ерекше тән. «Немере ыстық» деген осыдан көреміз. Атамнан көрген, білген естеліктерімізді айтқым келеді.

1910 жылы үлкен баласы – әкеміз Шарапи Үшата Қозған: Тінейдің Ысқақ деген кісінің Зейнеп деген қызымен үй болады. Бұл атамыздың бірінші қызығы екен. Атамыз бұл қызығында басқа жерде жүріпті. Баласын әжем марқұм төркін жұрты Шегебай ұлы Баязит ... үйлендіріпті.

1913 жылы атама біреу бүркіттің балапанын сыйлайды. Осы балапан бүркітін баулу үшін: «Баянаула тауынан айырылып қалармын!» – деп, 1914 жылы Ақкелін, Далба Қаракозы еліне көшіп барады. Далба тауына баулымақшы, үй болады. Бұл елдің игі жақсылары атама балаларымызды оқыттырамыз деп, Айдос деген жерден үй және мешіт салдырып береді. Қаракозы еліне лақап тарап: «Ертең Мәшһүр молла аңға шығайын деп жатыр бүркітін, тазысын алып», – дейді. Бүркітінің аты – Сарбауыр, тазысының атын Сарбак атапты. Содан 1914 жыл Шарापиді жоғары Қуандық елінде Қанаш (Қаныш), Жакып деген, шешесі Ұлбаланың төркіні, Шарापидің қасына Қаракозы Нұрмағамбет сопының баласы Есен дегенді қосып, бүркітпен нағашыларына жібереді. Қанаш (Қаныш), Жакып нағашылары қуанып, үлкен құрмет етеді бүркітпен барғанына нағашылары. Осы нағашыларында ұзақ болып, бүркітпен 18 түлкі алдырады. Содан елге оралып, үйге келеді Шарапи, Есен екеуі.

Атам нағашыларын сұрап қал ... тасып бүркітінің қалын сұрайды. Шарапи, Есен:

– 18 түлкі алдық. Бірақ үйге түлкіні алып келмедік, бәрін байлап кеттік сол жаққа, – дейді.

Бұған атам:

– Дұрыс істедіңдер, – деп мәз болады. Бұл жөнінде арайна қауырсын қаламмен, өз қолымен жазған төрт парак қағазда сол жылдар жазған сарғайып, кей жерлері өшінкіреген. Бұл осы парак алты бет жазғанын 1989 жылы Мұқтар Әуезов атындағы Академияға тапсырдым, қаламгер Сәрсембі Дәуіт ұлы арқылы. 1915 жылы сол Далбада тұрғанда бәйбішесі дүние салады, 50 жасында Айдоста. Бәйбішесінің басына тас орнатып бір ауыз өлең жаздырған.

Тастан болды-ау моламыз,

Бұл бір салған жорамыз.

Жол үстінде жағалай,

Дұға дәметін тұрамыз, – дейді.

1916 жылы Өлеңті өзенінің бойында Күлік ағайындары алады. Бозқал, Әжи деген жерде тұратын. Есіркеп, Ақтасық, Мағұзыб тағы басқа да жақындары. Бұл жақта бір қыстап, 1917 жылдың жазы шыға қарсауында елге көшіп келеді. 1917 жыл ақтар қашты, қызыл қуды, Николай патшасы құлап жатқанда мен де дүниеге келген бала екем Құрман-Тоғалақ деген жерде. 1919 жылы Тасбек (Қасбек) балалары Әмірқан, Қарақанменен атамыз көшіріп алады, Әши Уәзитің бойында Ақши деген жерге. Бұл адамдар атамыздың жастас әрі сырлас адамдары болыпты. Бұл жерге алты жыл қыстайды.

1922 жылы беске келген кезім болатын, атам болса 63 жасқа келген еді. Жасы ұлғайып, аяғы қоюланған кезі еді: «Таяғымды әкел!» – деп жұмсай бастады. Осыдан ұстаса таяғы, жүрсе аяғы болып, шәйнегін алып, соңынан ердім. Қайда барса жанынан тастамай бірге алып жүрді.

1922 жылы ел жайлауда отырғанда атама Ташкенттен бір суық хат келді, жазған бірге болған Әменнің жолдасы Жақыпбек ұлы Ғұбайылда деген кісіден: «Жолдасымыз бірге жүрген Әменнен айырылды, дұшпанның қолынан қаза тапты», – деп көңіл айтқан. Бұлай болу себебі қазақ Ташкенге жібереді. Әйелдер тендігі жасады, оқуға тартып сауаттандыру ... бойынша. Сол ұшақты барған адам жаңадан мектеп ашып, 14-ші мектепте мұғалім болып тұрғанда қарауында шәкірті 13 жасар қызды ата-анасы біреуге қалың малға сатады. Қызы:

– Бармаймын, – дейді, – оқимын! – дейді. Содан мұғалімі Өменге айтады. Өмен:

– Оқисың, біздер оқытуға келдік! – дейді, – қалың мал заманы жоқ, – дейді.

Осыны білген дұшпан жағы Өменді аңдып жүріп, мектепке кіре беріс жерде бактың ішінде пышак салады. Қолма-қол жүгіре басып жолдастарына:

– Дұшпаннан болды казам, – деген тілге келіп, жан береді. Жазылған хатта жолдастары: «Өткірлігіңнен осылай болдың-ау!» – деп, гүлшөкпен табытқа салып, суретке түсіріп алады, апарып жерлеп, басын жауып, белгі реттелмейді. Атамыз хат жазып, Ғұбайылда (Ғұбайолда), баска жолдастарына ақша жібереді, істеткеніне риза болып, жолдастарына мүсін салдырады.[141]

Алғашқы қызығы

1910 жылдар үлкен баласы Мұхаммет Шарапи Жаманаула баурайы болу керек Үшата Қозған: Тінейдің Ыскак деген кісінің қызы Зейнеппен бірігіп шаңырақ көтеріп, үй болады. Бұл атамыздың бірінші қызығы екен. Содан бір шаңырақта отырғанда атамыздың бәйбішесі – Базыл Шегебай кажының қызы әжеміз Далба Қаракозы елінде отырғанда, 1915 жылы дүние салады. Осыдан атамыз жылы орынын суытпай Шарapidің қолында отырып қалады. 20 жыл бойы атамыздың қас-қабағында болады. 1931 жылы қарашада осылардың қолынан дүние салып, ақ жуып халқымен өзінің өсиеті бойынша жерленеді. Қонағасына әкеміз екі жылғы қысыр қалған ту бие сойып, қонағасын береді.

Әке мұрасы. Әдеби мұрасы киім-кешегі, төсек-орны, үй жиһазы, ат-арбасы, жегім сайманы, ер-тоқымы өзіне тән мұрасын Шарapidенге қалдырып кетеді өсиетсіз. Бұлардың ішінде айтқаны: «Орта тор атымды сой да, келімді-кетімді қонағына сойып, асып бере-бер», – деді. Басқадай айтқаны болған жоқ.

Өсиеті 1930 жыл. Құсайынның Мәлігінің үйінен бірнеше бөлмелі шкафын(шкабын) алдыртты. Бұны өзі жататын төргі үйінің оң жақ бұрышына қойғызды. Атамыз өзі аңшы болмаса да, бүркіт пен тазы ұстаған еді. Сол бүркіттің томағасы, балақ бауы, парсы-

арабша кітаптарын, бертінде ителгі құс, қарала тазысы болды, сол ителгісінің томағасы, балақ бауы, дейбісы, босағаға іліп қоятын. «Қойдың 40 кәрі жілігі, ер-тоқымы, аттың жегім сайманы, насыбайды, ер-тоқымды қоясыңдар!» – деді өзі қайтыс болған соң. Бұлар айтқанындай қойылды.

Жуырда Мәшһүр Жүсіп ақынның мерей жылы аталып өтті. Халық ұмытпай бұл кісінің жүрген жеріп, өмірбаянын айтып, сауық кешін өткізіп, мектеп балалары айтысқа түсіп, бірінен-бірі қалар емес. Бәрі ақын көрінеді. Бұл жиынға мен де қатысып, тыңдап үндемей отырдым. Бәрі қызық. Осы орайда басқы сөзімізде Мәшекен ақын жөнінде маған да бірнеше ойлар мазалай берді. Осы тұрғыдан қысқаша айтқым келеді. Бұған ешкім қарсы бола қоймас деймін. Мен Мәшекен ақынды көрген адаммын. Көргенім сол – көзіммен көріп, жерлеген адаммын. Рас, Мәшекен тұсында көрген де бар, көрмеген де бар болар. Бірақ Мәшекен тұсындағылардың бәрі жоқ. Болса бірен-саран бар шығар. «Жаяудың шаны шықпас, жалғыздың үні шықпас» дегендей қазірде әке тұрып ұл сөйлесе, шеше тұрып қыз сөйлесе, біздердің айтып сөйлегендеріміз кімге қажет. «Құлақ естігенге нанба, көз көргенге нан» дегендей қырық жыл көрмегенді көргендей айтып, көргенді көрмегендей айтып, шұбар тіл болып шашылып қалдық қой! [142]

Мәшһүр Жүсіп ұлы Шарапидің үй болуы

1910 жылы Шарапиден Жаманаула тауының баурайын Үшата Қозған: Тінейдің Ысқақ деген кісінің қызы Зейнеппен шаңырақ көтеріп үй болады. Мәшһүр молланың оң босағасын аттап, келін боп түседі. «Отанарым», – деп май құйған отағасының бәйбішесі Мұқтарима әжей екен түскен жері. Негізі Базыл Шегебай қажының үлкен баласы Әжіқан (Ләжіқан) ақсақалдың ұлы Құрман-Тоғалақ деген жерде. Бұл Әжіқан (Ләжіқан) Шарапиденнің туған нағашылары еді. Шешесінің төркін жұрты екен. «Осыдан атамның күлімен шығып, отымен кіріп, 1931 жыл өтер шағына дейін жиырма жыл атамның қас-қабағында болдық баласы екеуміз», – дейді келіні Зейнеп.

Бір жыл атам Далба Қаракозы еліне көшіп барды. Бару себебі ұясына жеткен Сарбауыр балапан бүркіті болған және үйіне жеткен

Сарбак деген тазысы болды. Осы екеуін жадағай тау деп Далба тауына баулимын деп кетті. Құрман-Тоғалактан, Баянауыл тауынан айырылып калармын деп кешегі Қаракозы ұрпақтары: «Ортамызға Мәшһүр молла келді, балаларымызды моллакене оқытамыз», – деп, үй-қора және мешіт салып береді Айдос деген жерден. Қаракозы Тайкелтір қоныс етер Малғозы ұрпақтары, ... ұрпақтары, кешегі Байдалы, Сайдалы, Иса, Мұстафа болса, Аккошқар, Тайшық, Нұрмағамбет сопы, Зибас қажы ел жақсылары. «1915 жылы енеміз қайтыс болды. ... сырқаттанып, содан атам жылы орнын суытпай, бізді қолынан шығармады. 1910-1931 жыл өтер шағына дейін баласы екеуіміз атамның қолында болған едік».

Бұл елден тез көшу себебі – аңнан қайтып келе жатқан кезі ғой, жолшыбай қойын бағып тұрған адамның қойына шауып, бір қойын жарып тастайды. Адам өзіне шақырып алып, артқы тілерсегін пышақпен қиып жібереді. Тазы қынсылап үйге келді ақсап. Мәшекен:

– Мына тазымның тілерсегін кім қиды?! – деп үйінен сұрайды.

– Біз білмейміз, – деп жауап береді үй-іші. Содан іле зерттейді, әрі тілерсегін қиған адам табылады.

– Малыңды өлтірсе, маған келіп неге айтпадың! Қойындай мен қой бермеймін бе?! – дейді. Обалынан қорықпадың ба сен?! – дейді. Ақырғы ғұмырын азаппен өтсін! – деп қарғап жібереді. – Мен сенін қойынды жарып таста деп тазыға үйреткенім жоқ. Баймолла ол ти иттігін білер саған, – дейді. Баймолда қажы 105-ке келіп алжып өледі. «Мәшһүрдің қарғысына қалып едім», – деп өзі де мойындайды. Содан Қаракозы еліне ренжіп, іле көшіп кетеді. Өлекті бойындағы ... бұталдағы Күлік ағайындары келіп көшіріп әкетеді. Аққасқа, Есіркеп, Мағұз, Құлшәріп, Әбілғазы бұл жерде бір қыс қыстап, 1917 жыл март айында елге көшіп келеді бұрынғы Құрман-Тоғалаққа.

Осы елде отырғанда бір сонар күні: «Үй басында жүрген түлкіге бүркітті жіберші», – дейді, Айдолда деген кісіге. Айтқан кісі бүркітті жібереді, Мәшекен бүркіті аспанға шыққан: «Түлкіге қарай қу!» – деп. Зулап келе жатқан түлкі жақын талға кіріп кетеді. Бүркіт талға соқтығып, денесін ауыртып алады. ... екпінмен соғылып, өте алмай қалады.

Мәшһүр молланың бір қызығы. Бір күні Алакөздің Ақмырзасына: – Ана бүркітімді алып, менімен жүр! – дейді.

– Қай жаққа барамыз, моллаке? – дейді Ақмырза.

– Оны Құдай біледі, – дейді, барар жерін айтпайды.

Жыландыда Әбілда қажының үйіне келіп түсті. «Қажы-моллакең келді!» – деп, ауыл бәрі қуанып жатыр. Ертеңінде Ақмырзаға:

– Ана бүркітімді томағасын алып қоя берші, бойын жазсын, – деп босатып қоя береді.

Бүркіт Жыланды биігін үстінде қалықтап, олай-былай ұшып жүреді. Бір уақытта қотанда ойнап жүрген бір топ баланың ішінде басында киген қызыл бөрігі бар балаға келіп бүркіт түседі. Абақыр деген кісінің баласы Смағұл екен. Басында қотыр болған көрінеді, таз, шашсыз, бүркіттен тез айырып алады ауыл адамдары. «Осыдан басым жазылып кетіп еді», – деп, Исмағұл өз аузынан айтқан еді. Бала күнінде басы таз болды. «Жарықтықтың бүркітінің тұяғы тиіп, басым қанап, содан кейін іле жазылды», – дейді Смағұл.[143]

Өмірбаяндық дерек

Әкеміз 1910 жылдары Үшата Қозған Жаманаула тауының баурайы Тінейдің Ысқақ деген кісінің қызы Зейнеппен шаңырақ көтеріп, үй болады...

– Бұл елдің үлкендерін атын атауға аузым бармайды! Келін ибасы болды ғой!

Мен шешемнен:

– Неге атамайсың?! Олар өліп қалды емес пе! – дедім.

– Жок, Төлеубай, қалқам, атанды «Әтім» деп кеттім. Басқа өлгендердің атын атауға болмайды. Сұрай, сұрай Меккеге барады, – деп.

Сөйтсем кешегі елге белгілі Базыл Боштай, кешегі Шегебай қажының баласы Лайашы деген кісінің ұлы, Құрман-Тоғалақ [деген] жерге келінді боп түсіпті. Лайашы – ауқатты, бай адам болыпты...

«...Әкеңнің нағашылары қаптап бидай беріп отырды». Шешеміз бұлардың атын атамады.

– Неге атамайсыз? – деп шешемізге тағы айттым.

– Жок, жок! -деп күле берді.

– Ал мен айтамын, – дедім. – Ажақан, Баязит, Мүсен, Әшім осы адамдар ма? – деп жобалап айттым.

– Рас па?! – дедім шешеме.

– Рас, рас, – деді, – үлкен адамдардың атын атау бізге болмайды! – деп ... сылк-сылк күлмесі бар ма.

... Бір сапарымда шешейге бір сирек жақсы шәй әкеп бергенім бар болатын, жақсы шәйді білгені сол ма, қуанып Зекең сөйлеп осы ... бастан-аяқ шешіліп белгілерін айтып берген, жадырап: «Мен атаң босағасына осылай келдім», – деді сөзін тоқтатып. Мен шешемді мақтап қоямын: «Аузыңа түкірді ме?» – деп. Содан:

«Атамның үйде жұмысы жоқ. Енеміз бізді қолынан отау қып шығарғысы келмеді, бірге отырдық. Атамның балапан ұясына жеткен сарбауыр бүркіті бар еді және Сарбак деген ... жеткен тазысы болды. Осы екеуін баулу үшін Аккелінде ... Қаракозы еліне көштік те кеттік. Жақын жер Құрман-Тоғалакка, ... тауыннан қауіптенді ме айырлып қалам деп. Содан сол елдің үлкен адамдары қуанып жатыр: «Молла көшіп келді. Біздің елге баламызды оқытамыз», – деп. Айдосы деген жерге Тотия тауының түбінен үй, қора, мешіт салып берді. Бұл елде Қаракозы, Қошетер деген ел екен Қаракозы Сайдалы, Байдалы балалары және Мұстафа, Аққошқар Нұрмағамбет, Тайшық, Забас қажы, Баймолда қажы, ... Түсіппек, Салықбай күсбегі, Өкпе тағы адамдар болды», – деді.

Күз болып, ақ қар түсті қансонар сол көпі атым бүкіл ел бұл ... тауынан шықты, жел тұрып боран болды. Аң болмайтын ... бүркіт бір жоғары, бір төмен, қалқып жүріпті, бірақ аң көрінбепті. Тазға да аң кездеспепті. Мәшекен бүркітін Салықбайға айтып шақыртып алды. Келіп қолына қондырып, басына томағасын кигізіп, ауылына бет алды. Қасында бір топ ақсақалдармен үйге келсе, тазысы үйге келіп қыңсылап жүрген: «Мынаған не болды?» – деп үйден сұрайды. Осылай қыңсылап келгенін көрдік, артқы тілерсегін пышакпен біреу қиып жіберіпті. Мәшекен ... зерттеді білу үшін, тазысын жолшыбай қой бағып жүрген адамның бір қойын жарып тастап, сосын мал бағып тұрған адам шақырып алып, артқы тілерсегін пышакпен қиып жіберіпті. Ұстап алып, «ел аузы елу» дегендей, тазысының тілерсегін кескен адамды кім екенін біреу көріп, Мәшекенге айтып, содан түсі суып, шашы тікірейіп, Баймолда қажы екенін біліп, ренжіп Баймолдаға: «Қойыңды өлтір деп мен үйреткенім жоқ. Бұл жеті қазының бірі емес пе, келіп маған айтсаң, қойыңды мен

бермеймін бе?!» – деді. Ренжіп: «Өмірің азаппенен өтсін!» – дейді. Содан Баймолда қажы ... кейін алжып, бейнетпен қайтыс болды. Бұны Сартөлеп баласы, бүкіл Қарақозы елі біледі екен. ... содан атам әкенді өзіне шақыртып алып: «Ана... шұнақ атты мініп, бүркітімді ... алып, қасыңа Тұрмағанбеттің Есенін ертіп, жоғарғы Қуандық еліне бар. Сол жактан ... баулып кел! – дейді әкемізге. «Құп!» – дейді.

Есен екеуі салт, бүркітті кезек-кезек қолға алып, Қуандық еліне барады. Ол ел ақсақалдар, аңшылар мен құсбегі: «Уа, Мәшһүр молланың баласы бүркітін алып, бізге жіберіпті!» – деп ауыл ақсақалдар: «Мәшһүрді білетін біз – үлкен елдің ағасымыз. Сүйіндігіміз бізді ел деп келді!»

Ал ақынның үйіндегі Мәшекең айтқан сол [үйдің] иесі ел сыйлайтын адам екен. Бүкіл аңшыларды, құсбегін шақыртып алып, аң бар жерін түсіндіріп, бүркітті ол жактың құсбегі айтқаны бойынша бір-екі күн бүркітті тынықтырып, байыбына келтіріп, бүкіл сол елдің үлкендері, аңшылары құсбегі бәрі түгел атқа көтеріліп, бүркітті аңға салуға қамданады.

Дәл аңға шығар күні қар жауып, қансонар болып, аңның бар жеріне шығады. Қашқан түлкі мен қоянды алып жібереді. Бүркітті былай баулыпты: бір қойдың жарты етін құсбегілер қапқа салып, бірге алып жүреді. Әкеміздің айтуы бойынша апарып бір төбе басына тастайды, сосын бүркітті алыстау апарып қоя береді, содан бүркіт аспанға көтерін, төмен ағып жемтікке түседі. Содан былай қашқан аңдарды құтқармай ұстап, бір ай шамасында сол елде болыпты. Әкеміз сол елдің ақсақалына, аңшыларға құсбегілерге алған түлкісін осы аталған адамдарға түгел байлап кетеді. Үйге бір тізілгідей әкелмейді, содан ол елдің ақсақалдары «жолы» деп бәрі әкемізге бір-бір тайынша береді: «Молланың ... байламыз», – деп. Бірақ әкеміз алмайды: «Мен сіздерден тайынша жинауға келгенім жоқ! Молланың айтуынша осы жаққа баулуға келдік!» – деп жауап айтады, бұ ұсынған тайыншасын алмайды.

Содан үйге келді Есен екеуі аман, Мәшекең тықыршып отырған болу керек бүркітінің хал-жайын білуге. Әкемізге барып Есен екеуі сәлем береді. Қасында екі-үш ақсақалдар бар, бүркіт жәйін сұрады:

– Бүркітіңіз он сегіз түлкі алды, бірақ бірде-бір үйге түлкі әкелгеніміз жоқ. Ол жакта ақ түлкі бар екен, көзіне көрінгенін құтқармады, – дейді.

Мәшекен еңсесі көтеріліп:

– Балам оның жарайды. «Атқан жерде оқ қалады, тышқан жерде бок қалады» деген екен, – дейді. – Мәшһүрдің бүркіті он сегіз түлкі алыпты деген аты жетеді емес пе, өзіңнің барған жолың болғанын айт. Берген малын алмағаның о да жақсы болған екен, онда «Мәшһүрдің баласы дүние жиюға келген екен» деп атын халыққа жайылып кетсе, о да жаман. «Сөзде канку жаман, ауруда шаншу жаман» деген сөз басыннан кетпесе қайтер едің, Шарафи?! – дейді.

«1915 жылдар енем қайтыс болды, әкең екеуіміз Қарасыр тұзынан апарып түсірдік. Қой паң болып жүре алмай қалған соң, содан бір жұма Қарасыр тұзынан түсіру үшін, басына үш канат үй тігіп, бір жуас биеміз[ді] жанымызға байлап, қойымызды алып, бір түйелерге арба шегіп, түйелі арбаға Салықпай деген ие болды. Өзіміз де пар ат жегіп, Сырға қонаға жеттік.

Үйімізді тігіп, қазан-ошағымызды жайғастырып, енемізді жайғастырып, қойымызды сойып, биемізді байлап, жүгіріп жүрміз енемізді күтіп. Ертеңінде әкең күрекпен Салықпай екеуі Сыр жиегіне барып, аздап жерге шұңқыр жасап келді. Күн ыстығы әуе айналып жерге түседі. Әкең Салықпай екеуі көлеңке жасап, ыстықтан қорғап, денесін күнге түсіріп, бір уақытта оймақтай кара бұлт көл үстіне келіп, желдете бастады. Сырдың суын толқындатып алды. Аспан шайдай ашық еді. Содан енеміз баласына:

– Қарағым, үйге апар, мен енді адам болмаспын, мен риза, Құдай риза, ақ сүтіне кештім! – деп батасын береді. – Мына бұлт маған келген екен, – деп. Содан:

– Сойған малдың етін Сыр басындағы үйлерге апарып беріңдер, үйге апармайық, – деді.

Әкең бәрін апарып берді біреуге:

– Молланың бәйбішесінің дәмі бізге тиді! – деп, ет алған әйел рахметін айтты.

Содан Далбадағы үйге қонаға келдік. Әжен айдан аса жатып қайтыс болды. Қоян бүйрекке шауып, тынысын тарылта берді. Денесін бұрып, содан Айдосқа жерледік. Әжене бүкіл Қарақозы елі болып, басына тастан зират салдық. Ел болып басына кашап жазып, тас орнатық. Әжене әкең екеуіміз осылай еңбек жасап, ел болып аттандырдық.

Содан ... әже мен Жұзталдағы Күліктері, көп Күлік ата-бабаларын айтуға келгенде, Зекең тағы: «Бұл бабаларыңыздың атын айтуға болмайды!» – деп абыржи бастады. Мен өз шешеме бауларша қала берем: «Олар өліп қалды, сізді соттатпайды!»

Менің ойым көрген-білгенін білсе, еске сақтап қалуы – бір кездері балаларыма айтып отыру керек болар деп. Мәшекен тарихын кім сұрап жатыр дейсіз, ұрпағына.

1916 жыл Өлеңті өзенінің бойында ағайындарды, біздерді көшіріп әкетті. Бір жағы бата жасап әжене. Бір жағы Әтиім көңілін көтеру үшін «Өлеңті бойында аңдар бар шығар» деп, бүркітін аңға салуды ойлап, атаң көшті. Өзімізде көлік бар, оларда да көлік бар. Арба әкеп, біздерді көшіріп әкетті Өлеңтіге. Бардык, біздерге ағайындары ... дайындап қойыпты, ол ел: «Мәшһүр келді деп қуанып жатырмыз, молламыз келді!» – деп ақсақалдар. Ақсақал Әбежан, Мағруф, ... Шариф, Елғазы, Есіркеп, Аққасық, Айылды – осы кісілер: «Туысымыз, молламыз келді!» – деп.

Өлеңті бойы елдер Қуан ағасы аңға бүркітті салды. Аңдар өзен бойындағы талға тығылып, алғызбайды. Содан бір қашқан түлкі бүркітті көріп қалып, биіктен төмен қарай аққан бүркіт талға соқтығып, жараланды. Ақыры бұдан бүркіт тәуір болады.

Содан мартта жер алай-дүлей қар еріп жатқан [кезде] Мәшекен елге көшеді. Бұрынғы өзі мекен еткен Құрман-Тоғалаққа көшіп келіп, осы жерінде болады.

1920 жылдары Тасбекеттің Әмір ағаң – құрбысы, әлде құрдас па, Әмір ағаң Мәшекенді өзінің отырған жеріне көшіріп алады. Бұл жерде Қазкен, Қасен, Ораз, Шайқы, Иماشәли және көршілес ауылдар қуанады. Әмір ағаң ат диірмен ұстаған адам... Осы жерде басы ... қоныс етеді Мәшекең жаз күнінде балық жейді, Жарлы көлден өзінің туған жиені Жүсіп ұлы, Құдияр Қасен, Ғали балық аулап, жаз Жарлы көлде болды және Мәшекең көп ауылмен Жарлы көлде болды. Жарлы көлдің ... Темірболат, ... Секербай, Сарекендер отырады. Жоғарғы Жарлы көл жағасын Елмекең елдері отырады, сағасында Құдияр ауылы отырады. Мәшраб ұста, Мұсабай, Исабай, Қартбай, Кебешбай ауылы.

Кейде Мәшекенді ел жайлауға көшіріп әкетеді, Базыл, Бошай балалары Баязит, Ажақан, Әшім, Мүсіндер ... Жаракын жайлауы,

Жаттайма, Томарлы, Омакалы, Қарақоға, осы қасы Майқұдық, Борансоқы, айтып берген Айнабұлақ, Акқұдық, ... құдық, Борлы, Тамды – осы аталған жерлерде жайлап көшіп жүріп, Есен бірге болады: «Моллакен, моллакең!» – деп.[144]

Деректер

Патша заманы. Елмекең елінде үш бозбала болады. Үшеуі де әнші, біреуі де домбыра білмейді. Бір жылы ел жайлауда отырғанда, ауыл-ауылдар біріне таяу отырыпты. Бір шақырым ба, тіпті екі шақырым ба, орамдасы болып көп ауыл. Ол кезде қотанға қасқыр түнде жиі ... қотандағы қойды жаралап, тежейте кететін көрінеді. Қотанды күзететін алтыбақан құрып, қыз-келіншектер мен балалар екен.

Үш бозбала. Қыр астында отырған көршілес ауылдың ержеткен қыздары көп болыпты. Осыны білген үш бозбала әнші Әбжанның құдасы, Тастенбектің Жолағасын, Жүсіптің Шарапін – үш сері, Шарапін – гармоншы. Құдыштың гармонын інірде тартып, Жолағасын мен Құдыш гармонға қосылады. Дауыстары бірдей шығып, бес-он шақырым жердегі ауылдарға шейін естіледі екен. Қыздың дауысындай жіп-жінішке шығады. Содан гармонның дауысын қасқырдың дауысына келтіріп ұлытады. Құдыш пен Жолағасын, олар да қасқырдың дауысын салып ұлиды түн ішінде қасқыр болып. Содан қыр астындағы қызы көптеу ауыл көрші отырған:

– Ойбай, бәлен-шекең ауылына қасқыр шауып жатыр, иттер ұлып жатыр! – деп, қызы көп ауыл бүкіл ауылын түн ішінде тұрғызып, ақсақалдар даладағы тұсаулы аттарын әкеп: «Итке жазым болады, таң атқанша қойды күзетіңдер!» – деп тайлы-таяғына дейін, кәрі-жасы болып, бүкіл ауыл қойды күзетеді.

«Әбжан ауылыңда қасқыр ұлып жатыр», – деп, сонымен таң атқанша қой күзетіліп, аман шығады түнімен айғайлап. Таңертен ертедеуі бір адам шыдай алмай қасқыр ұлыған ауылға келеді:

– Түнде сендердің ауылына қасқыр шапты ма?! Ит-құс ұлып жатты, соны естіп, біз түнімен бүкіл ауыл тік тұрып, тұсаған аттарымызға шейін алып келіп, қолға ұстадық. Түнімен әбігер болдық, – дейді жолыққан адамға. Жолыққан кісі:

– Жок, ойбай, котанымыз тіпті қасқыр ұлыған жок! – дейді. Қасқыр ұлыса, Әбжекең екі төбет иті жатпайды, үріп котанды айналмай ма?! – дейді.

– Енді кім?

Содан:

– Құдыштың бөлесі Мәшһүр молланың баласы кеше келіп осында қонып жатыр. Сол Шарапи Құдыштың гармонын тартып, Құдышка гармон үйретіп жатыр деп естідім. Солар шығар түнде гармон тартып отырған – Жолағасын, Құдыш, Шарапи үшеуі, – дейді аңқау адам, осылай дейді келген аңқауға.

Сөйтсе ұлыған қасқыр да жок, үш бозбала қызы көп ауылға гармонды қасқырдың дауысына салып, қыздарға көрсеткен қыры болыпты. Үшеуі де сері, жындылау кезі екен. Бұл істері елге тарап, естігендер күліпті. Бұны әкеміз айтып көзіне жас келгенше күлуші еді: «Үшеуіміз сөйтіп едік!» – деп. «Үшеуі[міз] осындай ойыншыл болып едік», – дейді Шарапи.[145]

Мәшһүр Жүсіп ұлы Фазылдың үйленуі

1923 жылы Фазыл бір айлық мұғалімдер шолақ курсына оқып, сауаттанып, Ақкелін, Далба еліне мұғалім болып, ауылдық жерден мектеп ашып, балаларын сауаттандырады. Қарақозы Тайшықтың Құлбай деген кісінің біреуіне түсіп үйін береді. Құлбай – ауқатты кісі екен. Көзі ашық, өз балаларын оқытуға да назарын аударады.

1923-1935 жыл бір жарым шақырым жерден Фазан атпен келіп оқытады жатқан жерінен. Содан жатқан үйінің ер жетіп отырған Үмітай деген қызбен үйлесіп, Фазан осы қайың жұртынан Үмітай екеуі бірауыз болып, шаңырақ көтеріп, үй болады. Негізі Қарақозы Тайшықтың Мағзұм – әкесі және шешесі – Қия деген кісі Үмітай мен Фазанды қызықтап, басына кигіз үй жасап, үй қып шығарады. Бұл кісі де ауқатты адамдар болған көрінеді. Бұл келіні Үмітай өз елінде түседі. Ағартушы жолында, қызмет жайында болғандықтан, Мәшекеннің ақ босағасын аттап түсе алмаған.

1923-1925 жж. содан Үмітайдан Фазан екі ер бала көреді. 1932 жыл сәуірде қайтыс болады, қызылша сырқатынан екеуі де. Содан Үмітай балаларын ойлап, жүрек сырқатынан 1935 жылы қайтыс бо-

лады. Сарадыр Боштайдың Мұқышының көп ... атына жерленеді. Бұл кісі акжарқын, қолы ашық, адамдарға ілтипатпен жылы жүзді, өнді кісі еді. Марқұм Фазанмен он екі жыл жолдас болған. Бұл кісі де Мәшекенді Зейнептей «Әтиім» деп атап кеткен атын атамай. Шарапиденді «ағакем» [деп] атап кетті тірісінде. Мәшекең бұлар әр жерге көшпелі болғандықтан, бұларда болған жоқ өз тіршілігінде.

1931-1934 ж.ж. содан Фазан жалғыз басты болып, шаңырағы жайылып, малы сауылмай қалды. Үмітай мен екі баласынан айырылып төрт жыл салт болды. 1939 жылы негізі Құдиярда .. Таш деген кісінің қызы 20 жастағы Нұриләмен үйлесіп, шаңырағын көтереді. Мәшекең қайтыс болғаннан сегіз жыл кейін келін болып түседі 1931-1939 ж.ж. Мәшекең Нұриләні тіршілігінде көрмеген еді. Мәшекең қайтыс болғанда бұл он екі жасар қыз екен 1919 жыл туған. Мәшекең тұрған жерге 50-55 шақырым Саршорабай деген жерде болған. Бұл Нұрилә женгей Мәшекенді «Әтиім» деп бұрынғы екі келінше атамайды, ылғи «жан атам, жан атам» деп Мәшекенді осылай атайды. Өз аузымен: «Жан атамды өзім күттім, өтерінде өз қолымнан аттандырдым», – деп. Мәшекенді тірісінде көрмеген, халыққа осылай айтқан көрінеді жүрген-тұрған жеріне. Әрине, «анқау елге арамза молла» деген осы болар дейміз. «Менен басқа жұрағаты, менен басқа мирасқоры жоқ, бәрі өлген», – деп айтады екен... [146]

Мәшһүр Жүсіптің екінші қызығы

1923 жылдары кіші баласы Фазыл Кереку қаласынан бір айлық шолақ курс оқып, Аккелін-Далба Қарақозы еліне ағартушы мұғалім болып келеді. Ел балаларын алғашқы сауаттандыру жолында қызмет жасайды. Содан Қарақозы Тайшықтың баласы Мағзұм деген кісінің қызы Үмітаймен шаңырақ көтеріп, екеуі үй болады. Төркін жұрты үлкен қызының басына үй тігіп, өзінше жасап береді.

Осы келіні Үмітай жері алыс болғандықтан, Мәшһүр молланың ақ босағасын аттаған жоқ. Себебі мұғалім қызметінен Фазан қызыметіне бөгет болды. Бірақ Мәшекең бұл келінін көрді көзі, үлкен келіні Зейнеп екеуін. Екеуі де Мәшекең атын атамаған ылғи «Әтиім, Әтиім» деп атап кетті. Сыйлап Мәшекенді алдынан кесе өтпеген,

басқан ізінен қорқып, ол жермен жүрмеген адам болды, бетін басып, қатты ұялып.

Фазаң бұл бірінші әйелінен екі ер перзент көріп, бірінің атын – Балта, бірінің атын ұмытып қалыппыз. Үш-төрт жасында 1932 жыл апрель айында қызылша сырқатынан қайтыс болып кетті. Содан Фазаң мен Үмітай екі баласынан айрылды. Анасы Үмітай баласын ойлап, сырқатқа айналып 1935 жылы мартта қайтыс болды. Сарадыр Боштайдың Мұқашының көп зиратына жерленеді.

Үмітай, Зейнеп екі келіні Мәшекең дүние салғанда жоқтап жылаған еді: «Атамыздан айрылды!» – деп 1931 жылы қайтыс болғанда. Үмітай – кішіпейіл, ашық адам еді, кеңкілдеп күліп отыратын, қолы ашық. Төркінінде ұзақ жыл тұрғанда Фазаңды үлкен үй қып жіберген еді. Фазаң үш жыл Қарақозы елінде мұғалім болып тұрды. 1926 жылы елге көшіп келді. Елде ұзақ жыл мұғалім болды ... мектептерге Жаңажол колхозында, Қызылқоғам колхозында.

Фазыл Тұрсынбайдың бірінші баласы.

Әйтен екі бала.

Оспан, Әбдурақман, Әбдурақим екі бала.

Әбіш.

Насраден, Қожанасыр, Мұқаммед, Насырайдабек төрт бала.

Әйтен

Шегебай кажы

Бейімбет

Қарар

Досқара

Серкебай

Есмағамбет, Ақмет

Өмерке

Исабек Жүсіп, Аюб, Жайнар, Базыл, Боштай екеуі бір туыс.

Боштайдан Сүлеймен, Арынғазы, Нұрғалы, Аюб, Шұғайып, Әбдіқай, Жұпар, Мәлік, Қалтай, Әнапия, Әбутүсіп, Зайт, Сайық, Қақан баласыз, Мұқаш баласыз.

Және де қандай адамдармен қарым-қатынас жасап, хат арқылы болсын, не бір ауыз көзбе-көз болсын атамызбен достас, жастастары болды. Жазушымыз Нәреин ... айтқандай, Ж. Аймауытов, Тоғайбаев, Қартқожа, Әлкей Марғұлан, Жұмабаев Садық – осылармен жүзбе-

жүз хат алып отырғаны рас. 1925 жылдары, 1926 жылдары, 1927 жылдары, 1928 жылдары еске алсақ, бұл адамдар Петроград, Семей, Ташкент, Орынбор қалалары, жоғарыда аты аталған адамдар, бұлардың жазған хаттары менде әлі сақтаулы, сарғайып көмескі тартқан.[147]

Пазыл, Шарапи деректері

Пазылдың үйленуі

Ең алғашқы мұғалім болу жылы – 1925 жылы Қарақозы Далбада басталады. Осы жылы Қарақозы Тайшықтың Мағзұм Ұмсынтай деген қызын алады. Бұдан екі перзент, бір баласының аты – Балта деген, Үмітболсын. Ұмсынтай 1935 жылы ағаш үйде дүние салады. Өте жақсы болатын. Атамызды «Әтиім» деді де, Шарапиді «ағакем» [деп] сыйлап өткен кісі еді.

Пазылдың екінші үй болуы

Пазаның Ұмсынтай бәйбішесінен және екі баласынан айырылған соң, шаңырағы жабылып қалды. 4 жыл ойлығы болмай қалды. Ақыры 1919 жылғы, туғаташ қыз – Нұриләға үйленеді. 1939 жылы августте үй деген жерде. Содан бала-шағалы болып, Қуандық, Шегендік, Кенже, Қажыман, Жұмажан деген перзенті болды.[148]

Жыланды

Набайылда кажы, Келекей, Бектілеудің Мағзұмы, Бәкі, Асан, Үсен, басқа да адамдармен бас қосты. Қаратұмсықтан жиені ... Құсайын балалары Жапаш, Балбабектер, Тасбұлақтан Құсайынның Мәншүгі, 1928 жылы Шорман ұрпағы Ащы бойындағы Жәми, Кәбіште болды. 1928 жылы Кешінбай Белгібай ауылында болды. Таубауыры Исабек Мәдिसінде болды. Қарағаш Қозке Қайыролламен бас қосты.

1929 жылы Уақ Аязбайдың үйінде қонып, Уақ асуымен асып, Жасыбай көліне түсетін. Содан Жасыбай асуымен асып, Жасыбай батырға дұға жасайтын арбасының үстінен отырып. Дуанға барып, Сүбек ұстаға қонатын. Сағынай ұстаға қонатын, Малғозы Оразға

конатын, қасапшы Маскабайдың Қасымында болатын, қасапшы Шолтайда болатын, Қожамбеттің Оспанында болатын. Дуанда қазақ–орысы, тамыры, әкесінің атын ұмытып қалыппын, Яшке (Жәшке) деген орыстың тас моншасына түсетін. Шешіндіріп аркасын кайың сыпырғышпен соғатынмын, орыс моншадан дөңгелек үстел жасап, жидек жеміспен жақсылап шәй беретін. Аласа келген, сақал мұрты бар, бәйбішесі семіз, толық кісі екен. Бұл кісінің үйі жолдың Ақбет жақта дөң үстінде болған, Көпей үйіне қарсы. Ежелгі көрші болған. Көпеймен сыйласқан деді.

Орта атын жеккізіп, жатақ жақтағы көп зиратқа барып, әкесінің басына, бірге жатқан інісі Қасен екеуіпе дұға жасайды. Әкесі шым зират екен мыжырайған, атын оңтүстік жаққа бұрғызып, көлденең арба үстінен Құран оқыды. Содан кейін мешіттің қасындағы аласа келген, кішкене әйнекті, есігі Ақбет жаққа қараған елу қадам жер[ге] келіп, арба үстінен біраз қарап көрді. Аласа шатырлы, көзге көріксіз тас үй, тас қора. Содан Сабынды көлге барып көлге түсті, тор атын шомылдырып алды. Өзі де көлге түсті. Біраз жан-жаққа қарап, қурап отырды. Тасқа отырып, жан-жақты тамашалады. Қасына ерген адамдарға әңгіме айтты. Мұса, Секербай замандағы Шон, Торайғырды әңгімеледі. Сатылған Қаража... әңгімелеп берді. Үкібай биден әңгімелеп берді.

1928 жылы Шорманбет[ке] келе жатқан бетте жолшыбай Үштағанды басып, көшіріне мынау кешегі Ақтайлақ, ... Ербекей орны. Мынау сол кісілердің зираты Үштаған жерін мекендеген жолшыбай өзен жиегінде ... не дәуір бойлаған зираттар жатқан әдейі бұрылып келіп, осыған дұға жасады. «Осында бір қасиетті кісі қайтыс болған, – дейді, – негізі диуана еді», – дейді.

Жолшыбай Атығайдың Көкдомбақтыға келіп, көп зиратқа дұға жасады. «Мұнда көп нелер жақсы адамдар бар», – деді. Әсіресе кешегі Үкібай биге келіп дұға жасады, біраз адамдарды ауызға алды. Сол жерде арбасының үстінде дұғасын оқып, аттарын атап. Содан Жәми, Кәбішке келеді. Шорманның Жәми, Кәбіші ағаш үйі екен. Жәкен келіп сәлем берді. Ертеде бірге оқыған ба, Шорман ұлынан Мәшекен Жәкеннің досы екен Шорманның Мұстафасы болыс болып тұрғанда. 1928 жылы Жәми, Кәбіш жазғы көктем, өзен, көл түскен жазғы құстар келген, көкектер келіп шақырып жатқан, Жәми малшыларына айтып:

«Молланы ағаш үйден бүрге жаткызбас», – деп, үйінің сыртына кигіз үй тіккізді. Соған апарып күтті. Ел жайлауға көшер кезі. Қой сойып, шәй құйып, Жәкең бәйбішесімен, малшыларымен жабдығында жүр. Әңгіме арасында Жәкең, моллеке бір сөз естіліп жатыр.

– Биыл күзге қарай байларға кәмпеске жүреді, мал дүниесін алады, – деді. – Заман құбылайын деп тұр, – деді, -1928 жыл.

Жәми Шорманұлы[на] былай деді Мәшекен:

– ... бір періште қап тауында жетеді, биіктігі ... шынындай тау құласа да жан сақтайды. Құдайдың тура келсе сақтауына, – деді. Әкеден ұл, шешеден қыз безген заман болар. Қора малсыз, үй жансыз қалар. «Қарағайдан шәйір кетер, ағайыннан қайыр кетер» деген жоқ па еді. Бәйге бұрынғылардан келе жатқан сөз емес пе еді?! Алла біледі, «адам басы Алланың добы емес пе?» «Заман қалай болса, бөрігінді солай ки» деген емес пе? Өлген өлер, қалған қалар. Өлмеген жан қойдай маңырап, козыдай шулап, бір-біріне табысқан заман болар. Торғай қой үстіне жұмыртқалаған заман да болар. Бұл дүние бір қапта тұра ма?! Есікте жүргендерге ... кез болар Байды кәмпескелей ме, әлде кедейді кәмпескелей ме, бұны Алла біледі, – деді. – Адам басына ауыртпалық болмаған жақсы ғой Жәми, – деді, – аумалы төкпелі заман, «заманың қалай болса, бөркінді солай ки» деген екен.

1928 жыл Кешінбай, Белгібай ауылы атайды екен. Дорбаштын бір ауылында болды. Осы елдің ақсақалдарымен дидарласты. Исабек ауылына келді. Исабектің Мәди, Қозке, Қайыр, Нұрғазы, Байкошқардың Сұлтанбайы, Жанкошқар тағы басқа үлкендермен мәжіліс жасап, бұл кісілер екі-үш күн бөгеп жібермеді. Атамыз штансыз жүреді дәретке ыңғайсызын ойлап. Енді пар атын жеккізіп, трашпенкесіне мінейін деп аяғын арбаның үзеңгесіне салып жатқанда денесі көрініп қалған ба, замандасы Мәди ақсақал:

– Моллеке, үш қарғаныз көрініп қалды! – деп ойнап күлді.

– Сол көрген үш қарғаны өзін ал! – деп күлді арбасына мініп жатқан молла.

Айнала қаптап тұрған халық күліп жатыр.[149]

Шоқыбай, Жанбас (Жанбай)

Ертеде жазғы халық жайлауы болған жер екен. 1927 жылы халық алыс жайлауға бара алмай, жақын жер деп, бірнеше ауыл ел ақсақалдары Қозған елі Исабек, Кәрібай, Мәшһүр ауылы, Шоқыбай ауылы, Тілеу Жанбасына, Тілеу Жәнібек жайлап отыр[ған] төрт ауыл көршілес болып, қойы құтандас, жандары аралас дегендей. Осы аталған ауқатты адамдар болған екен.

Бір күні Кәрібай қойына ауру тиіні өле бастайды топалаң деген аурудан. Содан ауыл ақсақалдары бір төбенің басына отырып бас қосыпты. «Қойымызға ауру тиді, не істейміз?» – деп ақылдасады бір-бірімен. Ақыры бейіт басына апарып түнетуге келіседі. Тамам ақсақал бір-бірін қостап: «Қайда апарамыз?» – деп, айдап қасиетті аруақты іздеп, зираттар алыс жерде болғандықтан, сол Шоқыбай биігінің сыртында, бұрын жайлаған елдің зираты болған бейіттің түбінде, сырт жағында жайлап отырған ауылға бір жарым шақырым жердегі осы зиратқа түнетуге келіседі. Тамам ауыл ақсақалы: «Алыстағы зиратқа бара алмаймыз, – деп, – қойға алыс болар», – деп. [150]

Мәшекеңнің әлегі-ай

Бір өгізге екі аяқты қазақ арба жегіп, тезек теретін қурайға самауырын, қазан-ошақ отындарын, ыдыс-аяқтарын салып, малы сырқаттанған ауыл түгел бала-шаға, қатын-қалаш ел болып зират басына күн бата келіп түнейді. Мал сойылып, самауырын қойылып жатыр. Осы бір жайды Мәшекең сәлем бере барған бір адамдар: «Бүгін кешкі ауыл жанындағы зиратқа бәлен екен бір құтан қойын түнетейін деп жатыр, қойынан өлім бар көрінеді», – дейді, ауыл-ауыл арасынан ерсілі-қарсылы жүріп жатқан адамдар айтқан болу керек. Содан Мәшекең өзінің атарман бала жігіт Әйтiмдi шақыртып алады:

– Әй, Әйтiм, Шарапиден бiр ат алып мiн де, жаман Бөкенбайдың жырасындағы Құдекең ауылында Тәштік Төлеукең[ен] ақ көйлек, ақ жаулығын сұрап алып кел! – дейдi.

– Мен сұратты десең, бередi.

Төлеу шешей ол кезде ақ жаулықты атанған адам болуы керек. Бөкембай ... Жанбаска төртті, бесті шақырым жер, Әйтiм барып Төлеу шешей[ден] алып келедi, сөзге келмей сөресiнен алып[бередi]. Мәшекең:

– Әйтiмдi, Жәнидi шақырып кел, – деп жұмсайды тағы. Жәни де Мәшекеңнiң атарман бала жiгiтi. Мәшекеңе қызмет етiп жүрген ... келедi, екеуiне былай дейдi.

– Бүгiн мына зиратка Кәрiбай қой түнетедi. Малында өлiм болып, – дейдi.

– Әйтiм сен Төлеудiң көйлек, жаулығын киiп, бейiттiң iшiнде молда Құран оқитын жақ бұрышқа жат, – дейдi Әйтiмге. – Молда барған бетте Құран оқиды шолақ. Онда тырп етпе және түнеушiлерге көрiнбе. Әбден қас қарайғанда зират iшiне кiрiп жат, – дейдi.

Әйтiм:

– Құп, моллеке! – дейдi.

– Шәй iшiп, еттiң арасында Құран ұзақ оқылады, сол кезде ақырын бейiттен басынды көтерiп, құстың даусындай дыбыс бер де, қайта бұқ.

Түнеушi көп алдында молла алда отырады. Әйтiм Құран оқыған кезде, моллаға бiр көрiнiп, нышан бередi үндемей. Молла аздап абдырап қалғандай болады, дауысы күбiрлеп оқиды. Екiншi рет Құранды орталаған кезде, Мәшекеңнiң айтуы бойынша тағы Әйтiм басын көтерiп, қалаған тас зираттан тағы басын молдаға көрсетедi құс дауысын салып. Молла оқыған Құранын қоя салып, артындағы көпке қарай жүгiредi.

– Алла, Алла, Алла, көрқап көзiме көрiндi!

Сол-ақ екен, тамам жұрт зират басына барған-келген жағына қарай быт-шыт, тым-тырақай кашады.

– Ойбай, молламызға көрқап көрiнiптi! – дейдi бiр-бiрiне.

Дүркiрей қашқан халық шекпенiне саптама етiгiн, шұбатылған шапан ... оратылып, бiрiн-бiрi басып, үстiнен жығылып, азан-қазан болып құлап жатыр:

– Алла, Алла, көрқап, көрқап шығыпты бейiттен! – деп.

Кемпiрлер:

– Шал-ау, шал-ау, қайдасын ойбай-ойбай, өлдiк-өлдiк?!

Шал болса:

– Алла-ау, Алла-ау, кемпір қайдасың, қайдасың?! – деп, олар бақырып барады.

Сүріне жығылып қатын-қалаштар, олар да осы жығылып, әр жерде домалап жатыр:

– Көтек-көтек, бір сұмдық болды ғой!

Жолдағы, жардағы су балшыққа құлап жатыр. Балалар болса, азан-қазан, у да шу, олар да құлап жатыр. Бәрі де буындарын баса алмай, қорыққаны сондай құлау да құлау. Өгіз о да арбасын сүйретіп, жарға барып, арбасы бүктеліп жатыр, доңғалаққа байлаған өгіз үркіп. Осы түнеуге кездескен Әбутүсіптің жылқышы Омар ұлы Досжан бір жұма: «Әбутүсіптің бір топ қысырағы шығып кеткен жер», – деп таба алмай келе жатқан Досжан атын қазақ арбаның бір доңғалағына байлай салған екен. О да үркіп, қазақ арбаның бір доңғалағына үркіп, о да жұлып әкеткен көрінеді. Жылқышы жаяу қалады. Түнеушілердің кебіс етігі аяқтарынан сүріліп, бастағы тымақ бөрік әр жерде шашылып жатады. Оны іздеп алуға жұрттын қалы жоқ. Тек ауылға үйлеріне жету жаяу-жалпы.

Жылқышы Досжан әуелі түнеуші ауылға келсе, кигіз үйлерде ешкім жоқ. Досжан жылқышы аң-таң:

– Бұлар қайда? – деп, барлық кигіз үйді аралап жүрсе, бір әйел кешкі уақыт ауылға мал келіп жатқан, сиыр сауған әйелге келіп сұрайды:

– Бұлар қайда ауылдың адамы?

Әйел:

– Анау зиратқа мал түнетуге кетті. Қойлар өліп жатқан еді, – дейді.

Жоқ іздеп, қажып келе жатқан жылқышы Досжан:

– Ендеше мен де сонда барып, дұға ішінде болайын, – деп, түнеуші бейіт басына келеді.

Қазан ет қалды. Бейіт басында аяқ, табак, самауырын барлығы жәйрап бейіт басында қалады. Бір құтан қой, олар да үркіп, быт-шыт болып, олар да кетеді. Қазан-ошағымен асылған еттері зират басында иесіз қалады. Өздері көрқаптан қорыққан жұртшылық. Бір құтан қойлар, олар да үркіп болініп кетеді быт-шыт боп. Бұл күндері түн тиыш, ай жарық – жаздың бір жақсы айлары. Кім жаяу, кім салт атты қойларын әр жерден тауып, ауылға әкеп қосып жатады.

Бейіт басындағы қалған етті Жәни деген бала жігіт қазанды аударып салып, жерге сорпаны төгіп, еттерді қапқа салып, арқасына сала бергенде, бұның арқа жауырыны ыстық еттен күйіп қалады.

Әйтім екеуі қапты екі жағынан ұстап үйіне келеді. Жатайын деп жатқан Мәшекеңе айтады:

– Айтқаныңызды істедік, енді не айтасыз моллеке?! – дейді.

– Екеуің бөліп ал! – дейді Мәшекең қарқ-қарқ күліп:

– «Мал баласы бес жылда жетілер, адам жарасы алпыс жылда жетілер» деген екен бұрынғылар. Жетім-жесірге көмектесе қайтер еді?! Өлмейтін жан болмас, өлмейтін мал болмас. Шығын шықпай, кіріс болмас. Зекетсіз мал болмас. Кәрібайдың қойын аруак не қылсын? Аруак ет жемейді.[151]

Мәшһүрдің бес палуаны

Атамыз көктемде ел жайлауға көшер кезде төрт қанат кигіз үйін, үй сыртына көгал жерге тіккізіп алады. Таза жерге ел арасынан кісілер келіп жатады. Әдейі ақсақал әңгімелесуге кешке қарай мені жұмсайды:

– Бәйти, Жәниді, Әйтімді, Базарханды, Шәдімді, Қамнтты шақырып кел! – деп. Мен барып айтам:

– Атам шақырып жатыр сендерді, – деп, олар жүгіріп келеді:

– Моллеке не дейсіз? – деп.

Оларды күрестіреді, кезек-кезек бірі іштен шалады. Бірі жата қап бастан асырам дейді. Бірі аяқтан қағады, бірі тік көтеріп алады. Ерсілі-қарсылы тіресіп жатады. Атам қарқ-қарқ күледі қызық көріп. Бұл аталған кісілер кигіз үйін тігеді, керек кезінде үйін қағып, тазалап қояды жер үйін, кигіз үйін, арбасын майлап қояды. Келген қартан кісінің атын отқа қойып, жүрерде алып келіп, ерттеп беріп аттандырады. Бие байлап сауады. Шарапидің шаруасын істетеді. Қой сояды, екі аяқты қазақ арбамен тал қорапты тезек тергізеді. Түйе жеккізіп, тауға самауырын, май ағаш, шілік, сыпырғыш май ағаш алдыртады. Бір жаққа шыққанда, біреуін көшіріне отырғызады, Шарапиденнің шаруасында жүріп жатады. Осы атамның атарман шабарманы болар.[152]

Төлеубайдың Мәшһүр Жүсіпке қатысты деректері

Мәшһүр Жүсіппен сырлас болған адамдармен әрі жүрген жерлері, өз ортасы, Мәшһүр молланың тұрған жері – негізі Базекен Шегебай қажының баласы Әжіқан (Ләжіқан) ауылы Құрман-Тоғалак еді.

Әжіқан (Ләжіқан) бірадар Шегебай қажының баласы – Елмекең, Құрман-Тоғалак;

Сыздық қажы, Айдакел – Елмекең, Тасықой;
Кенсебір, Исабек – Елмекең, Қаракойтас;
Насырдың Рақымы – Елмекең, Дауда;
Есмағамбет, Түсіп, Ақмырат – Елмекең, Астаукұдық;
Қожақанның Түсіпбегі – Елмекең, Ақшоқы;
Қасен Балқожаның баласы – Елмекең, Қойтас;
Бұқай, Ыбырай – жерлері Елмекең, кіші Құрман-Тоғалак;
Қожырдың Әбжаны – Елмекең, Қызылшоқы, Тамсақ;
Әділше, Қарымсақ, Мәуке – Елмекең, Сартұмбай, Ашы бойды;
Жалбырдың Иманбайы ұста – Уақ, Сартұмбай;
Құсайынның (Айтүсүбі) – Елмекең, Сарадыр;
Құсайынның Мәлігі – Елмекең, Жолдей;
Жұпар, Арынғазы – Елмекең, Қарашоқы;
Әбілда қажы Күлекей – Мәмет, Жыланды;
Әжақардың (Әбақардың) Ысмағұлы – Мәміт, Сарадыр;
Тауқыбайдың Ысмағұлы – Мәміт, Сарадыр;
Әбдіракман, Дүйсен – Елмекең, Сарадыр;
Құсайынның Мәстегі – Қақсал, Тас бұлақ;
Құсайынның Елдосы – Қақсал, Қаратұмсық;
Дорманның Балтабегі – Айтбақ, Қаратұмсық;
Құппас Асқар – Мәмет, Сырға;
Түсіпбектің Есентайы – Мәмет, Қадіртi Мыңбас, Жүзбас;
Алакөздің Ақмырзасы – Мәмет, Қадіртi Мыңбас, Жүзбас;
Әшім Баязит – Елмекең, Қызылшан;
Осы қараның Мүсені Әуши – Елмекең;
Үшбастың Көбейі Жәуке, Шорабай;
Мұсабайдың Мәшрәбі ұста – Құдияр, Құмдықөл;
Битақайдың Оспаны – Мәмет, Бүйрекiші;

Әбжан, Бәти апай – Елмекең, Әбжандың, Қызылшоқы;
Тай, Уәзипа апай – Елмекең, Баян ауыл, Қызылшоқы;
Тайдың Кәрбайы – Елмекең, Берекет ...;
Тәмтнедектің Төрағасы – Елмекең, Бөлдей.
Темірболат – Елмекең, Жақай, Амантау;
Бұзакжак – Елмекең, Бақай, Амантау;
Жәмікеш, Шорман – Ашы өзені;
Дорбаштың Ыбырайы – Тайгелтір, Шағаман;
Кенішбай, Белгібай – Тайгелтір, Қарабасқан;
Тайжанның Шоразы – Найман, Қызылқойтас;
Бекболаттың Жұмабегі – Найман, Қызылқойтас;
Шонбайдың Тасбегі, Әмірқан, Шокбай ұрпағы, үш Жарлықөл;
Тасбектің Қарқаны – Шокбай, Жарлықөл, Ашы өзені;
Тасбектің Мәнесі – Шокбай, Жарлы көл, Ашы өзен;
Құлмағамбеттің Жайұстасы – Айдай, Бозай, Аяқшілік;
Нұғман қажы, Ыскак қажы – Айдай, Қарасу, Аяқшілік;
Бейсембектің Мәді – Қозған, Жаманаула, Қараағаш;
Бектілеу, Мағзұм, Дауана – Қожакелді, Жыланды;
Әбулаб – Дауан, Тышқанлы;
Арсалы – Дауан, Қосқұлақ, Ашы,
Ыскак, Қабі ауылы;
Байқошқардың Сұлтанбайы – Қозған, Қамбар, Жаманаула;
Исабек ұлы Қайыр – Қозған, Жаманаула;
Исабектің Қозыкеші – Қозған, Жаманаула;
Сүбәк ұста, Сағынай ұста – Қозған, Баянаула, Дауан;
Мысықбайдың Қасымы қасапшы, Дауан, Баянаула;
Шолғай қасапшы, Дауан, Баянаула;
Қожамбеттің Оспаны, Көрпебай – Елеман, Дауан, Баянаула;
Серғазы, Әбілғазы – Жағалбайлы, Мойылды, Сарыадыр;
Әбіл, Сұлтан – Жағалбайлы, Сарыадыр, Мойылды;
Төкен, Ораз – Малғозы, Елмекең, Баянаула, Дауан;
Жәшке қазақ, орыс, тамыры – орыс, Баян, Дауан;
Қошықұлдың Әбені – Мәмет, Жыланды Ашы өзені;
Сағал домбырашы – Тайгелтір, Беріктас;
Арыстанбектің Имамәлік қажы – Малғозы, Шөмірті өзені;
Асылбек, Әлкей, Төкі, Шәкі – Малғозы, Шөмірті;

Кейкі, Байған, Сарбатыр – Малғозы, Шөмірті;
Түктібай – Малғозы, Шөмірті;
Итбай, Жолдақай, Әмірқан – Уақ, Шөмірті;
Доржан баласы Әбдіразақ – Айдай, Қарааш, Аяқшілік;
Байтан Сал ұлы Мәлібек – Айдай Саркас;
Олжабай ұлы Шаға – Қаксал, Қутұмсық Ашы өзені;
Аязбайдың Әбені – Уақ, Жасыбай көлі, Баянаула;
Бауыр елі Едіге Сары;
Айман Шайыздан Намұқан – Едіге, Иманбалағы;
Тұрбастың Жәмиі, Мұқтар – Едіге, Иманбалағы;
Естай балалары Молса – Садай, Қандықарасу;
Сүлейменнің Ақметжаны – Садай, Ақөзек;
Көбен Қараның Әбдуі – Садай, үйрек Матай;
Бошанның Рақымы – Садай, Қараадыр, Қоңыртас;
Бажықтың Әшімі – Садай, Қараадырғ Қоңыртас;
Жылтыр Жалымбайдын Мұқашы – Садай, Тасшоқы;
Кереку:
Имаммәлік, Жайбала, Әбілда – Күлік, Кереку қаласы;
Қазақбай – Қаржас, Кереку қаласы;
Молда Жүніс ... – Кереку қаласы;
Шаукелдің Қасені, Сұқанберді – Малгелді, Шорабай;
Қызылтау:
Әбілда хазірет, Бейімбет, Мұқаш – Күлік, Қызылтау;
Қабылбек, Дабылбек, Аймауыт – Күлік, Қызылтау;
Көбдік, Молдабай, Мақат, Шайман – Күлік, Қызылтау;
... Әбәжан, Ысқақ, Төлеу – Күлік, Қызылтау;
Аккелін, Далба:
Байдалы, Сайдалы ұрпақтары – Қарақозы, Қарақозы;
Иса, Мұстафа, Аққошқар – Қарақозы, Далба;
Нұрмағамбет сопы, Тайшық – Қарақозы, Далба;
Құлбай, Түсілбек – Қарақозы, Далба;
Ебас, Қаби, Баймолда кажы – Қарақозы, Далба;
Салықбай, Есен – Қарақозы, Далба;
Иманның Түсіпбегі – Қосқұлақ, Қойтас;
Қосқара суы:
Үмбді, Исмайыл – Ақшал, Тұлпар;

Қоңкабай, Шөкібай – Тұлпар;
Мәди, Әділқан, Саман, Мурит – Тұлпар;
Шора ұлы Құлжан – Найман, Қызылқойтас;
Әділше ұлы Мәуке – Елмекен Ащы өзені;
Қуанышбай ұлы Мергенбай – Қозған, Аяқшілік;
Ыбырай ұлы Ақмет – Қозған, Орташілік;

Осылар ерте заманда, бергі заманда көзі көрген, өзінде болған.
Естіген едім тірісінде жүрген жерінде әңгімелеген.[153]

Мәшһүр өмірінен

Мәшекеннің дәптеріне түспей қалған өсиеті, өлер шағында 1930 жылы:

Бата десен, ол саған бата болмас,
Құр бата алғанменен көңілің толмас.
«Ал дегенде аласың! – деп ақырды, -
Мәшһүрді сен аяма, жаяу жүрмес».

Өлген қып мен салдырдым қандай жаймен,
«Өлсем пайдам тисін деп», – деген оймен.
Жаяу бол, көлікті бол, жете алмаған,
Паналап аман болсын деген оймен.

Түнесін адасқандар рақаттанып,
Жылынып есін жиып, отын жағып.
«Мәшһүрге түнеп шықтық аман-есен», -
Деген сөз ел аузында сол қалсын деп.

Жеріне карап осы салдырған үйінің басы-аяғына дейін тамам-
дап шықты. Өзінің атарман-шабармандары келген мейманына қой
сойып, тезегін теріп, самаурын қайнатып, қазан басына жүретін Зей-
непке, Шарапиге ауыл әйелдерімен бірге жүретін. Бұлардың ішінде
божысын ұстағандар да бар. Мына адамдар:

Әйтiм Шатаулы ұлы Қаксал.
Бап Шарапи ұлы Күлік немересі.
Шадым Жүсіп ұлы Құдияр.
Қамит Мағзұм ұлы Қарақозы.

Базарқан Ысқақ ұлы Қозған.

Жәни Сабыр ұлы Базыл.

Бұлар Шарапидің баласы, әрі інісі болған, Мәшекеңнің он қолдары және Мәшекеңнің еркелеткен жігіттері болатын.

1930 қой жылы Мәшекең жиылып отырған адамдармен бір әңгімесінде Олжабай мен Сәрсембайға:

– Келіп үйімді қаластың, міне, сол үшін астарына ат мінгізейін деп отырмын, – дейді.

– Жоқ, тақсыр біз сізден ат мінейік деп келгеніміз жоқ, бізге батаңды берсең болады, – деді.

Кішкене үнсіз отырды да:

– Бата өзінше, ат мінгізгім келін отыр, – дейді.

– Сізден ештеңе алмаймыз, батаңыз болады! – дейді.[154]

Мәшһүрдің 1930 жылы кесене салғызуы

Бір күні атамыз орта (орына) тұратын трашбенге арбасына жеккізеді, біз ойладық: «Атам ителгесін Ескелдінің көліне қосын салдырайын деп отыр ма?» – деп ойладық. Жоқ, олай болмады.

Шатаұлы Әйтм, Жүсіпұлы Шәдім, Тапақұлы Базархан, Шарапиұлы Баб, Сабырұлы Жәни, Мағзұмұлы Рахметолла – осы адамдар жиғызып алып, күрек, кепешүт жиып, анау тұрған Жалғызтөбе, бір аты бар – Кіндіктөбе дейтін, сол төбеге барып, арбасынан түсіп, жерге текеметті төсетіп, қазатын жерді көрсетті. Қасында көп ақсақалдар да бар еді. 6 жігіт айтқандай жерді қазды: «Ұзындығы үш жарым кез, көлденең екі жарым кез, биіктігі бір жарым кез» – деп өлшем айтты. Ақыры сол төбеден екі жерден құдық қаздырды, 8-9 метрден су шамалы шықты. Бір құдық жоғарғы жер, бір құдық төбе ... етегі, әлі орны бар.

Ақыры Исабектің көзек қорасынан құдық қаздырып, саздан бұлақ болып, сол жерден кірпіш қойдырды. Бір шақырым жер шамасы. Содан Акирек, Талпақ (Қалпақ) жақтан Талас елінен екі қалаушы келді Мәшекеңнің шақыртуы бойынша. Әкесінің атын ұмытып қалдым. Бірінің аты – Олжабек, бірінің аты – Сәрсембай деген кісі, бұлар бұрын байлардың үй-қорасын салып жүрген қалаушы адамдар екен.

Содан ел болып, бір айдың ішінде салыпты. Біреу төбе матке шаршын әкелсе, енді біреуі ... істеп әкелсе, енді біреуі тоспа, тұтқа істеп әкелсе, енді біреуі тақтайын қалап әкелді: «... байғазысы», – деп. «Ойыңыз қайырлы болсын. Өлген салдырып жатырсыз ғой», – дейді. «Өлсен күдік кең болсын» деген. Шаршап келеді. Біреу күлкі жүре алмай келеді. Тамақтарын істеп паналасын деп салдырдым. ... дегендер болса: «Мәшекеннен түнеп» – деп, айтса болады. Тек: «Мәшһүрге құдай рахмат айласын» – деп үш айтса, сол маған жетіп жатқан жоқ па!» – дейді. Үш Олжабек пен Сәрсембайға Шарапиді шақыртып:

– Манатында не мал бар, екеуіне ат мінгіз! – дейді.

– Құла дөнен және көк дөнен бар, – дейді.

Олжабек пен Сәрсембай:

– Жоқ, моллеке, сенен ештеңе алмаймыз, тек батанызды беріңіз! – дейді.

Мәшекең ашуланып:

– Е, мені кедей болады дейсің бе?! Ал дегенде ал! Бата, құр бата болмайды, еңбегің бар маған! – дейді.

– Жоқ, моллеке, батанызбен көгереміз, – дейді.

Содан Мәшекең біраз ойланып отырып:

– Ал, ендеше, – [деп] қолын жайып, бата береді де, екеуіне ақша береді: «Балаларына бірдеңе алып бересін», – деп, 50 сомнан 100 сом.

Сәрсембай:

– Әне бір кішкене кара тазыңызды сұрауға бата алмай отырмын. Аңсақ адам едім, Акирек тауында отырған адаммын ғой. Тазыңызды қызығып отырмын. Рұқсат болса?! – дейді. – Ақшанызды алмаймын, – дейді.

– Жоқ, ақшаны ал, тазымды тағы ал! Мәшһүрден құр қайттық деген аты жаман, – деп тазысын да береді.

Екеуі риза болды Мәшекеге.[155]

Мәшһүр мұралары

Мәшекең өтерінде әдеби мұрасы, өзіне тән шаруашылық мұрасы, киім-кешегі, төсек орны, кигіз үйі, пар аты, жез ауыз қорапты арбасы, сары темір жегім сайманы [болды]. Бұл кісі ертеде 1912 жылы бүркіт ұстаған, Сарбак деген тазы ұстаған. Адам бір сәт саяхашы деуге де

болады. Соңғы қартайған шағында ителгі құсы, кара ала тазысы болды. 1931 жылға дейін бұларды қадағалап ұстап отырды. Осы аталғандар бәрі Шарапи баласына қалдырды десек өтірік болмас демекбіз. Осы жазылған Мәшекең тарихы, әдеби мұрасы, баска да халық жазушысы, ақын (Дикан Әбіловтың) 1992 жылғы декабрьде “Жұлдыз” журналында жазылған болатын (№12. 1992 жыл...). [156]

Төлеубай естелігі

1922 жылдан бастап 1931 жылға шейін дүниеден өтерінде шәйнегін алып, соңында жүрген немересі мен едім. 1917 жылы туған, жасым биыл 79-дамын. Әрине, қазір кімде-кім ата-баба, әжелер мен аналарын зерттеп, ұрпақтары айтып жатқанын көрудеміз, жақсылығын айтып, не бір көргенін айтып біз де осылардың біріміз. Мәшекең атамыздың тарихы бұл кісіні жадағай тілмен айтып, жалтара сөйлеу көзі көрмегендер айтушылар кімге қажет.

Қорыта айтарымыз, Жоғарғы Академия кайраткері Мәшһүр Жүсіп тарихын жолда әділетті құптаса демекпіз. Токсан ауыз жел сөзден көрі тобықтай жалғыз сөз не болмаса бір құдық өтірік өлең айтып, алғыс хатым депті ғой. ... Мәшһүр Жүсіп тарихы бұрмаланбаса екен, не болмаса бұл кісіні көзі көрген біздерге жол берсе дұрыс болар еді көрген-білгенімізді айтуға.

Ұялып атасынан бетін басып,
Көрінсе атамнан кетер кашып.
Жүрген ізін баспайды атасының,
Қорқады беттей алмай теріс қарап.

Ішсін деп есі шығып кара саба,
Қасында сар тегене тұрар жана.
Сырлы аяқты әкеліп қойғаннан соң,
Ақ Зейнеп кымыз беріп атамның қонағына.

Ертеде естуші едік көр тышқанды,
Сол тышқан адам көрін болмай тесті.
Сол тышқандар бұл күнде күзен екен,
Осыдан сактаушы еді аруақтарды.

Сол тышқан осы күнде адам болды,
Жүреді ел аралап жапан түзде.
Мәшһүрге бос топырақ төгіп үстіне,
Сатпай ма топыракты алдап елді.

Аталып Мәшекеңнің өткен жылы,
Мәшекеңнің келіп жетті бұл
Бес облыс, он аудан асын берді,
Бұл халық кереметтей көп біледі.

Мың тоғыз алпыс екінші жыл шот ашқан,
Үкімет Қаз ... арнап ашқан.
Жігіттер, ұмытпандар Мәшекеңді,
Бұл істі газет бетіне сызып басқан.

Музейде тасы жатты бостан-босқа,
Тасы ... босы жатты шықпай
Орекең алып барды екі шабадан,
... халық болып осы аста.

Осындай кос шабадан жатыр ...,
Шабадан ауыр болды теңге басып.
Төрт әйел ... үстінде о да ...
Жалаңаш киімсіз боп дене ашық.

Мыжырайған кең қоныш мәсі ...,
Бос қалмай бұда ілігіп тасы
Бес-он мың кесек теңге ...,
Нүрекеңнің кеңірдектен тіреп

Жиырма-отыз кара қойлар келді негіз,
Құйрығы былқылдаған бәрі семіз.
Мәшекене арық қойды кім әкеледі,
Аңқау ел, қабыл болсын тілегіңіз![157]

Мәшһүрдің ел аузында қалған сөзі

Мәшһүрдің ел аузында қалған сөзі,
Бұл сөзін халық білген айтқан өзі.
– Өлсең көрің кең болсын, – деп айтқаны,
Жетпіс үш дәл жасына келген кезі.

Басына Жалғызтөбе үй салдырып,
Жиғызып жігіттерге жер қаздырып.
Өлетін шағын білген Мәшһүр Жүсін,
Ойлаған өлер шағын жер қаздырып.

Қаластан екі адамды ол алдырып,
Естіген сырттай бұны қалаушы деп.
Олжабай мен Сәрсембай келді екеуі:
– Тірісінде Мәшһүрден бата алам, – деп.

Үй бітіп, риза болды Мәшһүр ата,
Көзінше біткен ісі болмай қата.
Ат берді, ақша берді ақысына,
Олжабай: «Алмаймыз», – деп сұрап бата.

-Ал, – деді, – ей, Олжабай батам менен,
Үйімді әдейі келіп салып бердің!
Мәшһүрден бір ат мінбей қайтпайсыңдар,
Қожа-молла мен емес жаяу жүрген!

Жеті жаста деп сұра болдың қайда,
Дүние жастан келген жоқ бізге майда.
Төрт ауыл Қалипа құрған Қызылтауда,
Орманшы қожа-сопы деген жайда.

Туғаннан тудық сонда көңіл ұстай,
Адасқан бау-бақшадан бұлбұл құстай.
Қалипаның Бибісінен сабақ алып,
Өткіздік өмір сонда ала қыстай.

Болдым деп тірі жетім кім ойлаған,
Бізді үйге ата-анамыз бір қоймаған.

Жерден майда, біз жұмсақ сол бір күнде,
Балалар үстімізде доп ойнаған.

Шар кітап алты жаста ұстағаным.
Сол күнде өлең жатқа алып құстағаным.
Екі жыл Баян, бір жыл Қызылтауда,
Үш жылдай түнеп жүзге қыстағаным.

Үйреніп бала жастан білдім тілді,
Сабадым Шар кітапты мен жатқа енді.
Үш жастан соң орнығып тұра алмадым,
Туған жер мен ағайын бауыр елді.

Қой жылы бала екенмін жерге түскен,
Кіндігім Қызылтауда Токтық кескен.
Тауықта жұтап калып малдан таза,
Жаз шығып Баянаула таға көшкен.

Іс келмейді алдыма толық аяқ,
Бестен алты-жетіде жүрдім саяқ.
Қайда басы құралған балалардан,
Тойып жүрдім жеуменен күнде таяқ.

Бейнет беру жағына Құдай мырза,
Құдай өзі берген соң не тек негіз.
Ойнағаны қылады ақ ... басы,
Шындағаны шынғырған даусы риза.

Алды-артымда серік жоқ, жалғыз өстім,
Бес жаста ... тұтқын түстім.
Жаға – кір, бит атаулы бізде ғана-ақ,
Жең дал-дал, түте-түте болып үсті.

Бір үш жыл ұдайымен солай өтті,
Өлмей тірі жүрумен сегіз жетті.
Қүдіреті Құдайымның еріксіз айдап,
Келтірді Баянтауға хазіретті.

Атамыз: «Үй салам!» – деп талап етті,
«Бала үшін күзетем!» – деп бір мешітті.

Тауық жылы салам деп бастаған үй,
Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл өтті.

Қыстады мешіт түбін салған үйін,
Көңілінде бізді оқыту болып түйін.
Молла бибі Доржанбай, Қалипа, Салпе,
Олардың біз тауыстық гүй-гүй күйін.

Мендей оқыған жоқ басқа бала,
Арап-парсы өлең деп жаттап және.
Самарадай қақсағаным бар жазығым,
Үш жылдай жер аударды ата-ана.

Бір жерде жем бар десе оқу атты,
Жалмажан дайындайды әкем атты.
– Жетімеш үйде отырсын! – деп айтпайды,
Шешем қандай мінезі тастан қатты.

Көз жасым, Құдай, менің егін емес,
Жастан маған жақсы орын тиген емес.
Бір жыл жатып бір жерден келсем үйге,
Шешем искеп, бетімнен сүйген емес.

Жастан болып көргем жоқ құнды-пұлды,
Бала біткен бәрі де менен оңды.
Талай елдің баласы тулақ қылған,
Қыс болса үстімдегі қатқан тонды.

Ауыз ашықтар аямай көп сабайды,
Пейіліме өзімнің деп сабайды.
– Сен сабақты аласың жылдам-жылдам,
Бізге молла ұрсады! – деп сабайды.

Жазығым сол зеректен жеген емен,
Несие жасымнан деген емен.
Сабақ білмей, болмас ойын ойнап,
Мен табақты молладан жеген емен.

Тұрмай ма Баянтауда хазірет енді,
Мерген Жақып үйіне бекерге енді.

Күйгейді тауыстым ғой деп тозғанда,
Өмірге таусылмайтын дүй-дүй келді.

Елудің тоғызынан келген жасы,
Он тоғызда жалғыз ол бар баласы.
Бір қыз бар тоғыз жасар Бибісінен,
Төрт-ақ жан бір үйлі боп болған басы.

Қалаға Баянаула бүгін келді,
Апарып ертеңіне мені берді.
Менен басқа оқыған бір бала жоқ,
Жәрдеммен әке мен шешеге енді.

Ғылымды он екі жан өзі білді,
Кісі еді сөзге ұста, шешен тілді.
Айтқанын доптай қағып түсірмеймін,
Алдына дәл өзімдей бала келді.

Еңбегін жандыруға Құдай берді,
Көрсен де көре алмаған талай жерді.
Сөзі жерде қалмасын білгеннен соң,
Үйретін күн-түн демей төгіп енді.

Баласын серік қылып бізге косты,
Берген соң Құдай қолға қыран құсты.
Қол болды Ишан баласы Фазыл, Мағзұм,
Өткіздік осы үшеуіміз бір жыл қыста.

Көз – көңіл, қолын жастан нұрға қойған,
Таусылмас көл-теңіз ғой Құдай қойған.
Хазіреттен сабақ алып оқысын деп,
Күттіріп [Мұса мырза] бір қыс қойған.

Сойдырып ту бие мен семіз тайды,
Үйдіріп жан-жағынан кант пен шайды.
«Алдынан тіке тұрып күтіп тұр», – деп,
Сатылған жалдап берген Баянайды.

Жарасып екі Мағзұм қатар жүрген,
Сауықпен ойнап дәурен сүрген.

Біз жүрдік екеуінің ортасында,
Әйтіндей асқат қанат соңына ерген.

Не керек, енді бізге ұйқы – тамақ,
Ет жеусіз төрі менен қалды табак.
Үш-ақ жанбыз ең алғаш келген жылы,
Хазіреттен алақтай алған сабак.

Сол қыста көзі ауырып, хазірет жатты,
Қиналып, өз жанына жаман батты.
Немене бидан деген сөз боларға,
Жатқа айтып, жүндей түбеп, сартылдатты.

Жазады үйренгеннен Мәшһүр хатты,
Өлеңді жүре берді соғып жатқа.
– Бір бала іштен қақай туыпты, – деп,
Ілінді жұрт ауызынан сол күнде атқа.[158]

Құран туралы

Иман келтір, әуелі – Алла бір деп,
Мұхаммед – хақ Расул пайғамбар деп.
«Дін үйрет!» – деп жіберген елші осы,
«Құлдарымды Хақ жолына көндірсін!» – деп.

Осы себепті Алла пайғамбарымызға Құран – бұйрық кітап түсірген. Құранның мағынасы – Бұйрық. Сүренің мағынасы – Насихат. Аяттың мағынасы – Ақыл, кеңес.

Бұйырғанын насихатта, ақыл кеңесінді айт, дінге кіргіз деген. Бірақ кейінгі молдалар керісінше дінді халыққа насихаттаудың орнына, осы ақша табу кәсібіне айналдырып, қараңғы түсінбеген халықты мәнгүрт санап, аңқауды алдап, кедейді қанаған. Бұл үшін Мәшһүр Жүсіптің айтқаны:

Сықырын он қашырға шайтан артқан,
Мұның бәрін қожа-молда сатып алған.
Кедейді қанап, аңқауды алдап,
Шайтанның сықырымен пайда тапқан.

Іздесең сауап молдалар,
Құран оқы молаға.
Қасына түне демейді,
Келіндер қайтып қонаға.
Өлім барды шашады,
Жоктың артын ашады.
Қосылып сендер тонама,
Жылап-сықтап жатқанға.

Олжадан ойың барларын,
Қаран өшсін жолама.
Құран оқып күңіреніп,
Сары уайымға саласың.

Берсе қағып аласың,
Соларың дұрыс бола ма?!
Тәңір алдына барғанда,
Шариғат, төрт иман тұрар жері,
Түгендеуге келмейді ердің ері.
Кәләм-Шәриф жолын тұтпағандар,
Болады деп айтады малғұн пері.[159]

Алла сөзі періштелерге

Бір теңге берген гәріпке құдай үшін,
Сөзін жылы-шырайлы ғып оған жүзін.
Құдайым періштелерге айтады екен,
Көрдің ғой қылған қайыр менің үшін.

Беріпті мені ойға алып, малын киып,
Сайтанның тілін алмай, нәпсі тиып.
Берем деп бір теңгеге сатып алды,
Иманның жеті шартын бірдей жиып.

Жарайды, міне, пендем пәле ерім,
Жарлықар ілгері күн оңдар жерім.
Өзімнің анық пендем екеніне,
Мінеки, мен құдайлық басым мөрін.

Бұл пендем жақсылықты ойлаған ғой,
Сол көрер көп ішінде айт пенен той.
Қойған соң, мен қолымды не қыласың.
Періште сендер дағы қолыңды қой, – деп.

Сол бетте жәннатқа жібереді. Зұлман, Әнкүр-Мәнкүрдің тергеуіңіз, міне осы ғамалдардың орындалуының жақсылығы.

Кейде аруақ қолдай гөр дейміз, сол аруақ қайда, кім біледі? Жағдайы осылай, әулие заиттың жағдайы анадай. Әулие емес, кеудесінен жаны шығып кеткен пенденің дәлелсіз жағдайы не болмақ? «Өлі байымай, тірі байымайды» деген, әлде аруақтар ырза болмай, елдің берекесінің төмендеуінде ме?

Келер заман адамы көп білем деп дана болады,
Надандығы халыққа мәлім болар.
Шариғатпен, хадиспен жұмысы жоқ,
Құранды қате оқып, күнә болар.
Оқыған ғұламалар таусылған соң,
Ақыры сол наданды молда қылар.

Өзіңнен туған бел балаң
Судагердей сарт болар.
Бірге туған жақының,
Алаштан бетер жат болар.
Сыйынған пірің – молда саудагер,

Бір құдайға шет болар, – деп. Мәшһүр атамыз айтқанындай, Аллаға шет қып қазіргі діндарларымыз шариғат қағидасын орындамай, сол қарушылықта сияқты. Бір кезде Құранды да сатты емес пе, ал Құран құдай үшін ақша алу мәңгі тоқталатын түрі жоқ. Сондықтан, мұнафиқтар көбеймесе, азаятын сияқты емес.
[160]

Ел аузынан

Бір жылы бір топ қожа: «Мәшекеңе сәлем береміз!» – деп түсе қалады. Мәшекең алыстан келе жатқан қонақтарды қарсы алады. Қожаларда ішінде сөз зергері, қадірлі адам екеніне жақсы түсініп, әңгімелесіп кенеледі. Сол кезде ел арасынан тағы бір топ адам сау етіп түседі. Бұлардың ішінде Машрап ұста да бар, Әмір ағаң бар, тағы-тағылар. Таңертең ерте тұрған Мәшекең және қонақтар, осы кезде Шарапи Мәшекеңе сәлем беріп шығатын әдеті екен қолын ұстап. Осыны сезіп қалған бір қожа:

– Таксыр, балаңызда таяғыңызды ұстайтын бар ма? – деп сұрап қалады.

– Ой, Аллаһ, сақтай көр! – деп, – айтайын, – деп былай жауап береді:

– Бір балам бар өзіме жете туған, ол – Шарапиден, үлкен балам, – депті. Бір балам бар өзімнен аса туған, ол – Әмен, Ташкентте қайтыс болды. Бір балам бар көтінен кейін туған, ол – Фазыл, кіші балам, – деген екен.

Қожалар сұрағанына кешірім сұрапты.[161]

Қаракесек Нүкі мырзаға айтқаны

– Өзіңіз әйгілі молла Мәшеке! – депті әзілдеп Мәшекеңе күліп:
– Насыбай атасыз екен. Күнә болмай ма?! – депті Мәшекеңе. Сонда былай деген екен:

Қуш – атта, ақыл – баста, сөз – малдыда.

Болмайды ар – жарлы адамда.

Ораза, намаз ұстасы тамам болып,

Жалғыз-ақ насыбайға сөз қалды ма?! – деген екен.[162]

Мәшһүр Жүсіп (1914 жыл)

Ел аузынан

Бір адам Троицкіден оқып, молла болып шығады. Бір күні:

– Мәшһүр Жүсіп деген кім, мұнша ел құрметтейді, түн болып сөйлессінші?! – дейді.

Сол адам бір сапарында Қуандық-Оралтай елінде бір ауылда кездесіп, Мәшекеңе:

– Әссәләму гәләйкум Мәшһүр! – дейді.

– Уағәләйкумус сәләм, балам! Іздеген адамың болса жоғарылат, – дейді. Амандық үстінде Мәшһүр:

– Кім боласың, балам жөніңді айт?!

– Айдабол ішінде Қаржау, Күшік боламыз, – дейді.

– Ой, Аллаһ, сақтай көр, бір атадан екі ат болады екен?! Айдабол ішінде Қаржау десең, соған түсінбейміз бе? Күшігің не, ата-бабанды күшікке апарып?! – дейді.

Троицкіден оқып шыққан молла қамшысын алып, артына қарамай:

– Сөзіңізден ұтылдым. Мәшһүр тілге бай адам екен. Сонда бір ата жөнінен сөзден ұтылдым, – деп, шынын елге айтып аталы сөзге тоқтаған екен.[163]

Жанбай ұлы Айдарбек құдың намазы

– Сен мойынды, жылқының басын да, жүрегін де жек көруші едім, – депті.

Сонда Айдарбек қу:

– Атымды байладым, шаққа жүрегімді бердім, Хаққа жамағат та бір-бір менде бір Аллаһ әкбәр ақу...ы сен үшін бір бас Мұқамбет, байға үшін бір бас, жамиғат намазы үшін, бір бай орым үшін бір бас, төрт бас ниет қылдым Аллаһ әкбәр, – депті.

– Қу болсаң Айдарбектей бол! – деп қарқ-қарқ күліпті Мәшһүр-Жүсіп, – бұның да намазы тегін емес! [164]

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Ел аузынан

1916 жылы Тілеу молла Мәшекене:

– Мына заман не болар екен? – деп сұрапты. Сонда Мәшекен бір парак қағаз жазып беріпті. Ол кісі кітабының арасына тығып тастаған екен. Өзі ауқатты адам болған көрінеді. Сонда:

– Маған Мәшекен бір парак қағаз беріп еді, оқиыншы көріп, – депті. Оқыса былай жазған екен:

Айтсам мен, жиған малың – жанның қасы,
Не көмек бердің кедей атаң басы.
Байлардың көз алдынан жиған мүлкі,
Кем-кетік, нашарлардың сыбағасы.

Кемшілік келер жерде бар мен жоқтық,
Бір күн аш, қанағат қыл, бір күн тоққа.
Тепкенде темір үзер сабаздарым,
Бір күні кез боларсың атқан окқа.

Жұт сокпай, байдың малын жел айдаған,
Еріксіз екі қолын кем байлаған.
Үкіметім ... көрініп тұр,
Ар жағында біреу тұр ғой ағайлаған.[165]

Төлеубайдың «Естелік» өлеңінің жалғасы

Жарандар, сөз бастайын еске алып,
Өткен сол бір кезді ойға алып.
Әңгіме Мәшһүр ата бола қалмақ,
Жарандар, тыңдар болса құлақ салып.

Бәйбішесі қайтқан еді он бесінші жыл,
Алланың тағдыры ғой жазулы бұл.
Қолында Шарапидің отырып қалды,
Жиырма жыл баласына жазулы бұл.

Мың сегіз жүз елу тоғыз – туған жылы,
Туыпты Қызылтауда, дәл қой жылы.

Мың тоғыз жиырма екінші жылы алпыс үште,
Кәрілік келгендей боп осы жылы.

Атамның түсі суық, көзқарас та,
Түсінен байқар болар шара[й]на.
Егер де бір жыланды көре қалсаң,
Ұқсас боп денең мұздап ызғарынан.

Ешбір жан жетіп барып тілдесе алмас,
Көз қырын бір тастағаннан көзін салмас.
Сабырлы, терең ойда отырғанда,
Түрінен байқап жандар сөз ала алмас.

Отырады кең төр үйде бес қойында,
Өңшең қағаз жазып күнде-күнде.
Ермегі – кітап, қағаз үстел үсті,
Мезгіл-мезгіл қағаз жазып ылғи күнде.

Төрт сирақ шөрке қойған үстелі бар,
Үстінде қағаз, кітап бәрі тұрар.
Қауырсын қалам, сия әкеп қоям үстеліне,
Атамыз осыларға болған құмар.

Дәретке жиі отыруға әдеттенген,
Дәреті, қуығы тар, симай кеткен.
Шанакер биттей ғана отырады,
Далаға оны апарып мен төгемін.

Төсегін атам маған салғызады,
Үстелге өз лампысын алдырады.
Сіріңкесін лампысының қасына қойып,
Тұрғанда түн дәретке жакқызады.

Мен жатам үлкен төр үй ортасында,
Жең жастық, етек төсек – көрпе басы.
– Әй, жаным түрегел! – деп оятады,
Атанды түзге отырғызбай жатасың ба?!

Арқасын қасытады жатар кезде,
Менен басқа ешбір жан келмес өзге.

Түсі суық – коркады атамыздан,
Бізғары ок жыландай түсіп көзге.

Атам маған ат қойды: – Әй, жаным, – деп,
– Әй, жаным, ананы әкел! – күледі-ей кеп.
Атаңды дорбасын ұстап ат қалдырдың,
Алаңғасар Тілеуімбеттей сен болдың! – деп.

Бес жастан он төрт жаста келгенімше,
Қолқанат болдым ата өлгенімше.
Отырады күні-түні төсегінде,
Атама қызмет еттім күш келгенше.

Далаға алып шығар мен төсегін,
Қағамын жаймасында бұл төсегін.
Ол күнде бүрге деген қисапсыз көп,
Төсегін аршып күнде тазартамын.

Сүйеулі өзі дөкей жез ілеген,
Қолына шәйнекпенен су құямын.
Жұмсайды күнделікті анда-мұнда,
Болған соң немересі мен бұ жал.[166]

Өсиет

1931 жылы 73 жасында өлерде өсиетінде: «Мен өлгенде үші, жетісі, қыркы деген басыма мал шығар[ып] әуре болма, орта тор атымды сой да, келген қонағыма асып бер. Әдеби мұраларым мен киім төсегім де өзінде болсын. Ат сайманым (саймандарымды), бүркітімнің томағасы, насыбайымды, кітаптарымды басыма қой», – деген.

Өзінің құрбысы Машрап, Имамбай ұста, Бәти, Абай, Баязит досы, Исағамбеттің Жүнісі, Жәми тағы басқа да адамдар көзінше айтылғанын ел аузынан байқаймыз. Әбжанұлы Құдыш (Қодыш) қария шешеннің айтуынан естіген көрінеді. Қазақ СССР-нің еңбек сіңірген әртісі – Тоғандықов Жабай да осылай деп айтылғанын естіген болатын, бір баласы Шарапи де осыны бір ер адамға айтып отырғанын естігендер де бар Жүсіп Қасенғали. Қорыта

айтқанда Мәшһүрдің толып жатқан істері ел аузында сақталып қалған. Әдеби мұраларын 1934 жылы Шанин Жұматтын басқаруы бойынша Қазақстан өнер-шебер әдебиет, әнші, биші, күйші съезінде Шарапиден[ге] Адамов Қасым келіп, Алматыға алып кетіп, Қазақ СССР-нің Академиясына түп мұраларын тапсырып келген. Қазір 4 том кітабы, әдеби мұралары Академияда сақтаулы.

Сақталып қалған заттары, қазірде әдеби мұралары мен заттары бар: ер-тоқым, қоржын, шәйнек, ботнас, әбдіре, пышағының қыны, бабаларының қылышы, айнасы, легені, шанагері, жәшік, үстелі, бірер қолжазба кітаптары, тоқымы, кесесі, саршұға кестелі шалбары.

Мен сендерге мынаны айтайын, ел аңызы болған ертеде бір жаугерші заманда кедей-нашарлар ішерге тамағы, киерге киімі болмай, үрерге иті болмай, малданар ұлағы болмай Ақтабан шұбырынды атанып, сол нашар пақырлар көрші бір елге келіп сіңіп, өз алдына мал малданып, жан жанданып үлкен ел болған деседі. Сол сияқты аздап қой өлсе, ел бола алмайсыңдар ма? Ажал келсе, адам да өледі. Мал тез жетіледі. Шығынның берекесі болмақ, кірістің ырысы болмақ. Азар болса жалғыз үйлі Күлік, жүрген жері бүлік деп мені айтарсыңдар? Сонда ақсақалдар: «Малы тусын!» – деп, қарқ-қарқ күліп, бәрі риза болып естері шығады. Бұл оқиға ұзын елдің арасына тарап, ел аузында қалады. «Мәшекеннің ойдан тапқан күлдіргі ертегісі» деп ел аузында әңгіме болып қалады.[167]

Төлеубай естелігі

Қазір Мәшһүр Жүсіп деп жатырмыз, осы Мәшһүр Жүсіп жөнінде халық арасынан кейбір адамдарымыздан аз да болса сауалдар айтылады. «Біз бала кезімізде әке-шешелеріміз Мәшһүр молладан батасын алып едік. Балаларымыздың атын қойып еді, лепесі қабыл еді», – дейді. «Ел аузы – елу» ғой, атамызды көрген де бар, көрмеген де бар. Бірақ сөзімізге нана қояр мекен. Айталық көрмегенді көргендей айтып, білмегенді білгендей айтып, желөкпелікке салынар әдетіміз де бар шығар дейміз. Бірақ, ақиқатқа тоқтар дейміз. Мен Мәшекене жармасып отырғаным жоқ, бұл кісі – халық Мәшһүрі. Халқы атын қойып берді Мұса мырза бас болып және өлеңінде бар атымды халқым қойды деген.

«Мен де оқырман қауымымыздың қатарында оқырман адаммын. Кәсібім газет, журналдарымызды оқып мәз боламыз. Бұлар болмаса қалай өмір сүреміз. Бірақ қолға қалам ұстамаған адамбыз, алайда биыл баспасөзге жазылуда бір шаңырақта, бір дастарханда отырып бала-шағамызбен 500 сомнан асыра бағасы жоғары болса жазылып отырмын. Бұл өзімнің ақсақалдық борышым. Біз бұл кісіні көргеніміз жоқ, жас болдық, сөзге құлақ аспадық. Өмір тарихын ақын-жазушылардың кітабынан, баспасөз бетінен оқып едік», – дейді. «Дегенмен қартайған шағында бұл кісі нендей бір мысалдар жазбады ма екен? Өйткені ойшыл қаламгер адам ғой деп ойлаймыз. Және қандай адамдармен қарым-қатынаста болды екен. Өтер шағында қай баласында болды, қай баласынан аттанды», – дейді. «Және тірісінде өз зиратын салдырыпты, не себеппен бұзылды. Өсиеті болды ма? Төлеубай аға, сізді сырттай жақсы білеміз, осы жайында не айтар едіңіз?!» – дейді.

Әрине, тоқсан ауыз сөзді шұбыртқаннан көрі тобықтай бір ауыз дуасын айтсақ дейміз, жаңа заманымыз осыны айтады. Қазір жаңа өмірге көштік. Құдайға шүкір, ата-бабаларымыз болсын, кәдірмендеріміз болсын, тарихымыз болсын, даналығыңыз болсын, дәстүр – ақиқат шындығымыз, ақиқат бірлігіміз, еліміз болып, ортаға салып, көкейкесті ойларын айтып, қуаныш жасауда. Бұған да шүкірлік.

Мәшекең ата жөнінде айтарымыз – 1910 жыл үлкен баласы Шарапи әкеміз, үлкен келіні Ақзейнеп тұрмыс құрып, шаңырақ көтеріпті. Бұл Мәшеке атамыздың ең бірінші қуанышы екен. 1915 жыл атамыздың бәйбішесі Шегебай қажының қызы әжеміз дүние салыпты. Содан атамыз бәйбішеленбей әкеміз Шарापидің қолында болып, 1931 жыл осы баласының қолынан ана дүниеге аттанады. Бүкіл халық болып аза тұтты. Осы азал күні Шәкең сере шыққан қысыр, түйедей кара көк биесін әкесінің қонағасына сойып, ақырғы дастарқанын той қып өткізді. Бұған дәлел Шәкең сөзі молла айтқан: «Жетпіс үшке келгенше балталасаң да өлмеймін, жетпіс үштен әрі қарай алтын үйге салып асырасаң да бармаймын деп еді», – деп, жылаған халқына осысын айтқан еді. «Бұл мал моллаға бұйырған мал, олар жылына қысыр болған», – дейді. Бұл атамыздың тарихи сапары деп айта аламыз. 19 ноябрь 1931 жыл.

Зират салдыру жайында аз да болса оқығанымыз өз аузынан. Бас қосып отырған кісілерінің арасында, сөз арасында былай деген: «Жақсының аттан құлағаны да жақсы деген. Тумау бар да, өлмек бар. Мәшһүрге бір төбенің басы бұйырмас па, бір белгім болсын Мәшһүр жатыр деген», – деді. Осы сөзін естіген ақсақалдар тандайларын тарс-тарс тақылдатып, бастарын шайқап, көздерінен жасын шығарып:

– Ой, әулиеміз-ай, ой жарығымыз-ай! – деп, – содан аمانымызда сол салдырған үйіне барып жатсақ деп отырамыз, – деді. – Құдай каласа, – деді, – жақсының аттан құлағаны да жақсы, – деді.

Сөйтсе, мынадай ой бар екен мазарын салдырып жатқанда Құсайынның Мәлігінің ұзын бірнеше бөлмелі саршықан алдыртты. Бұны бар түйеге трашпенке арбасын жегіп, Мәліктің үлкен баласы Қалтай әкелді. Бұл ... мазары біткен соң, оңтүстік шығыс төр үйінің бұрышынан өзі жататын төр үйдің түгел полдатқан төр үйіне орнатқызды. Бұл жөнінде аузынан шыққан өсиеті: «Мына заттарын қойыңдар! – деді.

Бұл кісі аңшы болмаған кісі. Бүркіт және итқұмар кісі болды. 14-15 жылдарда Омардың Шайманы Сарбауыр балапан бүркіттің баласын сыйлаған екен. Сол бүркіттің балақ-балақ бауы, томағасы және 1927 жылы қаз, үйрек, қоян алатын ителгі құсы болды, қарала тазысы болды. Осы ителгісінің балақ бауы және томағасын осыларды шокпар өкшін, пар атының жегім саймандарын, сарт тоқымын, насыбай, самаурынын аталған заттарды қоясыңдар деді. Белгі болсын, осыларын ойлаған екен.

Екінші бір сөзінде былай деді: «Біреу жаяу шаршап келеді. Біреу көлігі жүре алмай келеді. Біреу адасып келеді. Маған қонып паналап аман аттанып: «Мәшһүрден шықтық», – деп, үш қайтара: «Мәшһүрге Құдай рахмет ойласын!» – десе сол жетеді Құран оқымай-ақ, – деді.

Аузынан шыққан өсиет пен белгілері түгел шайқайта құйылды. Бірақ 1932 жыл «балапан басына тұрымтай туса» дегендей толық тұрған халық басындағы заттарын көрді ме, жоқ суық қол болды ма, алып кетіпті. Атамызбен бірге бір ауыл болып отырған көршілері ... Әбілғазышжан, Шарапи, Пазыл, Мағзұм, Бап осы аталған үйлерді май айында 18 шақырым орталыққа көшірді. Содан ессіз болып атамыз Ескелді жерінде өзі қалды.

Бұл кісі қалай тіршілік жасады делік? Бұл кісі өз тіршілігінде жалғанға мойын бұрмаған адам. Бірыңғай әдеби мұрасымен өзінің мына заттарын пар аты, трашпенкесі, төсек-орны, киім-кешегі, төрт қанат қоныр кигіз үй, әдеби жазба мұраларын, өзінің күнделікті үй жиһазы, басқа да заттарын екі шабадан, екі сөмке, қонақ-меймандарын күтіп, аттандырып қас-қабағына қараған Шарапи баласына қалдырды. Жалғыз-ақ мынаны айтты: «Орта тор атымды сой да, келген қонағына жұмса!» – деді.

Әдеби мұрасы. Өзімен бірге жасасқан әдеби мұрасы әкесі көзінің қарашығындай сақтап, ашаршылық жылдарында сақтаған. 1934 жыл Қазақстанда өнер-шеберлердің екінші сәулеті болды. Әнші, күйшілер, зергерлер, жыраулар, шежіре тарихты зерттеулер осы орайда осыларды жер-жерден Семейге жинап басқарушы Жұмат Шанин деген басқарып, арнаулы машинамен Қадам ұлы Қасым деген белді қызметкерін жіберіп, әкемізді атамыздың барлық жинаған сөз мұраларын алдырып, әкемізді Семейге алып кетті. 1934 жыл мамыр айында Жаңажол колхозынан содан бүкіл жиналғандармен Семейден Алматыға барып, Мәшһүр шежіресі де қазақ СССР Академиясына қабылданады қазақ халқының тарихы деп. Бұған қатысқанда адамдар мыналар еді: өз баласы Шарапи, Шанин Жұмат, Дикан Әбіл баласы, Шөкі баласы Шапық, Бапық баласы Әшімдер қатысып, әкеміз бір ай Алматыда болып, ... жазылған қолжазбаларын ... Академия адамдарына көмек жасайды. Әкеміз парсы тіліне жетік болатын. Парсы тілімен жазылған мың бір түн кітаптарын переводтап, қазақана тілімен түсіндіретін қабілеті бар болатын. Атамыздың әкесінде «өзіме жете туған» деген баласына осыдан алынған. Содан Академия академигі Сәбит Мұқан, Мұхтар Әуезов басшылық жасап, әкемізді өзіне қабылдап: «Сіз мына Мәшекеннің әдеби мұрасын сақтаған екенсіз, сізге рахмет. Енді сіз бізге корреспондент есебінде, әсіресе парсы тілінен бізге керексіз. Бізде парсы тілін білетін жоқ. Содан сізге қолыңызға мандат беріледі. Ел арасынан Мәшекен сөзі болсын, басқа да әңгіме сөздер болсын бізге Академияға жазып жіберіп отырсыз», – дейді. Әкемізге қаншама Академия қорынан ақша босатады осындай еңбегіңіз үшін деп, Жұмат болса: «Аға, атамыздың сөзі бос қалмайды. Кәсібіңіз осы болсын», – дейді. Әкеміз әкесінің жинақ әдеби жазба мұраларын аман тапсырып келгенше өте қатты қуанып

келді: «Таршылық жылдар, айырылып қалам ба?! – деп, – қайтетін едім?!» – деп.

Атамыздың жинақ мұрасы қазірге дейін аталып келді. Мақтанған емес, әкеміздің арқасы деуге болады қатысқан адамдармен. Осындай қыруар тарихты сақтап, мемлекет қорына тапсырған әкемізді қазіргі кейбір қаламгерлеріміз Шарапиді «колхозшы» деп фамилиясын ғана жазады. Түпкі негізіне түсінбей, ақиқатына бармай, қалам ұшы оңға да, солға да көне береді. Бірақ шындық керек қой! Тарихымыз тәуір бұрмаланып, шындығымыз тәуір шұбарланып келді ғой.

1922-1931 жыл бір сәт шындыққа жүгінер болсақ, мен 1917 жылы «ақтар қашты, қызыл куды» деген, дүрбелең революция деген жыл дүниеге келген бала екем. Содан еңбектей өсе келе, 6 жасымызға аяқ басар кезімізде, атамыз болса бұл жылда 63 жасқа келген, пайғамбар жасына келіпті. Осы жасымнан бастап жүрсе аяғы, ұстаса таяғы болған едім. Бұлай болу себебі атамыздың қол аяғы сау болса да, денесі ауыр, кәрілікке бейімделген және көп жүрмейтін, оңаша кең үйінде қағаз, кітаптарын көріп, бірдеңесін жазып отыратын күнделікті әдеті болатын. Келімді, кетімді кісі толастамай әңгімелесіп отыратын әдеті еді. Оның ішінде ашып айтсақ: кебісін әкелу, таяғын әперу, түзге апару, киіндіру, шешіндіру, шәйнегін алып соңынан еру, шылапшын әкеп қолына су құю, беті-қолын жудыру, бет орамалын әперу, жайнамазын алдына жаю, төсегін салу, оны далаға апарып күнде бүргесін қарау, арқасын қасу, кейде әрбір кезде үлкен шылапшынына су жылытып шомылдыру, денесін ормалмен құрғатып киіндіру, тағы: «Анда бар, мұнда апар!» – деп жұмсау – осының бәрі менің мойнымда болды. 1931 жылға дейін, атаның 73 жасына дейін, 1931 жылы он жыл атамызға осылай қызмет көрсеттім. Өйткені, атамыздың маңына ешкім бара алмайтын. Өйткені, түсі суықтау болатын. Кейбір мінезі адамға оқыс келетін. Бет-ажарға қарамай айта салатын әдеті болатын. Тек немере болғандықтан, маған үйренген адам еді. Мен болсам атамызға қан едім. Бұл шындық.

Қарым-қатынас хақында бірер сөз. Бұл кісі патшалық заманда болсын, Советтің дәуірінде болсын халық ортасында болды. Мысалы, 1926 жылы Шідерті өзенінің бойында Арыстанбектің Иманбек қажы, Асанбек, кейінгі Түктібай, Шәкі – осылармен бас қосып, бұл елде болып қайтты. Жолшыбай Шалқарбай қажыға соғып, жолда Шокты

көліне суға түсті. Бұл сапарында мен 9 жасар баламын, мені бірінші еріткен осы еді. Көшірінде Ыбырайдың Салық деген кісісі болды.

1927 жылы өз ортасы Құсайынның Әбутүсіп дегенде болып, Әбутүсіптің Сарадырдағы көршілері Тауқыбайдың Смағұлы, Қанайдың Әбдірахманы, Абақырдың Смағұлы, Омардың Машрапы, Әбдірахманы, Үсен, Мақайдың Садығы, Кенжебай бәрі келіп жүздесіп, Әбутүсіптікінде болды. Ертеңінде Жыландыдан естіп Жәнібек баласы ... келіп қонаққа шақырды. Бұл кез халықтың ерікті жақсы кезі болатын.

Осы жерде үлкен Құрман атты болды. Бекітілеудің Дауана Мағзұм айтқан екі сиырын ... айт жасады. Бүкіл елді шақырып, Жыландының биігінің бауырында Бәйгетөбе деген жерге жиылып, түстен кейін ел ақсақалдар бәйге шабатын аттарымен, палуан күреске адамдармен, шабатын аттарын ыңғайлап, оннан аса ат шабатын. Бүкіл тәуір-тәуір аттарын, осының ішінде ел аузында тіпті жүйрік айғыр бар. Біреуі – әкесінің атын ұмытып келіппін, Тіней дегеннің күрен жүйрік айғыры. Екінші – Тастанбектің Жолағасынның жүйрік қызыл айғыры. Шабатын жері жиырма шақырым Желтаудың қатары, тіккен қарақшы Жыландының бауыры Бәйгетөбе. Шабатын аттарын үстіне айдаушы адам жіберетін, шабатын аттардың балаларына бас-көз болуға. Жиылған адамдар екіге бөлініп, бір жағы Елемекен, бір жағы Мәмет атаң болып орта алаңды ашық қойып, палуандарын шығарды. Бас палуанға Алакөздің Әмірбегі. Бұл кісі жауырыны жерге тимеген қарт болған. Екінші атакты Мақажан палуанның баласы Алдаберген палуан, бұрын күреске түспеген бала жігіт жалаңаш шекпен киіп, оң жеңін белбеулеріне қыстырып, сол жеңін киіп, балақтарын түрін, жалаң аяқ, жалаң бас. Екі палуан алаңға шығып, тауықтың төбелескен әтешінше еңкейіп, оң қолы артта, сол қолы алда бірін-бірі аңдысып жүр шыр айналып, бір кезде Әшекен қарт палуан шаба етіп, оң аяғын іліп қалып, алға тастаған кезде екеуі бірдей түсіп, жас палуан шапшаңдық жасап, қарт Әшекеннің үстіне шығып кетті. Басы Мәшекең болып бүкіл ақсақалдар айғай салды. Жас палуан басынан күш алдым дегендей: «Күш алма, ол қарт адам!» – деп, Алдаберген сасқалақтап жайына кетті. Бүкіл халық Әшекенді жақтап жатыр: «– Әй, кәрілік-ай!» – деп. Артынан жай палуандар күресін жатты. Бірі жығады, бірі жығылады.

Бір кезде анадан шаң көтерілді, айғай шықты: «Аттар келе жатыр», – деп. Шыдамсыздар алдынан шауып барады: «Аттарды көтереміз!» – деп. Жіберген 12 аттың ішінде екеуі алда келеді көп аттан. Бұнын біреуі Болағасынның қызыл айғыр[ы] десе, енді біреулер Тінейдің күрең айғыр дегендер де бар. Ақыры төтеден қосылған айғайдың даусымен қызыл айғыр алға шықты. Абдыра болған ел ақсақалдары екі жақ: «Бұл ақырғы айтымыз болар!» – деп қарасты. Мен он жасар баламын атамыздың қасында еріп жүрген.

1928 жылы Ақкелінге сапары. Шорманның Жәмиіне келіп осында болды. Ағаш үйі бар Жәкең молланы ағаш үйден бүрге тынышын алады деп, үйінің сыртынан көгалға кигіз үйін тіккізіп жіберіп құрмет еткен. Бұлай болу себебі Шорманның Мұстафасы болыс болып тұрғанда, ауылына әуелі хазірет ұстайды. Шорман балаларын оқытамыз деп хазірет көзі ауырып, оқыта алмай, артынан Жүніс молланы ұстайды. Сонда 1867 жылдар осы Шорман балалары мен атамыз бір жаз бірге оқыған екен. 7-8 жасында Жәми бәрі бірге оқыпты: Сәкен ағай, Садуақас ағай, тіпті бертінде Нұркешпенде сырлас болған. Бұл сапарында атамыздың жанында 11 жасар баламын. Бұл Шорекендермен батпа заманнан үйір екен атамызға Мұса мырзаның назары бойынша. Бұл жайында мендегі бір өлендерінде ашық айтылады.

1914 жылдарда, тіпті патшалық кезде де Қарақозы елінде бірер жыл тұрғанда Байдаланың Мұстафасы, Исасы, Аққошқары, Тұрмағамбет сопы, Набас қажылармен бас қосып, бұл елде болғанын айтпасқа болмайды. Қошөтерлер арасында да болып, ... шакша, ертұрманын, карала күміс ... өз аузынан айтып отырушы еді.

Қазір «Баян» дейміз, бұрын бұл Баянды «Дауан» деп атаған. Дауанға бет алуда сапары: жолшыбай Жасыбай батырға дұға жасап, Дауанға түсетін. Мұнда әкесі Көпейге дұға жасап, өзі оқыған мешітінің күншығыс жағында 150 қадам жерде, мешітке әкесі Көпей күзетші болып тұрғанда, нашарлықтан болар аласа шатырлы. Тас үйін сыртынан көріп: «Мынау әкеміз Көпекеннің салғаны, 1861 тауық жылы салған үйі», – деп, еріп жүрген ақсақалдарға көрсетіп айтқан еді. Кішкене әйнек, далаға шығар есік солтүстік Ақбет тауына қараған. Бұл үй 1989 жылы бұзылды. Содан Сабындыкөлге барып көлге түсетін. Дауанда болатын жері: әкелерінің аты есімде

жок, Субек ұста, Сағынай ұста, қасапшы Масақбайдың Қасымы және қасапшы Шолтай деген Қожамбеттің Оспаны және Төкен деген, осыларда болатын. Тағы бір айтарымыз Дауанда тамыр Яшке деген казак-орыс болды. Қазакша білетін. Осының тас моншасына түсетін, мен шешіндіріп киіндіріп алатын едім, жапырақ қайың сыпырғышпен денесін ұрғызатын. Монша артынан тамыр орыс казакша үстелмен жемісін салып, шәй берген еді. Дауанда біраз болып, елге оралып, тау бәрі Жағалбайлы, Серғазы, Әбілғазыда болып, бауыр елі Бошанның Ракымы, Бажықтың Асымы, Шақайдың Молшасы, Сүлейменнің Ахметжаны, Айманның Шеризданы тағы басқа жерлерде қонақта болып елге оралды.[168]

Төлеубайдың екінші естелігі

Жуырда Мәшһүр Жүсіп алпыс жылдығы атап өтілді. Осыған орай, аз да болса да өз тарапымнан тіл қатып өтуімді жөн көрдім. Алайда атамызды көргенде болар, көрмеген де болар, бірақ бұл кісіні көргендер санаулы. Ата-бабаларымыз айтқандай «құлақ естігенге нанба, көз көргенге нан» дегендей, мен осы атамызға он жыл қызмет еткен едім. 1922-1931 ж. 63 жасынан 73 жасына дейін. Себебі бұл кісінің қартайған шағы, екіден денесі ауыр еді. Қол-аяғы сау болса да, жүріс-тұрысы баяуланды, таяқ ұстады. Міне, осыдан атамыздың күнделікті тіршілігі маған қарады. Жүрсе аяғы болдым, ұстаса таяғы болдым. Шәйнегін алып, соңына ердім. Төсегін салдым, киіндірдім, шешіндірдім, қолына су құйдым. Беті-қолын жудырдым, жайнамазын алдына жайдым, шамадан сөмкесінен қағаз, кітаптарын үстеліне әкеп қойдым. Атамызға осылай қызмет жасадым.

1910-1931. 1910 жылы үлкен баласы әкеміз Жаманаула баурайы Үшата Қозған: Тінейдің Ыскак деген кісінің қызы Зейнеппен шаңырақ көтеріп үй болады. Бұл атамыздың бірінші қызығы екен. Содан бір шаңырақта отырғанда атамыздың бәйбішесі, әкеміз 1915 жылы қайтыс болып, атамыз жылы орнын суытпай, әкеміздің қолында болады 1910-1931 ж. 20 жыл бойы. 1931 жылдың қарашасында өзінің өсиеті бойынша бүкіл халық болып жерленеді. Қонағасына әкеміз екі жылғы қысыр қалған ту биесін сойып, қонағасын береді.

Әке мұрасы, 1931 жыл.

Әдеби мұрасы, киім-кешегі, төсек-орны, үй-мүлкі, ат арбасы, әкемізде қалады өсиетсіз. Аузынан шыққан сөзі: «Орта тор атымды сой да, келген қонағыңа асып бере-бер», – дейді.

Әке мұрасын сақтау.

Әке мұрасын сақтауда 1931-1932-1933 жыл көздің қарашығындай сақтап, үлкен алашаға орап буып, жүктің астына жиып қойған еді. Айырылып қалмау үшін шабадан сөмкесін осылай сақтады.

Алма-Ата, 1934 жыл.

1934 жылы Қазақстан өнер, шебер, әнші-күйші, тарихшы, шежіреші тағы басқа жөнінде он күндік сәулеті болып, осы жиында Мәшһүр Жүсіп аталады, ауызға алынады. Содан белгілі өнер қайраткері Жұмат Шанин басқарған сәулетшілер қатарында әкемізде Алматыға шақырылады. Қазақстан Жазушылар Одағы осы сапарында бір айдай Алматыда болып, парсы тілдерінде, араб тілдерінде жазғандарын оңай тілге аударып береді. Бұған қалам ақы төлейді. Әкеміздің айтуынша 1934 жыл Алма-Ата, қысқаша айтқанда атамның жинақ мұрасы түгел Академияда қолжазба қорына өткізеді. Бұған мына адамдар қатысады: Шарапи Жүсіп ұлы, Шанин ұлы Жұмат, Әбіл ұлы Дикан, Әшім Бажық ұлы, Шапық Шөкі ұлы. Сөз соңында атаның бүгінгі таңда ел аузында болуында осы мұрасы.

Мәшһүр сөзі. Ертеде халық бұл кісіні «Мәшһүр молла» деп атаған екен. Не болмаса «моллеке» деп атайды екен. Өз аузынан шыққан сөз 1916 былай дейді: «... жылы ат арбаға ауыстым, салт атқа мініп түсуім қиындай берді», – дейді.

Атаммен бірге тұрдым 1922-1931 ж. жуырда Мәшһүр Жүсіп атамның мерей жылы аталып өтті. Осыған орай атамның жайында бірер сөз еске алмақпыз. Мен осы атамның 10 жыл бірге тұрдым. 1922[жылы] атамның 63 жаста болатын, 1859 жылқы жылы – қой, мен болсам бұл жылы 6-7 жасар бала едім, 1917 жыл дүниеге келген. Атамның жасы ұлғайып, екіден денесі ауыр еді. Қартайған шағы қол-аяғы сау болса да, баяуланған кезі таяқпен жүретін.

Бір күні жүгіріп жүрген бала едім. Шақырып алып: «Кебіс мәсімді әкел», – деді төсегінде отырған атам. Апарып бердім. «Анау тұрған таяғымды әкел!» – деді. Оны да әкелдім. «Шапан бөрікті», – деді. Оны да әкелдім. Өзі маған қарап мырс-мырс күліп

қояды. «Шәйнегімді ал да, соңымнан жүр!» – деді. Тысқа барып үйге келдік. Шешініп жайғасқан соң, шылапшын әкеп қолына су құйып, беті-қолын жудырдым. «Бет орамалымды әкел!» – деді. Оны да әкелдім. «Жайнамазымды әкел!» – деді. Әкеліп алдына жайдым. Намазын оқып болған соң, төсегін жидым. Мені осылай үйретті. Жатарда төсегін де салатын болдым. Тіпті, басында шабаданынан кітап қағаздарын да әкеліп үстеліне әкеп қоятын едім. Самаурына су жылтып атамды анда-санда жуындырып алатын да болдым. Тілін алып жүгіріп жүрген маған қарап, тағы мырс-мырс күліп қояды. Қызық көре ме, білмеймін?! Жүрсе аяғы, ұстаса таяғы болып, осы атама ақырғы өмір 73 жасына дейін, 1931 жыл өтер шағына дейін қызмет еттім 15 жасыма дейін. Атам маңына ешкім бара алмайтын, түсі суықтау болатын. Көңіліне ұнамаса, бірақ айтып салатын. Ажарға карамайтын, мінезі осылай еді. Атамыз екеуміз ұрысып қалсақ та, бірімізге-біріміз жарасып жататын.[169]

Төлеубайдың үшінші естелігі

1910 жылдан 1931 жылға дейін соңғы өмірінде осы кісінің аузынан шыққан сөздерін мен күнделікті мінез-құлқы, халық арасында жүрген-тұрған жерлерді, әсіресе мәнерлі, тілді адамдармен қарым-қатынасы есімде сақталған. Осы орайда Мәшһүр атамыздың соңғы өмір жайында бұрынғы жарық көрген кітаптарында көре алмай жүрміз. Халық арасында маған жиі сұраушылар баршылық.

Мен 1917 жылы «актар қашты, қызыл куды» деген ауыр белеңде дүниеге келген бала екем Құрман-Тоғалақ деген жерде, Шегебай қажының ұлы Илияс деген кісінің ауылында. Атамыз Мәшһүр де осы жерде ... екен. 1910 жылы үлкен баласы Шарапи де осы жерде үй болыпты Тіней ұлы Ыскак деген кісінің қызы Зейнеп деген кісіге.

1922 жылы мен бес жастамын. 1931 жылы 9 жыл осы атамның бауырында өстім. Атам болса бұл жылдары алпыс үш жаста болатын. Жасы болса ұлғайса, екінші денесі ауырлап, жүріс-тұрысы баяулаған кез еді 73 жасына дейін. Содан жүрсе аяғы, ұстаса қолы болдым. Аяғына кебісін, қолына таяғын, үстіне шапанын. басына бөрігін әперіп, жұмсауына жарадым. Өйткені, 1915 жылы Ақкелін-Далба, Тұтпа тауының баурайында Айдос деген жерде дүние салған

еді (бәйбішесі). Содан үлкен баласы Шарапи, үлкен келіні Зейнеп екеуінің қолында. 1915-1931 жылы дүниеден Шарапи қолынан аттанады. Өзінің өсиеті бойынша пар аты, жез ауыз кара трашпенкесі, әдеби мұрасы, төрт канат кигіз үй, төсек-орны, үй жиһазы, өзіне тән шәй-сайманы, заттары бәрі Шарापиде қалды. Бұны халық жақсы біледі. Өзі айтып отыратын: «Жетпіс үшке келгенше балталасаң да өлмеймін, жетпіс үштен әрі қарай алтын үйге салып асырасаң да бармаймын», – дейтін. Бұл сөзі халық аузында қалған еді.

1930 жылы атам өлер шағын ойлап, орта тор атын арбасына жеккізіп, Жалғызтөбе басына шығып, жататын жерін көрсетіп, жанында бірнеше ақсақалдары бар арбасынан түсіп, текеметін жайғызып, жерге отырды. Ақсақалдар бәрі Бұл күні күн шығып, күн жылынып, май айының іші болатын. Жер қазатын жас жігіттері: Шака (Шата) ұлы Әйтім, Ысқақ ұлы Базархан, Жүсіп ұлы Шәдім, Мағзұмұлы Қамит, үлкен немересі Шарапұлы Баб, Сабырұлы Жәни, тағы көлденең екі адам болды. Бұлардың аты-жөні есімде жоқ.

Атам: «Ұзындығы бәлен кез, көлденеңін бәлен кез, тереңдігін бәлен кез», – деп айтты. Ол кезде метр аталмайтын. Қазып болған соң, бетін жәй жапқызып қойды ішіне су бармасын деп. Сосын сол төбенің басына бір ойлау жерінен құдық қазғызды тереңге тартып, су аз болды. ... қойдыру үшін екінші құдық қаздырды төбенің етегінен. Бұл құдықтың суы аз болып ... тойғызуға жарамады. Бұл екі құдықтың орны әлі бар. Содан бір шақырым жерден үшінші құдық қаздырды. Бұл құдықтың суы ... шығып ... осы жерден қойдыра бастады. Өзінің төрт канат кигіз үйін тіккізіп, төбенің орта жерден басында болды. Атамның бұл жағдайын естіген халық атама тірідей бата жасай бастады. Сабалап қымыз, сойатын қойларын әкелді. Солардың мініп келген ат болсын, түйе болсын тұрған жерінен кірпішін төбенің басындағы қаздырған жеріне тасыта бастайды. Бұл жұмыс осылай бітті.

Енді қалаушы адамдар жоғарғы қаласы жақтан екі адам келді. Бұлар бұрын байлардың қорасын қалап жүрген атақты қалаушылар екен. Әкесінің аты есімде жоқ. Бірінің аты Олжабек, көмекші қалаушы Сәрсенбай деген кісілер. Қалатарда атаның айтуы бойынша екі бөлмелі үй есебінде қалап берді. Бекболаттың Жұмабегі таудан ... жамылыс әкелсе, енді балықшылар есік-терезелерін әкеле бастады ...

деп. Тіпті халық атамды көтеріп әкетті. Ұсталар есігіне тоспа, тұтқа істеп әкелсе, енді біреулер әйнегін шынылатып берді.

Өзі жатқан, қаздырған жердің ішінен жалаң қабат жердің бетіне шейін кірпіш қалатты, ірге топырақтың құламауы үшін орта бөлмеден кірер есіктің табалдырығынан кірпіш жасап бөгіріп, есепте кішкене кіріп шығатын есік жасатты. Үстіне мәтке салдырып, үй бөліндей жасатып, төр үйін түгел полдатты. Жататын жері айналып жүруге еш бөгетсіз, еңкеймей жүре алады адам. Үстіне бір уыс топырақ салдырмай, бойымен тұрды. Айтуы бойынша, бір ай шамасында салдырған зираты бітті 1930 жылы. Содан Шарапиді шақырып алып:

– Жылқыңда не бар, мына Олжабекке ат мінгіз?! – деді. – Сәрсенбайға атын бар ма, екеуін риза ет?! – деді.

Шарапи:

– Құп болады, сүр дөнен бар мінбе! – деді, – акша да бар. – деді.

– Мәшһүрден ат мініп қайтты деген аты керек. – деді.

– Жок, моллеке, бізге батаңызды беріңіз, сол болады! – деп екеуі сіресіп қалды.

– Е, Мәшһүрді кедей болып қалады дейсін бе?! – деп ұрсып та-
стады.

– Жок, моллеке, батаңыз бізге болады! – деді. Сәрсембай
аңшылдау адам ба тазы құмар:

– Ренжімесеніз кара тазыңызды тәбәрәк қылайын балаларыма, –
деп тазысын сұрады.

– ... ыңғайшыл жақсы тазы еді. Қалағаның сол болса ал! – деді.

– Батаңызды берсеніз болады. – деді.

– Маған ренжімесе... деді.

Екеуіне батасын берді сұрауы бойынша.

1930 жылы пар атын жеккізіп: «Елге ақырғы батамды берем», –
деп ел арасында болды. Осы жылдың ноябрінің орта кезінде бабау-
ланып, бірде қалып, бірде есінеп, жуаси бастады. Ыңкылдап ауыр-
мады. «Молла ауырып жатыр», – деп халық келе бастады. ... болар
күннен жоғарғы ... төсегін жерге салдырып, төр үйдің ортасына жаг-
ты. Басын бірде көтеріп, бірде қисайып жататын болды. Содан көп
аксақалдар:

– Моллеке, не өсиет айтасыз балаларыңызға? – деп бір ақсақал тіл қатып еді, үндемеді. ... дәретке сұрау, анда-мұнда жұмсау. Атқосшы екі атын, пар [боз атын] ұстау болатын.

Шорман, Ақкелін, Далба.

1928 жылы Шорман ауылына сапар жасады. Өзен-көл түскеннен әдетінше Шорманның Жәмиінің үйіне түсті. Ащы өзеннің бойындағы Жәми моллекенді ағаш үйден бүрге тишын алар деп, үйінің сыртынан көгалға кигіз үй тіккізіп құрмет көрсетті. Маңында көрші ауылдан ақсақалдар келіп, әңгімелесіп бірге болды. 1852 жылдар атам Шорманның Мұстафасы болыс болып тұрғанда ауылына балаларын оқытамыз деп, хазірет ауырып, артынан Жүніс молла деген молла ұстап, атам сонда алты жасында осы ауылда Жәми, бәрі бірге оқыған екен. Ертеде Садуақас ағай, Сәкен ағай, аға сұлтан Мұса атама үлкен қамқоршы болған адамдар екен. Сонау патшалық замандарда осылармен үйір болған. Бұл сапарында да мені бірге алып жүрген еді. Көшірі – Сабырдың Жәни деген еді бала жігіт.

1929 жылы Дауанға бет алып, жолшыбай Жасыбай көліне түсіп, Жасыбай асуымен асып, Жасыбай батырға дұға жасап, Дауанға келіп Сүбек ұста, Сағынай ұста, қасапшы Мақабайдың Қасымы, қасапшы Шолтай, Төкен дегендерде қонақ болатын.

Дауанға келгенде орта тор атты жеккізіп, арбасына қорабының ішіне өз текеметін салдырып, әуелі әкесі Көпей, інісі Қасен екеуінің зиратына барып дұға жасайтын. Құранды арба үстінде оқитын. Дауанның шығыс жағында үлкен қоршаулы тас зиратта әкесінің зираты шымнан салған.

– Мына шым зират әкем мен інімдікі, – деп қолымен көрсетті. Дұға жасап болған соң, бұрынғы өзі оқыған мешітке келіп тоқтайтын. Мешіттің күншығыс жағында жақын, жұтаңдау, аласа шатыр, кішкене үш әйнегі бар, есігі Ақбет жаққа қараған тас үй, тас қора.

– Мынау әкеміз Көпейдің үйі. Өзі осы мешітке күзетші әрі отын, су тасып мені оқытқан, – деп баяндайтын бірге еріп жүргендерге, көшірі – Аязбайдың Әбені, түбі – Уақ.

Бұдан кейін Сабынды көлге барып, суға түсетін. Көлді, тауды тамашалап, біраз жанында еріп жүрген ақсақалдарға әңгіме айтатын тас үстіне шығып отырып.[170]

Төлеубайдың төртінші естелігі

Мен атамды көрген едім. Мен осы орайда көргенімді айта алып, халқымыздың ауызекі даналық сөзінде «құлақ естігенге нанба, көз көргенге нан» дегендей мен тірісінде аузынан шыққан сөзі есіме сақтаған едім. Бұл шындық. Өйткені қазіргі таңда кейбір адамдар: «Ұрпағында көргені бар ма?» – деп, сұраушылар баршлық. «Өйткені, Мәшһүр тірісінде өз өмірбаянын дәптеріне түсіріп кеткен адам. Ал соңғы кезінде, қартайған шағында ол кісі қандай өмірде, нендей бір пікірде болды екен деп ой салады. Өйткені, бұл кісі халық өмірімен айналысқан адам. Халық арасында болған адам дейді. Бұл сұрауда біз бала күнімізде атамыздан, әжемізден, әке-шешемізден естіп едік. Сол кісіні жырлап айтатын. Біз бала болдық, сөзге құлақ аспадық», – дейді.

Бірінші сұрауы: «Қай баласының қолында болды? Қай баласының қолынан аттанды? Өз тіршілігінде дүние-мал жимапты. Кәсібі бірыңғай ... қағазбен болыпты. Өзі өлер шағын болжапты. Зиратын тірісінде өзі салдырыпты. Тірісінде бата жасапты. Тіпті патшалық заманда дауанбасы Мұса мырза басына үкі тақтырып: «Мәшһүр болсын!» – деп атак беріпті. Осы айтылып отырған жайларға білгіміз келеді», – дейді. «Және Мәшһүр атамыз тірісінде кіммен қарым-қатынаста болды. Оның ішінде кіммен байланыста болды екен?» – дейді.

Міне, сондықтан маған лажысыздан қалам ұстауға әкеліп тіреді. Рас, шындықты айтайық. «Өтірік сөз – жанға қас, өткір пышақ – қанға қас» дегендей халқымыздың даналығында әділ сөз деп ойлаймыз. Өйткені, қазіргі таңда халқымыз болсын бір-бір шындығымыз болсын, сол шындықты бұрмалап, өтірікті шұбарлап жүргендерді жасыруға болмайды. Бұндай тексіз көпірме сөздерді баспасөз бетінде оқытып отырмыз. Біреулер бұрысын айтса, енді біреулер дұрысын айтады. Мен, әрине, ешкімді кінәлап отырған жоқпын, өз ойымдағы түйгенімді айтып отырмын.

Мәшһүр Жүсіп Көпей ұлы, атамыз жобалап айтқандай, 1777 жылдан бастап 1912 жылға дейін ат үстінде болды.

Қараөткел, Атбасар, Ақмола, Омбы.

Бұл сапарда атақты Қажымұканың Омбыда күресін көріп, Қажымұканың «Қара маскі» деп, оннан аса ауыз өлең жазған екен. Бұл өз аузынан шыққан сөзі болатын. Бас қосқан жерінде сөз арасында айтып отыратын.

Мекен-жайы.

Атамыздың құл төккен мекен-жайы – Ақбеттаудың Жәми Құрман-Тоғалақ деген жер. Шегебай қызы Рабиға әжемізбен үй болған. Балалары да осы жерде туған көрінеді. Осы бес баласын әжеміз төркінінің жанында болып, әжеміз және төркіндері бағып-қағып өсірген екен. Лайашы, Баязит деген кісілер өз балаларындай көріп ... болған екен.[171]

Екінші тарау

1925 жылы бар атын жеккізіп төсек орнын әдейі шәй-сайманын, өкші шоқпарын, керек заттарын өзімен бірге алып жүретін ел арасына шыққанда. Имамбек қажы үйіне келіп, бұл елде болған атқосшы – Құдияр Ыбырайдың Салағы деген. [172]

Исабек ишан

Бір сапарында Ақкөл Жайылмадағы Исабек ишанға келе жатып, жолшыбай Екібастұзға жақын Қоянды, Қарағанды, Өзек, Қояндыдағы Күлігі Баяхмет, Жанахмет деген Күліктеріне соғады. Әбеш деген жалғыз баласы бар жаңа отау үй болған. «Жарқыным-ай Құдай айдап келді сізді бізге!» – деп қатты қуанып бара жатты.

Содан ертеңінде Мәшекең жүрмек болады. Ахмет: «Жоқ. Моллеке, жатасыз!» – дейді.

Баяхмет пен Жанахмет ақылдасып: «Молла ағамызға ат сыйлайық», – деп, жылқышысын шақыртып алып, жылқыдан бір жақсы атты ұстатып әкеледі. Ал моллаға: «Мына бізден бір ат мініп қайтыңыз», – дейді. «Жоқ, Баяхмет мен ат іздеп жүргенім жоқ. Алла риза болсын! Атыңды өзін мін», – деп, алмайды. «Қасыңдағы атқосшы маман Алакөздің Ақмырзасына айта жүр, – дейді, – баратын жеріне».[173]

Алтыншы тарау

Ақкөлдегі Исабек ишан досына келеді. «Ой, Мәшһүрім!» – деп Ишекең жылап жібереді. Бұл кісіге шығарған өлеңі де бар.

Жұтынан кейін Өлеңті бойында Бозтал деген жеріне келіп, Ақкасық, Есіркеп, Қолшарып, баска да адамдармен бас қосады. Олжабай, Барлыбайлар Мәшекеңді қонаққа шақырады. «Алла риза болғасын, – дейді, – өлеңіңізді естіп келіп, келіп отырмыз», – деп. [174]

Қызылтау. Жетінші тарау

Қызылтауға келіп, ата-бабаларларынша ғауиға жасайтын көрінеді. Бұл елге түсер адамдары күліктерін, орманшыларды «бауырым» дейтін көрінеді. Байымбет, Дәндебай, Шайманарда болады екен. Содан елге оралады.[175]

Қаракесек еліне сапар. Сегізінші тарау

Қандыадыр, Қарқаралы жерлерін басып, Жаналин Нұрке деген досына келіп, біраз болады. Бұл елдің зергерлерімен бас қосып өткізген.

Бір жолында тағы Нұрке досын іздеп барады. Келе жатқан сапарында Қоянды базарында соға кетуін жөн көреді. Қояндының қозып жатқан кезі екен. Бір жеңіл ауыз ойыпты (үйіпті): «Мәшһүр келіпті, Мәшһүрді көрдім» – деп Қояндыны басына көтереді. Бұл сөзді естіген бала жігіт, өнерпаз бала: «Ойбай, Мәшһүр атамызды естуіміз болмаса, көрген жоқ едім!» – деп, аяғы жерге тимей, зыр жүгіріп, Мәшһүр атасына сәлем береді. Бұл кезде Мәшекеңді халық та қаумалап алған екен ортасына.

– Балам, кім баласысың, жөңінді айтшы?! – дейді.

– Күлік Шаниннің баласымын, – дейді.

– Өзің мұнда не ғып жүрсің, балам?! – дейді.

– Ойбай, ата, осында өнер-ойын көрсетіп жатырмыз! – дейді.

– Қажымұқан ата, Иса аға, Әміре аға, Майра бәріміз Қояндыға келдік, – дейді. – Енді бізге қонақ болып, ішімізде болыңыз, – дейді.

– Бір жерге жол шыға қалып едім, жарайды, балам! – дейді.

Ақыры Қоянды шетінде қатар-қатар шақар тіккен жеріне алып келеді. Жұмат сәлемдесіп қуанып күліп жатыр. Бәрі мәз болып: «Мәшекеміз!» – деп. Мәшекең арбасының астында байлатып алған шақар ағашын өзіне шырақ ақ кигіз шақарын арбасының артынан бүктелген атқосшысына тіккізіп, қазықтарын таққызып, өзімен бірге ала жүретін төсек-орын салғызып, бұл кісі де бірге болады. Қажымұқан ертеңінде білегіне темір орап, екі қолына айқастырып арқан байлап, екі жағына түйе жеккізіп, екі кісіге айдатып, қолын аша алмайды. Түйе бақырып, шалқасынан жатып кісі мінгізіп, үстінен арба жүргізеді. Ортасынан жатып, тақтай салғызып, төсінен үлкен балғамен жігітке ұрғызады. Тісімен жаяу арба сүйрейді. Өнер көрсетеді. Әміре домбырамен өлең-әнін шыркатады. Майра әнін құбылтады. Жұмат қобызын ойнатып, бұ да аузына қаратады. Мәшекең өте риза болады бәріне. Мәшекең бір жұма болып, жүріп кетеді...[176]

Семей. Тоғызыншы тарау

Сапарында тағы Жанайлин Нұркеге барып, бір жұма болып бет алады. Семейдегі Мәненұлы Ораз досына қонып, Ораз әйелі Бәтима қарсы көтеріп Оразбен бір шаруасын айтады:

– ... Мұқан мен Әменге барып көріп, дұға жасап деген ойым бар еді, – дейді.

– Оныңыз дұрыс, бірақ жасыңыз келіп қалды Ташкент шөлдалаға. Жолшыбай Ташкентте ұры-өтірік болады. Сізге жол ауыр тиеді».

Біраз Мәшекең үндемей отырып:

– Біраз бала болдым ғой, тіліңді алайын, – дейді.

– Жатыңыз, – дейді моллаға.

Содан бір жұма болып, өзіне азық дайындатып Бәтимаға.[177]

Кереку

Мәшекенді елге қайтарады. Ара қонып Керекуге түседі. Керекуде имам Мәлик жаман бала, Ашырбек бай-саудагер көліктері бар. Жаңа досы Қаржас Қазақбай, құрдасы Нұрқожа осылар да болады. Бұларға:

«Саудагерсіндер, елді жейсіндер!» – деп өлең де шығарады. Бұлар жібермей, атқосшысын елге қайтарып жібереді. Екі айдай Керекуде болады.[178]

Дауан-Баянтау. Оныншы тарау

Баянға келерде Жасыбай асуымен асып, Жасыбай батырдың басына дұға жасайды. Қалмақтың Қожамергенінен қаза тапты. Тау деп жанында аттың басы сүйегі болушы еді. Ол жоқ кезде атқосшы айтады екен. Содан ұста Субек, ұста Сағынай, қасапшы Маскабайдың Қасамы, қасапшы Шолтай, қазақ-орыс Белдепанов Яшка деген тамыр орысына түсіп, тас мойшасына түсіп, артынан сол орысынан қазақша үстел жасап, шай ішетін. Жемісін төгіп, шай беретін. Баянға барғанда төменгі жатақ жақта үлкен тасы ... әкесі Көпей, жалғыз Қасенге дұға жасап, құлаған зиратты: «Мынада әкем Көпей, інім Қасен жатыр», – дейтін. Сосын бұрынғы мешіттің маңына таяу тас үй мен тас қорасына барып көретін. Сыртынан арбасының үстінен Сабынды көлге барып, суға түсетін.[179]

Бауыр ел. Қосымша тарау

Елге қайтарда Майлы балағын басып, Бөренеағашы, Мүстікті, жолшыбай Әбілғазы, Серғазы досына келіп, қашып қонбай Бошаның Қараадырында Қарыстың, Бошаның Рақымына, Башактың Ашымы, Шерибаздағы Ақметжан, Жамиғы – осыларда болып, елге оралатын. [180]

Өз ортасында. Он бірінші тарау

Жазы-қысы адам көп болатын. «Моллаға сәлем береміз», – деп кездесетін адамдары, достары, құрдастары да болатын. Әмірқаны, ұста Мұсабайдың Машрабы, Исабектің ..., Жалбырдың Имамбайы, ұста Құлмағамбеттің Жамиы, Байменкөттің Шөкісі, Ыбырайдың Ахметі, ... Абдыразағы, Құсайынның Мәншүгі, Әбәйілда қажы тағы тағылары.

Домбыра – Ол кісі келген кісіге өзінің төрде ілулі тұратын. Домбырасын маған: «Ана домбыраны алып, қолына бер!» – дейтін.

Айтылатын өлеңдер: «Қарғам-ау», «Қызыл бидай», «Қалкаман-Мамыр», «Қараторғай», «Сәтбек батыр киссасы», «Бүрінген күйі» тағы тағылар еді, Ысқақтың Ақботасы, қарт атшы Ысқақбай, Бабай, Байқошқардың Сұлтанбайы, тағы басқа да ол кісілері болды. Атамыз ол кісі домбырашы келгенде, егесі көтеріліп, қуанып қалатын. Өзі домбыра ұстап, өлең айтпаған еді.

Бұ жақсы көретін әнші домбырашы – Тайкелтір Шағал деген еді. Дауан (Рауан), аятты домбыраға салғызатын.

Сөз соңында, көз көргенім бар, естігенім бар. Жата болған ұйқыға қатарда атамды еске алып, жазып отырған нағыз өзі көзі көрген немересі – Төлеубай Шарапұлы.[181]

Жайлауда болған оқиға.

Он екінші тарау

Шоқыбай, Жанбас Мәшекеннің әлегі-ай! 1927 жылы елдің соңғы жайлау болатын. Шоқыбай, Жанбас деген жер малға жайлы, бұлақты, сулы жер еді. Осы жерге бес ауыл ел көшіп келіп жайлады. Айдай ауылы, Исабек ауылы, Жасбек ауылы, Кәрібай ауылы, Мәшһүр ауылы, (Жа)Тілеу ауылы, Жәнібек ауылы.

Бір күні Кәрібай ауылынан, қойынан аздап қой өле бастайды. Бұл кезде қой ауырса «топалаң» дейді екен. Содан ауыл ақсақалдары жиылып, бұ төбешікке барып жайғасып отырады. «Қой өліп жатыр, не істейміз?» – деп, бірі олай, бірі былай дейді. Дар сарапқа салады. Бір ақсақал: «Ойсокпай биігінің (бәйгінің) түбіндегі зиратқа түнетейік», – деді. Көп қоштасып, сөздерін бір жерден түйеді. Ертеде жайлауда қайтыс болғандар зираты екен.

Мәшекен[е] бір түн[і] адамдар сәлем береміз деп келгендер арасында: «Түгеншегеннің қойына топалаң ауруы тиіп жатқаны көрінді, – дейді, – ертең зиратқа түнетеді».

Бұл жөнінде үндемей, не болса да ішінде, басқадай әңгіме болады. «Бір түн қонағы келді», – деп, Шарапи қойын алып, сойғызып жатыр бір адамға бата жасатпастан. Өйткені, молланың болмай қалатын және молланың етсіз отырмайтынын Шарапи жақсы біледі. Бұған да атам қарқ-қарқ күледі. ... Шарапи есі шығып кетіпті. «Көрші ауылының жатқан сон», – дейді.

Мәшекен[де] «шаш ал десе, бас алатын» бірнеше ынғайлы бала болатын. Өзіне ұнайтын. Соның біреуі ... Жәни, екеуін шақыртып алып:

– Жаман Бөкембайдың жырасындағы Құдекен ауыпындағы...: Көйлек, жаулығын мен сұрайды, – деп барып, алып кел!»

Әйтiм:

– Құп моллеке! – дейдi.

5-6 шақырым едi, бiр қырдың астында Құдекен ауылы жайылады.

Барып Төлеуге:

– Молла сiзге жiбердi, – дейдi.

– Ойбай, моллекеге сөз жоқ, – деп, абдырасынан алып бередi.

Әйтiм алып, моллаға келедi.

– Ал, Әйтiм, сен ертең қонаға Кәрiбай ауылы қойларын айдап, бейiтке түнетедi. Сол кезде көйлек – жаулықты киiп, бейiттiң iшiнде отыр көрiнбей, – дейдi. – Ал, Жәни болса, зираттың басқа жерiнде бұғып жатсын. Бiр қап алсын, – дейдi. Жәниге де түсiндiредi.

Мәшекен:

– Екеуiңдi ешкiм көрмесiн, өте сақ болындар! – дейдi.

Кәрiбай ауылы бүкiл ақсақал, қарасақал, қатын-қалаш, бала-шағасымен бiр қотан қойды айдап зиратқа келедi. Осы бiр жерiнде Мәшекен Әйтiм мен Жәниге былай дейдi: «Бейiтке келген бетте әуелi шолақ Құран оқылады. Содан кейiн түйе, қой сойылады. Шайын iшiп болған соң, ет піскенше ұзақ Құран оқиды. Осы кезде молда зиратқа жақын оқшау отырады. Халық арт жағында отырады. Осы тұста Құранның орта кезiнде басынды көрсетiп, зираттан бетiндi көрсетпей қос даусыңмен дыбыс бересiн. Артынан бел бұғасын, зират iшiнен, – дейдi. – Бұған сенбесе, не көрмей қалса, екiншi рет тағы солай iстейсiң, – дейдi.

Ай жарық. Түн. Тыныш. Әйтiм: «Құп, моллеке!» – деп айтқанын ұғып алады.

Ал, Жәни адам бармайтын жақта зираттың қанатында қайымен ол тығылып жатады. Осымен бұл осылай бiтедi. Қорапты өгiзге жеккен қазақ арбадан әйелдер қазан-ошақ, ыдыс-аяқтарын, отындарын түсiрiп. Өгiз доғарылып, арба доңғалағында байлаулы.

... бiр үйiр қысырағы жоқ болып, күн бата Кәрiбай ауылына келiп, бiр әйелден сұрайды:

– Жандары қайда кеткен, ешкім көрінбейді?! – дейді.
– Түгел қойды топалаң тиіп, ана тұрған бейітке мал түнетте түгел ауыл сол бейіт басында, – дейді. – Мен жас, бара алмадым, – дейді.

Жылқышы:

– Әй мен де барып, ішінде болайын, содан соң қонам ба? – деп, – келесі ауылға келіп едім, енді, – деп жылқышы ол да түнеушілерге келіп, атын өгіз арбаға байлай салады. Омар жылқышы ол да бірге болады. Келген ауыл ақсақалдары аттарын ... [182]

Мәшһүр өлеңі, үзігі

(екінші)

Мәшһүрдін ел аузында қалған сөзі,
Бұл сөзін халық білген айтқан өзі.
– Өлсең көрің кең болсын, – деп айтқаны,
... осы ал жасына келген кезі.

Басына Жалғызтөбе үй салдырып,
Жиғызып жігіттерге жер қаздырып.
Өлетін шағын білген Мәшһүр Жүсіп,
... шақта үй салдырып.

Екі адамды ол алдырып,
Істеген сыртынан оны қалаушы деп.
Олжабай мен Сәрсембай келді екеуі,
Үстінде Мәшһүрден бата алам деп.

Сөйтіп біраз болды Мәшһүр ата,
...нен біткен кісі болмай қата.
Берді ақша, берді ақша,
Олжабай алмай қойды, сұрап бата.

Деді: – Ей, Олжабай, батам менен!
Дейді: – Әдейі келіп салып бердің!
Мәшһүрден бір ат мінбей қайтпаңдар,
... көрдіңдер ме жаяу жүрген!

Бата десен о саған бата болмас,
Құр бата алғанменен көңіл толмас.
Ал дегенде аласын, ей, Олжабай,
Мәшһүрді аямандар жаяу қалмас!

Үлкен ки мен салдырдым кандай жәймен,
Өлсем де, батам тисін деген оймен.
Жаяу бол, көлікті бол жете алмаған,
Паналап түннен шықсын деген оймен.

Түнесін адасқандар бірақ ...,
Жалынып, есін жиып отын жағып.
Мәшһүрге түнеп шықсын аман – есен, – деген сөз деп.

Мәшһүрге «кұрай» деген сөзін, «рақметпен» сөзін айтып, жерін
казған жігіттері:

Әйтім
Шәдім
Жәни
Баб
Базархан
Тұшпан

Хамит. 1930 жыл. [183]

Мәшһүрдің бәйбішесінің атынан шығарған бір ауыз өлеңі және Далбаға бару себебі

Тастан болды-ау молламыз!
Бұл бір салған жұрамыз.
Дәм етіп дұға, жол түсіп,
Жол жағалай тұрамыз.

Сол жерге күтіп бару себебі: Омардын Шайманы Мәнекеге сары
бауыр бала бүркіт сыйлаған екен. Соны Баянтауынан айырылып
калам деп, баулық үшін Далбаға барған. Сарыбау деген тазысын қоса
баулимын деп. [184]

Төлеубай-Омар хаты. Төкіжан

Сұлтанмахмұт пен Мәшһүрдің бет алысы, айтылған ниеттері бірін-бірі өте сыйлайтын еді. Екеуінің ой-пікірі үнемі бір жерден шығатын және екеуі де келешекті болжап, елден бұрын көреген даналар еді. Соны дәлелдеу үшін біраз мәлімет жіберіп отырмын. Ол мынау Сұлтанмахмұт:

Шіркін-ай, іргесінде тындап жатсам,
Махаббат үйлеспеген үйді тапсам.

Арам дене қосылған, жүрек бөлек,

Малдай теліп жатқанын молдаға айтсам, – десе, «молдаға айтсам» дегені, (Мәшһүрге айтсам дегені), атын атамайтын еді. Ал Мәшһүр:

Надан бай жас қатынды тонайды екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында екеуінің махаббат жоқ,
Ұстап тұрып қашырап бұқа ма екен.

Сұлтанмахмұт:

Кезек қашан келеді байлар саған,
Барған сайын бұзылды ниетің жаман.
Өз қылғаның өзіңе бір келеді,
Ахиретте емес жалғанда қарсы алдыңнан.

Кедейдің де күткені сондай кезең,
Ұзамай болатынын ішім сезген.
Барлық адам теңеліп бірдей болмай,
Дүниені басқаменен болмас теңеп.

Адамды бағындырудың асылы еңбек,
Түбінде еңбексізді еңбек жеңбек.
Тұрмыс диірмен тасындай айналады,
Бүгінгі ұр-зорлыққа кезек келмек.

М. Жүсіп:

Байлар-ау, жиған малың жанның қасы,
Пақыр, міскін, жетімнің сыбағасы.
Астан – қош, малыңнан – зекет бермей,
Үнемі қолда тұрар атаң басы.

Жігіттер, канағат қыл, жоқ пен барға,
Таялған төрт аяқтың болсаң жорға.
Тепкенде темір үзген шаһбазадар,
Бір күнде кез болады құрған торға.

Сенбе ата-баба байлығына,
Мәз болма бір күндегі сыйлығыңа.
Бұрынғы шынжыр балақ, шұбар түстен,
Ақша алған малай озар айлығына, – дейді.

Міне, Төкіжан Мәшһүр Жүсіп пен Сұлтанмахмұттың барлық ой-пікірі табысып, жымдасып, сөздерінің мән-мағынасы, мазмұндары бірін-біріне сай шығып, екеуі де болашақты болжап, көрегендік жасап, заманның өзгеретінін алдын-ала сезіп біліп, еңбексізді еңбек еткен жеңетінін, шынжыр балақ, шұбар түстерден, еңбегіне ақысын алған малайлардың асатынын, еңбектің үстем болатынын, бай мен кедейдің өшпенділігі арылмай қияметке дейін баратынын баяндай келіп, сайып келгенде жұмыскер мен кедейдің үстем болатынын, дүниенің қожасын білдік, солардың қолында болады деп түйеді.

Мәшһүр Жүсіп патша заманында қуғын көрген, түрмеде отырған кісі. Бұған дәлел өзінің екі шумақ өлеңі айтып тұр:

Айта алмай істің ағын, сөздің шынын,
Қолынан темір талқы шықтым жасып.
Тасқындай аса соғып тентек жүрек,
Отырдым ошак басы жұрттан асып.

Мен ... жұрт танан бас,
Алдым – жау, артым – дұшпан қалды жасып.
Дос атар алдан бұғып, арттан қойып,
«Келкотыр» ұрадан қарғып, тордан қамығып», – дейді.

Бұл түрмеден босанғаннан жазғаны. Түрмеде отырып жазғаны да бар. Міне, Төкіжан! Мұндай асыл қымбат материалдар көп. Сен айтқандай екеуі[міз]ге журналистің керегі жоқ, біздер журналистпіз, Мәшһүрдің өзі.

«Мәшһүр Көпей баласының музейі жақсы, өкіметте қолға алып жатыр. Көмек жасап, обылыстан, ауданнан адамдар келіп, енді заңды музей болды», – деп осы хабарынды естіп, хатынды оқып өте

қуандым. Мәшһүрдің жарыққа шығатынына қашанда сенімді едім. Сенімім ақталды. Сырттан келіп жатқандарға мұрындарына бір иіс барған ғой. Алдын-ала қамшылап қалайық дейтін ойлары бар ғой, сірә! Олай болмайды, болдырмады. Қолындағы мәліметтен бір ауыз сөз түгіл бір ... берме. Жаз барғаннан кейін, екеулеп бір іс шығарамыз. Оған дейін тырп етпе. Бүктелесіп қағаздың сәні кетіп ... түсе ме деп жібермей жүр едім. Соңғы хабарыңды естігеннен кейін, қуанып жіберіп отырмын. Аз мәлімет болса да алданып көңілім дауалап отырса деп. Ғылым әкеде ... соңғы ... күн мәлімет менде сол екеу ...дің азық болады. Әр жерден мәлімет түсіп жатыр депсің. Бұ қуаныш көзден маңызды болмаса да жинай бер, екеуіміз құртып аламыз. Бастапқы қуаттықта өлеңім Мәшһүрге лайық болмағандықтан көп отырып ойланып соңғы өлеңді жаздым. Бұл жақсы шықты. Өзіммен көңіліммен, бұл саған да ұнар. Мен «Жұлдыз», «Мәдениет турасы», «Қазақстан әйелдері» журналдарын және «Социалистік Қазақстан» газетін аламын. Осылардың қайсысына болса да өлеңімді жіберуге болады. Бұл жөнінде Ғанимен сөйлесіп көр. Өлеңдерімнің көшірмесін жібер. Онын қолына жүктеді ерінбейді. Осы жібергендердің бәрінде қазіргі әріппен көшіртіп ал. Байдолданың, Қажыкөнінің жазуы өте жақсы, соған көшірт. Тіпті совхозда машина болса бастыр. Мына арабша жазылғандарды жоғалтпа. Атаң сөздерін көшірудей-ақ көшіріп жатырмын. Көп екен шаршатты да, бірақ шаршайтын емеспін. Ұстазым қолдар. Енді бір сөз – Баянның аудандық газетінің редакторы Жәмішке айтыпты: «Сенің жездеңде көп асыл, қымбат сөздер бар дейді. Сол кісіні маған жолықтыр», – деп. Соған әдейі мына мәліметтерді көрсетіп ақылдас. Басар деймін. Баспаса алып қайт, берме. Онсызда күн көрерміз, жарай ма! Әзірге осыған риза бол. Шәкеннің «Сұртай» поэмасы бар екен, тауып алдым, жақсы жазылыпты. Осының қуанышы үшін ... босатып көрші, аузы ырбиып о да мәз болып қалсын. М. Жүсіпке ескелден жазамын, жеңгейді қоса жазамын. Сәлем айт! Мыналарды жеңгейге оқыт, қуаныш хатының жездесіне (маған) сыбаға бермеуші ме еді?! Күте-күте көзім талды. Ал, аман көрісуге жазсын.[185]

Төлен Әбдіқовке жауап

«Бұл кісі тіршілігінде қандай жандармен бас қосты екен? Қандай адамдармен тірісінде хат жазысып тұрды? Бұл кісі нендей нәрсемен әуестенді? Бұл кісі өз ортасында қандай жерлерде болды? Бұл кісі дүние-мал жиды ме екен? Бұл кісі 1930 жылдары өзіне арнап зиратын салдырды тірісінде. Қандай оймен салдырды үш бөлмелі қып? Бұл кісі қай баласында болды екен тірісінде? Өтерінде қай баласының қолынан аттанды? Өзіне тән әдеби мұрасы, басқа да өзіне тән пайдаланған мұрасы қай баласына қалдырды өтер кезінде? Бұл кісі қандай диуаналарды ер[тіп] кетті? Не жақсы көрді? Бұл кісі қандай көлдерді тамашалап, суына түсті? Бұл кісі бір мезгіл жас жігіт терді күресті ріп отыратын, олар кімдер? Бұл кісі нені ұнатпады екен? Бұл кісінің өтерінде өсиеті болды ма? Өйткені қарапайым кісі емес. Бұл кісінің әдеби-тарихи жинақтары қайда қалды? Алматы Академиясының жинақ қорына кім тапсырды екен? Бұл кісі өзіне сәлем беруге келген адамдардың өлең айтып, домбырасын тартқан адамдар кім болды екен? Осы айтылып отырған Мәшекеңнің жарық көрмеген сырын, тірісінде басынан кешкен тарихына кім айтып берер екен, әлі де білетіндер бар шығар».

Мәшһүр Жүсіптің көз көрген қарт немересі Шарапиден ұлы Төлеубай соғыс еңбек ардагері. 1917 жылы туғанмын, жасым биыл 79-да, көрген жандар ... «ақсақал» дейді. Сондықтан халық арасынан маған сауалдар айтылып жатады: «Біз Мәшһүр атайды тірісінде көрмеген едік. Тек суретін білеміз. Сіз осы атаңыздың қолында болыпсыз. Бір кездерде атаныздың намазын бұзған көрінесіз. Бұл кісіге қызмет жасапсыз. Осы кісі турасында өмір тарихынан не білесіз? – дейді, – немересі болсаңыз». «Бұл кісі тірісінде қай баласының қолында болды?! Тіршілігінде дүниеден өтерінде қай баласынан аттанады. Тіршілігінде қандай жерлерде болды? Қандай адамдармен бас қосты? Кімдермен хат алысып тұрды? Өтерінде өсиеті болды ма? Өтер шағында ештеңе жазды ма? Өйткені бұл қарапайым кісі емес. Бір ауыз да болса айтылған. Қандай үйде болды, қандай нәрсеге әуестенді?»

«1930 жылдар тірісінде өзіне арнап зират салдырды. Үш бөлмені бір бөлмесі өзі жататын жерде, екі бөлмесі жер үстінде тұруы ... зират

... келмейді. Үстіне бір уыс топырақ салдырмай, тақтайлатып полда-тыпты», – дейді сұраушылар ...

